4. Smith, K., 'On the Standard Deviations of Adjusted and Interpolated Values of an Observed Polynomial Function and its Constants and the Guidance they give Towards a Proper Choice of the Distribution of Observations', *Biometrika* 12(1/2), 1-85.
5. Fisher, R. A., *The Design of Experiments*, 8th ed edn, Oliver & Boyd, Edinburgh.
6. Wald, A., 'On the efficient design of statistical investigations', *The Annals of Mathematical Statistics* 14(2), 134-140.
7. Galvanin, F., Macchietto, S., Bezzo, F., 'Model-Based Design of Parallel Experiments', *Industrial & Engineering Chemistry Research* 46(3), 871-882.
8. Bogacka, B., Johnson, P., Jones, B. & Volkov, O. (2008), 'D-efficient window experimental designs', *Journal of Statistical Planning and Inference* 138(1), 160–168. International Conference on Design of Experiments (ICODOE).
9. Foo, L.K., McGree, J. & Duffull, S. (2012), 'A general method to determine sampling windows for nonlinear mixed effects models with an application to population pharmacokinetic studies', *Pharmaceutical Statistics* 11(4), 325-333.
10. Pritchard, D. J. & Bacon, D. W. (1978), 'Prospects for reducing correlations among parameter estimates in kinetic models', *Chemical Engineering Science* 33(11), 1539-1543.
11. Franceschini G., Macchietto S. 'Novel anticorrelation criteria for model-based experiment design: Theory and formulations', *AIChE Journal* 54(4), 1009-1024

12. Maheshwari, V., Rangaiah, G. P. & Samavedham, L. (2013), 'Multiobjective framework for model-based design of experiments to improve parameter precision and minimize parameter correlation', *Industrial & Engineering Chemistry Research* 52(24), 8289-8304.
13. Georgakis, C. (2013), 'Design of Dynamic Experiments: A Data-Driven Methodology for the Optimization of Time-Varying Processes', *Industrial & Engineering Chemistry Research* 52(35), 12369-12382.
14. Ainakulov Z.Z., Makarenko N.G., Paltashev T.T. Experience of modeling mining landscapes by using methods of intelligent monitoring. *Sovremennye Problemy Distantionnogo Zondirovaniya Zemli Iz Kosmosa*, 15(7), – 43-50
15. Keribayeva, T., Ainakulov, Z., Yergaliyev, R., Kurmankulova, G., Fedorov, I., & Anayatova, R. (2022). Experience Of Connecting Sensors To The Controller Based On The Arduino Board For Use On Multicopters. *Journal of Theoretical and Applied Information Technology*, 100(7), 1827-1835.
16. Razakova, M. G., Ainakulov, Z.Z., Kuzmin, A.G., Fedorov, I.O., & Yergaliev, R. K. (2020). Development Of Hardware And Software Architecture For Analysis And Processing Of The Field Data. Paper presented at the International Archives of the Photogrammetry, Remote Sensing and Spatial Information Sciences - ISPRS Archives, 43(B2) 1253-1258
17. Razakova, M., Kuzmin, A., Fedorov, I., Yergaliev, R., & Ainakulov, Z. (2020). Methods of calculating landslide volume using remote sensing data. Paper presented at the E3S Web of Conferences, 149 doi:10.1051/e3sconf/202014902009

МРНТИ: 68.41.55

**А.О. Асан, Г.Д. Ахметова, Г.Е. Тұрғанбаева, Е.К. Бредихина**  
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., w.a.asan@mail.ru

### **ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ТҮЛКІБАС АУДАНЫНДА *CULICIDAE* ТҰҚЫМДАСЫНА ЖАТАТЫН МАСАЛАРДЫҢ ЛАНДШАФТТЫ-КЛИМАТТЫҚ АЙМАҚТАРДА ТАРАЛУЫН, ТҮРЛІК ҚҰРАМЫН, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ**

«Беймаза» деген ұғым, ол халық арасында тараған мазасыз қос қанатты, қан сорғыш уақытша бір топ тоғышар жәндіктерді атайтын түсініктеме. Олар қан сорғыш және көптеген індет – инвазиялық аурулардың қоздырғыштарын тасымалдаушылары ретінде мәлім.

Бұл топқа жататын компоненттер: масалар (*Culicidae*), шіркейлер (*Simuliidae*), құмытылар (*Ceratopogonidae*), соналар (*Tabanidae*), ін шіркейлері (*Phlebotomidae*) және қансорғыш шақпа шыбындар (*Muscidae*). Қазақстан территориясында олардың 800-900- ге дейін түрлері бір мезетте бірақ кездесуі мүмкін.

*Culicidae* тұқымдасына жататын масалар қосқанатты қансорғыш «Беймаза» тобының бір компоненті болып табылады және еліміздің мал шаруашылығын едәуір экономикалық шығынға ұшыратады, әсіресе қан соратын масалардың негізгі иесі – ірі қара малы, олар 150-ге жуық адам мен жануарлар ауруларының қоздырғыштарын тасымалдайды. Евразия аймағында *Culicidae* тұқымдасының 70-тей түрі бар, Ж.Есімбектің Ертіс өңірінде жүргізген зерттеулеріне қарағанда олардың бірқатары Қазақстанда да кездеседі. Әсіресе *Aedes*, *Culex* және *Anopheles* туыстарының ветеринариялық және медициналық маңызы зор [1, 2].

Егер 5-7 мыңдай маса жабылса 1сағатта 100-120 г-дай қан сора алады. Жаз айларында бір малдан олар 7-9 л –дей қан сорады. Маса қан сорғанда денеге 1-14 мкг сілекейін жібереді. Маса сілекейінің уытты заттары орталық жүйке жүйесіне, қанға, қан түзетін мүшелерге әсерін тигізетіндіктен жоғалған қан мөлшері қайта толықтырылмайды. Масаның көп шабуылы кезінде, мал арықтайды, сүті кемиді, төлдің өсіп жетілуі төмендейді. Әр сиырдан орта есеппен жаз айларында 1 центнердей сүт кем алынады, ал төлдің салмақ қосуы 8 кг төмендейді [3, 4,7,8].

Қазіргі таңда ірі қара малын «Беймазалардың» шабуылынан қорғайтын инсектицидтік дәрмектер айтарлықтай дайындалды [5, 6], бірақ жануарларды қан сорғыш масаларға қарсы емдік күрес шараларын жүргізудің тиімділігі анықталмаған. Соңғы уақытқа дейін күресудің нақты биоэкологиялық және экономикалық негіздемесі жоқтың қасы, сонымен қатар тіршілік ету биотоптарындағы жәндіктерді

жоюда биологиялық бақылау құралдарын пайдалану, репелленттер мен инсектицидтермен жануарларды тікелей қорғау сияқты басқа да ұсынылған шаралар зерттеулерді қажет етеді.

Осыған орай, зерттелетін аймақта масалардың фаунасын, таралуын, биологиясы мен экологиясын зерттеу, қансорғыш масалармен күресудің нақты шараларын белгілеу және оны жою ветеринариялық, биологиялық паразитологияның өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

**Зерттеу әдістері мен материалдар.** Масалардың шоғырланатын жері – су қоймаларын преимагинальды (жұмыртқа, балаң, қуыршақ) сатыларына тексеру су торының және фотографиялық кюветтің көмегімен жүргізілді.

Зертханада жиналған балаңқұрттар флакондарға салынып, 70%-ті этил спиртімен бекітіледі.

Бекітілген балаңқұрттардың түрлік құрамын ажырату мақсатында микропрепараттар жалпыға бірдей қабылданған әдістеме бойынша жасалды (Яход және т.б., 1978), ал қуыршақтар ересек имаго ұшып шыққанға дейін зертханалық жағдайда ұсталды.

Қан сорғыш масалардың санын есепке алу үшін алынбалы сөмкелері бар энтомологиялық тор пайдаланылды (Расницын, Косовский 1979), масалардың маусымдық динамикасының сандық көрсеткішін есепке алу ірі қара малдың жайылымдарында кешке 19-20 сағат аралығында жүргізілді.

Масалардың шабуылының тәуліктік белсенділігін зерттеу таулы-орманды алқапта және ашық жерде ескерілді.

Қан сорғыш масалардың (имаго) түрлік құрамын анықтау Л.П. Кухарчук (1980) және П. М. Горностаева, А. В. Данилов (1999) анықтамалық кестелері қолданылды. Масаларды анықтау MBS-9 бинокулярлық микроскоптары қолданылды.

Ересек жәндіктерді зерттеу мына ретпен: алдымен басы, кейін кеудесі, құрсақ бөлімі зерттелді.

Басты зерттегенде қалпы, түсі, бас үлкендігі, көзінің күрделілігі (фасетті), онда түктердің болу/болмауы, сонымен бірге көзінің ара қашықтығы зерттелді. Сонымен бірге самайдағы қарапайым көздерді де анықтаймыз. Маңдай ені, жұп мұрт не мұртшалар ұзындығы, қалпы мен ондағы мүше саны анықталды. Мұртының ерекше түгі – арист және оның түгінің болуы немесе болмауы, диагностикалық маңызы зор. Қармауыш немесе массивар пальпаның қалпы, тұмсығының ұзындығы мен қалпы, оның құрылымы (шанышпалы-сорғыш, шанышпалы-кескіш, жалағыш, шанышпалы-жалағыш, кеміргіш) ескерілді. Кеудені зерттеу. Үлкендігін, қалпын, алдыңғы, ортаңғы және артқы кеудеге бөлінетін сақиналарының санын анықтаймыз. Аяқтарын зерттеу. Қалпы, түсі, көлемі, сирақтың арнайы түгінің болуы/болмауы анықталды. Құрсақ бөлімін зерттеу. Қалпы, оны құраушы сақина саны, түсі мен қосымша құрылыс ерекшелігі анықталды. Қосқанатты қансорғыштардың фаунасын толығырақ анықтау үшін, жәндіктерді жинау мамыр айының екінші жартысынан бастап қазан айына дейін, әрбір аймақта 5-10 күнаралығында жүргізілді.

### **Зерттеу нәтижесі**

Жалпы зерттеу мерзімі ішінде барлығы 1210 дана қансорғыш жәндіктер жиналды. Зерттеу барысында Culicidae, Geratorogonidae, Simuliidae, Tabanidae тұқымдастарына жататын қосқанатты қансорғыштардың 27 түрі анықталды. Зерттеу жүргізілген аумақта анықталған қосқанатты қансорғыштардың түрлері 1-кестеде көрсетілген.

Беймазалардың компоненттерінің жалпы санының: соналар – 63%, масалар – 20%, құмыты – 12%, шіркей – 5%-ын құрайды.

Яғни, қосқанатты қансорғыштардың ішінде басым бөлігін соналар құрап, олар 63% үлесін иеленді. Зерттеу аумағында масалардың *Aedes* туысынан – 2 түрі, *Culex* туысынан – 1 түрі кездестірілді. Неғұрлым ұшу мерзімі ұзағырақ доминанты түрі *Culex pipiens*. Жазда масалар көбіне ымырт жабыла және таң сәріде, ал көктем мен күзде – күндізгі уақытта мазалайды. Еңқалың жаппай ұшуы жаздың басы (мамыр-маусым) мен күзге таман (тамыз-қыркүйек) байқалды, жалпы масаның қалың мерзімі – маусым айында байқалды. Масалардың тәуліктік белсенділігінің қарқынында екі шегі байқалады – түнгі – 22-23 және таңғы – 5-6 сағаттар шамасында. Таң сәріде көбінесе, *Aedes* тұқымдастарының ұрғашылары шабуылға шығады, олардың белсенділігі ауатемпературасы ашық биотипте көтерілген кезде жоғалады. Сағат 22-23 аралығында *Aedes* және *Culex* тұқымдастарының түрлері өте белсенді болды. Сағат 23-ке қарай масалардың саны ең мол шегіне (максимумға) жетті (50–70 дана) де жоғары деңгейде сағат 24-ке дейін сақталды. Сағат 24-тен өте *Aedes* тұқымдас масалардың шабуыл белсенділігі азая бастады, ал *Culex* тұқымдас масалар түнгі екіге дейін шабуылға шығу белсенділіктерін жалғастыратыны байқалды.

Кесте 1 – Түркістан облысы Түлкібас ауданы жағдайындағы қосқанатты қансорғыштардың фаунасы

рет №	Жәндіктердің тұқымдасы, туыстығы, тегі, түрі	арақатынасы, %	Нрет № №	Жәндіктердің тұқымдасы, туыстығы, тегі, түрі	арақатынасы
<i>Tabaniidae</i>					
1	<i>Tabanus bovinus</i> L. -56 дана.	38,3	11	<i>Hybomitra montana staigeri</i> Lyneb– 64 дана	17,2
2	<i>Tabanus rufipum</i> (Brauer)-12 дана	8,2		Барлығы:373 дана	100,0
3	<i>Tabanus bromius</i> Zinne-53 дана	36,3	<i>Haematopota</i>		
4	<i>Tabanus brunneocalosus</i> - 16 дана	11	11	<i>Haematopota turkestanica Krob</i> –28 дана	100,0
5	<i>Tabanus sabuletorum</i> Lw.-9 дана.	6,2		Барлығы:28 дана	100
	Барлығы:146 дана	100,0			
<i>Chrysops</i>			<i>Aedes</i>		
1-кестенің жалғасы					
1	<i>Chrysops relictus</i> Mg.-19 дана	22,9	11	<i>Aedes leucomelas</i> –32 дана	40
2	<i>Chrysops convarus</i> Loew-36 дана	43,4	22	<i>Aedes punctor</i> - 48 дана	60
3	<i>Chrysops sepulcralis</i> -28 дана	33,7		Барлығы:80 дана	100,0
	Барлығы:83 дана	100,0	<i>Culex</i>		
<i>Atylotys</i>			11	<i>Culex pipiens</i> –138 дана	100
1	<i>Atylotys agrestistis</i> (wied)-63 дана	81,8		Барлығы:138 дана	100
2	<i>Atylotys quadrifarius</i> Lw - 8 дана	10,4	<i>Culicoides</i>		
3	<i>Atylotys rusticus</i> - 6 дана	7,8	11	<i>Culicoides brevipronis</i> -77	59,2
	Барлығы:67 дана	100,0	2	<i>Culicoides manchuriensis</i> -53 дана	40,8
<i>Hybomitra</i>				Барлығы:130 дана	100,0
<i>Simuliidae</i>					
1	<i>Hybomitra nigricornis</i> -39 дана	10,5	<i>Simuliidae</i>		
2	<i>Hybomitra expoliata</i> -55 дана	14,7	11	<i>Eusimulium latizonum</i> -18	32,7
3	<i>Hybomitra acuminata</i> Lw.-58 дана	15,6	22	<i>Odagmia frigida</i> – 21 дана	38,2
4	<i>Hybomitra ciureai</i> - 44 дана	11,8	33	<i>Simulium taxnogradskii</i> -16	29,7
5	<i>Hybomitra lurida</i> Flln -33 дана	8,8		Барлығы:55 дана	100,0
6	<i>Hybomitra peculiaris</i> -80 дана	21,4			

*Ceratopogonidae* тұқымдасының *Culicoides* туысынан – 2 түрі кездесетіндігі анықталды. Құмытының ұшуы мамыр айынан қазан айының жылы күндеріне дейін байқалды. Ең көп кездескен мерзімі маусым айында, таңсәріде және ымырт жабыла малдарды мазалайтыны байқалды.

*Simuliidae* тұқымдасының үш туысынан–3 түрі анықталды. Шіркейлердің ұшуы мамыр айынан қазан айының жылы күндеріне дейін байқалды. Ең қалың мерзімі маусым айында болды. Малды таңсәріде және ымырт жабыла мазалайды. Шіркей малдарды жаз ортасында (маусым – шілде) қатты мазалайды. Ауа райының жағдайына байланысты шіркейлердің пайда болуы мамыр айының екінші жартысынан бастап маусым айының басында байқалды. Түрлі биотоптарда шөптен (минутына 5 сермеу жасап) және жануарлардың денесінен (5 минут ішінде) торлы дорба әдісі арқылы 3 түрге жататын 55 данасы ауланды. Түр құрамына қарай мәліметтер 1-кестеде көрсетілген. Мамыр айынан бастап қыркүйек айына дейінгі аралықта әртүрлі ландшафта аймақтардан жиналған беймазалар бойынша атап өтетін жайт, шіркейлер негізінен ашық алаңдағы қалың шөпті биотоптарда көптеп кездеседі. Шіркейлердің көп саны су ағындары жоқ жерлерде кездесті. Осы жағдайда шіркейлердің ауа ағынымен көшуі төмен деңгейде болатынын атап өту керек. Шіркейлердің белсенді түрде көшуі малдар суаттардан қайтқан кезінде ілесіп жүргендері байқалды. Сондай-ақ, шіркейлердің белсенді түрде көшуі негізінен қоршаған ортаның температурасына байланысты.

Температураның ең оңтайлы жағдайы 8-15<sup>0</sup> С-ге дейін. Температураның өзгеруі, яғни бір жаққа қарай ауытқуы болғанда шіркейлердің тіршілік ету белсенділігі өзгеріске түседі, оны температура көтерілгенде – шіркейлердің шөп арасында қалатындығынан көруге болады. Шіркей санының екінші белсенділігі шамамен 11-15-ке дейінгі уақытта, яғни түс кезінде саны мейлінше мол кездесетін уақытқа сай болмақ. Шіркейлердің таңғы және кешкі уақытта саны да аз және белсенділігі де төмен. Белсенділік қарқынының бірінші типіне маусым, шілде және тамыздың басы тән. Шіркейлердің бұл кезде ұшуының

басы мен соңы негізінен жарық күннің ұзақтылығымен шектелді.

### Қорытынды

Түркістан облысындағы малбасы шоғырланған қожалықтардақосқанатты қансорғыш тартулерінің жергілікті фауналық құрамы мен экологиясын зерделеу нәтижесінде төрт тұқымдасқа жататындығы, яғни *Culicidae*, *Ceratopogonidae*, *Simuliidae*, *Tabanidae* нақтыланды. Түркістан облысының аумағында тіркелген қансорғыш жәндіктердің фаунасы (түр-құрамы) мен олардың фенологиясы жергілікті жердің климаттық ерекшеліктерімен және жануарлардың тіршілігімен тығыз байланысты екені байқалды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Шабдарбаева Г.С. Ветеринариялық протозоология және арахноэнтомология // Оқулық. «Print-S», Алматы. – 2011. – 275 б. – 17,2 п.л.
2. Есімбек Ж.М. Арахноэнтомология. – Новосибирск. – 2002.
3. Исимбеков Ж.М. Биологические основы и система мероприятий против гнуса в животноводстве Восточного Казахстана: автореф. докт.биол. наук: 03.00.19. – Алма-Ата, 1994. – 35 с.
4. Ыбыраев Б.К. Жануарлардың арахноэнтомоздарын балау және дауалау. Оқулық құрал. – Астана. – 2002.
4. Алиханов Ш.А. Кровососущие двукрылые (Diptera:Culicidae, Simuliidae, Ceratopogonidae, Tabanidae) Каркаралинского и Баянаульского горно-лесных массивов: автореф.... канд.биолнаук: 03.00.09. – Алма-Ата. – 1989. – 25 с.
5. Павлов С.Д., Павлова Р.П. М етодические рекомендации по примезнию ловушек для сбора, учета численности и истребления слепней на пастбищах. – М., 1986. – 17 с.
6. Родендорф Б.Б. Система и филогенез двукрылых //Систематика и эволюция двукрылых насекомых / Сб.научныхтр. – Л.: Наука, 1997. – С. 81-88.
- 7.Нурлина А.Б.Слепни (Diptera, Tabanidae) Северо-Восточного Казахстана (фауна, экология и меры борьбы): автореф. канд.биол.наук: 03.00.19. – Алматы. – 2009. – 23 с.

МРНТИ: 68.41.53

**А.Н. Байгазанов, Е.Ю. Тихомирова**

Университет имени Шакарима города Семей, abdrahman\_59@mail.ru, tihomirova.82@mail.ru

### ДИАГНОСТИКА АСКОСФЕРОЗА МЕДОНОСНЫХ ПЧЕЛ

Аскосфероз – инфекционная болезнь открытого и печатного расплода медоносных пчел, пчел-листорезов и шмелей, вызываемая грибом *Ascosphaera apis*. Болезнь возникла на фоне резкого иммунодефицита, вызванного экологическими и экономическими факторами [1-5].

Возбудитель данного заболевания относится к классу *Plectomycetes* (сумчатые), подклассу *Nemiascomycetes* (голосумчатые), отряду *Ascosphaerales*, семейству – *Ascosphaeriaceae*, роду *Ascosphaera*, виду – *Ascosphaera apis* [6]. Особенностью рода *Ascosphaera* является образование сферических плодовых тел, содержащие мешочки со спорами. Размер плодовых тел, форма и размер спор варьируются между видами [5, 7].

Исследования проводились в Урджарском, Бородулихинском, Шемонаихинском и Катон-Карагайском районах Восточного Казахстана. За период 2018-2021 гг. было обследовано 30 пасек, где содержалось 3692 пчелиных семей и проведено 394 лабораторных исследований.

Целью исследования явилось изучить эпизоотологическую ситуацию и патогенез аскосфероза пчел на пасеках Восточного Казахстана.

Эпизоотологическое обследование пасек сопровождалось опросом пчеловодов, клиническим осмотром с определением степени поражения расплода и лабораторной диагностикой.

Материалом для лабораторного исследования аскосфероза служили образцы печатного и открытого расплода (10x15) с погибшими и уже мумифицированными личинками и куколками в количестве 20-30 шт., отобранные от больных и условно здоровых пчелиных семей и погибшие пчелы со дна улья.

В результате наблюдений за развитием патогенеза и проявлением клинических признаков аскосфероза, выделяли три стадии: 1 стадия – гибель расплода, 2 стадия – рост мицелия и 3 стадия – мумификация расплода.

На дне улья и на предлетковой площадке в большом количестве обнаруживали мумифицированные трупы личинок.

При изучении культуральных и морфологических свойств гриба *Ascosphaera apis* на агаре Сабуро наблюдали, что рост гриба становился заметным уже на вторые сутки. На поверхности агара виднелись выпуклые белые колонии. На 3 сутки образовывались ватообразные, белые и пушистые колонии с ровными краями. На 5 сутки цвет мицелия оставался белым. При микроскопии образование цист не отмечалось. Только на 8-10 сутки при микроскопии мы наблюдали зрелые аскомы (спороцисты) овальной и круглой формы темно-коричневого цвета, мицелий в местах соприкосновения выпускает короткие боковые гифы, на которых образуются половые органы (гаметангии). На 14 сутки колонии приобретали серовато-черный цвет, при микроскопии было отчетливо видно разрыв зрелой спороцисты со спорами (аскоцистами), на которой были видны споровые шарики (аскоспоры). При дифференциальной диагностике от аспергиллеза следует учитывать, что аспергилярная головка не образует внутри спороцисты споровые шары и аспоспоры при этом лежат свободно.

Пораженность аскоферозом пчел составила 13,5%. Наименьшее количество пораженных пчелосемей было выявлено в Шемонаихинском районе – 5,8% и Бородулихинском районе 10,1%, максимальное количество наблюдалось в Катон-Карагайском районе 45,2%, в Урджарском, соответственно – 14,1%. Картина проявления эпизоотического процесса их меняется в зависимости от воздействия различных климатических факторов, кормовой базы и способа содержания пчел.

Таким образом, результаты проведенных исследований, представленные в статье, показывают, что этот вид инфекции широко распространен на пасаках Восточного Казахстана в разных природно-климатических условиях.

Наши результаты требуют дальнейшего исследования, направленного на лучшее понимание влияния инфекции на здоровье и продуктивность пчел.

#### Список литературы

1. Heath L. Development of chalk brood in a honey bee colony; chalk brood pathogens: a review // *Bee World*. V-63. – № 3. – 1982. – p.119-135.
2. Гробов О.Ф. Болезни и вредители медоносных пчел: справочник / под ред. О.Ф. Гробова, А.М. Смирнова, Е.Т.Попова. – М.: Агропромиздат, 1987. – с. 335.
3. Полтев В.И. Болезни пчел / под ред. В.И.Полтева. – Изд. 4-е, доп. и испр. – М.: Колос, 1964. – с. 288.
4. Шишко А.А. Изыскание средств санации и дезинфекции при аскоферозе пчел: дис. к.б.н.: 03.00.07; 16.00.04 / ФГУ «Федеральный центр токсикологической и радиационной безопасности животных». – Казань, 2006. – с. 145.
5. Chorbiński P. Aktywność enzymatyczna szczepów *Ascosphaera apis*. *Med. Wet.*, 2003, 59: 1019-1022.
6. Eriksson O., Hawksworth D.L. Outline of the Ascomycetes. *Systema Ascomycetum* – 1979. – p. 1-78.
7. Anderson D.L., Gibson N.L. New species and isolates of spore-cyst fungi (Plectomycetes: Ascosphaerales) from Australia. *Australian Systematic Botany*. – 1998. – 11. – 53-72.

МРНТИ: 68.41.53

**А.Н. Байгазанов, Ф.С. Насыров, М.К. Нуркенова, А.Е. Кыстаубаева**  
Университет имени Шакарима города Семей, abdrahman\_59@mail.ru

#### **ИНФЕКЦИОННЫЙ КЕРАТОКОНЬЮНКТИВИТ (МОРАКСЕЛЛЕЗ) КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА**

Одним из широко распространенных заболеваний, проявляющимся поражением органов зрения у крупного рогатого скота, является инфекционный кератоконъюнктивит, который регистрируется во всех странах мира, в том числе и в Республики Казахстан, где за последние годы значительно увеличилось случаи данного заболевания.

Мониторинг инфекционного кератоконъюнктивита на территории Казахстана показывает, что одной из основных причин распространения инфекционного кератоконъюнктивита является массовый ввоз импортного племенного поголовья, а перемещение инфицированных животных по регионам страны без соответствующих диагностических исследований привело к интенсивному распространению заболевания и увеличению количества неблагополучных хозяйств.



Инфекционный кератоконъюнктивит зарегистрирован на территории Республики Казахстан после завоза импортного крупного рогатого скота породы Абердин-Ангус из стран Дальнего Зарубежья, преимущественно из Канады и Австралии [1].

В 2016 году это заболевание было идентифицировано как инфекционный кератоконъюнктивит моракселлезной этиологии; ранее оно не было выявлено в Казахстане.

Инфекционный кератоконъюнктивит крупного рогатого скота или «pink eye» (розовый глаз) - острое контагиозное заболевание, характеризующееся слезотечением, гиперемией сосудов конъюнктивы, светобоязнью, серозно-гнойным истечением, помутнением и изъязвлением роговицы, деформацией глазного яблока в виде кератоглобуса или кератоконуса, частичной или полной потерей зрения пораженного глаза животного [2, 3].

Основой этиологией инфекционного кератоконъюнктивита является сочетание физических predisposing факторов (солнечное ультрафиолетовое облучение, травмы глаз, сухая жаркая погода, высокая трава, ветер, пыль и др.) и непосредственно биологического возбудителя. Видовой состав возбудителей инфекционного кератоконъюнктивита различен, но в подавляющем большинстве случаев ведущая роль принадлежит гемолитическим бактериям *Moraxella bovis*, относящимся к ряду *Moraxella*, семейству *Neisseriaceae* [4].

На сегодняшний день доказано, что инфекционный кератоконъюнктивит крупного рогатого скота может быть вызван другими представителями рода *Moraxella*, в частности бактериями *Moraxella bovoculi*. Впервые эти бактерии были выделены при инфекционном кератоконъюнктивите у молочных коров калифорнийскими учеными Angelos J.A. и соавторов в 2005 году [5].

В качестве сопутствующей микрофлоры наиболее часто выделяются диплококки, стрептококки и стафилококки, осложняющие инфекционный процесс.

Источником заболевания являются больные животные и бактерионосители, которые выделяют микроорганизмы с секретом из конъюнктивы и носовой слизи. Возбудитель болезни передается при прямом и непрямом контакте, а также механическим путем – мухами (домашняя, муха-жигалка, полевая). В результате воздушно – капельного заражения болеют большие группы животных. К возникновению болезни predisposing условия содержания и неполноценное кормление, и массовое нападение мух в теплое время года [6].

Инкубационный период продолжается от 2-х дней до 3-х недель. При заболевании происходит поражение одного или обоих глаз. Заболевание протекает в пяти стадиях: 1 – катаральный конъюнктивит, сопровождающийся светобоязнью, блефароспазмом и серозным слезотечением; 2 – паренхиматозный кератит, отек роговицы; 3 – начинающийся гнойный кератит, помутнение роговицы, язва роговицы, кератоцеле; 4 – гнойный кератоконъюнктивит, перфорация роговицы; 5 – гнойная паноптальмия, слепота.

Основным симптомом заболевания является конъюнктивит, сопровождающийся слезотечением, светобоязнью и спазмом век. Заболевшее животное становится беспокойным, стремится держаться в тени, снижается аппетит и молокоотдача. В дальнейшем в конъюнктиве появляется покраснение, конъюнктивита опухает из глаз идет катарально- слизистое истечение. При проведении клинического осмотра на конъюнктиве регистрируем мелкие серовато – белые узелки диаметром 10 мм. Через несколько дней воспалительный процесс переходит на роговицу и у больного животного развивается в основном катаральный конъюнктивит иногда фибринозно – гнойный кератит. В центре роговицы появляется очаг сероватого помутнения, который в дальнейшем превращается в более светлое, серо-голубое пятно. От края роговицы в зону диффузного помутнения врастают капилляры, которые создают вокруг зоны помутнения узкое гиперемированное кольцо розового цвета. Отсюда и еще одно название данного заболевания – «pink eye». У отдельных пораженных животных отмечают выбухание помутневшей роговицы и развитие язв, которые приводят к слепоте у животного.

Инфекционный кератоконъюнктивит наносит животноводческим хозяйствам значительный экономический ущерб от преждевременной выбраковки животных, потери их племенной ценности, снижения удоев, прироста живой массы тела, затрат на проведение лечебных и оздоровительных мероприятий.

На животноводческих комплексах болезнь регистрируется круглогодично, но наиболее массово – в летние месяцы, когда крупный рогатый скот находится на пастбище.

При постановке диагноза на инфекционный кератоконъюнктивит крупного рогатого скота необходимо дифференцировать от таких сходных с ним болезней, как инвазионный конъюнктивокератит, вызываемый телязиями, конъюнктивит, вызываемый герпесвирусом типа 1 крупного рогатого скота, злокачественная катаральная горячка крупного рогатого скота, возбудителем которой является *Herpesvirus bovis-3*, конъюнктивит, вызываемый хламидиями, относимые к виду *Chlamydomphila pecorum*, конъюнктивит, вызываемый *Mycoplasma bovoculi*, конъюнктивит, кератит и помутнение роговицы, развивающиеся при вирусной диарее крупного рогатого скота и кератоконъюнктивит, вызываемый риккетсиями [7].

Животные, переболевшие острой и хронической формами инфекционного кератоконъюнктивита, имеют резистентность к повторному заражению, в старшем возрасте формируется иммунитет, снижающий уровень реинфекции [8]. Профилактика заболевания основывается на проведении комплекса организационно-хозяйственных, ветеринарно-санитарных и специфических мероприятий, направленных на предотвращение заражения животных.

В настоящее время в нашей стране активно ведутся работы по борьбе и профилактике данного заболевания. Учеными Казахского Научно-Исследовательского ветеринарного института разработаны «Правила осуществления ветеринарно-санитарных мероприятий по профилактике и ликвидации моракселлеза крупного рогатого скота»; для лечения поражённых глаз животных предложена «Мазь противоморакселлезная для наружного применения». Этот лечебный препарат зарегистрирован в государственном реестре ветеринарных препаратов и кормовых добавок и апробирован в хозяйствующих субъектах различных зон территории Республики Казахстан.

Инфекционный кератоконъюнктивит встречается повсеместно, принимает массовый характер и наносит животноводческим хозяйствам значительный экономический ущерб. Только своевременное проведение комплекса лечебно-профилактических мероприятий позволит существенно сократить экономические потери и повысить рентабельность производства.

#### Список литературы

1. Мустафин М.К., Умбеткулова М.Е., Мустафин Б.М., Моракселлез крупного рогатого скота в Республике Казахстан // Сборник научных трудов Костанайского регионального университета имени Ахмета Байтурсынова. Материалы III Международной научно-практической конференции «Современные проблемы зоотехнии», посвященной памяти доктора сельскохозяйственных наук, профессора Муслимова Бакытжана Муслимовича. – 2020. – УДК 619:616.98.578.636.
2. Х.З. Гаффаров, Д.М. Миннахметов, Г.Н. Спиридонов, и др. Эпизоотологические и этиологические аспекты инфекционного кератоконъюнктивита крупного рогатого скота // Матер, между нар. науч. конф., посвящ. 125-летию КГАВМ. – 1998. – С. 29-31.
3. Г.Н. Спиридонов Проблемы профилактики и борьбы с особо опасными, экзотическими и малоизученными инфекционными болезнями животных. – Тр. междунар. науч.-произв. конф., посвящ. 50-летию ВНИИВВиМ. – Т. 2. – 2008. – С. 195-197.
4. И.Н. Козиков Современный подход к лечению инфекционного кератоконъюнктивита у крупного рогатого скота. – Аграрная наука. – 2019.
5. J.A. Angelos, P.Q. Spinks, L.M. Ball, L.W. George /Moraxella bovoculi sp. nov., isolated from calves with infectious bovine keratoconjunctivitis // Int. J. Syst. Evol. Microbiol. – 2007. – Vol .57. – P. 789-795.
6. Н.П. Иванов, А.А. Султанов, Ф.А. Бакиева, и др. Моракселлез у КРС в Казахстане // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия аграрных наук № 5 (35). 2016 г., с.20-29.
7. Г.Н. Спиридонов Методические рекомендации по диагностике, лечению и специфической профилактике инфекционного кератоконъюнктивита крупного рогатого скота, вызванного бактериями *Moraxella bovis* и *Moraxella bovoculi*. – М.: ФГБНУ «Росиформагротех», 2017. – 36 с.
8. Иванов Н.П. Выделение фага против возбудителей моракселлеза крупного рогатого скота в Республике Казахстан / Н.П. Иванов, Р.С. Саттарова, Ф.А. Бакиева, М. Годердзишвили, С. Ригвава, Н. Курамидзе // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия аграрных наук. – 2017. – № 6. – С. 46-51.

**С.Т. Дюсембаев, А.Т. Серикова, Сулейменов Ш.К.,**  
 Университет имени Шакарима города Семей, shyngys2203@mail.ru

### **БИОХИМИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ КРОВИ ПРИ ПАРАСКАРИДОЗЕ У ЛОШАДЕЙ В УСЛОВИЯХ СИЯП**

Любой организм в соответствии с генотипом даже при наличии экстремальных условий обитания обладает способностью сохранять постоянство внутренней среды организма. На гематологические, биохимические и другие показатели существенное влияние оказывают не только физиологическое состояние организма животного, условия кормления, содержания, но инфекционные и инвазионные заболевания, в том числе и гельминтозы [1].

Кровь как один из видов тканей внутренней среды имеет большое значение для жизни организма животных. Кровь вместе с органами кроветворения и разрушения образуют сложную в морфологическом и функциональном отношении систему [2].

Находясь в тесном контакте с тканями, кровь обладает всеми реактивными свойствами этих тканей. При нарушении их функции, развитии местных и общих патологических процессов меняются не только биохимический, но и морфологический состав крови [3].

Во многих случаях изменение состава крови является вторичным фактором. Кроме того, сами химиопрепараты, применяемые при проведении противопаразитарных мероприятий, влияют на гомеостаз и вызывают определенные изменения в составе крови, что усиливает развитие патологического процесса [4].

Вот почему при производственном испытании любых новых терапевтических средств необходимо тщательно изучить их влияние на организм животных [5].

Таблица 1 – Биохимические показатели крови лошадей при инвазии параскаридозом и после лечения лошадей.

Наименование хозяйств	Лошади	Общий белок (г/л) 57–79	Глюкоза (ммоль/л) 3,5–6,3	Мочевина (ммоль/л) 3,7–8,8	Билирубин (ммоль/л) 5,4–51
С.Бодене (ЧЗРР)	зараженные инвазией	57,4±1,3	2,40±0,2	1,61±0,07	24,77±0,42
	после дегельминтизации	64,2±0,4	3,4±0,05	2,62±0,02	16,51±0,24
С.Бескарагай (МаксЗРР)	зараженные инвазией	51,9±0,2	1,9±0,08	1,77±0,05	26,95±0,44
	после дегельминтизации	62,2±0,7	3,4±0,05	2,77±0,03	16,51±0,59
С.Сагыр (ПЗРР)	зараженные инвазией	59,9±0,2	3,10±0,07	2,44±0,07	22,77±0,41
	после дегельминтизации	68,9±0,4	4,4±0,05	2,89±0,08	13,51±0,32
С.Жантিকে (МинЗРР)	зараженные инвазией	66,1±1,1	3,20±0,09	2,81±0,04	16,62±0,22
	после дегельминтизации	71,9±0,9	4,7±0,02	3,24±0,02	9,32±0,44

Как видно из таблицы 1, среднее содержание общего белка в крови лошадей, зараженных параскаридозом, в среднем соответственно, 5,6%; 18,3%; 16,5% и 8,2% были ниже нормы. После дегельминтизации содержание белка в крови наблюдается значительное повышение содержания белка.

В то время как средний уровень глюкозы в крови инвазионных лошадей в зонах радиационного риска ниже на 35,7 %. После лечения этот показатель снизился до 3,7%.

В целом содержание мочевины у лошадей было снижено на 14,1-41,9 % за счет вредоносного воздействия параскарид. После лечения уровень мочевины у сельскохозяйственных лошадей ниже нормы от 1,0 до 5,9% .

Средний уровень билирубина в крови, в зонах радиационного риска у инвазированных лошадей колебался от 16,62 до 26,95 ммоль/л, т. е. наблюдается повышение. После лечения уровень билирубина у сельскохозяйственных лошадей, находящихся в зонах радиационного риска, снизился от 1,7 до 11,4%. Все это, безусловно, может быть связано с нарушением всасывания аминокислот, белков, питательных веществ в пищеварительном тракте, а также с токсическим действием параскарид.

Таблица 2 – Минеральный состав крови лошадей при инвазии параскаридозом и после лечения лошадей

Показатели крови, ммоль/л	Лошади	с. Бодене (ЧЗРР)	с. Бескарагай (МакЗРР)	с. Сагыр (ПЗРР)	с. Жантйкей (Мин ЗРР)
Фосфор 0,7–1,7	зараженные инвазией	0,51±0,01	0,61±0,07	0,74±0,14	0,81±0,04
	после дегельминтизации	0,92±0,02	1,00±0,03	1,19±0,04	1,41±0,02
Магний 0,7–1,1	зараженные инвазией	0,46±0,11	0,51±0,10	0,65±0,08	0,68±0,14
	после дегельминтизации	0,68±0,17	0,72±0,14	0,82±0,11	0,96±0,17
Железо	зараженные инвазией	8,61±1,20	8,97±1,31	10,82±0,41	11,22±1,07
	после дегельминтизации	12,78±1,20	14,22±1,11	14,88±1,35	16,22±1,27
Натрий 133–147	зараженные инвазией	109,45±4,11	110,22±2,33	117,22±4,21	121,54±1,47
	после дегельминтизации	120,45±5,21	122,28±5,11	128,33±5,33	131,25±6,12
Калий 2,8–4,7	зараженные инвазией	1,42±0,11	1,47±0,15	1,84±0,14	1,87±0,22
	после дегельминтизации	2,54±0,14	2,65±0,12	2,71±0,18	2,74±0,16
Хлорид 97–110	зараженные инвазией	75,24±3,54	78,04±2,41	82,14±3,11	84,06±1,22
	после дегельминтизации	93,44±1,78	95,08±1,22	100,08±2,22	102,89±1,98

Содержание фосфора (табл. 2) В хозяйствах, расположенных в зонах радиационного риска, количество фосфора снизилось на 50-55,4 % за счет вредоносного действия параскарид. После дегельминтизации животных содержание фосфора увеличилось на 9,1-16,2 %.

У зараженных параскаридозом лошадей, находящихся в зонах радиационного риска, количество магния были снижены на 29,1-35,3 %. После лечения бромермектином уровень магния значительно повысился.

Количества железа в крови лошадей в зонах радиационного риска были снижены от 34,1 до 40,2%. После лечения количества железа оказался только на 4,6–5,3 % ниже нормы.

Содержание натрия в крови зараженных параскаридозом лошадей в зонах радиационного риска были снижены на 10,44-12,1%. После дегельминтизации лошадей содержание натрия составил по сравнений с нормой меньше на 1,4-5,1%.

Уровень хлоридов у параскаридозных лошадей, в зонах радиационного риска количество хлора в крови больных лошадей наблюдалась снижение на 18,4-20%. Содержание хлорида в крови после дегельминтизации составил по сравнений с нормой меньше на 0,2-1,1% .

### Список литературы

1. Бутова, С.А. Иммунобиологическая реактивность и биохимический гомеостаз лошадей при гельминтозах и после дегельминтизации : автореферат канд. ...канд.биол. наук / С.А. Бутова. – М., 2009. – 123 с.
2. Гладенко В.К. Хозяйственно-биологические особенности лошадей ряда пород. //Сб. трудов ВНИИК. – 1995. – С. 22-24.

3. Калашников В.В. Хозяйственно-полезные качества лошади. – /Справочник. Практическое коневодство. – М.: Колос. – 2000. – С.3-2033. Камбегов В.Д. Коневодство и коннозаводство России. М.: Росагропромиздат. – 1988. – 224 с.
4. Makievski A.V. Determination of equilibrium surface tension value by extrapolation via long time approximation / Makievski A.V., Fainerman V.B., Miller R. et al. // Colloids and Surface A. – 1997. – Vol. 5, – N 2. – P. 372381.
5. Robertson V. Pulmonary Surfactant: From Molecular Biology to Clinical Practice / V. Robertson, Van Golde L.M.G., Batenburg J.J. // Elsevier, Amsterdam, 1992. – P. 265-268.

МРНТИ: 68.41.49

**Н.Т. Дюсекенова, С. Хизат, Ж.Ж. Бименова, Е.С. Усенбеков**  
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., nursaule796@yandex.ru

### **БҰҚАЛАР СПЕРМИЙЛЕРІНІҢ ЯДРОСЫНДАҒЫ ПРОТАМИН МЕН ГИСТОННЫҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУДЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ АНДРОЛОГИЯДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

Спермийлер түзілу процессінде және жетілуінде аса маңызды сатылардың бірі спермийлер құрамындағы гистон протеинінің протаминге айналуы. Қалыпты жағдайда жетілген спермийлердің хроматинінде шамамен 85%-дан төмен емес деңгейде протамин болады, ал спермийлер толықтай жетілмеген кездерде керісінше гистонның мөлшері 15%-дан жоғары көтеріліп кетеді. Протаминдер жоғарғы деңгейдегі протеиндер болып табылады, олардың құрамында көп мөлшерде аргинин және аз мөлшерде цистеин амин қышқылдары бар. Спермийлердің ядросындағы протеиндердің мөлшерін анықтауға келесі қағидаларға негізделген, құрамында көп мөлшерде лизин амин қышқылы болатын гистон протеині «Aniline Blue» бояуымен бояғанда (спермийлердің бастары қаныққан көк түске) қаныққан көк түске боялады, ал құрамында аргинин және цистеин аминқышқылдары көп протамин протеині күлгін түске боялады. Аталған әдіс жиі медицинада, ер адамдардың шәуетіндегі спермийлер ядросындағы протамин және гистон протеиндерінің мөлшерін анықтауға кең қолданылады. Әдіс жедел жүргізіледі, ер адамға байланысты болған бедеулікке балау жасауда аса маңызды зерттеу тәсілі болып табылады және спермийлер түзілуіне байланысты болған бедеулікті анықтауға мүмкіндік береді [1].

Бүгінгі таңда, DNA Fragmentation Index (DFI) әдісі медицинада ер адамдардың спермийлерінің ұрықтану қабілетін балауға қолданылады. Соңғы жылдары спермийлердің ұрықтану көрсеткішін анықтауға спермийлер басындағы ДНҚ мөлшерін зерттеу, ядролық ақзат пен ұрықтану қабілетін анықтау жұмыстары жүргізілуде. Спермийлер ядросындағы ДНҚ-мен байланысты гистонның протаминге айналуы спермийлердің ұрықтануға дайын жағдайын білдіреді [2].


Технологиялық үрдістердің теріс әсерінен (шәуетті қатыру, сексирленген шәует алу) болған спермийлердің ДНҚ хроматиндерінің бұзылуы немесе деформациясы, сиырларды ұрықтандыру нәтижесіне әсер ететіні және жиі буаздықтың ерте сатысында эмбрионалдық өлімдікке соқтыратыны белгілі. Шәует қатыру кезіндегі жағымсыз факторлардың әсерін зерттеу және сексирленген шәует алу технологиясының бұқа спермийлерінің ДНҚ зақымдануына зиянды әсерін анықтау үшін TUNEL (terminal deoxynucleotidyl transferase-mediated dUTP nick end labeling) әдісі оңтайландырылған. TUNEL талдау әдісімен зерттеу үшінбиологиялық материал ретінде жапондық кара тұқымдас екі бас бұқаларынан жаңадан алынған шәует және 34 бас асыл тұқымды голштейн бұқаларынан алынып, қатырылған шәует үлгілері қолданылған. Жүргізілген эксперименттердің нәтижелеріне сәйкес жапондық кара бұқалар үшін спермийлердің TUNEL көрсеткіштері орташа 4,7% және 55,7%, ал голштейн тұқымдас бұқаларда 4,9% және 39,5%, сәйкесінше көрсеткіштерін құраған. Голштейн тұқымдас бұқаларда спермийлердің TUNEL индексінің көрсеткіштері мен сиырлардағы буаздық арасында әлсіз теріс корреляция ( $P < 0,05$ ) болған, авторлар бұқаларының спермийлерінің сапасын бағалау үшін қосымша параметрі ретінде TUNEL индексін анықтауды ұсынады [3]. Бұқалардың спермийлерінің ұрықтану қабілетін бағалау әдістерін енгізу ветеринариялық андрологияның негізгі міндеттері болып саналады.

Сондықтан, жұмыстың мақсаты Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы «Азамат 2» шаруа қожалығындағы қазақтың ақ бас тұқымдас аталық бұқалардан алынған эякулят құрамындағы спермийлердегі протамин мен гистон мөлшерін анықтау.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** «Азамат 2» шаруа қожалығындағы 6 бас асыл тұқымды қазақтың ақ бас тұқымдас бұқаларынан алынған шәуетіндегі спермийлердің құрамындағы протамин және гистон мөлшерін анықтау үшін Үндінің «Sperm Processor Pvt. Ltd» компаниясы өндіретін «Nuclear Protein Assay» sperm nuclear protein assay using «Aniline Blue» жиынтығын қолдандық. Көлемі 5-6 мл эякулят үлгісіне 100 мкл шәуетті алып, оған 400 мкл физиологиялық ерітінді қосып, оны центрифугада жылдамдығы 2000g айналымда 2-3 минут ішінде айналдырдық. Бұқа шәуетінен үлгі алған соң, 1 мл шәуеттегі спермийлер саны 40-60 млн болатындай дәрежеге дейін физиологиялық ерітінді қосу арқылы сұйылттық. Сосын, дозатордың көмегімен жоғарғы бөліктегі сұйықтықты алып тастап, тұнба бөлігінен 5 мкл сұйықтық алып, заттық шыныға жағынды дайындадық, 5-7 минут ішінде ауада құрғаттық. Заттық шыныны горизонталдық жағдайда қойып, жағындының үстіне 1 мл бекемдейтін ерітінді тамыздық, ерітінді жағындыны толықтай жабуы керек, ұстау уақытысы 5 минут. Осы уақыт өткен соң, бекемдейтін ерітіндіні төгіп, заттық шыныны ішінде дисдильденген су бар ыдыста тік ұстадық, жағындыны бекемдейтін ерітіндіден тазарттық. Келесі сатыда, заттық шыныны кептіріп, 5 минут ішінде №1 бояумен боядық, көлемі 1 мл, жағындыны толықтай жабатындай бояу қостық. Сосын бояуды дисдильденген сумен шайып, ауада кептіріп, осы сатыны № 2 бояумен қайталадық, ұстау уақытысы 2 минут. Осы сатыдан кейін дайындалған сынма зерттеуге дайын.

**Нәтижелер және талдау.** Осылай дайындалған препаратты микроскоптың 100X ұлғайтуымен иммерсиялық майды қолдана отырып қарадық. Көру алаңында басы күлгін түске боялған спермийлер санын (құрамында протамин бар екенін көрсетеді) есептедік және басы қанық көк түске боялған спермийлер санын анықтадық (құрамында гистон бар екенін көрсетеді). Барлығы бірнеше көру алаңдарында 200 спермийлер санап, құрамында протамин, жетілген спермийлер және гистон, жетілмеген спермийлердің мөлшерін пайызбен есептедік (сурет 1).

Жануарларды қолдан ұрықтандырудың нәтижесі, тек қана сиырдың репродуктивтік органдарының функционалды жағдайына ғана байланысты емес, сонымен қатар, аталық малдың спермийлерінің ұрықтандыру қабілетіне байланысты. Спермийлердің құрамындағы ядролық белок (протамин және гистон) мөлшерін анықтау нәтижесінде көрсеткендей, бұқалардың спермийін дегі протаминдер мөлшерінің көп болуы спермийлердің жоғары сапасын көрсетеді, өйткені бұл үлгілердегі спермийлердің құрамында гистон болмады.



Сурет 1 – Бұқа шәуетіндегі спермийлерде ядролық ақзаттың мөлшерін анықтау нәтижесі (спермий құрамында 100 % протамин бар)

Зерттеу жұмысы барысында барлығы 6 бас қазақтың ақ бас тұқымды бұқаларынан екі рет, бірінші рет ұрықтандыру жұмысының бастапқы сатысында және ұрықтандыру жұмысы аяқталған сатыда, арасына 30-45 күн салып екі рет спермийлер ядросындағы протамин мен гистон мөлшері анықталды. Зерттеу тобындағы бұқаларда спермийлерінде 100% протамин болды, гистон бар спермийлер анықталмады, ол осы бұқалардың шәуетінің сапасы жоғары екенін көрсетеді. Бұқаларға жыныстық жүктеме жоғары болған кезде, оларда сперматогенез үрдісі бұзылып, эякулятта жетілмеген спермийлер пайда болуы ықтимал, қолданылған әдіс осы өзгерістерге балау жасауға мүмкіндік береді.

**Қорытынды.** Шаруашылық жағдайында бұқалардың шәуетіндегі спермийлер ядросындағы протамин мен гистон мөлшерін ұрықтану жұмысы басталғанда, мауысым айының соңында және осы ұрықтану жұмысы аяқталуға жақын, шілде айының аяғы мен тамыз айының басында арнайы коммерциялық «Nuclear Protein Assay» sperm nuclear protein assay using «Aniline Blue» жиынтығының көмегімен анықталды. Сиырларды ұрықтандыру жұмысының бастапқы сатысында және ұрықтандыру жұмысы аяқталған кезде, спермийлерде ядро құрамында гистон протеинінің анықталмауы, осы аталық бұқаларда сперматогенез үрдісінің бір қалыпты жүруін, оларға бекітілген жыныстық жүктеменің оңтайлы болғанын көрсетеді. Әдіс қарапайым және спермийлер сапасын анықтауға мүмкіндік беретін молекулярлық-генетикалық тәсіл болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. David Miller, Martin Brinkworth and David Iles. Paternal DNA packaging in spermatozoa: more than the sum of its parts, DNA, histones, protamines and epigenetics// *Reproduction*.– 2010.–Vol. 139,- P. 287-301.
2. Michał Bochenek, Zdzisław Smoraq. The level of sperm DNA fragmentation in bulls of different breeds // *Ann. Anim. Sci.* – 2010. – Vol. 10, № 4. – P.379-384.
3. Kumiko TAKEDA, Kyoko UCHIYAMA, Masashi KINUKAWA, Takahiro TAGAMI, Masahiro KANEDA and Shinya WATANABE. Evaluation of sperm DNA damage in bulls by TUNEL assay as a parameter of semen quality // *Journal of Reproduction and Development*. – 2015. – Vol. 61. № 3. – P. 185-190.

МРНТИ: 68.41.51

**Д.С. Асылхан, С.Т. Дюсембаев, А.Т. Серикова**  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.,  
dariyaassylkhan@mail.ru, sergazi\_d@mail.ru

#### **ҚОЙҒА АРНАЛҒАН РАДИОПРОТЕКТОРЛЫҚ ҚАСИЕТІ БАР ҚОСПА**

Радиопротекторлық қасиеті бар брикеттер – радиациядан қорғануда аса маңызға ие болып отыр. Бұрынғы Семей сынақ полигонының әсері бар аймақтарда ауылшаруашылығы малдарына радиопротекторлық қасиеті бар азық дайындаудың бірнеше өзектілігі бар. Олар: ағзадағы зат алмасу үрдісін қалыпқа келтіреді, зат алмасуының бұзылу себептері жойылады, радионуклидтердің ағзалардағы қордалануы төмендейді, қоғамға сапалы зиянсыз өнім ұсынылады. Бұндай үрдісті іске асыру үшін малдың негізгі азықтарын, оның ішінде мал өнімділігін жақсартатын, ет сапасын жоғарылататын, радиопротекторлық қасиеті бар азық дайындау аймағымыз үшін аса қажетті шаралардың бірі [1].

Ядролық сынақтан кейін қоршаған ортаға зиянды факторлардың әсерін төмендететін қабілеті бар профилактикалық биологиялық белсенді заттарды дайындау, саны мен сапасын жақсарту қажеттілігі туындайды. Алма, қара шетен, итмұрын, жер алмұрты, қалақай және т.б. жемістер мен өсімдіктерден жасалған азықтардың құрамында радиопротекторлық қасиеті бар өте көп мөлшердегі биологиялық белсенді заттар болады. Табиғатта кездесетін қара қарақат, шие, алша, өрік және т.б. жидектер органикалық қышқылдар мен биологиялық белсенді заттарға бай болып келеді.

Азық қоспаларының жаңа түрін дайындау негізіне табиғи құнды астық тұқымдастар, макро және микроэлементтерге бай балық ұнын және биологиялық тұрғыдан аса қажетті дәрумендерді қолдану және радиопротекторлы өсімдіктер (қалақай, топинамбур, итмұрын, жер алмұрты, пектиндік заттар және т.б.) жатады, олардың пайдалы қасиеттерінің бірігуі радиопротекторлық және профилактикалық қасиеттерге сай ғылыми негізделген азықтарды жасау мүмкіншіліктері пайда болады [2].

Қазіргі уақытта бұрынғы Семей ядролық полигон аумағында ғалымдардың бағалауы бойынша жануар рационындағы дәрумендердің, макро-микроэлементтердің жетіспеушілігі қажетті мөлшердің 30-50% мөлшерін құрайды. Осының бәрі жануар етінің тағамдық және биологиялық сапасының төмендеуіне әкеледі. Ал ол өнімдерді тағамға қолдану адамдарда ауру туғызады. Осы жағдай, толыққанды белокпен, дәрумендермен, микро- және макроэлементтермен байытылған азықтарды пайдалануға, радиопротекторлық қасиеті бар тағам түрлерін қолдануға мәжбүр етеді.

Радиопротекторлық қасиеттері бар заттарды ветеринария саласында қолдану арқылы қой ішіндегі радиоактивті заттарды барынша азайта отырып, сапалы да зиянсыз өнім өндіру, әсіресе Семей ядролық сынақ полигоны аймағында қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Сондықтан да, біз алдымызға ғылыми жұмысымыздың арқауы ретінде құрамында маңызды компоненттері бар қоспа дайындауды мақсат етіп алдық. Ол үшін комбикорм құрамына қой малы сүйіп жейтін раушангүлділер тұқымдасына жататын бүрген шөбін, «ALKARAL» жем қоспасы мен BioFeed-P фитобиотикалық жем қоспаларын пайдалана отырып өзіндік қоспамызды әзірлеуді жөн көрдік.

Бүрген өсімдігі – раушангүлділер тұқымдасына жататын бұта, ағаш тәріздес бір немесе екі жылдық өсімдік. Раушангүлділердің пайдасы орасан зор, соның ішінде радиопротекторлық қасиетке ие екендігін айта кеткеніміз жөн [3].

«ALKARAL» жем қоспасы – бұл үш негізгі белсенді ингредиенттерден тұратын 100% табиғи өнім. Солардың ішіндегі фульво қышқылдарының қоспа үшін маңызы зор. Фульво қышқылдары гуминдік заттардың құрамындағы табиғи қосылыстар. Олар жасуша мембранасына ену арқылы қажетті элементтерді жеткізіп, зиянды және улы заттарды жасушадан шығарады. Олар метаболизм процестерін жақсартады, ағзаға антиоксидантты әсер етеді, бұлшықет тіндерін нәрлендіреді, жемнің пайдалы компоненттерінің сіңімділігін ұлғайтады және организм жасушасынан токсиндер мен ауыр металдарды шығарады [4].

BioFeed-P фитобиотикалық жемшөп қоспасының (өсімдік иммуностимуляторы) құрамына 250-ден астам биологиялық белсенді компоненттер кіреді: май қышқылдары (55%) – стеарин, олеин, пальмитин және т.б.; флавоноидтар (6,78%) – пиностробин, пиноцембрин, хризин; органикалық қышқылдар (2,5%) – гликоль, алма, лимон; фенол қышқылдары (2%) – популин, салицин; көмірсулар (1,9%) – глюкоза, фруктоза, рибоза; эфир майлары (1%); А, С, Р, В12 дәрумендері; микроэлементтер (мг/кг) – йод (1058), мырыш (52), марганец (8,25), мыс (6,17), кобальт (0,015); аминқышқылдары-аспарагин, аланин, валин, лейцин; фенолгликозидтер-популин, салицин және биологиялық белсенділігі жоғары қосылыстардың басқа кластары. Жемшөп қоспасы бактерицидтік, фунгицидтік, вирусқа қарсы, қабынуға қарсы, антисептикалық, иммуностимуляторлық, детоксикация, сергітетін, қалпына келтіретін, анальгетикалық қасиеттерге ие, сонымен қатар радиопротекторлық әсері бар [5,6].

Бірінші тәжірибе ретінде бүрген шөбі мен «ALKARAL» жем қоспасын, екінші тәжірибе ретінде бүрген шөбі мен BioFeed-P фитобиотикалық жем қоспасын қой жеміне комбикормға қосып тәжірибе жасап көрдік.

Ол үшін, алдымен Үржар аймағының радиациялық фонын анықтап көрдік. «Атомтех» фирмасының шығарған дозиметр-радиометрі МКС-АТ 6130 құралының көмегімен  $\alpha$  және  $\beta$  сәулелерінің мөлшерін анықтадық. Аспапта  $\alpha$  сәулелердің көрсеткіші 0,15-0,16 мкЗв/г;  $\alpha$ ,  $\beta$  сәулелерінің көрсеткіші 0,05-0,06 мкЗв/г болды. Әрі қарай тереңірек зерттеу мақсатында топырақтан, өсімдіктерден және судан сынама алып,  $\gamma$ -спектральдық талдау үшін университеттің Радиоэкологиялық ғылыми зерттеу зертханасына тапсырдық.

Үржар ауданының Қарабұлақ ауылдық округінің «Бақтыбай» шаруа қожалығында ұсталған 1,5 жастағы 10 бас қойға бірінші қоспаны беріп тәжірибе жасадық. Бір кг жемге (комбикормге) 50 г бүрген шөбінің үгіндісі мен «ALKARAL» жем қоспасы араластырылып емін-еркін ауыз арқылы берілді. Берілу уақыты тәулігіне бір рет 7 күнді құрады.

1. Mohammed Naif Alhussien and Ajay Kumar Dang. Milk somatic cells, factors influencing their release, future prospects, and practical utility in dairy animals: An overview. *Veterinary World*, EISSN: 2231-0916. Available at [www.veterinaryworld.org/Vol.11/May-2018/1.pdf](http://www.veterinaryworld.org/Vol.11/May-2018/1.pdf)
2. Mohammed Naif Alhussien and Ajay Kumar Dang. Milk somatic cells, factors influencing their release, future prospects, and practical utility in dairy animals: An overview. *Veterinary World*, EISSN: 2231-0916. Available at [www.veterinaryworld.org/Vol.11/May-2018/1.pdf](http://www.veterinaryworld.org/Vol.11/May-2018/1.pdf)

МРНТИ: 68.41.32

**А.М. Мұқатаев, А.Н. Байғазанов, М.К. Нуркенова**  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,  
[aitbek\\_mukataev@mail.ru](mailto:aitbek_mukataev@mail.ru), [abdrahman\\_59@mail.ru](mailto:abdrahman_59@mail.ru), [maral\\_nurkenova@mail.ru](mailto:maral_nurkenova@mail.ru)

#### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ӨңІРДЕГІ МАРАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Отандық ғалымдар ауруға келтірілген залалды есептей отырып, белгілі бір аурудың алдын алу және жою шараларын әзірледі. Мәселен, марал шаруашылығы фермасында туберкулезбен ауыратын жануарлардың болуы кезінде Пан өнімділігінің 1,4-7 есе төмендеуі байқалады, іскерлік ұрпақтың шығымы 15%-ға азаяды (О.А. Копылов, 2000). Қолайсыз шаруашылықта пастереллездің алдын-алу болмаған жағдайда, ферма басының 8-15%-на дейін өліммен қатар жүретін эпизоотиялық ошақтар болуы мүмкін (Луницын в.г., 1985). Фермаларда бруцеллездің болуы табынның көбеюіне кері әсер етеді (Третьяк Н.Т., 1972). Бұғы популяциясы арасында инвазиялық аурулардың таралуы мүйізтұмсықтардағы өнімділіктің 15-20% төмендеуіне әкеледі (Луницын в.г., 1998). Маралдардың үй жануарларымен байланысы, табиғи сұрыпталудың болмауы, жайылымдардағы жануарлардың жоғары концентрациясы, нашар тамақтандырылуы бұғылар арасында 50-ден астам түрлі жұқпалы және инвазиялық аурулардың таралуына ықпал етті (Луницын в.г., 1998). Катон-Қарағай өлкесінің марал фермаларында туберкулез, бруцеллез, пастереллез, гиподерматоз, боопонуоз, элафостронгилез, диктиокаулез, сетариоз, ішек стронгилят диагнозы қойылған. Маралдар, немесе оларды қалай атайды, асыл бұғылар – Қазақстандық Алтайдың қазынасы.

Бүкіл аймақта мүйізтұмсық тәрізді үңгір суреттерін кездестіруге болады, ал Катонқарағай мен Зайсан аудандарында біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдыққа жататын ежелгі қорымдарда археологтар гипертрофияланған мөлшердегі мүйіздері бар бұғылардың алтын мүсіндерін тапты.

Тарихшылар Жергілікті марал шаруашылығының ата-бабалары ағайынды Шарыповтар болған деп мәлімдейді. Бір жарым ғасырға жуық уақыт бұрын олар мүйізтұмсықтарды аулау үшін мүйізтұмсықтарды өлтіруді бірінші болып тоқтатты, ал тау шатқалдарын қоршаулармен қоршап. Бірнеше ондаған жылдан кейін Алтай бумға айналды: жүздеген ауқатты шаруалар өздерінің табындарын алды, олардың саны 3 мыңнан асты.

Қазіргі таңдағы Қазақстандағы марал шаруашылығы. Марал шаруашылығы көптеген аймақтарда бар, бірақ панттың ең жақсы сапасы – бұл жабайы жағдайда өмір сүретін Алтай маралында. Қазақстанда Алтай маралдары Шығыста кездеседі (кесте 1). Негізгі "Марал өлкесі" – Үлкен Алтайдың қазақстандық бөлігі, Катонқарағай ауданы, биік таулар. Шығыс Қазақстан – өнеркәсіптік марал шаруашылығы бар елдің жалғыз өңірі.

Маралдарға сипаттама. Марал ең үлкен бұғыларға жатады. Ересек еркектердің тірі салмағы – 250-400 кг, аналықтары – 150-250 кг, биіктігі 150-155 см. Марал мүйіздері (тек еркектері бар) үлкен, 6-7 тарамдары бар. Мүйіздері екі жаққа кең таралған. Мүйіздердің түсуі наурыздың аяғынан мамырдың басына дейін болады. Мүйізді тазарту тамыздың аяғынан басталып, қыркүйекте аяқталады. Маралдардың күйлеу мерзімі тамыздың аяғы мен қыркүйектің басында басталып, 1-1,5 айға созылады. Буаздылық ұзақтығы 242-248 күн, яғни 8-8,5 ай. Төлдеу мерзімі мамыр айында басталып маусым айында аяқталады.

Кесте 1 – Қазіргі кездегі шығыс өңірдегі марал санының қалыптасуы

Ауылдық округтің атауы	Шаруашылық атауы	Марал саны	Ескертпелер
Белқарағай	Ш/к "Баян"	270	Соңғы 5 жылда бір орында тұр
Аққайнар	Ш/к "Олений парк"	938	
Коробиха	Ш/к "Дамир"	719	
Жамбыл	Ш/к "Маралды"	100	Соңғы 5 жылда 300 ден 100ге дейін азайды
Ақсу	Ш/к "АҚСУ"	400	
	Ш/к "Даулет"	50	
	Ш/к "Ақшарбак"	400	
Урыль	Ш/к "Қарлығаш"	250	Соңғы 5 жылда 450ден 250ге дейін азайды
Новополяк	Ш/к "Абзал"	400	Соңғы 5 жылда бір орнында тұр

Марал шаруашылығының мәселелері. Саладағы қиындықтар 90-шы жылдардың соңында Шығыс Қазақстан марал шаруашылығы шаруашылықтарының дәстүрлі Корей серіктестері Пант сатып алу көлемін күрт төмендеткен кезде басталды. Бұл өнімнің бағасы төмендеді, бұл Маралдың санына бірден әсер етті. Ол екі есе қысқарды және бұл алаңдаушылық тудырмауы мүмкін. Бүкіл Шығыс Қазақстан облысы маралдарының жалпы санының 60%-дан астамы Катонқарағай ауданында ұсталады. Аймақта көптеген жылдар бойы барлық дерлік шаруашылықтарда пантаны Оңтүстік Кореядан бір кәсіпкер сатып алады. Оңтүстік Корея бизнесі ұзақ уақыт бойы аймақтарды бөлді, сондықтан көтерме саудагерлер бағаны белгілейді. Оны төмен деңгейде ұстады. Селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстың болмауы, қоршаулардың қанағаттанарлықсыз жағдайы, соның салдарынан жануарлар босқа қашып кетті.

Қорытындылай келе, марал шаруашылығы Қазақстанның шығыс өңірде ғана қалыптасқан. Маралдың пайдасы емдік жағынан да орасан зор. Марал шаруашылығын қарқынды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, инфекциялық жұқпалы аурулардың алдын-алу шараларын күшейтіп, азық рационын тиімді жүргізу қажет.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Абрамов К.Г. Закономерности распространения пятнистого оленя в пределах Приморского края/ К.Г. Абрамов/ Науч. метод, записки комитета по заповедникам. М. – 1939. – № 3. – С. 160-163.
2. Агаева Е.М. Иммунологические свойства капсульного антигена и серологические типы *P. multocida* /Е.М. Агаева/Автореф. дисс. канд. вет. наук. М. – 1981. – 18с.
3. Билибин А.Ф. Учебник инфекционных болезней/ А.Ф. Билибин. Изд. Медицина. М. – 1964. – 414 с.
4. Бржеский В.В. Морфо-биологическая характеристика возбудителей цистицеркозов оленей и некоторые вопросы эпизоотологии вызываемых ими заболеваний: автореферат дис. канд. биол. наук / В.В. Бржеский. М. – 1964. – 23 с
5. Ямов В.З. Оводовые инвазии маралов Алтая, их профилактика и терапия: рекомендации / В.З. Ямов // ВНИИВЭиА. Тюмень. – 1990. – 22 с.
6. Бурлакова Л.М. Почвы Алтайского края / Л.М. Бурлакова Л.М. Татаринцев, В.А. Рассыпнов. Барнаул. – 1988. – 67 с.

МРНТИ: 68.41.01

**А.К. Несіпбаева, М.М. Жылқышыбаева, А.Ж. Бердалина**

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ.,  
meruyert.zhylkyshybayeva@kaznaru.edu.kz

#### **ПОЛИВАЛЕНТТІ ВАКЦИНАНЫҢ 5X10<sup>8</sup> ШТБ МӨЛШЕРІНДЕ ЕГІЛГЕН БҰЗАУ ҚАНЫНЫҢ ФАГОЦИТАРЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІМЕН ҚАН САРЫСУЫНДАҒЫ ИММУНДЫ ГЛОБУЛИНДЕРДІ ЗЕРТТЕУ**

Қазіргі замандағы біздің еліміздің аграрлық саясатының келелі мәселесі – халықты сапалы азық түлікпен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мәселені дұрыс шешу үшін алдағы уақытта жануарлардан алынатын өнімдердің мөлшерін еселей арттыру керек. Ал жаңа туылған төлдерді аман сақтау, бағып жетілдіру және қоршаған орта жағдайына жақсы бейімделетіндей етіп өсіру – мал шаруашылығы өнімдерін арттырудың негізі болып табылады. Түрлі жұқпалы аурулар, соның ішінде пастереллез, жас төлдердің шығынын көбейте отырып, мал өнімділігін төмендетуде елеулі орын алады [1].

Табиғи антиденелер – иммунды глобулиндер, қан сарысуының, уыздың және ауылшаруашылық жануарларының барлық түрінде кездесетін басқа да биологиялық сұйықтардың құрамында болатын, молекулалық құрылымы жағынан бір-біріне ұқсас белоктар. Олар антигендермен телімді әрекеттесуге қабілетті болады [2, 3, 4, 5, 6, 7].

Иммунды глобулиндердің әр класы өзіне тән қызмет атқарады. IgM негізінен комлементпен байланысып, бактерияларды ерітуде маңызды рөл атқарады. IgG токсиндерді, ферменттерді, вирустарды бейтараптауда белсенділік танытады. IgA бактериялардың тыныс алу, ішек-қарын, несеп - жыныс жолдарының кілегейлі қабықтарына, сүт бездеріне, көзге, буындарға енуін және онда өсуін тежейді, оның қатысуымен уыздың, сілекейдің, мұрын секреттерінің микроорганизмдерді бейтараптайтын белсенділігі осы иммунды глобулинмен байланысты [8].

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Біз жұмысымызда ҚазҰАУ бактериозға қарсы биотехнология зертханасында профессор Қ.Бияшевтің басшылығымен дайындалып алынған пастереллезге қарсы поливалентті вакцинаны қолдандық.

Бұзау пастереллезіне қарсы поливалентті вакцинаның әр түрлі мөлшерінің организмнің табиғи төзімділік деңгейіне әсерін зерттедік. Зерттеуде 1,5 айлық жастағы бұзауларға вакцина мына мөлшерде:  $1 \text{ см}^3 (5 \times 10^8 \text{ ШТБ})$  сыналды.

Қан сарысуындағы жалпы белокты «AMS» фирмасының (Италия) FT-2 автоматты биохимиялық анализаторымен зерттедік.

**Зерттеу нәтижелері.** Алынған нәтижелеріне қарағанда поливалентті вакцина түрлі мөлшерлері бұзаулар организмнің торшалық және гуморальдық көрсеткіштеріне әртүрлі әсер етті.

Нейтрофилдердің фагоцитарлық белсенділігін зерттеу нәтижелері көрсетілген (кесте 1). Вакцина егілген жануарлар тобында фагоцитоз пайызы бірінші күнен бастап жоғарылайтынын және зерттеу соңына дейін сол жоғары деңгейде қалатынын байқаймыз. Бұзауларда вакциналағаннан кейін 14-ші тәулікте фагоцитоз пайызы ең жоғары шекке көтерілді. Осы мерзімде тәжірибе тобындағы бұзауларда фагоцитоз пайызы 92,4 %-ды құрады.

Осындай динамика фагоцитарлық индекс көрсеткіштерінде де байқалды, вакциналағаннан кейінгі 1-ші күннен бастап көрсеткіштер жоғарылады және тәжірибе соңына дейін олар жоғары дейгейде болды. Вакциналағаннан кейінгі 14-ші тәулікте тәжірибе тобындағы бұзаулар көрсеткіштері 3,96 есе жоғарылады.

Кесте 1 – Поливалентті вакцинаның  $5 \times 10^8$  ШТБ мөлшерімен егілген бұзау қанының фагоцитарлық белсенділігінің көрсеткіштері ( $M \pm m$ ;  $n = 120$ )

Көрсеткіштер	Жануарлар тобы	Егілгенге дейін	Егілгеннен кейінгі күндер				
			1	3	7	14	21
Лейкоциттер саны	бақылау тобы	$10,5 \pm 0,35$	$10,8 \pm 0,41$	$10,1 \pm 0,66$	$10,3 \pm 0,16$	$10,9 \pm 0,36$	$10,2 \pm 0,20$
	тәжірибе тобы	$10,4 \pm 0,34$	$10,8 \pm 0,3$	$8,3 \pm 0,28^{**}$	$7,9 \pm 0,11^*$	$7,7 \pm 0,10^{***}$	$7,4 \pm 0,12^{***}$
фагоцитоз пайызы	бақылау тобы	$36,4 \pm 1,04$	$36,3 \pm 1,14$	$36,5 \pm 0,27$	$36,6 \pm 2,44$	$36,2 \pm 2,34$	$36,8 \pm 2,54$
	тәжірибе тобы	$36,6 \pm 1,16$	$43,5 \pm 2,04^{**}$	$64,9 \pm 3,03$	$66,3 \pm 3,25$	$68,6 \pm 4,01$	$67,3 \pm 4,13^*$
фагоцитарлық индекс	бақылау тобы	$0,57 \pm 0,04$	$0,55 \pm 0,13$	$0,43 \pm 0,9$	$0,65 \pm 0,24$	$0,93 \pm 0,29$	$0,13 \pm 0,45$
	тәжірибе тобы	$0,49 \pm 0,02$	$0,67 \pm 0,14^*$	$1,19 \pm 0,17^{***}$	$1,70 \pm 0,40^{**}$	$1,97 \pm 0,54^*$	$2,02 \pm 0,74$
фагоцитоздың аяқталу индексі	бақылау тобы	$0,34 \pm 0,03$	$0,37 \pm 0,24$	$0,38 \pm 0,44$	$0,36 \pm 0,47$	$0,40 \pm 0,50$	$0,4 \pm 0,62$
	тәжірибе тобы	$0,29 \pm 0,05$	$0,39 \pm 0,30$	$0,44 \pm 0,52$	$0,49 \pm 0,55$	$0,53 \pm 0,60$	$0,61 \pm 0,72^{**}$

\*  $P < 0,01$ , \*\*  $P < 0,05$ , \*\*\*  $P < 0,001$

Фагоцитоздың аяқталу индексі тәжірибе тобындағы бұзауларда вакциналағаннан кейінгі 1-ші тәуліктен бастап жоғарылады және вакциналағаннан кейін 21-ші тәулікте максимальды деңгейге – 0,29-дан 0,61-ге дейін жетті. Кейінірек фагоцитоздың аяқталу индексі тәжірибе тобындағы бұзауларда 2,1 есеге көтерілді.



Жүргізілген зерттеулер нәтижесі пастереллезге қарсы поливалентті вакцинамен  $5 \times 10^8$  ШТБ мөлшерде вакциналаған бұзауларда организмнің табиғи төзімділігінің торшалық факторларының деңгейі біршама көтеріледі.

Торшалық иммунитет көрсеткіштеріне вакцинаның  $10^9$  ШТБ мөлшерде егілуі де белгілі бір қызығушылық тудырды. Сондықтан біз зертханалық тәжірибелерде нейтрофилдердің лейкоцитарлық формуласы мен фагоцитарлық белсенділігіне вакцина әсерін зерттедік.

Түрлі табиғаттың антигендеріне жауап ретінде лимфоидты ұлпалар торшаларында түзілетін иммунды глобулиндер гуморальды иммунитеттің маңызды құрамасы болып табылады. Заманауи классификацияға сәйкес олар бес класқа бөлінеді: IgG, IgM, IgA, IgE, IgD.

2-ші кестеде  $5 \times 10^8$  шоғыр түзуші бірлік мөлшерде вакцинамен егілген бұзаудың қан сарысуындағы иммунды глобулиндердің мөлшерін зерттеу нәтижелері келтірілген. Вакцинамен егілгенге дейін бақылау және тәжірибе топтарындағы жаңа туылған бұзаулар қан сарысуындағы жалпы белок пен иммунды глобулиндердің мөлшері бірдей деңгейде болды. Көрсеткіштер деңгейіндегі өзгерістер вакциналағаннан кейін байқалды. Вакциналағаннан кейін жалпы белок пен иммунды глобулиндердің IgG, IgM және IgA мөлшері жоғарылады да, тәжірибе кезеңінің соңына дейін көтеріңкі деңгейде қалды.

Экспериментальдық мәліметтерді талдағанда жалпы белок құрамында IgG үлес салмағы жоғары екенін байқаймыз. Вакциналағанға дейін тәжірибе тобындағы бұзауларда жалпы белок құрамындағы IgG үлесі 1,74%, ал вакциналағаннан кейінгі бірінші тәулікте ол 44,7%-ды құрады.

Вакциналағанға дейін жалпы белоктағы IgM үлесі тәжірибе тобында 2,1%-ды құрады. Вакциналағаннан кейін ол 6,6%-ға дейін көтерілді.

Вакциналағаннан кейін жалпы белоктағы IgA пайызы төмендейді де, оның ең аз деңгейі (3,6%) 1-3-ші тәулікте байқалады. Зерттеудің 14-ші тәулігінен бастап бұл иммунды глобулиннің үлесі жоғарылай бастайды да, зерттеу соңына дейін сол көтеріңкі деңгейде қалады. Тәжірибе және бақылау топтарындағы бұзауларда IgA мөлшерінде айтарлықтай айырмашылық байқалмады.

Біздің тәжірибемізде иммунды глобулиндердің жалпы қосындысының жалпы белокқа қатынасы жоғарылайды және вакциналағаннан кейінгі 1-ші тәулікте тәжірибе тобындағы бұзауларда бұл көрсеткіш 51,9%-ды құрады. Зерттеудің кейінгі күндерінде иммунды глобулиндердің жалпы үлесі біраз төмендеді де, тәжірибе тобындағы бұзауларда вакциналағаннан кейінгі 21-ші тәулікте ол 31,1%-ды құрады.

Организмдегі иммунобиологиялық ауытқулар жайлы маңызды мәліметтерді вакциналанған жануарлар қанындағы белок пен иммунды глобулиндер деңгейін егу мөлшерін жоғарылату барысында қадағалауға алуға болады.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде поливалентті вакцинасының  $5 \times 10^8$  ШТБ мөлшерде вакциналағаннан кейін қан сарысуындағы жалпы белок мөлшерінің жоғарылайтыны анықталды. Вакциналағаннан кейінгі 3-ші тәулікте жалпы белокта максимальды деңгей байқалады және тәжірибе тобындағы бұзауларда алғашқы деңгейіне қарағанда бұл көрсеткіш 72,7%-ға көтерілді. Тәжірибенің кейінгі күндерінде жалпы белок деңгейінде төмендеу тенденциясы басталды. Сонда да, тәжірибе тобындағы бұзауларда жалпы белок деңгейі тәжірибенің барлық кезеңінде жоғары деңгейде сақталды және вакциналағаннан кейінгі 21-ші тәулікте көрсеткіш бақылау тобынан жоғары болды.

Кесте 2 – Поливалентті вакцинаның  $5 \times 10^8$  ШТБ мөлшерімен егілген бұзау қан сарысуындағы иммунды глобулиндер көрсеткіштері ( $M \pm m$ ;  $n = 120$ )

Көрсеткіштер	Жануарлар топтары	Егілгенге дейін	Егілгеннен кейінгі күндер				
			1	3	7	14	21
жалпы белок(г%)	бақылау тобы	4,3±0,38	4,3±0,6	4,2±0,64	4,1±0,68	4,1±0,64	4,0±0,52
	тәжірибе тобы	4,5±0,42	5,4±0,74	6,7±0,84**	6,6±0,81	6,3±0,72	6,4±0,67
IgG (мг/мл)	бақылау тобы	0,82±0,04	0,8±0,44	0,7±0,50	0,6±0,31	0,8±0,43	0,81±0,32
	тәжірибе тобы	0,80±0,05	0,8±10,3***	0,7±9,14	14,6±8,76	14,3±9,54	13,9±8,43
IgM (мг/мл)	бақылау тобы	0,96±0,03	0,39±0,24	0,89±0,25	0,91±0,27	0,69±0,20	0,89±0,37*
	тәжірибе тобы	0,95±0,07	3,64±0,44	2,5±0,20	2,3±0,24	2,0±0,18**	2,2±0,21

IgA (мг/мл)	бақылау тобы	0,83±0,18	0,8±0,27	0,79±0,37	0,62±0,32	0,88±0,14	0,85±0,15
	тәжірибе тобы	0,82±0,20	0,81±0,2	0,80±0,40	0,6±0,54***	1,8±0,47	2,4±0,12
иммунды глобулиндер қосындысы (мг/мл)	бақылау тобы	2,63±1,44	2,69±1,53	2,61±12,50	2,73±10,54	2,58±9,74	2,64±9,34
	тәжірибе тобы	2,61±1,62	30,14±19,3	20,82±11,42	20,0±10,74	17,03±8,64	17,0±7,20* *
IgG (мг/мл)	бақылау тобы	1,83±0,12	1,82±13,3	1,80±11,43	1,81±9,04	1,85±8,12	1,84±9,42
	тәжірибе тобы	1,85±0,23	0,7±14,4	0,8±8,64*	14,6±8,44	14,8±7,62	15,0±7,50
IgM (мг/мл)	бақылау тобы	2,0±0,24	2,4±1,04	2,0±0,37	2,3±0,22	2,2±0,40	2,5±0,41
	тәжірибе тобы	2,1±0,18	6,5±1,14**	6,7±0,40	3,8±0,38	3,2±0,28	3,1±0,34** *
IgA (мг/мл)	бақылау тобы	1,8±0,14	1,6±1,04	1,5±0,16	1,7±0,11	1,4±0,23	1,3±0,04
	тәжірибе тобы	1,8±0,12	1,7±1,04	1,6±0,40	1,5±0,13*	2,9±0,07	3,3±0,01
иммунды глобулиндердің жалпы белокқа пайыздық қатынасы	бақылау тобы	5,8±1,54	5,7±14,42	5,6±10,64	5,1±11,12	5,4±9,74	5,4±10,14
	тәжірибе тобы	5,6±1,02	54,7±15,3	30,5±9,33***	29,0±8,24	26,5±7,64*	31,0±8,40
* P < 0,01, ** P < 0,05, *** P < 0,001							

#### Әдебиеттер тізімі

1. Rapports, de L Office International des Epizooties Sessin generale de mai 1979. – С. 12-14.
2. Москалев А.А. Естественная резистентность, рост и развити телят в зависимости от условий получения и выращивания: автореф.... канд. с/х. наук.- Витебск. – 2004. – 20с.
3. Емельяненко П.А. Иммунная система жвачных //Пробл. вет иммунол. –М.: Агропромиздат. – 1985. – 215 с.
4. Жумашев Ж.Ж., Алимжанова Ш.С., Туганбекова М.А., Сеитов З.С., Турсынбаев К.Ш. Выделение, идентификация и количественное определение иммуноглобулинов в сыворотке крови овец и крупного рогатого скота // Методические рекомендации. – Алма-Ата. – 1985. – 50 с.
5. Ашимов С.А. Естественная резистентность телят в зависимости от степени иммунного ответа коров на фетальные антигены: дисс.... канд. вет. наук. – Астана. – 2004. – 98с.
6. Жумашев Ж.Ж. Возрастная динамика содержания иммуноглобулинов в сыворотке крови крупного рогатого скота // Вестник с.-х. науки Казахстана. – 1989. – № 5. – С. 56-59.
7. Монуйко С.А. Формирование и коррекция естественной резистентности бычков в условиях промышленной технологии: автореф.... канд. с/х. наук. – Витебск. – 2004. – 20 с.
8. Стефани О.В. Секреторные иммуноглобулины и проблема местного иммунитета. // Журн. микробиол., 1973. – № 32. – С. 7-11.

МРНТИ: 68.41.63

**А.К. Несіпбаева, Р.Ж. Джунусова, А.Е. Онгаркулова**

Қазақ ұлттық аграрлық-зерттеу университеті, Алматы қ., aigul.o@kaznaru.edu.kz

#### **ЖАҢА ТУЫЛҒАН БҰЗАУЛАРДА ҚАН ТОРШАЛАРЫНЫҢ ФАГОЦИТАРЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ЖӘНЕ ҚАН САРЫСУЫНДАҒЫ ИММУНДЫ ГЛОБУЛИНДЕРДІ ЗЕРТТЕУ**

Организмнің иммунологиялық жүйесінің негізгі құрамасының бірі фагоциттер болып табылады. Фагоциттер негізінен мононуклеарлы және полинуклеарлы болып екі категорияға бөлінеді. Полинуклеарлы фагоциттерге – нейтрофилдер, базофилдер және эозинофилдер жатады. Мононуклеарлы фагоциттер жүйесіне бастапқы дңгек торшалар, промоноциттер, моноциттер және макрофагтар жатады. Олардың алғашқы екі типі сүйек кемігінде, моноциттер – сүйек кемігі мен қанда, ал макрофагтар әр түрлі ұлпаларда: дәнекер ұлпада – гистиоциттер, бауырда – купер торшалары, өкпеде – альвеолалық

макрофагтар, көкбауырда – еркін және бекіген макрофагтар, сүйек ұлпасында – остеокластар түрінде кездеседі. Макрофагтар тіршілігінің ұзақтығы бірнеше апталар мен айларды құрайды [1].

Фагоциттер бөгде заттарды жояды, ал макрофагтар олардың организмдегі концентрациясын төмендетеді [2]. Лейкоциттердің фагоцитарлық белсенділігі хемотаксистік факторлар, оксонинаминиммунды глобулиндер, комплемент немесе олардың фрагменттері арқылы жанданады [3, 4]. Сонымен қатар, макрофагтар телімсіз, гуморальды факторлар арқылы иммунитеттің торшалық фазасын анықтап, факультативті торшалық паразиттер тудыратын аурудың дендемеуіне ықпал етеді. Антигендерді өңдей отырып олар организмді бөгде заттардан тазартып қана қоймай, антигендерді телімді иммундық жауап тудыра алатындай түрге айналдырады. Макрофагтар Т-лимфоциттермен бірлесе отырып, торшалық иммунитеттің функцияларының атқаруына және В-лимфоциттердің телімді антиденелерді түзуге кірісуіне түрткі болады. Өз кезегінде, Т-лимфоциттер, әсіресе иммунды глобулиндер, фагоцитозды жандандырады [5]. Фагоцитоздың сәтті аяқталуы ферменттік жүйенің (пероксидаза, сілтілік фосфатаза) жағдайына тәуелді болады, ал олардың белсенділігі торшада энергия көзі болып табылатын гликогеннің жинақталуымен байланысты [6].

Жаңа туылған төлдер, соның ішінде бұзаулар ауруларының алдын алу шараларын ойдағыдай анықтау үшін төзімділіктің торшалық көрсеткіштерімен қатар гуморальды көрсеткіштер деңгейін анықтап, соның негізінде емдеу шараларына түзетулер енгізуге болады. Осы айтылған қағидаларды ескере отырып, біз жаңа туылған бұзаулар организмнің табиғи төзімділігінің гуморалды факторлары көрсеткіштерінің деңгейін анықтауды негізгі міндеттің бірі етіп қойдық. Сондықтан біз жаңа туылған бұзаулар қан сарысуының құрамындағы IgG, IgM және IgA мөлшерін анықтадық.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Аталған жұмыстағы көрсетілген зерттеу материалдары Қазақ ұлттық аграрлық университетінің акадмик Н.О.Базанова атындағы «Физиология, морфология және биохимия», «Микробиология, вирусология және иммунология» кафедралары мен бактериозға қарсы биотехнология зертханасында және де Қазақстан Республикасы Алматы және Жамбыл облыстарының шаруашылықтарында ғылыми-зерттеу тақырыбына сәйкес орындалды. Тәжірибеде 30 бас жаңа туылған бұзау, 1,5 айлық 150 бас бұзау және салмағы 18-20 г. 250 бас ақ тышқан қолданылды.

Қан сарысуындағы жалпы белокты «AMS» фирмасының (Италия) FT-2 автоматты биохимиялық анализаторымен зерттедік.

Иммунды глобулиндердің сандық мөлшерін және кластары бойынша сапалық құрамын (M, G, A) да FT-2 анализаторымен анықтадық. Бұл жағдайда аппараттың жұмыс істеу қағидасы зерттелініп отырған сарысудың үлгілерін стандартты және жұмысшы ерітінділерімен салыстырып, иммунды глобулиндер мөлшерін оптикалық тығыздығы бойынша анықтауға негізделген. Иммунды глобулиндер санын анықтау үшін қажет мәліметтер автоматты иммунды анализатордың компьютеріне алдын-ала енгізіледі.

**Зерттеу нәтижелері.** Лейкоциттердің фагоцитарлық белсенділігін анықтау нәтижесі 1-ші кестеде көрсетілген. Талданған мәліметтерден қандағы лейкоциттердің фагоцитарлық белсенділігі көптеген факторларға тәуелді, соның ішінде жас ерекшелігіне байланысты екенін байқауға болады.

Уыз емгенге дейінгі жаңа туылған бұзаулар нейтрофилдерінің фагоцитарлық белсенділігі  $35,4 \pm 1,87$  пайызға тең болды. Төл тіршілігінің келесі күндері нейтрофилдердің фагоцитарлық белсенділігі жоғарылай бастады, тіршілігінің алғашқы сағаттарына қарағанда 3-ші тәулікте 75,6%, 7-ші тәулікте 78,7%, 14-ші тәулікте 83,3 %-ға жоғарылады. Фагоцитарлық пайыздың өсуімен қатар фагоцитарлық индекс көрсеткіштері де жоғарылады. Уыз емгенге дейін фагоцитарлық индекс  $0,57 \pm 0,09$  тең болса, уыз емгеннен кейін жасының ұлғаюымен қатар фагоцитарлық индекс көрсеткіштері де жоғарылады. Уыз емгенге дейінгі мәліметтермен салыстырғанда фагоцитарлық индекс көрсеткіштері төл тіршілігінің 3-ші тәулігінде 93,7 %, 7-ші тәулігінде 283,4 %, 21-ші тәулігінде 366,1 %-ға жоғарылады.

Моноциттердің фагоцитарлық белсенділігінде басқа көрініс жағынан байқалады. Төл тіршілігінің алғашқы сағаттарында фагоцитарлық белсенділік 41,1 %-ға тең болды. Тіршіліктің келесі күндерінде бұл көрсеткіштер жоғарылап, 2-3-ші тәулікте ең жоғары деңгейге жетті де (42,1–40,1%), кейінірек біраз төмендеді, бірақ төл тіршілігінің алғашқы сағаттарымен салыстырғанда жоғары деңгейде қалды. Бұзаулар өмірінің алғашқы сағаттарында моноциттердің фагоцитарлық индексі жоғары болды, ал кейінгі кезеңінде олар  $0,97 \pm 0,82$ -ден  $0,68 \pm 0,21$ -ге дейін төмендеді.

Нейтрофилдер мен моноциттердің фагоцитарлық белсенділігінің динамикасын салыстыра отырып бұзау тіршілігінің алғашқы кезеңдерінде бұл көрсеткіштің моноциттер тұрғысынан жоғары

болатынын байқаймыз. Төл тіршілігінің алғашқы 1-2 сағаттарында моноциттердің фагоцитарлық белсенділігі нейтрофилдерге қарағанда 1,15 есе, 36- сағатында 1,21 есе, ал 48- сағаттан кейін нейтрофилдер мен моноциттер белсенділігінің көрсеткіштері теңесіп,  $58,2 \pm 3,03$  және  $58,5 \pm 2,9$ -ды құрады. 3-ші тәуліктен кейін нейтрофилдердің фагоцитарлық белсенділігі моноциттермен салыстырғанда 1,21 есе артты да, зерттеуіміздің соңына дейін жоғары деңгейде қалды.

Кесте 1 – Жаңа туылған бұзаулар қанының фагоцитарлық белсенділігі ( $M \pm M$ ;  $N = 30$ )

Тәулік	Лейкоциттер саны	Көрсеткіштер				лейкоциттер фагоцитозының аяқталу индексі
		нейтрофилдер		моноциттер		
		фагоцитоз пайызы	фагоцитарлық индекс	фагоцитоз пайызы	фагоцилык индекс	
1-2 сағ	$10,4 \pm 1,16$	$35,4 \pm 1,87^{**}$	$0,57 \pm 0,09$	$41,1 \pm 2,12$	$0,97 \pm 0,82$	$0,25 \pm 0,03$
1	$11,7 \pm 1,74$	$41,2 \pm 1,94$	$0,64 \pm 0,11$	$50,2 \pm 2,16^{***}$	$0,92 \pm 0,74$	$0,37 \pm 0,05$
3	$10,0 \pm 1,4$	$63,4 \pm 3,07$	$1,12 \pm 0,64^*$	$52,1 \pm 3,11$	$0,81 \pm 0,38$	$0,42 \pm 0,12^{***}$
7	$8,2 \pm 1,20$	$64,5 \pm 2,58$	$1,64 \pm 0,32$	$53,2 \pm 3,17^{**}$	$0,77 \pm 0,18$	$0,44 \pm 0,01^*$
14	$7,8 \pm 1,31$	$66,2 \pm 3,47^{***}$	$1,92 \pm 0,16$	$53,0 \pm 2,98$	$0,70 \pm 0,24^*$	$0,40 \pm 0,03$
21	$7,1 \pm 1,39$	$65,7 \pm 2,94$	$2,12 \pm 0,15^*$	$54,2 \pm 3,06$	$0,68 \pm 0,21^{**}$	$0,4 \pm 0,05$

\*  $P < 0,01$ , \*\*  $P < 0,05$ , \*\*\*  $P < 0,001$

Сонымен, нейтрофилдердің фагоцитозға қабілеттілігі төлдің жасына қарай жоғарылайды, ал моноциттер қабілеттілігі, керісінше төмендейді.

Кесте 1-де көрсетілген мәліметтерге қарағанда, фагоцитоздың аяқталу индексі жануарлардың жасына тәуелді: жануар неғұрлым жас болса, фагоцитоздың аяқталу индексі төмен болады. Мәселен, бұзау тіршілігінің алғашқы сағаттарында ол  $0,25 \pm 0,03$ -ке тең болса, туылғаннан кейінгі 21-ші тәулікте  $0,4 \pm 0,05$ -ке дейін жоғарылады.

Бұзау жасына байланысты қан сарысуындағы иммунды глобулиндерді зерттеу нәтижесі көрсетілген (кесте 2).

Алғашқы уыз емгенге дейін қанда иммунды глобулиндер мөлшері өте аз болды да, IgG –  $0,82 \pm 0,20$  мг/мл, IgM –  $0,96 \pm 0,05$  мг/мл, IgA –  $0,83 \pm 0,17$  мг/мл деңгейінде анықталды. Алғашқы уыз емгеннен кейін иммунды глобулин мөлшерінің деңгейі тез жоғарылай бастады және төл тіршілігінің 1-ші күнінде емгенге дейінгі көрсеткіштерден IgG 24, IgM 4,3, IgA 2,0 есе асып түсті. Кейінгі күндері олардың деңгейі өсе түсті де, 3-ші тәулікте алғашқы көрсеткіштерге қарағанда IgG 27,5, IgM 5,3, IgA 2,6 есеге дейін асып түсті. Осыдан кейін иммунды глобулиндер мөлшері біртіндеп төмендей бастады, 14-ші тәулікте ол минимальды көрсеткіштерге жетті. 1 тәуліктік бұзаулар көрсеткіштерімен салыстырғанда 14 тәуліктік бұзауларда IgG 46,1 %, IgM 58,7 %, IgA 82,6 %-ға төмендеді. Одан әрі иммунды глобулиндердің мөлшері біртіндеп өсті және бұзаудың 21 тәуліктік жасында IgG  $13,0 \pm 5,32$  мг/мл, IgM  $1,78 \pm 0,25$  мг/мл және IgA  $0,34 \pm 0,18$  мг/мл деңгейіне жетті. Сонымен қатар алғаш уыз емгенге дейін жаңа туылған төлдердің қан сарысуындағы иммунды глобулиндердің жеке кластарының ара қатынасы бірдей болмағанын және олардың жалпы қосындысындағы үлесінің 30,3 %,-ын IgG, 35,6 %,-ын IgM, 30,7 % -ын IgA құрағанын атап өту керек.

Бұзаулар жасының өсуіне байланысты иммунды глобулиндердің жеке кластарының олардың жалпы қосындысындағы ара қатынасы өзгереді. 1 күндік бұзаулардағы IgG үлесі жалпы иммунды глобулиндердің қосындысының 77,4%, 14 күндік бұзауларда – 84,6%, 21 күндік бұзауларда – 84,3%-ын құрады. IgM үлесі иммунды глобулиндер қосындысының тиісінше 12,8%, 10,5%, 11,2 % -ын құрады, ал IgA үлесі иммунды глобулиндер қосындысының 7,5%, 2,5 % және 2,17%-на тең болды. Демек, бұзау жасының өсуімен байланысты IgG үлесі жоғарылады, ал қалған иммунды глобулиндер класының үлесі төмендеді.

Иммунды глобулиндердің жеке кластарының жалпы белокқа қатынасы мөлшерінің де ауытқып отыратынын байқаймыз. Басқа иммунды глобулиндер кластарымен салыстырғанда, уыз емгенге дейін жалпы белок құрамында IgM үлесі жоғары болды. Уыз емгеннен кейін жалпы белоктағы IgG үлесі күрт жоғарылай бастады да, бірінші тәулікте 38,1% деңгейіне жетті, ал IgM және IgA үлесінің максимальды деңгейі тиісінше 6,5% және 3,5%-ды құрады. Кейінірек иммунды глобулиндердің барлық класының үлесі 14-ші күнге дейін төмендей бастады да, соңынан біртіндеп жоғарылады.

Кесте 2 – Жаңа туылған бұзаулар қан сарысуындағы иммунды глобулиндер мен жалпы белок мөлшері ( $M \pm m$ ;  $n = 30$ )

Көрсеткіштер	Сағаттар	Зерттеу мерзімдері, тәуліктер				
	1-2	1	3	7	14	21
жалпы белок, г /%	4,4±0,40	5,2±0,60	6,1 ± 0,67***	5,9 ± 0,63	5,6 ± 0,57*	5,0± 0,54
IgG, мг/мл	0,82±0,20	20,7±9,34	15,0±0,17	14,6 ± 10,31	12,4 ± 6,43	13,0 ± 5,32**
Ig M, мг/мл	0,96± 0,05	3,29±0,23	1,88±0,35	2,9 ± 0,24**	1,68 ± 0,18	1,78 ± 0,25**
IgA, мг/мл	0,83± 0,17	1,7±0,30	0,78±0,33*	0,62 ± 0,26	0,38 ± 0,11	0,34 ± 0,18
Ig қосындысы	2,63± 1,34	25,88±15,40	18,52±13,60	17,42±11,14***	14,57±9,44	15,33±0,54
иммунды глобулиндің жеке класының жалпы белокқа қатынасы, %:						
Ig G	1,7± 0,14	39,1± 0,42	25,7± 0,34	24,4± 0,24	21,8±0,34**	25,8±0,43
Ig M	2,0± 0,20	6,3± 1,03	2,9± 0,32	2,3± 0,23	2,8± 0,30	3,6± 0,43*
Ig A	1,86± 0,14	3,3± 1,02	1,1± 0,32	1,0± 0,15*	0,6 ± 0,22	0,6± 0,20
иммунды глобулиндер қосындысының жалпы белоктағы пайыздық үлесі	5,8 ± 1,6	48,0 ± 17,30	29,0 ± 11,92**	28,0± 12,13	25,5± 0,04***	30,0±11,06
* $P < 0,01$ , ** $P < 0,05$ , *** $P < 0,001$						

Иммунды глобулиндер қосындысының жалпы белоктағы үлесінің ең максималды деңгейі 1 күндік бұзауларда байқалып, 48,0%-ды құрады. Төл жасының өсуіне байланысты біз зерттеген иммунды глобулиндердің үлесі төмендеді. Бірақ 14-ші күнмен салыстырғанда ол 21-ші күнінде 16,5%-ға көтерілді.

Сонымен, жинақталған эксперименттік мәліметтер негізінде жаңа туылған бұзаулар тіршілігінің алғашқы сағаттары мен күндерінде лейкоциттердің нейтрофилдік тобы басымдылық танытып, моноциттердің фагоцитарлық белсенділігі көтеріңкі болатынын, ал төлдің жасы өскен сайын лимфоциттер санының артып, нейтрофилдердің фагоцитарлық белсенділігінің жоғарылайтынын атап өтуге болады. Сондайақ лейкоциттердің қарбу қабілеті олардың еріту қабілетінен жоғары болатыны көңіл аударды. Атап айтқанда, төл қанында уыз емгенге дейін IgM үлес салмағы жоғары болды, ал уыз емгеннен кейін IgG үлесі жоғарылай бастады. 1 күндік бұзауларда иммунды глобулиндер мөлшері айтарлықтай жоғарылайды, бұл алғашқы екі тәулікте иммунды глобулиндердің ішектен өте күшті сіңірілетінінің дәлелі. Біздің зерттеулеріміздің нәтижесінде табиғи төзімділіктің торшалық және гуморальды факторларының дені сау жаңа туылған бұзауларға тән деңгейі айқындалды. Бұл мағлұматтар жануарлар организмінің төзімділігіне телімді резистенттікті жоғарылататын арнайы заттардың әсерін объективті бағалау үшін керек.

Қорыта келгенде, дені сау жаңа туылған бұзаулардың қан сарысуындағы иммунды глобулиндер динамикасын зерттеу организмнің табиғи төзімділігінің деңгейін толық сипаттауға мүмкіндік береді. Біздің зерттеулерімізде иммунды глобулиндер мөлшерінің динамикасына тән заңдылықтар анықталды.

### Әдебиеттер тізімі

1. Геведзе В.И. Пастереллез крупного рогатого скота. – Минск. «Урожай». – 1989. – 134 с.
2. Айкимбаев А.М. и др. О случаях выделения возбудителя пастереллеза от сайгаков в феврале-марте 1984г в Уральской области // Известия АН.Каз.ССР. – Алма-Ата. – 1985. – № 4. – С.39-41.
3. Шегедевич Э.А. Роль пастерелл в респираторной патологии овец и крупного рогатого скота: автореф.... докт. вет. наук. – М. – 1993. – 43 с.
4. Еременко И.Я. Информационный материал отдела инфекционных болезней и организации противоэпизоотических мероприятий Департамента ветеринарии МСХ РФ. – М. – 2002. – С.43-47.
5. Лях Ю.Г. Подбор иммуногенных штаммов микроорганизмов с целью конструирования современных биологических препаратов для с-х животных //Микробиология и биотехнология на рубеже XXI столетия. – Минск. – 2000. – 183с.
6. Наметов А.М. Диагностика и иммунокоррекция факторов неспецифического иммунитета у животных при хирургической травме: Дисс.... докт. вет. наук. – Алматы. – 2005. – 250 с.

**А.С. Койгельдинова, А.С. Темирова, А.М. Сабырбаева**  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,  
ainurkoigeldinova@mail.ru, uas\_91@mail.ru, c\_ainagul\_m@mail.ru

### **ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМЫ – ҚАЗАҚТЫҢ БРЕНДИ**

Қазақтың ақбас малдарымен жұмыс істеген кезде тұқымда екі түрі ажыратылды: ет және ет-сүт. Қазіргі Қазақстанда ірі қара малдың бұл тұқымы саны жағынан бірінші орында.

Сыдигалиева М., Жолшыбек Т. мәліметтері бойынша ТМД елдерінде етті ірі қараның ішінде қазақтың ақбас сиырлары мейлінше көп тараған, ол елімізде етке арнап өсіретін ірі қараның 60%-нан асады [1].

Қазақтың әйгілі ақбас тұқымын құру ұзақ уақыт бойы жұмыс істейтін үдеріс болды, оған көптеген мамандар мен асыл тұқымды шаруашылықтар тартылды. Сонымен қатар, мақсатты селекцияның алдында аборигенді дала малының әлеуетін зерттеу үшін түрлі тәжірибелер болды. Бір ғасыр бұрын жергілікті сиырларды элиталық асыл тұқымды бұқалармен будандастыру бойынша тәжірибелер жүргізілген орындардың бірі Шығыс Қазақстан облысындағы Шалабай ауылы болды.

1928 жылы әкелінген бастапқы 1240 бас герефорд тұқымының 900 басы Қазақстанға таратылған. Жаппай будандастыру жұмыстары үшін 1931-1932 жылдары 800 бас қосымша әкелінген. Бірінші және екінші буын будандардың ұрпағын әрі қарай жақсарту үшін «мақсатты жұптау» ұстанымына серпін беру үшін 1939 жылы Совхоздар Министрлігінің бастамасымен тікелей ағылшын елінен тағы да 188 бас асыл тұқымды герефорд малы іріктеліп әкелінді.

1930 жылы қазақтың ақбас ірі қара тұқымын өсіру жұмыстары басталды. Олар оны жергілікті малдың герефорд бұқаларымен будандастыруды сіңіру арқылы өсірді. Ал жергілікті қазақ сиырын герефорд бұқаларымен будандастыру арқылы алынған будан бұзау Қазақстанда 1933 ж пайда болыпты. Бастапқы кезеңде қолдан ұрықтандыру қолданған. Жаңа тұқым 1934 жылы – 29000 бас, 1938 жылы – 116000 бас, 1940 жылы жоспарланған табындардың барлығы бірінші және екінші буындарды құрапты. Зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, будандардың екінші және үшінші кезеңінде ол сиырлар беретін еттің өнімділігі таза тұқым делінетін герефордтардан еш кем еместігі дәйектеліпті. Мақсат Балқыбаевтың айтуынша, КСРО дәуірінде басқа республикалармен салыстырғанда етті ірі қара шаруашылығы Қазақстанда жоғары қарқынмен дамыпты. Қазақтың ақбас сиырын жаңа тұқым ретінде 1950 жылы бекітіп, тұқымды шығарған азаматтарға КСРО мемлекеттік сыйлығы беріліпті [2].



Сурет 1 – Қазақ ақбас тұқымы

1976 жылы Германияның Ляйпциг қаласында халықаралық «АГРО -76» көрмесі өтіп, онда КСРО атынан Батыс Қазақстан облысының Чапаев асыл тұқымды мал зауытынан қазақтың ақбас тұқымының бес бас бұқашықтары «чемпион» атанып, соңынан ол Италия еліне алтынға сатылды. 1977-1978 жылдары Мәскеуде БХШЖК-да (Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде) осы шаруашылықтың «Точка-5210» деген сиырының тірілей салмағы 945 кило тартып, топты жарды. Әлемдік деңгейдегі ғалымдардың сол тұстағы айтқан сөздері: «Бұған дейін бұндай салмақ тартқан сиыр соңғы 100 жылда тіркелмеген» дегенге сайып, мәртебемізді бір көтеріп тастағаны бар. 1982 жылы аталмыш шаруашылық одақтық республикалардың түкпір-түкпіріне жалпы саны 1504 бас қазақтың ақбас тұқымды жас сиырын сатуға қол жеткізді. Бұл рекордтық көрсеткіш еді. СЭВ (Совет экономической взаимопомощи) елдеріне жататын Болгарияға, Венгрияға, Чехословакияға осы шаруа шылықтан қазақтың ақбас тұқымының аталық бұқаларының 196 градус суықта сұйық азотта қатырылған 1500 ұрық

түйіршіктері пұлданғанын да айта кетуді парыз санаймын. 1984 жылы одақта бірінші рет Чапаев асыл тұқымды мал зауыты жобалық түрдегі бұқашықтардың және аталық бұқалар өнімділігіне сынақ жүргізетін стансаны іске қосты. Ол 1997 жылға дейін жұмыс жасап, 70-тен аса аталық бұқа мен 1100 бас бұқашықтар тексеруден өткізілді. Айталық, № 42216 бұқашық тәулігіне – 1281г., №43384 бұқашық – 1267г. салмақ қосса, «Камертон» бұқашығы 8 айдан 15 ай аралығында тәулігіне 1414 грамм салмақ қосқан [3].

Чапаев асыл тұқымды мал зауытында өсірілетін асыл тұқымды малдар негізінен төмендегі 5 зауыттық іздерге жатады екен. Олар «Вьюн712к КБ-5», «Ветеран 7880 КБ-4», «Байкал 442к», «Восток-7632», «Коппертон-150к», т.б.

Жалпы, қазақтың ақбас сиыры етті тұқымға жатады. Тұқымында 11 зауыттық желісі бар. Оның тоғызы Қазақстанның үлесінде. Бұл тұқым Республиканың далалы және шөлейт аудандарының табиғи жағдайына бейімделген. Сақа бұқасы орта есеппен 800-900 кило, кейде 1100-1300 кило, сиыры 450 килодан 580 килоға дейін тартады. 7-8 айлық еркек танасы 200-220 кило болса, ұрғашы танасы 180-200 кило болады. 15-18 ай өткен соң еркегі 900-1000 грамм, ұрғашы тайынша 700-800 грамм салмақ қосады. Ет түсімі 57-60 пайыз. Қазақтың ақбас сиыры негізінен Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының шаруашылықтарында өсірілген.

Көптеген зерттеулерде жайылымда өскен қазақы сиырдың еті Ресейдің базарларында жақсы бағаланғаны жазылған. Ресей патшалығы кезінде жайылымда өскен Украинның көк сиыры мен қазақ сиырының еттері «черкес еті» деген атпен танылған.

Насамбаев Е.Г., Ахметалиева А.Б., Нугманова А.Е. зерттеулері бойынша Қазақстан Республикасының күрт континентальды климатында қазақтың ақбас сиыры бар отандық мал тұқымы сиырлардың көбею қабілетіне ие. Жоғарыда көрсетілген шаруашылықтар бойынша орташа есеппен бұзаулардың шығуы 100 аналыққа 88 бұзауды құрады. Сонымен қатар, жас жануарлардың көп сақталуын ескере отырып, сиырларды төлдеу көктемде жүргізілуі керек [4].

Тұқым кеңесінің мүшесі Қыдырбай Жүсіпбайұлының айтуынша, Қазақтың ақбас сиыры – сиырдың етті тұқымы. 1950 жылы қалмақ сиырларын герефорд бұқаларымен будандастыру арқылы алынған. Кеңес дәуірінде саны миллионға жеткен бұл ұлттық брендiмiз бүгiнде 250 мыңға жетер-жетпес. Ақпараттық талдау жүйесінің 2017-жылғы деректері бойынша қазақтың ақбас тұқымын өсірумен республикада 10 мыңға жуық үлкенді-кішілі шаруашылық айналысады. Бүгінде етті бағыттағы осындай асыл тұқымды ірі қара малды бағалаудың стандартын бекітіп, мал шаруашылығының мамандандырылған саласын дамытудың өндірістік және экономикалық маңызы өте зор [5].

Бозымов К.К., Насамбаев Е.Г., Ахметалиева А.Б., Кадышева М.Д. Зерттеулері негізінде қазақ ақбас тұқымды тұқымдық бұқаларды таза және будандастырудың әртүрлі нұсқаларында будандастыратын малдарды алу мақсатында олардың ет өнімділігін арттыру үшін пайдалану жеткілікті негізделген және жоғары тиімділікке ие екендігін анықтаған [6].

Мулявка, К.К. жазғандай, ет-сиыр еті қазіргі уақытта адам ағзасына толық ақуыздарды қабылдаудың маңызды көзі болып табылады. Сонымен қатар, елде бұл өнімнің белгілі бір тапшылығы байқалады. Осыған байланысты жоғары сапалы сиыр еті өндірісін ұлғайту проблемасын шешуге бағытталған іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру қажет. Бұл ретте мамандандырылған етті мал шаруашылығын жедел дамыту маңызды резерв болып табылады [7].



Сурет 2 – Генеалогиялық сызба

**GrowSafe Systems** технологиясы – бұл ұзақтығы 14 күннен аспайтын қосымша бейімделу кезеңі бар, 49 күн ішінде әрбір жануардың салмағын тәуліктік жеке өлшеумен қатар, жеке азықты тұтынуды есепке алудың біріктірілген жүйесі. Жануарлардың тірі салмағы туралы алғашқы деректерді GrowSafe Beef арнайы ішетін ыдыстар мен GrowSafe Feed Intake бергіштері жинайды. Күні бойы жануар су мен жемді, жабдықты кіріктірілген таразылар мен датчиктер арқылы тұтынады, оның тірі массасын өлшейді. Нақты уақыт режимінде осындай бірқатар деректер әрбір жануар үшін "азықтың қалдық тұтынуы", "азықтың тиімді конверсиясы", "құрғақ затты тұтыну" шаруашылық құнды көрсеткіштерінің өсуін бақылауға мүмкіндік береді, бұл ретте азықты қабылдау мен артық салмақты өлшеу ҚӨК дәл есептеу үшін бір мезгілде жүргізілуі тиіс. ҚӨК-де сынақтар бейімделудің 10-14 күнінен кейін 49 күн ішінде орындалуы мүмкін және олардың қорытындылары бойынша тірі салмақты бірнеше бөлек өлшеу негізінде салмақ диаграммаларын үлкен дәлдікпен жасауға және жануарларды ҚӨК-ге байланысты топтар бойынша сұрыптауға болады. Бұл орташа тәуліктік кірісті есептеу дәлдігін жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар фермерге жылына көбірек сынақ жүргізуге мүмкіндік беретін жалпы сынақ мерзімін қысқартады.

Технология жем құрамындағы құрғақ заттың (DMI) жеткіліктілігін өлшеу арқылы жемнің құрамы мен қоректік құндылығын реттейді, сонымен қатар "жемнің қалдық тұтынуы" және "құрғақ затты тұтыну" белгілері үшін EPD индексінің тұқымдық құндылығын есептейді [8].



Сурет 3 – GrowSafe жүйесі

2020 жылдан бастап қазақ ақбас тұқымының Республикалық Палатасы канадалық GrowSafe компаниясымен бірлесіп қазақ ақбас тұқымының өнімділігі бойынша қосымша деректер алу және оның селекциялық көрсеткіштерін жақсарту үшін осы технологияны «Шалабай» ЖШС-де GrowSafe жүйесі құрылған. Канадалық GrowSafe Systems жүйесі бүгінде әлемнің **56 елінде** жұмыс істейді. Бұл жұмыстың барлық техникалық жағын «Qazaq Aqbas» палатасының атқарушы директоры Дәурен Матақбаев және оның мамандары бақылап отыр.

Жүйе **65 күн** ішінде талдау жазады, барлық деректер серверге «Шалабай» ЖШС кеңсесіне жіберіледі, ол жерден Нұр-Сұлтанға ешқандай өңдеусіз кетеді. Нұр-Сұлтаннан деректер Канадаға түседі, онда әр бастан күнделікті мониторинг жүргізіледі. Нәтижесінде, адамның аз араласуынсыз, барлық көрсеткіштерді анық белгілейтін кесте пайда болады (сурет 3).



Сурет 4 – Қазақтың ақбас тұқымы



**Қазақ ақбас тұқымының сипаттамасы.** Қазақтардың ақбас тұқымды сиырлары оның «аталарының» бірі – геррефордтарға өте ұқсас. Бірақ бұл олардан үлкенірек және дөрекі басымен ерекшеленеді. Қазақтың ақбас конституциясының ет түрі жақсы анықталған. Биіктігі 125-130 см, ұзындығы 150-155, созылу индексі 120. Кеуде белдеуі 187-190 см. Шығыс шығысы 18-20 см, сүйек индексі 15.

Қазақтың ақбас сиыры геррефорд сиырларынан денесінің ірілігін, тез жетілгіштігін, етінің мол болуын, жұмсалған шығынды өз өнімімен өтеуге қабілеттілігін мұраға алса, онымен будандастырылған жергілікті ірі қарадан дене құрылысының мықтылығын, құрғақ дала жағдайына бейімділігін, қатаң климат жағдайына төзімділігін алған. Бұл тұқымды сиырлардың арасында мүйізсіз жануарлар көп. Дене бітімі берік. Мүйізсіз және мүйізді типке бөлінеді (сурет 4).

Түсі (Масть)-дене-тұрқы қызыл (әртүрлі реңді), басы, кеудесі, құрсағы, шабы, аяқтың төменгі бөлігі және құйрықтың ұшы ақ; шоқтығында ақ таңбалары бар.

Басы – тұқымға сай біткен, маңдайы кең, ауыр.

Мойны – етті, қысқа әрі жуан.

Шоқтығы, арқасы, белі – шоқтығы кең, әрі етті, арқасы тегіс, әрі созыңқы; арқасы мен белі жалпақ, етті, жақсы дамыған.

Кеудесі – кең, терең және жұмыр, жауырыны қушық емес; төсі жақсы дамыған қомақты, жалпақ, әрі шығыңқы.

Енегі – дұрыс формалы, жақсы дамыған.

Құйымшағы – тегіс, жалпақ және созыңқы, етті; құйрығы дұрыс біткен.

Жамбасы – бұлшықеті жақсы дамыған, жұмыр, тілерсек буынына дейін етті; сан етінің ішкі жағы етке толы.

Тұяқтары – дұрыс біткен, тұяғы мықты.

**Қорытындылай келе,** ақбас тұқымы тек ет бағытында ғана емес сонымен қатар сүт алу үшін де өсірген. Ет-сүт түрінің сүттілігі жақсы, бұл ет түрінен екі еседей. Жеке саудагерлер үшін бұл тұқым қарапайым және аязға төзімділігі үшін пайдалы. Қазақтың малына жылы қора қажет емес.

Жиырма жыл бойы жүргізілген селекциялық жұмыстар үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Жергілікті малмен салыстырғанда, жаңа сиыр тұқымы 200 кг-ға артық салмақ басады, экономикалық тұрғыдан мал өсірудің тиімділігі артты. Жайылымдық технологияда мал бағуға жұмсалатын шығынның тұрақтылығын ескерсек, әр бас сиырға шаққанда қосымша 100 кг ет шығынсыз артық өндірілді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Сыдигалиева М., Жолшыбек Т. Қазақтың ақбас сиырының ет өнімділігі. Оqu-zaman 2017
2. <https://kk.journeyhomestore.com/soderzhanie-kazahskih-belogolovyh-korov-22>
3. <https://kazniizhik.kz/kz/aza-ty-a-bas-t-ymy-ltty-brend/>
4. Насамбаев Е.Г., Ахметалиева А.Б., Нугманова А.Е. Воспроизводительная способность скота казахской белоголовой породы в Республике Казахстан / Животноводство и кормопроизводство. – 2022. – Т. 105. – № 1. – Б. 39-51.
5. <https://islam.kz/kk/news/qazaqstan/akbastyn-tandaulu-turi-ne-sebepti-qazaqstandyq-aulikol-tuqymy-1-tanbaly-et-bola-alady-16150/#gsc.tab=0>
6. Бозымов К.К., Насамбаев Е.Г., Ахметалиева А.Б., Кадышева М.Д. /Особенности экстерьера молодняка казахской белоголовой породы и ее помесей // Вестник биотехнологии. – 2019. – № 3(20). – Б. 6.
7. Мулявка, К.К. Рост и развитие молодняка казахской белоголовой породы и его помесей / К.К. Мулявка, А.С. Вильвер, О.А. Быкова // Молодежь и наука. – 2018. – № 4. – Б. 38.
8. <https://agbz.kz/byki-proizvoditeli-kazahskoj-belogolovoj-otobrannye-po-sisteme-growsafe-dostavleny-na-ploshhadki-asyl-t-lik/>

**А.Т. Серікова, С.Т. Дүйсембаев, Ұ.А. Өмірбеков**  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,  
aiser\_71@mail.ru, ulan1999050713@gmail.com

## **МАЛ ОРГАНИЗМДЕРІНДЕРІНЕ РАДИОНУКЛИДТЕРДІҢ ЕНУІ ЖӘНЕ ӘСЕРІ**

Атом энергиясын бейбіт мақсатта (АЭС және олардағы апаттар), сондай-ақ қорғаныс мақсатында (ядролық қаруды сынау) қарқынды пайдалану биосфераның жасанды радиоактивті заттармен жаһандық ластануына әкелді. Қоршаған ортаға енгеннен кейін ядролық ыдырау өнімдері (NFP) топырақтың, өсімдіктердің, жануарлардың және ауылшаруашылық өнімдерінің ластануын тудыратын миграцияның биологиялық циклдарына кіреді. Агрэкожүйелердің радионуклидтермен ластануы өткен ғасырдың интегралды абиотикалық факторы болып табылады.

Радионуклидтер – белгілі бір массалық санмен, ядролардың энергетикалық күйімен, атомдық санмен сипатталатын, ядролары тұрақсыз және радиоактивті ыдырауға ұшырайтын атомдар жиынтығы.

Белгілі радиоактивті нуклидтердің саны 1800-ден асады. Ыдырау түрі бойынша мыналар ажыратылады: а – радионуклидтер, б – радионуклидтер. Кейбір радионуклидтердің ядролары өздігінен бөлінуге ұшырайды, ал басқалары электрондарды түсіру типі бойынша ыдырайды, ондағы ядролар раковиналардың бірінен атомды ұстап, нейтрино бөледі.

Радионуклидтер адам ағзасына «топырақ – өсімдік – жануар» тізбегі бойынша түсіп, жинақталып, денсаулыққа кері әсер етеді. Сондықтан қазіргі заманның күрделі міндеттерінің бірі экологиялық таза өнім өндіру болып табылады. Топырақтың радиоактивті элементтермен ластануы жағдайында ауыл шаруашылығының маңызды мәселесі – бұл заттардың өсімдік шаруашылығы өнімдеріне түсуін барынша азайту және олардың ауыл шаруашылығы жануарларының организмдерінде жиналуын болдырмау [1, 2].

Метаболизмге қосылу үшін радионуклидтер алдымен жануардың денесіне енуі керек. Үш ықтимал жолды қарастырған жөн: тері арқылы ену, ингаляция және ауызбен жұту (ауыз сумен және тамақпен).

Далалық жағдайларда, егер тері бұзылмаған болса, ауыл шаруашылығы жануарларының терісі арқылы радиоактивті заттардың айтарлықтай түсуі және одан кейін жануарлардан алынатын өнімдерде радионуклидтердің жиналуы екіталай.

Азық-түлік өнімдерінің құрамындағы радиоактивті заттардың ассимиляциясымен салыстырғанда радионуклидтердің ингаляциясының тікелей қаупі, егер радионуклидтер қысқа мерзімді болса және нашар еритін қосылыстардың бөлігі болса артады. Бұл радионуклидтердің ингаляциялық көзі қоректік тізбектің ластануында маңызды рөл атқармайды, өйткені өте қысқа өмір сүретін нуклидтер жануарлардан алынатын тағам адам рационына енгенге дейін ыдырайды.

Әрі қарай, адам ағзасына ерімейтін қосылыстардың шектеулі мөлшері ғана өтеді, өйткені жануарлардың тыныс алу мүшелері маңызды азық-түлік өнімдерінің қатарына жатпайды, сонымен қатар ерімейтін қосылыстарды құрайтын нуклидтердің резорбция дәрежесі шамалы болғандықтан.

Жануарлар радионуклидтердің көп бөлігін ластанған тағамды жұту арқылы сіңіреді. Сондай-ақ, ингаляциялық қабылдау жемді қабылдаудан кем дегенде үш рет төмен екендігі жалпы қабылданған.

Малдың организмне жеммен бірге түскен радионуклидтердің алмасуының бірінші кезеңі – олардың сіңірілуге қолайлы формаға айналуы. Ол үшін асқазан-ішек жолдарында радионуклидтердің ассимиляцияға қолайлы иондалған күйге өтуін қамтамасыз ететін тиісті жағдайлар (азықтың физикалық ұнтақталуы, ферменттердің көптігі, асқазан сөлінің қышқыл ортасы және т.б.) бар. Метаболизмнің екінші кезеңі асқазан-ішек жолында радионуклидтердің сіңуінен басталады [3, 4].

Элементтерді сіңіру – асқазан-ішек жолдарының ең маңызды қызметі. Ол минералды және органикалық заттардың жасуша мембраналары арқылы белсенді немесе пассивті өтуімен жүзеге асады және олардың өткізгіштігімен байланысты. Қабықша көптеген заттарды өткізеді, ал иондарды тасымалдауға жауапты жүйе эпителий жасушаларының ішкі бетіндегі мембранада локализацияланған.

Ауыз қуысында және өңеште қабылданған заттардың ассимиляциясы жоқ екендігі жалпы белгілі. Асқазанда өте аз резорбция жүреді.

Радионуклидтердің көпшілігін сіңірудің негізгі орны – ішек. Асқазан-ішек жолынан сіңірілетін радионуклидтердің жалпы мөлшерінің жартысынан астамы шажырқайда сіңеді, өйткені химустың салыстырмалы түрде ұзақ тұруы және нуклидтердің салыстырмалы түрде жоғары сіңу жылдамдығы бар.

Актинидтер, уранды қоспағанда, асқазан-ішек жолынан өте нашар сіңеді. Асқазан-ішек жолынан радионуклидтерді сіңіру процесінде радионуклидтердің ағзаға түсетін қосылыстың химиялық түрі маңызды рөл атқарады.

Өсіп келе жатқан жануарларда сіңіру процесі ересектерге қарағанда белсендірек жүреді, бұл жасуша қабырғасының мембраналарының өткізгіштігінің жоғарылауымен, ағзаның ұлпаларды құру үшін қолданылатын минералдарға айтарлықтай қажеттілігімен түсіндіріледі.

Сіңу коэффициенті ұсақ жануарларда зат алмасудың қарқынды жүруіне байланысты жануарлардың салмағына кері пропорционал.

Қанға түсетін радионуклидтер бос күйде және әртүрлі комплекстер түрінде болады. Оларда айналатын радионуклидтердің 76-98%-ы қандағы ақуызды қосылыстармен байланысты [5.6].

Шалғындық шөптердің радиоактивті өнімдермен ластануы нәтижесінде олар жануарлардың денесіне түседі. Сілтілі элементтер – К, Са, Na, Rb, Cs, J, асқазан-ішек жолдары арқылы (10% сіңеді); сілтілі жер элементтері – Sr (40-60%), Co (30%), Mg (10%), Zn (10%), Ba (5%); TUE және REE (қатты еритін) қосылыстары: Po – 6%, Ru – 3%, U-34 – 6%, Pu – 0,01%, Zr – 0,01%. Cs, J, P, Sr тиімді резорбцияланады. Се, Y, Pr және басқа элементтер қанға аз мөлшерде түседі.

Қанға түсетін радионуклидтер әртүрлі мүшелер мен ұлпаларға таралады: Sr, Y, Ra қаңқада, Cs – бұлшықетте, L – қалқанша безде, Ru – бүйректе және т.б. Радионуклидтер неғұрлым толық және жылдам ассимиляцияланса, соғұрлым тезірек шығарылады.

Сондықтан  $^{45}\text{Ca}$ ,  $^{3}\text{H}$  өте тез жиналып, шығарылады, Sr, Ce, Am, Pu, Cm, Th өте баяу жиналып, баяу сыртқа шығарылады. Бір топтағы химиялық элементтердің радиоактивті изотоптары үшін ассимиляция мәні изотоптың массалық санына кері пропорционал болады.

– май, %	12,0	11,6	12,9	11,3
– энергия,МДж/кг	6,86	7,12	7,04	7,42

Ушасы мен бұлшық ет шығымы бойынша азықтық өнімділігі орташа рейтингтен жоғары тиімсіз бұқашықтар көрсеткіштері басқа ранжирлік топ-тар көрсеткіштерінен 0,5-2,8 % жоғары болды. Олардың етінің құрамындағы ақуыз бен майдың жоғары болуынан энергиялық қуаттылығы да 0,08-0,18 МДж/кг артып, желінген азық энергисы мен протеинінің өнімге (етке) конверсилянаны жоғарылатты (3-кесте).

3-кесте – Энергиямен протеиннің өнімге конверсиялануы

Конверсия көрсеткіштері	Тиімді / орташадан		Тиімсіз / орташадан	
	жоғары	төмен	жоғары	төмен
Желінген:				
– ҚЗ, кг/бас	3,76	3,72	4,40	4,31
– энергия, МДж	48,1	47,6	56,3	55,2
– протеин, г	414	409	484	474
Салмақ қосымы, кг/бас	0,98	0,58	0,91	0,57
ондағы:				
– энергия, МДж	6,52	4,13	6,41	4,30
– протеин, г	198	119	183	122
Конверсиясы:				
– энергия, %	13,97	8,68	11,37	7,66
– протеин, %	48,05	29,21	37,81	25,74

Рейтингі орташадан жоғары тиімді топтағы бұқашықтардың тиімсіз топтағы бұқашықтардан азық энергиясын конверсиялауы – 2,6%, протеинін конверсиялауы – 9,14% төмен, ал тиімді болғанымен, рейтингі орташадан төмен бұқашықтардікінен, тиісінше, 1,02% және 3,47% жоғары болды «Grow Safe» жүйесі бойынша азық өнімдік әсері мен малдың азықтық өнімділігін бағалаудың жинақтаушы көрсеткіштері 4-кестеде келтірілген.

4-кесте – Бордақылаудағы азық өнімдік әсерін бағалау көрсеткіштері

№	Бордақылау көрсеткіштері	М		
		А	min	max
1	1 бастың т.с., кг.:			
	– басқы кезеңде	254,2	215,8	299,7
	– аяққы кезеңде	287,6	239,3	356,9
2	Тірілей салмақ қосуы, кг.:			
	– жалпы	33,4	23,5	57,2
	– орташа тәуліктік	0,70	0,14	1,27
3	Рацион құрғақ затының желінуі, кг	4,15	3,15	6,05
4	Азық шығыны / Салмақ қосуы	7,95	3,09	29,88
5	F /Gкорректелген қатынасы	7,92	3,13	29,79
6	RFI: АҚЖ азық қалдықтық желінуі	0,00	-0,81	1,11
7	ReitingАҚЖ рейтингі	12,5	1	24
8	Қалдықтық тәулік салмақ қосуы	0,00	-0,57	0,58
9	ReitingАҚЖ / ТСК рейтингі	12,5	1	24

Бұл мәліметтер бордақылаудағы әр бастың рацион құрғақ затын жеуі мен нақты жалпы және тәуліктік тірілей салмақ қосуын олардың болжамдық көрсеткіштерін салыстыру, яғни бордақылау рейтингі мен оның корректелген маңызы арқылы, желінген азықтың өнімдік әсері шығарылды. Бордақылау барысында, әр мал басының азық жеу мөлшері мен нақты және потенциалды өнімділік параметрлерімен салыстыра отырып есептелінген, азықтың қалдық жеу жүйесі, азық өнімдік әсерін бағалаудың «алтын стандарты» саналатын, 1 кг тірілей салмақ қосуына жұмсалған азық өлшеміне қарағанда, әр мал басының азықтық өнімділігін бағалау объективтігін арттырады [4].

Азықтың қалдықтық желіну көрсеткішінің мағнасы төмен мал ол көрсеткіштің мағнасы жоғары малдың өндірген өнімін одан аз азық шығыны мен өндіреді. Тірілей салмағы не өсу қарқынына қарамай, ұрпағының генотипіне 26-58% деңгейінде берілетін малдың бұл тұқымдық қасиеті, өнім өндірудегі азық шығынын мейлінше кемітуге мүмкіндік беретін генетикалық селекцияның маңызды инструменті болып табылады. Малды осы қасиеті бойынша сұрыптап, бағытты асылдандыру ісін жүргізу арқылы, олардың азықшық өнімділігін мейлінше арттырып, мал шаруашылығы өнімдерін өндірудегі негізгі шығындар үлесін құрайтын азық шығындарын азайтудан, сала рентабелдігі артады. Fox D. G. ж, б. (2001) мәліметтері бойынша, бұл жүйе етті бағыттағы мүйізді ірі қара мал шаруашылығындағы азық шығынын – 10-12% кемітіп, мал азықтық өнімділігін – 8-10% көтеріп, пайда түсімін – 40-453% арттырады [5].

#### Қорытындылар

1. Азық қоректілігі мен өнімдік әсерін олардың құрамы мен қорытылуы бойынша есептеуге негізделген және де қоректіліктің аяққы көрсеткіші ретінде өнім бірлігін өндіруге жұмсалған азық өлшемі алынған әдістерде, азық энергиялық құндылығы 30-40% алшақтанады;

2. Азық қоректілігін малдың ас қорытуы мен зат алмасудағы биохимиялық үдерісті ескере отырып есептеуге негізделген әдістер, желінген азық энергиясы мен қоректік заттарының мал денесі мен өнімінің энергиясы мен қосындыларына айналу, яғни конверсиялану, дәрежесіне негізделген;

3. Азық конверсиялануы желінген азықтың, яғни *кірістің*, өндірілген өнімге, *шығысқа*, қатынасымен есептелінетін конверсиялану коэффициенті (КК) немесе оның керісінше көрсеткіші болып келетін конверсиялану дәрежесімен (КД) белгіленеді;

4. Өндірілген өнімге малдың нақты және күтулі азық жеуімен бақылау, олардың тұқыммен берілетін азықтық өнімділігін нақты бағалап, бағытты селекцияда үнемді азық шығынымен өнім өндіретін, яғни азықтандыру тұрғысынан тиімді ұрпағын өсіруге мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Блэкстер Х. Протеиновая питательность изотермических рационов кормления животных. – Колос, 1982. – 150 б.
2. Демченко В.П. Энергетический обмен и продуктивность молочных коров. – Киев, 1982. – 176 б.
3. Omarkozhauly N. The problem of the nutritiousness forages estimation // «Science Review», KATU, 2011. – № 1 (7). – 31-34 с.
4. Schenkel F.S., Miller S.P., Wilton J.W. (2004), “Genetic parameters and breed differences for feed efficiency, growth, and body composition traits of young beef bulls”, Can. J. Anim. Sci., 84: 177-184.
5. Fox D. G., Tedeschi L.O., Guirouy P.J. (2001), “Determining feed intake and feed efficiency of individual cattle fed in groups”, Pages 80-98, Beef Improvement Federation Meet Proc., San Antonio, Texas.



**Д.Б. Саметканов, К.Х. Нуржанова, Б.С. Ахметова**  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, aza938@yandex.ru

### ҰША САПАСЫ ЖӘНЕ ЕТТІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Біздің зерттеулер Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы «Багратион 2» шаруа қожалығында өткізілді. Тәжірибеге қазқтың ақбас тұқымынан 40 он айлық бұқашықтарды таңдалынды, олардың ішінен үйлестік негізінде төрт топ құрылды. 180 күндік негізгі тәжірибенің алдында 30 күннен тұратын дайындық кезеңі өтті (кесте 1).

Кесте 1 – Тәжірибе сызбасы

Топ	Жасы (ай)	Мал басының саны	Күн, кезеңдердің ұзақтығы	
			дайындық кезеңі – 30	негізгі кезең – 180
			жемдеу ерекшеліктері	
Бақылау	10	10	негізгі рацион (НР)	НР
I тәжірибелі	10	10	НР	НР+ 0,75% цеолит РКҚ-нан*
II тәжірибелі	10	10	НР	НР+ 1,0% цеолит РКҚ-нан*
III тәжірибелі	10	10	НР	НР+ 1,25% цеолит РКҚ-нан*

\*РКҚ – рационның құрғақ қоспасы

Ғылыми-шаруашылық тәжірибе қыстық кезеңде, бұқашықтарды 10 бастан топтық торларда байлаусыз ұстау арқылы жүзеге асырылды. Жануарлар жайылымға еркін шығатын жолы бар жабық жайда болды. Суару жылытқышы бар автосуғарғыш арқылы жүзеге асты.

Жануарларды жемдеу жемдеу-жайылым ауласында өтті. Азықтандыру мөлшері азықтандыру нормаларына сәйкес және 800-900 г күндік өнімді алуға негізделіп жасалынды. Тәжірибеге түскен жануарлардың күндік орташа жемдеуі бірдей болды. Бір ерекшелігі, тәжірибеге түскен бұқаларға күндік азықтандыру мөлшеріне қоса, Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Митрофановск кенішінен алынған цеолит берілді, мөлшері: негізгі тамақ мөлшерінің құрғақ қоспасынан 0,75% – I тәжірибелі, 1,0% – II тәжірибелі және 1,25% – III тәжірибелі.

Зерттеу барысында жемді пайдалану мөлшерін ай сайын екі күн ішінде, ал баланс тәжірибесі кезінде, 13 айлық кезінде күнде жүргізілді.

Ет сапасын тексеру мақсатында әр топтан үш бас бұқадан бақылау сойысы өткізілді. Бақылау сойысы көрсеткендей, цеолит тұтыну тек қана жануарлардың өсуіне ғана емес, сонымен қатар шығатын ет мөлшеріне де әсер етеді (1 сурет).

Бақылау сойыстан алынған мәліметтерге сүйенетін болсақ, бу еттің және салыстырылған топтардың абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштері бірдей болмаған. Азық мөлшеріне 1,0% цеолит тұтынған жас ірі қараның еті басқалардан салмағы ауыр болып келді. Осылайша, еттің салмағы бойынша II жас бұқашықтар тобы I және бақылау тобындағы бұқашықтардан 5,1-2,0% ( $P < 0,01$ ) ауыр болды. II және III топтар арасындағы айырмашылық айтарлықтай болмады, 1,1% II топтың пайдасына. Басқа да зерттелген көрсеткіштер бойынша құрғақ заттан 1,0% цеолит тұтынған II топ оза шапты. Ішкі май бойынша осы топ I және бақылау тобына қарағанда 7,4-4,0% ( $P < 0,05$ ), сойыс салмағынан 5,2-2,1% ( $P < 0,01$ ), жұп ет бойынша 0,5-0,3% ( $P < 0,05$ ) және сойыс шығуы бойынша 0,6-0,4% ( $P < 0,01$ ) алдыға шықты.

III топ осы көрсеткіштер бойынша I және бақылау тобын басып озса да, құрғақ заттан 1,0 пайыз цеолит тұтынған II топ жас ірі қарасынан артта қалды.

Айта кететін жайт, дененің салмақ жинауы жемдеу арқылы жүзеге асатын терең өзгерістерге ықпал ете алмайды. Еттің сапасын көрсететін басты көрсеткіш – ол еттің морфологиялық құрамы (2 сурет).

Ол бірнеше факторларға байланысты, мысалы: тұқым, жыныс, жас, ұстау және жемдеу шарттары. Осы факторлар бұлшық ет қатынасына, май мен сүйек қатынасына кез келген жаста әсер етеді. Тіндердің қатынасы ең бастысы малдың жемделгеніне байланысты.

Келтірілген мәліметтерге сүйенетін болсақ, желінетін және желінбейтін мүшелер қатынасы жас өте келе жақсы жаққа қарай өзгереді. Осылайша, тәжірибе басында ет пен сүйек шығуы 75,6% және


20,9% болса, кейін сүйек шығуы азайып, ет шығуы көбейді.

А.А. Лапшиннің жүргізген тәжірибесі сойыс кезінде сүйектің аз шығуы еттің көп шығуына ықпал ететінін дәлелдеген. Осылайша, сойыста 17% сүйектің болуы, сойыс шығуы 58-59% болған, ал сүйек 16% болғанда сойыс шығуы 60-61% болған [1].


Осы заңдылықты біздің тәжірибе де дәлелдеді. Осылайша 16 айлық жаста сүйек шығуы 17,4-18,3% болса, еттің шығуы 57,8-58,4% болды. Жас өте келе малдың тек қана дене пішіні емес, сонымен қатар бұлшық ет және сүйек қатынасы өзгеріске ұшырайды. Азық мөлшеріне табиғи цеолиттің қосылуы малдың етінің көбеюіне әсер етеді.

Сойыста еттің ең көп болуы II және III топ бұқашықтарында болған. Тәжірибе соңында олар I және бақылау тобының бұқашықтарын 7,2-3,0% ( $P < 0,05$ ) и 5,5-1,3% ( $P < 0,01$ ) басып озған. Сойыста сүйектің шығуы ең аз болған II және III топ бұқашықтары, ол ет индексіне жақсы әсер етті.

Айта кететін жайт, ет салмағы мен сүйек салмағының қатынасы жас ірі қара малдың өсу тездігін көрсетеді. Сонымен қатар, бірнеше зерттеушілер бұл индексті ет сапасын көрсететін басты көрсеткіш деп санайды [2].




1 сурет – Тәжірибеге түскен бұқаларды бақылау сойысының қорытындысы



Сурет 2 – Тәжірибеге түскен бұқалар етінің морфологиялық құрамы

Біздің тәжірибемізде ең жоғары ет индексі II және III топтарда болған, 4,56-4,49, бұл 7,0-3,9% және 5,4-2,3%-ға I және бақылау тобынан жоғарырақ.

Морфологиялық құрамын тексергенде сойыстың етті бөлігіне көбірек мән беріледі. Ең дамыған әдістердің бірі – етті түрлеріне қарай бөлу. Дененің әр мүшесіндегі ет сапасы, морфологиялық құрамы әртүрлі болып келетіндіктен, осы әдіс өте маңызды болып табылады (3 сурет).



Тәжірибеге түскен топтардың сойыс етін зерттеу құрғақ заттан 1,0 пайыз мөлшерде цеолит тұтынған II топта ең жоғарғы сапалы еттің болғанын көрсетті. Осы топтың бұқашықтары I және бакылау топтарындағы бұқашықтардан жоғары және бірінші сортты ет бойынша сәйкесінше 1,4-1,1% және 2,3-1,7% оза шапты. II және III топ арасындағы айырмашылық аз болды, жоғары сұрыптан 0,2%, бірінші сұрыптан 0,4%, II топ бұқашықтарының пайдасына.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Лапшин, С.А. Новое в минеральном питании сельскохозяйственных животных / С.А. Лапшин. – М.: Росагропромиздат, 2018. – 45 с.
2. Нетрадиционные корма в рационах сельскохозяйственных животных. Пер. со словацкого. – М.: Колос. – 2016. – 245 с.

МРНТИ: 68.39.31

**A. Serikbekov, K. Nurzhanova, L. Kurmangali**  
Shakarim University of Semey, aza938@yandex.ru

#### **LIVE WEIGHT OF YOUNG FAT-TAILED SHEEP OF "KASKABULAK" LLP OF THE ABAY DISTRICT OF THE ABAY REGION**

When breeding meat-fat sheep, live weight is the main feature of selection and is of great importance. As is known, the live weight of sheep at different ages and under different conditions varies within fairly wide limits. In many breeds of sheep bred in semi-desert conditions, the difference between autumn and spring live weight in adult animals reaches 30% or more. A significant relationship has been established between the live weight of adult sheep and their live weight in different periods. On this basis, in practice, the weight at weaning and 1.5 years of age is often taken as an indicator of live weight for selection. It should be noted that body weight at birth correlates to a very small extent with body weight in adulthood and cannot be taken as the basis of selection [1]. Live weight in growing animals plays an important role in those cases where selection is carried out to increase precocity. In all other cases, it can be used only for a preliminary assessment of the degree of development of a given trait.

The mass of animals most fully reflects the process of growth and development in different periods of his life. The productivity of an animal, especially meatiness, depends on its size, since, all other things being equal, a positive correlation is observed between these indicators [2]. At the same time, the change in live weight of sheep by age periods in different breeds is not the same: early maturing animals have the ability to develop rapidly, reach a greater live weight at an earlier age and produce meat of full quality.

The study of the growth and development of lambs at birth, at the age of 4 months, the determination of the average daily gain was carried out in LLP "Kaskabulak" of the Abay district of the Abay region .

Lambs are born quite large. Thus, the average live weight at birth was 7.5-10% of the live weight of adult sheep, which is a consequence of the normal uterine development of the fetus. In terms of live weight at birth, ewes and rams did not differ significantly. As a result of purposeful selection and breeding work carried out in herds, along with other productive traits, the live weight of the studied sheep also increases. The average live weight of young Kazakh fat-tailed coarse-wooled sheep: at birth, rams – 4.6 kg; young ewes – 3.7 kg; at weaning rams – 38.0 kg; ewes – 34.9 kg (Table 1).

Table 1 – Live weight of lambs in different periods of growth, kg, (n=100)

Age	Sheep	Young ewe
	$X \pm m_x$	$X \pm m_x$
At birth	4.6 ±0.51	3.7 ±0.72
4 months	38.0 ±0.30	34.9 ±0.30

In our studies, lambs in LLP "Kaskabulak" had a large amount of weight already at birth. In general, young sheep of the Kazakh fat-tailed coarse-wooled breed are fully related to the desired type in terms of live weight.

One of the valuable economically useful qualities of agricultural animals is the precocity of the young. A feature of a growing organism is the intensive accumulation of muscle tissue in the period from birth to 8 months of age. Therefore, the creation of the most favorable conditions for the growth of young animals during this period is a paramount economic task.

Therefore, when breeding is aimed at increasing the precocity of animals, the value of live weight in growing young animals is required. According to the results of our research , rams and ewes in the period from birth to 4 months are characterized sufficiently high rates of gaining of bodyweight. So, the absolute increase in live weight of rams amounted to 33.4 kg; and in young ewes 31.2 kg. Due to the high intensity of growth, young animals by the age of four months reached 50.1–54.2 % of the live weight of adult sheep (Table 2).

Table 2 – Live weight gain rams and ewes from birth to 4 months

Qualities	Animals	
	rams	Young ewe
A absolute gain, kg	33.4	31.2
Average daily gain, g	269.7	244.5

Thus, the achievement of fairly high rates in terms of live weight and growth for a four-month suckling period of growth and development, on average, regardless of origin, can be explained by the good milk production of the ewes and the adaptability of meat-fat sheep to the conditions of natural pastures.

#### References

1. Нуржанова К.Х., Бурамбаева Н.Б., Ахметова Б.С. Конституционально-продуктивные особенности овец востока Казахстана. – Семей. – 2017. – 115с.
2. Омарқожаев Н., Қожебаев Б. Мал шаруашылығы салаларының технологиясы – Астана. – 2014. – С. 62-97.

МРНТИ: 68.39.35

**А.Ю. Жанадилов, Ж.З. Қорабаев, К.Р. Сатиева, Т.Қ. Қажыбекова**  
 Университет имени Шакарима города Семей

### РАЗВИТИЕ СВИНОВОДСТВА ГОСУДАРСТВ – ЧЛЕНОВ ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА

Свиноводство – одна из важнейших и доходных отраслей животноводства. Свинина богата полноценным белком, минеральными веществами, витаминами. Свиное сало важный источник ненасыщенных жирных кислот. Переваримость свинины в организме человека достигает 95%, а сала – 98%.

В настоящее время рынок мяса – это один из самых динамично развивающихся секторов мировой экономики. Положительные тенденции увеличения производства мяса во многом обусловлены

интенсификацией животноводства и активными процессами интеграции в цепочке от производства сырья до продажи готовой продукции [1].

Мировая торговля свининой, продуктами из нее и субпродуктами в 2020 году достигла нового рекорда, несмотря на промышленные и логистические проблемы, вызванные COVID-19. В действительности многие бойни по всему миру были вынуждены корректировать свои мощности по убою и обвалке. Изоляция привела к нарушению экспортных поставок, это особенно отразилось на задержках в поставках по морю, что косвенно сказалось и на формировании цен. 4 мировых лидера по экспорту (ЕС, США, Канада и Бразилия) экспортировали в 2020 году более 10 млн. тонн (+20% за один год). Торговля сконцентрирована в Азии, на долю которой приходится 78% всего объема экспорта, в особенности в Китае. Более 2/3 торговли приходится на долю мяса, большая часть транспортируется в замороженном состоянии. В мировой торговле участвуют множество стран-потребителей свинины, у каждой из них свои параметры, объемы и желаемые продукты. Китай импортирует более половины мировых объемов торговли. В связи со снижением производства после вспышки африканской чумы свиней в 2018 году, импорт свинины увеличился почти вдвое до 5,7 млн. тонн, стоимостью более 12 млрд. евро. Испания стала основным поставщиком, за ней следуют Соединенные Штаты [2].

Сегодня приблизительно доля свинины – 34% от общего потребления мяса в мире. В 2019 году было переработано 106 млн т свинины, это на 6 млн тонн меньше, чем в 2017 и 2018 годах. Таким образом, две основные причины этого снижения – африканская чума свиней и пропаганда зеленых движений, но болезнь все-таки оказала большее влияние. Поэтому из-за этого фактора не сбылись прогнозы по производству свинины на 2019 год (предполагалось, что будет переработано 117,8 млн тонн). Лидеры по производству свинины по итогам прошлого года был Китай – 42,55 млн. т. (48% мирового рынка), США – 27,65 млн т и Европейский союз – 23,71 млн. т. Следовательно, общее сокращение мирового рынка свинины в 2019 году составило более 20%. Многие эксперты говорят, что в 2020 году из-за пандемии COVID-19 падение производства свинины будет еще заметнее [3].

Поэтому Китай, чтобы компенсировать потери поголовья из-за африканской чумы и удовлетворить растущий спрос на свинину внутри страны, разрешил строительство многоэтажных свиноферм на окраинах городских агломераций. Решение, допускающее появление 8-9-этажных «домов свиней» фактически в городской черте китайских городов, появилось сразу после публикации 5 июня одобренного 3 сессией Всекитайского собрания народных представителей 13-го созыва доклада: «Выполнение плана экономического и социального развития за 2019 год и проекте плана на 2020- 2025 годы». Из доклада следует, что из-за карантинных мер, а также африканской чумы свиней в 2019 году объем производства свинины в Китае снизился на 21,3%, что, в свою очередь, спровоцировало резкий рост цен на самое популярное в китайском обществе мясо свиней сразу на 116% в сравнении с началом прошлого года.

Таким образом, в настоящий момент индекс цен килограмма свинины в Китае в среднем составляет 38,05 юаня (2519 тенге), что считается непозволительно дорого для населения. Поэтому сегодня соответственно, предполагается, что многоуровневые фермы на городских окраинах позволяет увеличить производство мяса свинины в среднем на 12–16% и тем самым уже к 2022 году существенно снизить цены и буден доступно для населения [3].

Сегодня в соответствии с прогнозом ФАО к 2025 г. производство свинины составит 128 807 тыс. тонн (темп роста – 106,7%) и будет превышать потребления на 212 тыс. тонн (табл. 1). Передовые развивающиеся страны будут производить 64,0% и потреблять 66,9% совокупного объема мяса свинины. При этом потребление мяса на душу населения в развитых странах будет выше более чем в два раза уровня развивающихся стран [4].

Таблица 1 – Прогноз развития мирового рынка свинины до 2025г. Поданным ФАО, тыс. тонн [4]

Показатель	2015-2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Мир									
Производство	117547	120708	121855	123151	124401	125644	126731	127759	128807
Потребление	117354	120476	121679	122975	124230	125461	126537	127556	128595
Развитые страны									
Производство	44 251	45 297	45 244	45 378	45 521	45 816	45 974	46 183	46 402
Потребление	40 773	41 634	41 718	41 852	41 992	42 257	42 350	42 468	42 588
Развивающиеся страны									
Производство	73 296	75 411	76 611	77 773	78 880	79 828	80 756	81 576	82 405
Потребление	76 581	78 843	79 960	81 123	82 238	83 204	84 187	85 087	86 008

Основной объем мирового производства свинины обеспечивается за счет Китая(45%), ЕС (20%) и США(10%) (рис. 1).




Рисунок 1 – Основные производители свинины в мире, тыс. т

Сегодня в целом состояние мирового рынка свинины в последние несколько лет характеризуется нестабильностью производства. Вызвано все это с сокращением производства в Китае, причины которого заключаются в усилении требований по охране окружающей среды и как следствие – перемещении производства из густонаселенных регионов и массовому закрытию свиноводческих ферм (рис. 1).

Необходимо учитывать, что высокая доля импорта стран ЕС обеспечивается взаимными поставками в границах интеграционного объединения. Мясные рынки Японии и стран Латинской Америки традиционно обеспечиваются экспортными поставками свинины из США и Бразилии. Поэтому перспективы роста торговли свининой в США также были связаны и с Китаем, однако поставки данной продукции из США могут сдерживаться высокими ввозными пошлинами Китая [6].

Таким образом, Китай, а также ряд других стран Азии (Япония, Корея, Гонконг, Филиппины) в ближайшие несколько лет останутся наиболее перспективными рынками сбыта свинины для государств-членов Союза.

#### Показатели динамики роста поголовья свиней в ЕАЭС

Развитие свиноводства в 2015-2018 гг. количество свиней в сельскохозяйственных организациях увеличилось на 16,8% и составило 27400,3 тыс. голов. Таким образом рост поголовья свиней рассматриваемый период на 3938,1 тыс. голов был обусловлен в первую очередь увеличением их количества на 4 103,8 тыс.голов в России (21,5%), в среднем ежегодно на 820,8 тыс. голов (6,8%). В Армении поголовье свиней увеличилось на 30,5 тыс. голов (17,4%) [6].

В связи с закрытием ряда устаревших свиноводческих комплексов и мелких ферм, а также сокращением поголовья свиней у населения в ходе проведения противоэпизоотических мероприятий, в Белоруссии количество свиней уменьшилось за последние пять лет на 1097,7 тыс. голов (25,9%). Так же сложная эпизоотическая ситуация привела к снижению количества поголовья в Казахстане – на 197,4 тыс. голов (19,1%).

По оценкам, на январь 2019 года общая численность свиней в странах ЕАЭС составит 29895,9 тыс. голов, из них в 1) России – 25659 тыс. голов; 2) Беларуси – 3 250,0 тыс. голов, 3) Казахстане – 798,7 тыс. голов; 4) Армении – 134,4 тыс. голов; 5) Кыргызстане – 53,8 тыс. голов [6].

В 2020 году численность свиней в Казахстане составила 813,3 тыс. голов, увеличилась по сравнению с 2019 годом на 14,6 тыс. голов или темп прироста в 1,8%. [5].

Следовательно, Россия остается доминирующей страной среди стран ЕАЭС по поголовью свиней. При этом, не смотря на размер территории и численность населения, Беларусь сохраняет свою лидирующую позицию по выращиванию свиней на душу населения среди государств-членов ЕАЭС.

### **Динамика производства свинины в ЕАЭС**

По данным объемы производства свинины за последние пять лет увеличились на 647,1 тыс. тонн, что составило темп роста в 119,0%. Рост количества объемов реализации свинины на убой в убойном весе за рассматриваемый период стал следствием, в первую очередь, значительного увеличения их поголовья в России.

Производство мяса свинины в России увеличилось за последние пять лет на 720,5 тыс. тонн (25,6%), для сравнения в других странах ЕАЭС: в Армении и в Кыргызстане рост объемов реализации свинины на убой в убойном весе увеличился на 4,0 тыс. тонн (31,7%) и 0,1 тыс. Тонн (0,6%) соответственно. Уменьшился в связи со сложной эпизоотической ситуацией – в Беларуси на 69,3 тыс. тонн (14,8%) и Казахстане на 8,1 тыс. голов (8,1%). В исследуемый период доля России в общем объеме производства свинины составляла более 80%, доля Республики Беларусь снизилась с 13,7% до 9,8%.

В ЕАЭС в 2018 г. ожидается увеличение объема производства свинины до 4229,6 тыс. тонн (темпа роста к 2017 г. – 104,2%), где на Россию будет приходиться 3661,9 тыс. тонн, Беларусь – 406,4 тыс. тонн, Казахстан – 128,0 тыс. тонн, Армению – 16,8 тыс. тонн, Кыргызстан – 16,5 тыс. тонн. Таким образом, сегодня Россия и Беларусь остаются основными производителями мяса свинины в ЕАЭС [6].

В Республике Казахстан на 1 января 2018 г. поголовье племенных свиней насчитывало 124,1 тыс. голов (18,9 тыс. голов основных свиноматок), что составляло 15,2% от общего количества свиней. При этом их породный состав не был таким разнообразным, как в остальных государствах-членах евразийского экономического союза. При этом в основном выращивались только три породы: 1) крупная белая (96,9%); 2) дюрок (2,8%); 3) аксайская чернопестрая (0,3%). Основными племенными свиноводческими центрами в Казахстане являлись Актюбинская, Алматинская, Северо-Казахстанская, Павлодарская и Карагандинская области.

В ближайшее время в государствах-членах евразийского экономического союза.

Для увеличения поголовья племенных свиней планируется осуществление крупных инвестиционных проектов, главная цель которых – обеспечить население ясной продукцией и увеличить экспортный потенциал стран.

Таким образом, дальнейшая интеграционная работа в племенном животноводстве в рамках государствах-членах евразийского экономического союза будет направлена:

- 1) На унификацию методик оценки племенной ценности сельскохозяйственных животных.
- 2) Формирование базы данных оплеменных животных и селекционных достижений в области племенного животноводства в рамках общего процесса Союза.
- 3) Координации поставок племенной продукции.
- 4) Технологического консультирования свиноводческих организаций.
- 5) Создание отраслевой ассоциации в рамках государствах – членах евразийского экономического союза.
- 6) Планируется создание Евразийского координационного совета в государствах – членах евразийского экономического союза.
- 7) Создание аналитических центров по племенному животноводству в целях синхронизации племенной работы в рамках Союза и внедрения передовых технологий в племенном деле.

### **Список литературы**

1. Казамбаева А.М., Есенгалиева С.М. Основные принципы планирования животноводства // Журнал «Поиск» №3. – 2019.
2. Мировая торговля свининой и продуктами из нее в 2020 году <https://pticainfo.ru/news/mirovaya-torgovlya-svininoy-i-produktami-iz-nee-v-2020-godu>
3. <https://kursiv.kz/news/rynki/2020-06/myaso-pticy-i-svinina-zanimayut-70-mirovogo-rynka>
4. OECD-FAO Agricultural Outlook 2018-2027
5. Официальный сайт Комитет по статистике Министерства национальной экономики РК, 2021
6. Обзор рынка свинины государств-членов Евразийского экономического союза за 2015-2018 гг.

Д.Е. Төлеуова, К.Х. Нуржанова, А.М. Нусупов, Е.Е. Тютенов  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, amanshan.nusupov@mail.ru

## САУЫН СИЫРЛАРЫНЫҢ ЭКСТЕРЬЕРЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ СҮТ ӨНІМДІЛІКТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Республикамыздағы шаруашылықтардың сүтті және сүтті-етті бағыттағы сиыр малдарын өсірудегі басты мақсаттарының бірі барынша аса жоғары сапалы сүт сауу болып табылады. Табындағы сиырдың сүттілігін толық 305 күндік сауын маусымында сауылған сүттің мөлшеріне қарай анықтайды. Соған байланысты табындағы сиырдың суын маусымы кезінде сүт сауылу мерзімі қысқа болса, бұндай сиырлардың сүт өнімділігі де аз болады.

Сауын сиырларының сүт өнімділіктеріне қарап, оларды шаруашылықта сұрыптау жұмыстарын жүргізген кезде олардың дене бітімдері де қарастырылады. Шаруашылықта сиырлардың сүт өнімділіктері жоғарлату мақсаттарында сауын сиырларын сүт өнімділіктері бойынша таңдап алып, оларды басқа сүтті бағыттағы тұқымның бұқаларымен қосу арқылы болашақ табынды жақсарту жұмыстарын жүргізуге болатыны бәріне мәлім.

**Зерттеудің әдістемелері.** Зерттеуге алынған малдардың салмақтары, сауын маусымдарының басталу уақыттары, сүттерінің көрсеткіштері бір-бірлеріне ұқсас келетін аналог ретінде 20 бастан тұратын 2 мал тобы алынған болатын. Нақтырақ болу үшін қосымша (Мол 5) журналы, әрбір сиырдың жеке карточкаларымен алғашқы зоотехникалық есеп жүргізіу журналдары да есепке алынды.

*Тәуліктік сауылған сүт мөлшері* – әр айда жүргізілген күндік қорытынды сауындағы таңертеңгі және кешкі мезгілде сауылған қорытынды сауын арқылы анықталған. Алынған барлық нәтижелерді барлық күнге көбейту арқылы *305 күндік сауын маусымындағы сүттің мөлшері* анықталды. *Сүттің сынамасы* – әр айдың бір күнінде жүргізілген қорытынды сауында әр сиырдан таңертеңгі және кешкі мезгілде бір рет сүт сауылған кезде 200 мл арнайы ыдыспен алынып, құрамындағы *май мен белоктың пайыздық үлестері* – Ғылыми аграрлық орталығының сүт лабораториясында «Лактан-700» аппаратында анықталды.

Осы малдардың дене бітімінің ерекшеліктерін анықтау үшін зоотехникалық әдіспен келесідей дене өлшемдері алынды: бойының (шоқтығының) және құйымшағының биіктігі, тұрқының қиғаш ұзындығы, кеудесінің тереңдігі және енділігі, кеуде және жіліншік орамы, сондай-ақ сербек аралық енділігі алынып, келесі дене индекстері (сирақтылық, тұрқының сипаты, кеуделілігі, кеуде-бөксе сәйкестігі, денесінің жұмырлығы мен толықтығы, денесінің енділігі және сүйектілік) арнайы формулаларды қолдана отырып есептелінді. Алынған барлық мәліметтердің вариациялық статистикасы компьютерде Excel бағдарламасында есептелініп шығарылды.

**Зерттеудің нәтижелері.** Абай обылысы Бесқарағай ауданында орналасқан «Калиханулы» шаруа қожалығында қара-ала тұқымды сиырларын голштин бұқаларымен қосу жұмыстарының нәтижесінде алынған тұмса сиырлардың дене бітімдерінің тікелей өзгеруіне әкеліп соққанын байқауға болады. Осы қара-ала тұқымды сиырларын қара-ала голштин бұқаларымен қосқан кезде алынған малдар өздерінің құрдастары қара-ала сиырларына қарағанда дене бітімдерінің (Экстерьер) ерекшеліктері бойынша көрсеткіштері жоғары болып келген. Бұл көрсеткіштердің әсері тікелей сиырлардың сауын маусымы кезіндегі сүт өнімділік көрсеткіштеріне де әсерін тигізуде, бұлардың нәтижелерін алдағы кестелерде келтіреміз (кесте 1).

Берілген әліметтер бойынша, қара-ала сиырларын қара-ала голштин бұқаларымен қосқан кезде алынған сиырлардың шоқтықтарының биіктігі таза тұқымды қара-ала сиырларына қарағанда орташа 3,2 см немесе 2,5% жоғары болып келетінін байқауға болады. Бұндай көрсеткіш кеуде орамдары бойынша қара-ала х голштин сиырларында өздерінің құрдастарына қарағанда орташа 6,2 см немесе 3,2% жоғары болғандығын осы кестедегі нәтижелерден айқын көруге болады. Бұл бұдан сиырлар басқа да дене өлшемдері бойынша таза қанды қара-ала сиырларына қарағанда дене өлшемдерінің көрсеткіштері бойынша жоғары болып келген. Тірі салмақтары бойынша қара-ала сиырлар бұдан сиырлаға қарағанда орташа 10 кг немесе 2% төмендеу болып келген. Бұл бұдан сиырларының барлық дене өлшемдерінің көрсеткіштері бойынша жоғары болуларын, генетикалық өзгерулерімен байланыстыруға болады.




Кесте 1 – Бірінші сауын маусымынан бойынша сиырлардың дене өлшемдерінің көрсеткіштері, 20

бас

Дене өлшемдері, см	кара-ала сиырлары		кара-ала x голштин, сиырлары	
	M ± m	Cv,%	M ± m	Cv,%
шоқтығының биіктігі, см	126,2±0,5	2,8	129,4±0,9	2,59
құйымшағының биіктігі, см	130,3±0,5	4,58	134,5±0,9	6,56
тұрқының қиғаш ұзындығы, см	150,1±0,6	6,11	152,3±0,8	5,78
кеуде орамы, см	184,9±0,7	8,38	191,1±0,6	8,63
кеудесінің тереңдігі, см	65,4±0,4	3,91	67,1±0,3	3,18
кеудесінің енділігі, см	43,1±0,8	4,7	43,8±0,4	2,28
сербек аралық енділігі, см	49,0±0,2	7,39	50,1±0,4	8,84
жіліншігінің орамы, см	19,3±0,3	4,7	19,3±0,5	3,65
тірі салмағы, кг	485 ± 10,2	5,62	495 ± 12,4	6,84


Шаруашылықтағы сауын сиырларынынан алынған дене өлшемдері бойынша олардың сүттілік көрсеткіштерін анықтау мақсатында экстерьерлерінің профилдерін айқындау болып табылады (сурет 1). Бұны алдағы 1-ші суреттен көруге болады.



Сурет 1 – Денебітімдері әртүрлі кара-ала сиырларының экстерьерлерінің профилдері

Берілген бойынша кара-ала сиырларына қарағанда будан құрдастары олардан құйымшақ биіктіктері бойынша орташа 4,2 см немесе 3,1% жоғары болып келген. Бұл будан кара-ала x голштин сиырлары құрдастарына қарағанда тұрқыларының қиғаш ұзындықтары бойынша, орташа 2,2 см немесе 1,4% жоғары болып келсе, кеуделерінің тереңдіктері бойынша орташа 1,7 см немесе 2,5% артық болған. Бұл сиырлардың ортақ қасиеттері бойынша жіліншік орамдары бірдей көрсеткіште болды. Осы экстерьерлік көрсеткіштер бойынша таза өсіргендегі дене будандастыру арқылы алынған сиырлардың бәрі сүтті бағыттағы көрсеткіштерге сәйкес келген. Бұлардың бір-бірлерінен айырмашылықтарын дене өлшемдерінің көрсеткіштері бойынша будан кара-ала x голштин сиырлары құрдастарына қарағанда әлде қайда жоғары болғандығымен ерекшеленеді.

Осы дене өлшемдерінің ерекшеліктерінің тұлға индекстерінің нәтижелерінен байқауға болады. Кара-ала сиырлардың дене өлшемдерінің индекстері бойынша айырмашылықтарын (сурет 2) көруге болады.



Сурет 2 – Кара-ала сиырларының тұлға индекстері, %

Берілген мәліметтер бойынша кара-ала сиырлары бірінші сауын маусымындағы тұлға индекстері бойынша, құрдас будандарына қарағанда тұрқының сипаты бойынша 1,5% жоғары болған. Ал, құрдастары оларға қарағанда денесінің жұмырлығы және толықтығы бойынша 2,3% және 1,1% жоғары болған кезде, тұрқыларының сипаттарының көрсеткіштері бойынша 0,7% артықшылық көрсеткен. Мұндағы кара-ала және будандастыру әдісімен өсірілген құрдастары кара-ала x голштин сиырлары сүйектілік тұлға индекстері бойынша бірдей көрсеткіште болып тұрғанын қарастыра кетпеу мүмкін емес. Бұл көрсеткіштерді аналық қасиеттерінің екі әдіспен өсірілген кездерінде де

өзгермегендіктерімен түсіндіруге болады. Егер будандастыру әдісі бойынша өсірілген қара-ала х голштин сиырлары барлық дене өлшемдері бойынша артықшылықта болса, жіліншік орамдарының көрсеткіштерімен бірдей болғандарымен сипаттауға болады.

Осы қара-ала тұқымды сауын сиырларынан алынған дене өлшемдерінің нәтижелеріне сүйене отырып, бұл сиырлардың желіндерінің де айырмашылықтарын болатынын келесі кестеден көруге болады. Ал, желіндерінің көрсеткіштерінде айырмашылықтары болған жағдайда олардың сүт өнімділіктерінде де көрсеткіштерінің әртүрлі болатындығын болжауға болады (кесте 2).

Кесте 2 – Қара-ала сауын сиырларының желіндерінің ерекшеліктері, 20 бас

Желіннің көрсеткіштері, см		қара-аласиырлары		қара-ала х голштин сиырлары	
		М ± m		М ± m	
желін	ұзындығы	32±0,2		37±0,4	
	енділігі	27±0,2		29±0,4	
	орамы	103±0,9		109±1,2	
	теренділігі	26±0,2		27±0,4	
алдыңғы емшектері	ұзындығы	6,8±0,1		7,4±1,4	
	диаметрі	2,4±0,2		2,6±0,1	
артқы емшектері	ұзындығы	6,2±0,1		6,9±0,1	
	диаметрі	2,9±0,2		3,3±0,3	

Осы берілген мәліметтерден қара-ала сиырларын қарағанда будандастыру арқылы өсірілген құрдастары желіндерінің орамдары бойынша орташа 6 см немесе 5,5% үлкен болған. Желіндерінің орамдарының көрсеткіштері жоғары болуларының нәтижесінде желіннің еніде қара-ала сиырларын будандастыру арқылы өсірген кезде орташа 2 см немесе 6,8% жоғарырақ болғандығы көрініп тұр.

Желіндерінің ұзындығы бойынша көрсеткіштердің артықшылығын қара-ала сауын сиырларын будандастыру арқылы өсірген кезде байқалатынын көруге болады. Бұл жерде таза тұқымды қара-ала сиырларына қарағанда будан қара-ала х голштин құрдастарында орташа 5 см немесе 13,5% жоғары болып тұрғандарын байқауға болады. Бұларға байланысты сүт өнімділіктерінде айырмашылық болып келетіндерін келесі кестеден көруге болады (кесте 3).

Кесте 3 – Сиырлардың 305 күндік сауын маусымындағы сүт өнімділіктерінің көрсеткіштері, 20 бас

Сауын маусымындағы көрсеткіштер	қара-ала сиырлары		қара-ала х голштин, сиырлары	
	М ± m	Сv, %	М ± m	Сv, %
305 күнде сауылған сүт, кг	3720±14,5	11,63	4530 ± 12,2	11,32
сүттің орташа майлылығы, %	3,61±0,04	2,14	3,62 ± 0,03	2,9
сүттің орташа белогы, %	3,42±0,05	2,74	3,43 ± 0,04	2,68
сүттілік көрсеткіштері, %	76,7		91,5	

Берілген мәліметтерден толық 305 күндік бірінші сауын маусымындағы қара-ала сиырларын будандастыру арқылы өсірген кезде, құрдастарына қарағанда орташа 810 кг немесе 17,8% сүт сауын маусымында артық берген. Осы сүттің майлылығы мен белогы сәйкестерінше 0,02% және 0,01% артық болып келген. Демек бұл жерден қара-ала сиырларды будандастыру арқылы өсірген кезде сауын маусымы кезінде сүт мөлшерін молайтуға болатынын байқауға болады.

**Қорытынды.** Берілген барлық мәліметтерден қара-ала тұқымды сиырларды будандастыру арқылы өсірген кезде олардың дене бітімдері (экстерьер) ірі болып келетіні байқалды. Сонымен қоса, сауын маусымы кезінде сауылған сүттерінің мөлшері де сәйкесінше жоғары болғандарын байқауға болады. Бұлардың бәрін қара-ала тұқымды сиыр малдарына голштин малдарының жоғары өнімді көрсеткіштерінің әсері деп білуге болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. «Калиханулы» ш.к. бонитировка нәтижелері және барлық алғашқы зоотехникалық есеп жүргізу журналдары.
2. А.М.Нусупов, Б.С.Ахметова «Мал шаруашылығы негіздері» пәнінен оқу-құралы. – Семей, 2019. – 150 б.
3. Л.Д. Самусенко, А.В. Мамаев Практические занятия по скотоводству. – Санкт-петербург: Лань. – 2010. – 240 с.

**А.С. Кузеубаева, А.Е. Усенбаев, Ж.Ж. Аканова**

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ., anarsabirbaevna@mail.ru

## **ҚАЗАҚСТАН НАРЫҒЫНДАҒЫ ІРІМШІКТЕРДЕН БӨЛІНГЕН *E. COLI* ИЗОЛЯТТАРЫНЫҢ АНТИБИОТИКТЕРГЕ РЕЗИСТЕНТТІЛІГІ**

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша жыл сайын 600 миллион адам ластанған тағамдарды тұтуынан ауруға шалдығып, 420000 пациент қайтыс болады [1,2]. Ветеринария мен медицина саласында инфекциялық ауруларды емдеу үшін антибиотиктерді кеңінен қолданудың салдарынан, дәрілерге қарсы микроорганизмдердің тұрақтылығы жаһандық проблемаға айналды. Антибиотикке резистенттілік инфекцияларды емдеудің мерзімін ұзаққа созырып, асқинулар тудырады, соның нәтижесінде қоғамға экономикалық шығындар әкеледі [3].

Антибиотиктерді негізсіз қолдану, адам мен жануарлардан сыртқы ортаны ластайтын түрлі бактериялардың резистентті штамдарының пайда болуына және таралуына ықпал жасайды [4]. Антибиотиктердің белгілі бір түріне төзімділігі, оның тұтас класына резистенттілікті тудырады. Төзімді микроорганизмдер трансфері, әдетте, тамақ өнімдерін тұтынған кезде, жануарлар, қоршаған орта объектілері арқылы жүреді [5].

Соңғы жылдары гендік құрылымы өзгерген патогендердің айналымы эмердженті, яғни кенеттен пайда болатын аурулардың және олардың жаңа қоздырғыштарының пайда болуына әкеледі. Бұл аурулар, әсіресе тағамдық зоооздары, эпидемиологиялық тұрғыдан маңызды, үлкен әлеуметтік-экономикалық зиян келтіреді. Антибиотикке төзімді бактериялар азық-түлік өнімдерінде болуы, басқа да энтеропатогендердің болуын көрсетуі мүмкін. Тамақ өнімдерінің трансмиссивті резистенттілік детерминанттарын тасымалдайтын микробтармен контаминациялануы – тамақ қауіпсіздігінің өзекті проблемаларының бірі болып саналады [6,7,8].

Антибиотикке тұрақтылығын зерттеу микроорганизмнің биологиялық ерекшеліктерін анықтауға және өнімдердің резистенттігі жоғары бактерия штамдарымен контаминациялану қаупін бағалауға мүмкіндік береді. Сүт өнімдерінде кездесетін *Escherichia coli* штамдары тек инфекция көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар, микробқа қарсы қолданылатын дәрілік заттарға резистентті генетикалық детерминанттардың резервуары ролін атқаруы мүмкін [9]. Осы ретте, Қазақстанда және Орталық Азия елдерінде ірімшіктердің бактерияға қарсы препараттарға төзімді ішек таяқшасы штамдарымен ластануын анықтау бойынша зерттеулер осы уақытқа дейін жүргізілмегенін атап өткен жөн.

Сондықтан, бұл жұмыстың мақсаты Қазақстанның Қостанай, Шығыс Қазақстан және Ақмола облыстарының жергілікті өндірушілердің ірімшіктерінен бөлінген *Escherichia coli* изоляттарының микробқа қарсы дәрілік заттарға төзімділігін анықтау болды.

Зерттеу әдістері мен тәсілдері. Зерттеу объектілері ретінде отандық өндірушілердің әртүрлі ірімшік түрлері (қатты, жартылай қатты, жұмсақ) алынды. Зерттеулер С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Қазақ-Қытай биоқауіпсіздік зертханасы, Қостанай өңірлік университетінің Қолданбалы биотехнология Ғылыми-зерттеу институты базасында жүргізілді. Барлығы 48 ірімшік үлгілерінен *E.coli* бактерияларын бөліп алу мақсатында коммерциялық Compact Dry (NISSUI, Жапония) табақшалары инструкцияға сай қолданылды. Ол үшін, зерттелетін ірімшік сынамаларынан 5 г өлшеп алынды, оған 0,1% пептонды су немесе фосфатты буферден 45 мл қосып, мөлшері 1:9 қатынасында сұйықтық дайындалды. Үлгілер пипеткамен 1 мл-ден Compact Dry табақшаларының ортасына біркелкі жайылды. Compact Dry ЕС табақшаларында өсіп шыққан *E.coli* колониялардың культуралдық, биохимиялық қасиеттері зерттелді. Ол үшін, CHROMagar™ *E.coli*, Эндо қоректік ортасы, Хотингер, ЕПА орталары қолданылды. Үлгілерден оқшауланған бактериялардың морфологиялық және биохимиялық қасиеттері талданды. Микроорганизмдердің сезімталдығын тестілеу дискі-диффузиялық әдіспен, Мюллер-Хинтон агарын (HiMedia) пайдаланумен жүргізілді [10], нәтижелер EUCAST ұсынымдарына сәйкес талданды [11].

*E.coli* изоляттарының антибиотиктерге төзімділігін анықтау үшін келесі антибиотиктері бар дискілер пайдаланылды: бета-лактамырлар (ампициллин – 10 мкг, амоксициллин – 25 мкг, цефоперазон – 75 мкг, цефокситин – 30 мкг, цефподоксим – 10 мкг), аминогликозидтер (стрептомицин – 10 мкг,

канамицин – 30 мкг, гентамицин – 120 мкг), амфениколдар (левомицетин – 10 мкг 30 мкг), тетрациклиндер (тетрациклин – 30 мкг, доксициклин – 30), фторхинолондар (энрофлоксацин – 5 мкг, ципрофлоксацин – 5 мкг, норфлоксацин – 10 мкг, офлоксацин 5 мкг), хинолондар (налидикс қышқылы – 30 мкг), сульфаниламидтер (триметопримі бар сульфаметоксазол – 1,25/23,75), нитрофурандар (фурадонин – 300 мкг, фуразолидон – 300 мкг).

Зерттеу нәтижелері және талдау. Бактериялогиялық зерттеулер нәтижесінде, ірімшіктерден грам теріс, индол түзетін, лактозаны ашытатын 27 *E.coli* изоляттары бөлініп алынды.

Ірімшіктен оқшауланған *E.coli* изоляттары, тетрациклин (14.8%), фурадонин (18.6%), цефокситин (18.6%), левомицетин (11.1%) фуразолидон (11.1%) препараттарына төзімділік танытты.

Зерттеу нәтижесінде, *E.coli* изоляттары полирезистенттілік көрсетті, олар бірден екі немесе одан да көп бактерияға қарсы препараттарға төзімді болды, 14,8% жағдайда изоляттардың тек 25,9%-ы монорезистентті болып шықты. *E. coli* изоляттары бірден бес бактерияға қарсы препараттарға төзімді болды, бұл оқшауланған изоляттардың 7.4% құрады.

Біздің нәтижелеріміз бойынша Қазақстанның ірімшік зауыттары мен фермаларында өндірілетін ірімшіктерден бөлінген бактериялардың изоляттары ветеринария мен медицина тәжірибесінде эшерихиозды және басқа да инфекцияларды емдеу үшін қолданылатын басым және аса маңызды микробқа қарсы препараттардың көпшілігіне жоғары резистенттілік танытты. Антибиотикке резистентті бактериялар тағам өнімдері мен қоршаған орта нысандарында таралуының ұлғаюы арқылы адам денсаулығына қауіп төндіреді [6,12]. Мал шаруашылығы өнімдері адамзатқа қауіпті, қолданыстағы антибиотиктерге сезімталдығы төмен патогендер штамдарын қалыптастыратын факторлар қатарына жатады.

Дайын сүт өнімдерінің ішек таяқшасы бактерияларымен контаминациясы – бұл пастеризациядан кейінгі ластану салдары [12]. Бұл бактерияларды дайын өнімдерде, соның ішінде ірімшікте табылуы өндірістің антисанитарлық жағдайларын көрсетеді [8]. *E.coli* негізгі резервуары-ауылшаруашылық жануарлары, ал олардан алынған шикізат өнімі арқылы адамға қоздырғыштардың берілуінің негізгі жолын анықтайды. *E.coli* – санитарлық эпидемиологиялық маңызы бар, шартты патогендер тобына жататын тағам қауіпсіздігінің индикаторлық микроорганизмі болып саналады.

Қорытынды. Осы жұмыс нәтижесінде Қазақстан нарығында сатылатын әртүрлі ірімшіктерден бөлініп алынған *E.coli* изоляттары зерттелінген 21 антибиотиктердің бесеуіне (тетрациклин, фурадонин, цефокситин, левомицетин, фуразолидон) резистентті болатыны анықталды. Бұл дегеніміз, тағам қауіпсіздігін бақылауды ұйымдастыру кезінде сүт өнімдерін ластайтын *E.coli* популяциясындағы антибиотиктерге төзімділікті анықтайтын гендердің динамикасын зерттеу өзекті болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Устойчивость к антибиотикам [Электронный ресурс]. – 2020. URL.: <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/antibiotic-resistance> (дата обращения 09.02.2022)
2. Безопасность продуктов питания. Всемирная организация здравоохранения. Информационный бюллетень 30 апреля 2020 г. [Электронный ресурс]. – 2020. – URL: <https://www.who.int/ru/news-room/factsheets/detail/food-safety> (дата обращения 09.12.2021).
3. B.Vidova, E.Tothova, L. Blahut Multiplex PCR for detection of *Escherichia coli* O157:H7 in foods // *Biologia*. – 2011. – Vol.66/3. – P.401-405.
4. Dalzini, E., V. Bernini, B. Bertasi, P. Daminelli, M.N. Losio and G. Varisco. Survey of prevalence and seasonal variability of *Listeria monocytogenes* in raw cow milk from Northern Italy // *Food Control*. – 2016. – Vol.60. – P.466-470.
5. Edson A. Rios, Jesús Santos, Isidro García-Meniño. Characterisation, antimicrobial resistance and diversity of atypical EPEC and STEC isolated from cow's milk, cheese and dairy cattle farm environments // *LWT*. – 2019. – Vol. 108. – P.319-325.
6. Gavrovic M, Asanin R., Misic D. Investigation of the sensitivity of *E.coli* strains isolated from domestic animals to antibiotics and hemiotherapeutics in vitro // *Acta Veterinaria* (Beograd). – 2011. – Vol. 61. – No1. – P. 21-31.
7. Н.Р. Ефимочкина Эмерджентные бактериальные патогены в пищевой микробиологии [Text] .М.:Издательство РАМН, 2008. – 68 с.
8. Edson A. Rios, Jesús Santos, Isidro García-Meniño. Characterisation, antimicrobial resistance and diversity

- of atypical Epec and Stec isolated from cow's milk, cheese and dairy cattle farm environments // LWT. – 2019. – Vol. 108. – P.319-325.
9. Espie, E., et al. *Escherichia coli* O157 outbreak associated with fresh unpasteurized goats' cheese // *Epidemiology & Infection*. – 2006. – 134.1. – P.143-146.
10. Yang X., Wang D., Zhou Q. et al. Antimicrobial susceptibility testing of Enterobacteriaceae: determination of disk content and Kirby-Bauer breakpoint for ceftazidime/avibactam // *BMC Microbiol*. – 2019. – Vol. 19. № 240. URL:<https://doi.org/10.1186/s12866-019-1613-5>.
11. The European Committee on Antimicrobial Susceptibility Testing. Breakpoint tables for interpretation of MICs and zone diameters. Version 11.0, 2021. – URL.: <http://www.eucast.org>. (дата обращения 27.10.2021)
12. Gavrovic M, Asanin R., Misic D. Investigation of the sensitivity of e. Coli strains isolated from domestic animals to antibiotics and hemiotherapeutics in vitro/ *Acta Veterinaria (Beograd)* – 2011. – Vol. 61(1). – P. 21-31.

FTAXP: 68.39.55

### З.А. Жұмабекова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, zaika\_24012000@mail.ru

## ТҮЙЕ СҮТІНЕН АЛЫНАТЫН ШҰБАТ ӨНІМІ ҮШІН ШИКІЗАТТЫҢ ТАПШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТҮЙЕ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ТҰРАҚТЫ МӘСЕЛЕСІ

Түйе сүті-түйе сүтқоректілерінің сүт бездерінің секрециясы түрінде өндірілетін табиғи ана сүті (лат. *Camelus*) биологиялық түйе тұқымдасынан (лат. *Camelidae*) жаңа туған нәрестелерін тамақтандыруға арналған түйе және адамдар қолға үйретілген және ауылшаруашылық жануарларын сауғаннан кейін түйе шаруашылығын тамақ (сусын) және/немесе әртүрлі аспаздық өнімдер мен тағамдарды өндіруге арналған шикізат ретінде пайдаланады.

Сүт – түйеден алынатын ең маңызды азық-түлік өнімі. Бактериялар төлдегеннен кейін 14-16 ай, дромедарлар 12-20 ай сүт береді. Түйенің емізу мерзімін ұзарту үшін түрлі әдістер қолданылады, соның ішінде ұрғашысының сойылған бұзауын өлген малдың терісі жабылған басқасына ауыстыру. Бактерианның аналығы тәулігіне 5 литр, ал дромедар тәулігіне 20 литр су береді. Шығыс Африкада түйелер құрғақшылықта 3,5-4 литр, жауын-шашынды кезеңде 10 литрге дейін сүт береді, бұл сиырлардан бірнеше есе көп (тиісінше 0,2 литрден және 1 литрден аспайды); Кенияда түйелер сиырлардан екі есе көп сүт береді және бірдей жағдайларда өсірілетін ешкіден тоғыз есе көп. 2017 жылы жаңа піскен түйе сүтінің жаһандық өндірісі 2,85 миллион тоннаны құрады, Сомали мен Кения әлемдік өндірістің 64% құрайды; осы өнімнің басқа негізгі өндірушілері Мали мен Эфиопия болып табылады. Өнеркәсіптік ауқымда түйе сүті Батыс Азия мен Солтүстік Африканың бірқатар араб елдерінде, сонымен қатар Үндістан мен Пәкістанда өндіріледі. Сонымен қатар, оның өндірісі Австралияда бар, ол жерден бұл өнім Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне және АҚШ-қа экспортталады.

Осыған орай, қарастырылып отырған негізгі шикізат жайлы толық ақпаратты анықтау, оның негізгі шикізат көздерін анықтау және де табиғи шикізат алынатын мал шаруашылығының дамуы жайлы мәлімет алу бұл жұмыстың негізгі өзектілігі болып табылады.

**Зерттеу жұмысының мақсаты** – түйе сүтінен дайындалатын шұбат өніміне қажетті шикізат көздерінің тапшылығы және түйе шаруашылығының дамуын анықтау

### **Қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттер шешілді:**

- түйе сүтіне толығымен ақпарат беру;
- түйе сүті шикізат болып табылатын шұбат өнімін зерттеу;
- түйе сүтінің тапшылығының себебін анықтау;
- түйе сүтінің тапшылығын жою мүмкіндіктерін қарастыру.

Қазақстанда түйе шаруашылығын дамытуға өте аз көңіл бөлінеді. Мемлекет субсидиялары енді тек шұбат өндіруге ғана литріне 55 теңге көлемінде беріледі. Ірі шаруа қожалықтары аз да болса қаражат ала алатын болса, шағын және орта шаруашылықтар тек өзіне ғана сенуге мәжбүр.

- Search Criteria – іздеу критерийлері. Бұл негізгі кезең. Мұнда біз географиялық іздеу аймағын, деректердің күнін белгілейміз;

- Data Sets. Ғарыш түсірілімдері. Іздеу критерийін таңдағаннан кейін қажетті спутниктік, картографиялық деректерді тандаймыз. Мысалы, Landsat деректері Landsat Archive орналасқан;

- Additional Criteria. Бұл міндетті емес. Қосымша іздеу критерийлері. Бұл арқылы идентификаторды, сенсорды, бұлтты жабынды, күн/түн мезгілдерін орната аласыз, мұның бәрі іздеуді жеңілдетуге арналған;


- Results. Іздеу нәтижелерін беру. Бұл кезеңде біз не табылғанын және нені жүктеуге және не тапсырыс беруге болатындығын көріп отырмыз [3].

Келесі кезекте алынған аэрофототүсірілімдерді өңдейтін жеке бағдарламалар болады. Оны ArcGIS бағдарламасы арқылы жүзеге асырамыз. ArcGIS – бұл географиялық ақпаратты жинауға, ұйымдастыруға, басқаруға, талдауға, бөлісуге және таратуға мүмкіндік беретін толық жүйе. Геоақпараттық жүйелерді (ГАЖ) құруға және пайдалануға арналған платформалар арасында әлемдік көшбасшы бола отырып, ArcGIS-ті бүкіл әлемдегі адамдар географиялық білімді мемлекеттік басқару, бизнес, ғылым, білім және БАҚ-тың практикалық саласында қолдану үшін пайдаланады.

ArcGIS платформасы онлайн карталармен және географиялық ақпаратпен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жүйе. Жүйе веб-браузерлерді, смартфондар түріндегі мобильді құрылғыларды, сондай-ақ жұмыс үстелі компьютерлерін пайдалануға болатын кез келген жерде қол жетімді. ArcGIS көмегімен көптеген түрлі карталарды жасауға болады. Ең қызықтысы – әртүрлі географиялық ақпараттың маңызды қабаттарын көрсететін, біріктіретін және синтездейтін интерактивті карталар. ArcGIS карталары – бұл ақпаратты визуализациялауға, зерттеуге және талдауға болатын интерактивті терезе.

Бұл карталар сенімді деректер мен ГАЖ кәсіби жүйесінің деректерін талдау, визуализация және басқару құралдарын біріктіретін сапалы жаңа ақпараттық өнім болып табылады.

ArcGIS платформасын біз зерттеп жатқан аймақ «Семей орманы» МОТР ММ, «Жаңасемей» филиалы бойынша алынған аэрофототүсірілімдерді өңдеуде қолдандық. Зерттеудің негізгі мақсаты Earth Explorer деректер порталындағы 2000, 2005, 2010, 2015, 2020, 2022 жылдар аралығындағы өзгерістерді анықтап картаға түсіру. Зерттеу жұмысын бастамас бұрын бізге керекті жердің контур аумағын белгілеп аламыз. Жаңасемей филиалының контуры және жеке кварталдары төмендегі суретте көрсетілген.



Сурет 3 – Жаңасемей филиалының контуры және жеке кварталдары

Қорыта айтатын болсақ, қазіргі таңда географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ) технологиясын орман шаруашылығында кеңінен қолданып цифрландыру негізгі мәселенің бірі. ГАЖ технологиялары еліміздің орман шаруашылығы саласының дамуына үлкен көмегін тигізеді деген ойдамын.

### Әдебиеттер тізімі

1. M.C. HANSEN, High-Resolution Global Maps of 21st-Century Forest Cover Change / HANSEN M.C.// SCIENCE. – 2013. – Vol 342, Issue 6160. – PP. 850-853
2. Subyantoro Tri Pradopo, Integrating Geographic Information System into Forest Resources Spatial Management and Planning / Subyantoro Tri Pradopo // Geo-information for Spatial Planning and Risk Management Graduate School – Gadjah Mada Universit. – 2012.
3. <https://e2e3.wordpress.com/2014/03/13/download-satellite-imag-s-from-usgs/>

FTAXP: 70.94

**А.О. Досмағанбетова, С.М. Сейлгазина, Г.А. Құмарбекова, Г.О. Камзина**  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

### **МИКРОБАЛДЫР CHLORELLA VULGARIS ӘРТҮРЛІ ҚОРЕКТІК ОРТА БАРЫСЫНДА CO<sub>2</sub> ҚАНЫҒУЫМЕН, ӨСУ ҚАРҚЫНЫ**

Азотпен қатар өсімдіктер өміріндегі негізгі компонент болып табылатын көміртек микроскопиялық балдырларды тиімді игереді. 1,8 мг көмірқышқыл газын тұтыну және 1,6 мг оттегін шығару арқылы олар шамамен 1 мг биомассаны синтездейді. Кейбір жағдайларда CO<sub>2</sub> концентрациясының жоғарылауы теріс әсер етуі мүмкін, бірақ микробалдырлар үшін көмірқышқыл газын ассимиляциялаудың физиологиялық рөлін асыра бағалау қиын.

Көмірқышқыл газының жоғары концентрациясы кезінде балдырлардың өсу ерекшеліктерін зерттеу атмосферадағы CO<sub>2</sub> мөлшерінің өсу тенденциясына байланысты үлкен қызығушылық тудырады. Сонымен қатар, мұндай зерттеулер өнеркәсіптік фотосинтез технологияларын және өмірде қолданудың автономды жүйелерін құруда маңызды.

Инокулятты алу үшін балдырлар өсудің логарифмдік фазасына жеткенге дейін 4-5 күн бойы өсірілді. кейбір нұсқаларда бұрын CO<sub>2</sub> қосымша жүктемесіне бейімделген *Chlorella vulgaris* қолданылды. *Chlorella* микробалдыры жасушаларына тән қасиет *vulgaris* жағдайларға байланысты кең ауқымда жасушалардың химиялық құрамын өзгерту мүмкіндігі болып табылады (жарықтандыру деңгейі, қоректік заттардың құрамы орта). Жоғары өсімдіктер сияқты микробалдырлар да барбейтарап және полярлы липидтер. Бейтарап липидтер негізінен глицерин эфирлерінен тұрады. Қолайлы жағдайларда микробалдырлар негізінен поляр шығарады липидтер (мысалы, фосфолипидтер). Полярлы липидтер құрылымдық компоненттер болып табылады цитоплазмалық, митохондриялық және басқа мембраналардың құрамына кіретін барлық тірі жасушалар маңызды рөл атқарады мембраналық өткізгіштігінің жылы, орналасуы үшін жауапты тыныс алу тізбегінің ферменттері және электрондардың берілуі. Сондықтан фосфолипидтер тамақ және тамақ ретінде кеңінен қолданылады биологиялық белсенді қоспалар. *Chlorella vulgaris* микробалдырларының биомассасын кешенді пайдалану технологиясы келесідей: штамм стандартты түрде сегіз күн бойы өсіріледі тұрақты өсу сатысына жеткенге дейін қоректік ортаға, содан кейін штамм жасушалары үшін азот жетіспейтін қоректік ортаға трансплантациялау арқылы стресстік жағдайлар жасалады жасуша ішілік липидтердің жинақталуын ынталандыру (бес күн бойы өсіру). Содан кейін биомасса жасушалары суспензиядан бөлінеді [1].

Ол үшін инокулят тәжірибелі нұсқаларда қолданылатын схема бойынша көмірқышқыл газын беру жағдайында өсірілді. Кейіннен балдырлар жинақтаушы дақылда 31,5 + 1,5 температурада ДС шамдарымен тәулік бойы 5,5 КБК қарқындылығымен, Фицджералд, Тамия минералды орталарында (элементтік практикада жасыл балдырларды өсіруге арналған классикалық орталар) өсірілді, бұдан басқа, жасыл балдырларды қарқынды өсіру үшін Упитистің модификациясындағы А-5 ортасы пайдаланылды ол атап айтқанда *Chlorella* балдырларына әзірленген болатын.

Тәжірибелі реакторларға күніне екі рет 150 дм<sup>3</sup>/сағ жылдамдықпен баллонды көмірқышқыл газы берілді, ал бақылау реакторларына 0,03 о С бар сығылған атмосфералық ауа берілді. Газдардың шығыны РМА-1 ротаметрімен анықталды. Горяев камерасында Жарық микроскопының көмегімен жасушалар санын есептеу жүргізілді.

Тұщы су балдырлары, теңіз балдырларынан айырмашылығы, рибулзобифосфат карбонат

иондары үшін субстрат болып табылатын бос көмірқышқыл газын сіңіре алады, мүмкін нәтижесінде көміртегі ангидразының дегидратациялық белсенділігіне байланысты  $\text{CO}_2$  түзілуі мүмкін. Сондай-ақ, бір клеткалы балдырлар көмірқышқыл газын еркін түрде де, карбонатты иондар түрінде де сіңіреді деген пікір бар. Хлорелланың барлық штамдары оны еркін түрде қолдана алатындығы анықталды, ал  $\text{NSO}_3$  түрінде-тек осы иондардың болуына бейімделген [2].

Жасыл балдырлардың көмірқышқыл газының жоғары концентрациясына реакциясын зерттеу әртүрлі қоректік ортада жүргізілді. рН 8-8,5-тен аз ерітінділерде көміртегі көміртегі диоксиді және бикарбонат иондары түрінде әр түрлі қатынаста болады. рН 8,0-ге тең болғанда, жалпы көміртектің 97-ден астамы бикарбонат иондарымен ұсынылған, ал бос  $\text{CO}_2$ -ге тек 2,4 келеді. рН 8, 5 деңгейінде ерітінділерде карбонат және гидрокарбонат иондары болады, ал  $\text{CO}$  үлесі 1-ден аз. Осылайша, көміртек формаларының қатынасы мәдени ортаның рН-мен тығыз байланысты [3].

Тәжірибелердегі рН деңгейінің өзгеруін талдау көмірқышқыл газының берілуі ортадағы қышқыл-негіз тепе-теңдігін едәуір өзгертетінін көрсетеді. Балдырлардың суспензиясын көмірқышқыл газымен барботациялау кезінде рН 4,8-5,5 дейін төмендеді. Демек,  $\text{CO}_2$ -нің көп бөлігі ортада бос көмірқышқыл газы түрінде жиналды.  $\text{CO}_2$  беруді тоқтатқаннан кейін эксперименттің келесі күндері газ фазасымен алмасу, сондай-ақ балдырлардың фотосинтезі нәтижесінде рН 7,0-11,3 дейін көтерілді

Осылайша,  $\text{CO}_2$  беруді тоқтатқаннан кейін балдырлар суспензиясының рН деңгейі бақылау шамаларына дейін қалпына келтірілді немесе олардан сәл асып кетті. Сонымен қатар, тәжірибелі дақылдардың рН-ның бақылаудан едәуір асып кетуі балдырлардың көбеюі максималды қарқындылықпен ерекшеленетін нұсқаларда байқалды (кесте 1).

Кесте 1 –  $\text{CO}_2$  беру жағдайында қоректік ортаның рН мәнінің өзгеруі

Қолданылатын қоректік орта	Бақылау		Тәжірибе		
	4 кун	8кун	4 кун		8 кун
			$\text{CO}_2$ беру алдында	$\text{CO}_2$ берілгеннен кейін	
Фитцджеральда ортасы	10,96	11,03	6,67	5,42	11,26
Тамия ортасы	10,34	10,61	6,93	5,38	11,11
А-5м	7,41	7,83	6,60	5,43	8,46

Мәдени ортаның едәуір қышқылдануы оның құрамында бос  $\text{CO}_2$  көп мөлшерде болуымен сипатталады. Алайда, егер Фицджеральд және Тамия орталарында көмірқышқыл газының әсерінен рН бақылаумен салыстырғанда орташа есеппен 4 бірліктен көп ауысса, онда А-5м ортасында қышқылдану екі есе әлсіз, бұл оның жоғары буферлік сыйымдылығымен байланысты болуы мүмкін. Тәжірибелік нұсқаларда 5 тәулікке белгіленген рН-ның төмен деңгейі, бақылаудағы осы көрсеткіштің мәнімен салыстырғанда,  $\text{CO}_2$  берудің осы режимінде балдырлар барлық түскен көмірқышқыл газын ассимиляциялауға үлгермегенін көрсетеді. Бұл сондай-ақ  $\text{CO}_2$  беруді тоқтатқаннан кейін культуралық ортаның рН шамасының едәуір артуымен расталады.

Көмірқышқыл газымен қаныққан орта тәжірибенің барлық нұсқаларында хлорелланың өсуін едәуір жеделдетті. тәжірибелік нұсқада Фицджеральд ортасында 7 күнге дейін баяулады, бұл  $\text{CO}_2$  берілуінің тоқтатылуымен байланысты болуы мүмкін, бірақ қоршаған ортадағы биогендік элементтер деңгейінің төмендеуімен емес, өйткені бұл дақыл Тамия ортасында өскен кезде, биогендік элементтер санының азаюы одан да айқын болды, балдырлар саны екі есе үлкен мәнге жетті. Фицджеральд ортасынан биогендік элементтерді, ең алдымен азот қосылыстарын балдырлардың тұтынуы жасушалар санының өсуіне пропорционалды емес болды. Әдеби мәліметтерге сәйкес,  $\text{CO}_2$  нитраттың балдырлар жасушаларымен ассимиляциясын ынталандырады. Хлорелла мысалында жасушаның көміртегі күйі метаболизмді басқаратындығы көрсетілген

Негізінен,  $\text{CO}_2$  берген кезде хлорелланың өсу қарқыны 3 еседен астам артты-оның өсуінің орташа тәуліктік меншікті жылдамдығы бақылауда 0,20-1,64 тәулікпен салыстырғанда 1,44-7,05 құрады. Бақылаумен салыстырғанда жасушалар санының едәуір ұлғаюы барлық қолданылатын орталарда хлорелла штаммын өсіру кезінде байқалды

Барлық зерттелген орталарда қосымша көміртекті тамақтандыру кезінде 0000 штаммының өсу қарқынының өзгеруі ұқсас, бұл көрсеткіштің максимумы жақын, бірақ уақыт өте келе өзгереді. Тамия ортасы үшін максималды өсу қарқыны Фицджеральд және А-5 орталарына қарағанда бір тәуліктен кеш белгіленген. Қосымша көміртекті тамақтану кезінде 5 м ортада қолданылатын вольгарис штамдарының нақты өсу қарқынының жоғары көрсеткіштері балдырлардың осы түрінің айтарлықтай өсу әлеуетін

көрсетеді (кесте-2).

Кесте 2 – *Chlorella vulgaris* қосымша көмірқышқыл газын енгізу арқылы өсу көрсеткіші (3 күннен кейін CO<sub>2</sub> беруді тоқтатқаннан кейінгі өсу көрсеткіші)

Экспозиция сағ	N.104 кл/см <sup>3</sup>		Өсімділік санының коэффициенті k
	Бақылау	тәжірибе	
Фитцджеральда ортасы			
0	109±9	109±9	
24	361±13	118±13	-2,23
48	442±6	465±30	0,21
72	533±87	1090±190	5,11
96	555±55	1460±50	8,30
162*	1130±20	1330±110	1,83
Тамия ортасы			
0	100±11	100±11	
24	143±6	124±23	-0,19
48	178±32	309±35	1,31
72	380±21	1345±95	9,65
96	485±55	1340±160	8,55
162*	1115±25	2640±220	15,25
А-5м ортасы			
0	37±2	37±2	
24	70±2	75±3	0,14
48	120±4	288±12	4,54
72	152±6	555±15	10,89
96	280±50	1080±100	21,62
162*	320±30	1215±205	24,19

Осылайша, *Chlorella vulgaris* нақты өсу қарқынының өзгеруін талдау өсіру ортасына қарамастан қосымша көміртекті тамақтандыру кезінде осы көрсеткіштің күрт жоғарылағанын көрсетеді

#### Әдебиеттер тізімі

1. Алексеев М.А., Арьянова Э.Д., Иванова С.С., Карпова О.С., Коршунов К.О., Трофимчук О.А., Шевченко И.Г. Фотобиореактор для культивирования хлореллы // Научно-образовательный потенциал молодежи в решении актуальных проблем XXI века. – 2015 – №. 3. – С. 221-223.
2. Шмигель, В.В., Суховский, Н.А. Модель участка мембраны клетки хлореллы для исследования воздействия внешнего электростатического поля на клетку хлореллы [Текст] / В.В. Шмигель, Н.А. Суховский // Международный научный журнал. – 2014. – № 5. – С. 71-77.
3. Смятская Ю.А., Политаева Н.А., Собгайда В.С. Фотобиореакторы для культивирования микроводоросли *Chlorella sorokiniana* // Вестник Технологического университета. – 2018. – № 2. – С. 224-227.

ГТАХР: 68.35.29

**А.О. Жолдыбеков, А.А. Закиева**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

#### АМАРАНТ-ПЕРСПЕКТИВАЛЫ ДӘНДІ ДАҚЫЛ

Еліміздің өсімдік шаруашылығының алдында тұрған міндеттері айқын белгіленген, бұл егістікті әртараптандыру, тиімділігі аз дақылдарды қысқарту және инновациялық технологияны енгізу. Ауыл шаруашылығы алдында өсімдік шаруашылығын әртараптандырып, бәсекеге қабілетті өнімді қамтамасыз ететін аса маңызды ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа технологиясын әзірлеу және енгізу бөлігі бойынша жаңа міндеттер қойылды. Әртараптандыру бірінші кезекте егіншіліктің тұрақтылығына ықпал етеді [1,2].

Қазіргі күні өсімдік шаруашылығындағы құрылымдық және технологиялық әртараптандырудың нәтижелерін байқауға болады, мысалға бидайдың егістік ауданы қысқартылып, орнына майлы, мал азығы, жарма және бұршақты дақылдардың егістігінің ауданы кеңейтілді, сәйкесінше өсімдік

шаруашылығы өнімдерінің өндірісі өсіп отыр. Бұл мал шаруашылығының мал азығы базасын нығайтуға, өңдеуші кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз етуге септігін тигізеді [3].

Соңғы жылдары әлемдік нарықта тамақ өнеркәсібі үшін шикізаттың жаңа көзі пайда болды – ол, амарант дәні және оның өңделген өнімдері. Құрамындағы бағалы химиялық құрамы мен қауіпсіздігі, жоғары тағамдық және биологиялық құндылығы, физиологиялық функционалды тағамдық ингредиенттердің кең спектрі амарант өнімдерінің тамақ өнеркәсібі технологиясында қолдану перспективаларын анықтайды [4].

Планетадағы амарант тұқымдасы (F. Amaranthaceae) негізінен тропикалық және субтропикалық елдерде таралған және 850 түрден тұратын 65 тұқымды қамтиды. Екі тұқымдасты қамтиды, олардың бірі амарант тұқымдастардың өзі болып табылады.

Бұл тұқымдастың ең танымал тұқымы – Амарант туысы және ол негізінен климаты қоңыржай аймақтарда кездеседі, дегенмен оңтүстік елдерде кездесетін бірнеше түрлер (3-4) бар.

Амарант жемшөп дақылдары ретінде маңызды. Көптеген мәдени түрлері астыққа, жайылымға, жасыл тыңайтқышқа және сүрлемге жарамды. Амарант дәні-құс етіне арналған құнды тағам. Ірі қара мен шошқа шөбін және сүрлемді жақсы жейді. Амаранттан жасалған сүрлемнің жағымды алма иісі бар.

Арнайы әдебиеттерде амарантты астыққа өсірудің сәтті әрекеттері ХХ ғасырдың 30-шы жылдарының басында Ростов облысының колхоздары мен ауылдық серіктестіктерінде болғандығы туралы мәліметтер бар [5].

Нан өнімдерін пісіруде дәстүрлі бидай ұнымен бірге амарант дәнін өңдеу өнімдерін қолданылуда. Олар амарант дәндерін ұнтақтау өнімдері және әртүрлі сортты амарант ұнының түрлері.

Амарантты биологиялық белсенді заттардың көздерінің бірі ретінде қарастыруға болады. Ең кең тараған түрі қызыл тамырлы амарант (*Amaranthus retroflexus* L.). Бұл өсімдік бір жағынан зиянды арамшөп, екінші жағынан ең жақсы жемдік дақылдардың бірі ретінде белгілі. Бүкіл Ресейде жабайы табиғатта кеңінен таралуына байланысты, қарапайым, ол мал өсірушілер арасында тез танымал болды. Үй жануарларының рационына амарант қоспасы ақуыз метаболизмі процестеріне ынталандырушы әсер етеді. Қазіргі уақытта кейбір амаранттар дәнді дақылдар, көкөністер, жемшөптер және, әрине, сәндік өсімдіктер ретінде қолданылады.

Амарант дәнін ұнтақтау өнімдерінің химиялық құрамының зерттеулері оның құрамындағы ақуыздың мөлшерінің бидай ұнына қарағанда 2-4 есе жоғары екенін көрсеткен. Бидай ұнымен салыстырғанда, амарант ұнының барлық түрлерінде моно және дисахаридтер, жасунық пен минералдар көп кездеседі. Сондай-ақ, амарант ұнында аскорбин және орот қышқылдары анықталды. Аскорбин қышқылының биологиялық рөлі – дәнекер және сүйек тінінің түзілуінен (коллагеннің түзілуі), тұндырғыш (убихинонның, токоферолдың тотықсыздануы) және кейбір метаболикалық процестердің коферментінің (триптофаннан, катехоламиндерден, кортикостероидтардан серотониннің синтезі) функцияларын орындаудан тұрады. Орот қышқылы пиримидин нуклеотидтері-уридин монофосфат және цитидин монофосфат биосинтезіне, ақуыз алмасуына қатысады, сонымен қатар жасушалардың өсуін ынталандырады. Амарант дәнін қайта өңдеу өнімдерінің аминқышқылдарының құрамын талдау олардың биологиялық құндылығы мен ақуыздардың тепе-теңдігімен ерекшеленетінін көрсеткен [6].

### Әдебиеттер тізімі

1. Каскарбаев Ж. А. Технология No-till и диверсификация растениеводства – система надежнойзащиты от засухи // Вестник промышленности и торговли. – 2012, август. № 10.
2. Рсаева А.С. О диверсификации растениеводства Северного региона Республики Казахстан. <http://www.group-global.org/19.04.2013>.
3. Казахстан: «МаЖиКо» – это Продкорпорация на рынке сои и кукурузы – Евниев А., интервью, беседовал Д.Сериков // КазахЗерно. Kz. – 04.10.2012 // [kazakhzerno.ans@gmail.com](mailto:kazakhzerno.ans@gmail.com).
4. Шмалько, Н.А. «Бессмертный» амарант / Н.А. Шмалько, Ю.Ф. Росляков // Пищевые ингредиенты. Сырье и добавки. – 2004. – № 1. – С. 71-73.
5. Буянкин В.И., Распространение *Amaranthus albus* Z (Amaranthaceae) в СССР., Ботанический жур-нал, т. 59 Изд. наука, Л-д. – 1974. – с. 804-866.
6. Шмалько, Н.А. Разработка технологий хлебобулочных изделий функционального назначения с использованием продуктов переработки семян амаранта: дис. ... канд. техн. наук: 05.18.01: защищена 26.05.2005: утв. 07.10.05 / Шмалько Наталья Анатольевна. – Краснодар, 2005. – 215 с.



**Д.Р. Кайнушева**

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.


### **БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАЙЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ СУЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Батыс Қазақстан облысы еліміздің батысындағы басқа облыстармен салыстырғанда мал шаруашылығы саласын дамытуда болашағы бар аймақ ретінде ерекше. Мал шаруашылығының негізгі өнімдер көрсеткіштерінің артуы облыс бойынша шаруашылықтардың қарқынды дамуына және мал басының тұрақты өсуіне байланысты болып келеді.

2021 жылдың 1 шілдедегі жағдайы бойынша мүйізді ірі қара басының саны 753870 бас (2020 жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 109,0%), қой – 1226558 бас (101,3%), ешкі – 240041 бас (98,4%), жылқы – 253378 бас (111,6%), түйе – 2300 бас (106,6) құрады. МІҚ, жылқы мен қой басының артқандығын байқауға болады(1-сурет).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей облыс бойынша Казталов және Тасқала ауданында мал басының өсуі байқалады [1]. Тасқала ауданын басқа аудандардың көрсеткіштерімен салыстырғанда мал басының өсуі 2020 жылға қарағанда 129,9 пайызға дейін жетіп отыр [1].

Мысал ретінде Тасқала ауданын қарастыратын болсақ, мүйізді ірі қараның саны 37078 басты құрайды, яғни өткен жылғы осындай уақытпен салыстырғанда 117,3%-ға, жылқылар 15832 басқа, 128,8%-ға, қой басы – 79135, 116,2%-ға, ешкі саны – 7597 бас, 101,7%-ға артты [2].



Сурет 1 – Батыс Қазақстан облысы бойынша мал басы саны


Мал шаруашылығының азық базасын дамыту мақсатында ауыл шаруашылығы алқаптарын, оның ішінде Батыс Қазақстан облысының жайылымдық аумақтарын зерттеу табиғи ресурстарды пайдаланудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады. Батыс Қазақстан облысы еліміздің жетекші аграрлық өңірі болып саналады. Ауыл шаруашылығы алқаптарының үлкен аумағына ие бола отырып, облыс жайылым алқаптарына да бай. Соңғы жылдары біздің елімізде жайылымдық мал шаруашылығын дамытуға көп көңіл бөлінуде. Арзан табиғи азықтық базасы бар облыс аумағы шегінде жайылым алаңдарының көп болуы мал өсіру үшін ең тиімді түрлердің бірі шалғайдағы жайылымдық мал шаруашылығы жүйесін пайдалану болып табылатынын айқындайды. Алайда жайылымдарды жеткілікті мөлшерде су болған жағдайда ғана ауыл шаруашылығын дамыту үшін барынша тиімді пайдалануға болады. Жайылымдарды суландыру проблемасын шешу шалғайдағы мал шаруашылығын одан әрі дамытудың аса маңызды міндеті болып табылады.

Батыс Қазақстан облысында жайылымдардың жалпы ауданы 6096,9 мың га, бұл облыстың жалпы аумағының 40% құрайды (2-сурет) [3].

Батыс Қазақстан облысында барлық жайылымдық жерлер дала, құрғақ дала, шөлейт және шөл төрт ландшафттық аймақта шоғырланған. Облыстың жайылымдық жерлерінің басым бөлігі шөлейтті (барлық жайылымдық жерлердің 73%) және құрғақ далалы аймақтарда (тиісінше 23,65%) шоғырланған. Дала және шөлді аймақтарда орналасқан жайылымдық жерлердің үлес салмағы елеусіз, тиісінше 2,66% және 0,69% құрайды (3-сурет) [4].



Сурет 2 – БҚО аудандарының 2021 жылдың желтоқсан айы бойынша жайылымдар алаңы



Сурет 3 – БҚО-дағы ландшафттық аймақтар бөлігіндегі жайылымдық жерлер алаңы

Жайылымдарды суландырудың неғұрлым өткір мәселелері шөлейт аймақта байқалады, онда жайылымдық жерлердің едәуір ауданы судың болмауына байланысты тиімсіз пайдаланылады. Облыстың құрғақ далалы аймағында шабындықтар мен жайылымдарды суландыру мәселесі өткір күйінде қалып отыр. Облыстың аса құрғақ климаты жағдайында су шаруашылығы іс-шаралары ауыл шаруашылығының одан әрі дамуына, оның тұрақтылығы мен қарқындылығына ықпал ететін шешуші факторлардың бірі болып табылады.

Нормативтік ережелерге сәйкес жайылымдарды суландыру көздерін таңдау санитарлық талаптар мен техникалық-экономикалық есептерге негізделуі керек. Судың сапасын бағалау кезінде тығыз қалдық мөлшері 1 г/л – ден аспайтын, суы тұщы – 1-ден 5 г/л-ге дейін және суы тұзды – 5 г/л-ден асатын сулар тұщы болып саналады. Тәжірибе көрсеткендей, шөл және шөлейт жағдайларда суы көп жағдайда маусымдық жайылымдарда пайдалануға жарамды [5].

Мониторинг көрсеткіштері бойынша, өзендер, каналдар, тоғандар, су қоймалары түріндегі ашық су көздері жер асты сулары болмауынан және олардың сапасы қанағаттанарлық болмаған кезде, сондай-ақ оларды пайдалану экономикалық тиімсіз болған кезде жайылымдарды суландыру үшін пайдаланылады. Сол себепті облыста тоғандар мен су айдындары, яғни ашық жерүсті суларын пайдалану жайылымдық мал шаруашылығында кең таралған.

Бүгінгі таңда Батыс Қазақстан облысында малды суару табиғи су көздерінен (көлдер, өзендер) және жасанды су көздерінен (шахталы және құбырлы құдықтар, каналдар, қазылатын тоғандар) өндіріледі. БҚО-нда 40 жылдан астам бұрын салынған жасанды суару құрылыстарының көпшілігі қазіргі уақытта мал бағатын жерлерде сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылуда. Бұрын салынған көптеген жасанды су көздерінің қазіргі кездегі техникалық жағдайы тозып, топыраққа көміліп, шығымдылығы төмендеп, минералдану деңгейі артып, сусызданғанын ескерген жөн.

Батыс Қазақстан облысы аумағында негізгі су көздері Жайық өзені және оның ірі салалары Шаған, Деркөл, Елек, Барбастау, Утва, Үлкен және Кіші Өзен өзендері, көлдер мен су шаруашылығы жүйелері – Орал-Көшім, Үлкен өзен, Кіші өзен және Жәнібек суару-суландыру жүйелері болып табылады.

Жайықтың оң жағалауында әр түрлі бағытта Орал-Көшім суару-суландыру жүйесінің көптеген арналары бар [5]. Орал-Көшім суару-суландыру жүйесі Батыс Қазақстан облысының ірі ирригациялық жүйесі және оның алаңы 97,6 мың га [6].

Жайық өзенінің транзиттік суларын пайдалана отырып, төрт су қоймасында суды жинақтай отырып, Орал-Көшім суару-суландыру жүйесін, Үлкен және Кіші Өзен өзендерінің базасындағы суару жүйелерін, Қалдығайт, Өлеңті және Бұлдырт өзендерінің төгілулерінде пайдалану мақсат етіледі. Орал-Көшім суару – суландыру жүйесі Орал өзенінен су алуды және оны одан әрі су берудің механикалық құралдарын пайдаланбай жүйе бойынша бөлуді қамтамасыз етеді. Жүйе жайылма суару жүйелерін сумен қамтамасыз етуге ғана емес, сондай-ақ облыстың оңтүстік қуаң аудандарында экологиялық жағдайды сақтау бойынша үлкен жүктеме көтереді, мал суаруға арналған көптеген су айдындары мен қазылма тоғандарды сумен қамтамасыз ету үшін қажетті су қорын жасайды.

Облыстың бұл бөлігінде өзендер мен каналдардың тығыздығы өте жоғары. Зерттелген аумақта шалғайдағы мал шаруашылығы пункттері суландыру каналдарының жанында орналасқан. Пункттердің жанында каналдардан су толтырылған тоғандар бар. Суару-суландыру жүйелеріне іргелес аудандарда суландыру өзендерден немесе ірі су қоймаларынан су беретін тұрақты немесе мезгіл-мезгіл жұмыс істейтін суландыру каналдарынан жүзеге асырылады. Егер суландыру каналы кезең-кезеңімен жұмыс істейтін болса, онда суландыру каналы жұмыс істемейтін кезеңге суландырылатын аумақта суды резервтеу туралы мәселе шешіледі. Суды ұсақ тоғандар мен су қоймаларында сақтайды.

Жайылымдарда жасанды құрылыстардан – тоғандардан суландыру да қолданылады. Тоғандарда су арналар арқылы беріледі немесе көктемде қар еріген кезде су жинау алаңынан ағып, тоғанда қалады.

Шөлейтті аймақтың оңтүстік-батыс, солтүстік-батыс бөліктері өзендер мен каналдардың әлсіз шоғырлануымен сипатталады, бұл аумақтардың табиғи аймақтарымен байланысты. Облыстың осы бөлігі аумағының жартысына жуығы жайылымдық жерлерді суландыруды қажет етеді.

Жайықтың сол жағалауында жайылымдарды суару және суландыру каналдарымен суландыру жүзеге асырылмайды, өйткені қолда бар бірнеше арналар жұмыс істемейді. Жаз мезгілінде өзендердің тығыздығына қарамастан, ұсақ тоғандар мен су ағындары кебеді. Жазғы сабалық ағынның аздығына байланысты жер үсті су көздеріне сумен жабдықтауды негіздеу мүмкін емес.

Осылайша, Батыс Қазақстан облысының бай жайылымдық алқаптары бар кең аумағы шалғайдағы мал шаруашылығын қарқынды дамыту үшін қолайлы жағдай жасады. Бұл бағытты табысты дамыту үшін барлық алғышарттар бар. Ауыл шаруашылығы жануарлары санының жыл сайын өсуіне байланысты жайылымдарды суландыру мәселесі өткір тұр. Жайылымдарды сумен қамтамасыз ету проблемалары одан әрі зерделеуді және шешудің қазіргі заманғы жолдарын іздеуді талап етеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher/activities/10337lang=ru>
2. Сайт «WWW.gov.kz» [Электронный ресурс]. Режим доступа: [https://egov.kz/cms/ru/articles/land\\_relations\\_departments](https://egov.kz/cms/ru/articles/land_relations_departments)
3. Ауыл шаруашылығы басқармасының 2021 жылғы есебі.
4. Тумлерт В.А., Онаев М.К. Обводнение пастбищ Западного Казахстана: современное состояние и перспективы использования.
5. Касенов М.Р., Копанев Г.В. Обводнение пастбищ Казахстана // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. Алматы. – 1990. – № 12. – С. 105-104.
6. Онаев М.К. Лиманы Западно-Казахстанской области. – Уральск: НЦНТИ. – 2012. – 131 с.

Г.О.Камзина<sup>1</sup>, Г.А. Құмарбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный аграрный университет, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан, г. Семей

## РОСТ И РАЗВИТИЕ ЖИТНЯКА ШИРОКОКОЛОСОГО В ЗАВИСИМОСТИ ОТ РАЗЛИЧНЫХ ДОЗ МИНЕРАЛЬНЫХ УДОБРЕНИЙ В УСЛОВИЯХ СУХОСТЕПНОЙ ЗОНЫ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**Актуальность исследований:** Основной метод поверхностного улучшения природных кормовых угодий – сохранение естественных травостоя и создание благоприятных условий для роста и развития растительности, органическими и минеральными элементами питания, улучшение почвы [2]. В настоящее время пастбищные ресурсы используются нерационально. Все поголовье скота сосредоточено вокруг населенных пунктов и открытых водоемов в радиусе 10-15 км от них. В результате интенсивной пастбы и постоянного вытаптывания скотом, наблюдается массовое выпадение из травостоя злаковых трав и заселение участков малоценными, грубо стебельными растениями. Эти угодья подвергаются прогрессирующей деградации с урожайностью сухой массы не превышающей 1-5 ц/а [3]. Однако житняк, обладая сильной жизненной энергией, выработанной тысячелетним периодом выживания и формирования вида в условиях сухостепного региона, проявляет удивительную выносливость [4]. Растения житняка могут сохраняться на полях до 20-25 лет. Ценными биологическими особенностями житняка являются хорошая урожайность, долговечность и высокая питательность корма. В связи с необходимостью повышения продуктивности природных кормовых угодий, в 2015-2020 годах в условиях сухостепной зоны Восточно Казахстанской области были проведены исследования эффективности применения приемов поверхностного улучшения.

Одной из задач исследований являлось установление фенологических фаз житняка ширококолосого, произрастающего на землях Восточно Казахстанской области.

Определение наступления фенологических фаз растений травостоя на пастбищах необходимо для изучения роста и развития растений. Кроме того, установление фенологических фаз важно для определения пастбищной спелости травостоя, когда можно и наиболее целесообразно проводить выпас скота при рациональном использовании естественных кормовых угодий [5].

Методика исследований. Исследовательские опыты были заложены в крестьянском хозяйстве «Лана» Бескарагайского района ВКО. По правилам полосной системы земледелия площадь в 100 га разделена на 3 участка: 1-й участок – контроль – чистый посев многолетних трав; 2-ой участок посев многолетних трав под покров ячменя с дозами минеральных удобрений N<sub>60</sub>P<sub>40</sub>K<sub>30</sub>; 3-й участок многолетние травы под покров ячменя с дозами минеральных удобрений N<sub>80</sub>P<sub>50</sub>K<sub>40</sub>. Испытывалась стародавняя многолетняя трава – житняк. Сорт – Карабалыкская 202. Почва где проводились исследования, содержание общего гумуса, основных элементов питания растений выглядит следующим образом: по содержанию общего гумуса низкое (2,37 %), гидролизуемого азота- среднее (47,6 мг/кг), подвижного фосфора- среднее (26 мг/кг), подвижного калия высокое (480 мг/кг), рН водный – щелочная (8,36), гранулометрический состав почвы-суглинок средний. С целью определения способности житняка в условиях сухостепной зоны ВКО на старо возрастных посевах определяем урожайность пастбищной массы по фазам развития – кущения, трубкование, колошение, высокая спелость семян [6].

Схема опыта:

1. Укос в фазе кущения
2. Укос в фазе трубкования
3. Укос в фазе колошения
4. Укос в фазе высокой спелости (созревания).

После основного укоса наблюдаем за ростом и развитием отавы и при его нарастании проводим повторный укос. Опыт также, как и предыдущий закладывается дважды во времени. Площадь делянок 30мг, повторность трехкратная.

В полевых опытах по изучению технологии возделывания житняка ширококолосого и влияния органических и минеральных удобрений на его урожайность проводим следующие учёты и наблюдение:

- 1.Фенологические наблюдения. На травостое в год посева отмечалась дата появления всходов (10%) и полные всходы (более 75%) на травостое второго года и последующих лет жизни фиксировались даты прохождения фенологических фаз – кушение, выход в трубку колошение, цветение и созревания семян;
- 2.Динамика густоты стояния растения определялось с момента установления полных сходов на закрепленных метровых площадках, в трехкратной повторности.
- 3.Учет урожайности в пастбищной массы и сено житняка ширококолосого в опытах поводили путем скашивания травостоем на высоте 3см с трех погонных метров.
- 4.В растительных образцах житняка ширококолосого по фазам развития определяли полный зоотехнический состав корма, макро и микро элементные составы аминокислотный. Анализы выполнялись в лаборатории питательной оценки кормов в КазНИИ животноводство и кормопроизводство.

**Результаты исследования.** Для многолетних трав урожай определяют осадки осенне-зимнего и весеннего периодов, которые способствуют созданию более высоких запасов влаги в почве, следовательно, и формированию более высокого урожая [7].

В предшествующем исследованиям 2019 году выпало 476 мм осадков (на 47% больше среднемноголетних), причем, в декабре выпало 33 мм, в 2019 году в январе 30 мм, феврале 29 мм (на 154%, 131% и 190% больше среднемноголетних), а в марте 21 мм (на 91% больше среднемноголетних данных).

В апреле осадков выпало 27 мм, на 19% меньше среднемноголетних данных. Переход температуры через порог весеннего отрастания многолетних холодостойких трав (+5°C) пришелся на дату 29.04.2020., отрастание трав проходило в условиях заниженного температурного режима (0,6°C отклонения от среднемноголетних данных), почти одновременно на всех вариантах технологий.Максимальное влияние на продуктивность травостоя оказывает сумма выпавших осадков в период кушение-колошение [8].

Таблица 1 – Урожайность зеленой массы и сена житняка ширококолосого по фазам вегетации

Варианты	Фаза развития	2019г		2020г		2021г		Среднее за три года	
		Зеленой массы	сухой	зеленой	сухой	зеленой	сухой	зеленой	сухой
Без удобрений	кушения	3,3	1,4	2,1	0,7	3,3	1,6	2,9	1,3
	трубкования	3,6	1,8	4,6	2,1	4,9	2,4	4,7	2,1
	колошения	11,2	5,1	9,9	4,7	12,2	5,8	11,1	5,2
	цветения	14,5	5,9	13,5	6,3	15,8	7,9	14,6	6,7
N60P40K30	кушения	3,5	1,9	3,2	0,9	3,8	2,0	3,5	1,6
	трубкования	3,9	1,9	5,0	2,1	5,3	2,5	4,7	2,1
	колошения	11,4	5,1	11,7	5,3	12,2	6,3	11,7	5,5
	цветения	14,7	5,9	14,8	6,2	15,8	8,0	15,1	6,7
N80P50K40	кушения	4,0	2,1	3,4	1,9	4,0	3,0	3,8	3,3
	трубкования	4,1	1,8	5,3	3,1	5,7	2,9	5,0	2,6
	колошения	12,2	6,2	12,5	6,3	12,2	6,7	12,3	6,2
	цветения	15,2	6,3	15,8	7,3	16,1	8,4	15,7	7,3

Урожайность зеленой массы житняка ширококолосого в фазе кушения по годам исследований составила 2,9 ц/га или 1,3 ц/га сухой массы. Наблюдения за участком, где провели учет урожая и срезали травостой в фазе кушения, за летний период травостой плохо отрастая. И только в июне начале июля эти участки имели неплохой травостой. Но в травостое отсутствовали генеративные побеги и на отдельных кустах отмечены признаки выхода в трубку. И только в конце сентября в травостое отметились вегетативные побеги и травостой можно было использовать в пастбищных целях.

Следующем году в травостое житняка учета весной в фазе кушения и осенью перед уходом в зиму, наблюдалась его слабое отрастание то есть его травостой по урожайности уступал обычному травостоем. Проведенные исследования показывают, что травостой житняка нельзя интенсивно стравливать животными в начале его отрастания.

Фаза трубкования житняка в зоне наших исследований приходится на май месяц а его урожайность зеленой массы колеблется от 3,6 до 4,9 ц/га.

Дальнейшее наблюдения за ростом и развитием травостоя житняка называет на его слабое отрастания. К осени на травостое отмечены развывшийся кусты находящиеся в фазе кушения. Лишь на отдельных кустах просматриваются начала развития вегетативных или генеративных побегов.

На следующем году на участке фазы вегетации житняка приходили как обычно на его старе возрастных посева.

После использования травостоя в начале его развития наращивает отаву возможную использованию в осеннее время. В фазе колошения кусты житняка увеличивается в объёме, имея массу прикорневых и стеблевых листьев. Урожайность в этой фазе житняка колеблется от 9,9 до 12,2 ц/га зеленой массы. Однако скармливания или скашивания травостоя житняка не гарантирует повторного высокого урожая. Лишь глубокой осенью, да и то при наличии почвенной влаги или выпадения атмосферных осадков, наблюдается его незначительное отрастания. На следующий год травостой на этом участке не уступает по урожайности другим участкам и кусты житняка развиваются как на прочих его посевах. Самая высокая урожайность житняка отмечена в период его цветения-13,5-15,8 ц/га зеленой массы. Именно в этот период рекомендуется использовать его травостой на сено. Лишь в благоприятные осадками года травостой житняка и осени отрастает. Одним из основных и важнейших составных частей кормовых растений является протеин. В злаках его содержания определяется обеспеченностью почвы доступными формами азота. Поэтому внесение азотного удобрения способствует значительному повышению содержания сухого протеина в растениях. Ниже приводим химический состав житняка ширококолосого по фазам развития.

Таблица 2 – Влияние минеральных удобрений на урожайность зеленой массы и сена житняка на участке "Балапан" 2019-2021 гг.

Варианты	Ширина межд см	Норма высева млн/га	Диаметр куста см	Высота генеративных побегов см	Длина прикорневых листьев см	Масса 1 куста г	Процент листьев и вегетативных побегов
1-й год жизни 2019							
1 без удобрений	10	3,0	2,5	45,5	13,0	3,8	89,3
	22	1,8	3,2	48,3	14,9	4,3	89,3
	38	0,8	3,5	4,8	14,9	4,5	88,3
	48	0,8	3,3	49,1	13,0	5,8	89,0
2 N <sub>60</sub> P <sub>40</sub> K <sub>30</sub>	13	3,5	3,5	50,0	14,8	4,4	99,2
	28	2,0	4,0	49,0	15,8	5,0	98,0
	42	1,23	4,2	51,3	14,8	5,5	98,3
	54	1,0	4,0	52,0	14,0	6,0	98,4
3 N <sub>80</sub> P <sub>50</sub> K <sub>40</sub>	15	4,0	3,9	50,4	15,1	4,4	99,8
	30	2,0	4,2	49,5	16,0	5,6	98,4
	45	1,33	4,4	51,6	15,5	5,8	98,8
	60	1,0	4,6	52,3	14,9	6,3	98,8
2-й год жизни 2020							
1 без удобрений	10	3,0	3,0	45,2	15,0	3,0	97,0
	20	1,0	3,2	4,3	1,0	5,8	98,2
	30	0,8	4,5	40,0	15,0	5,9	95,3
	40	0,5	4,3	40,3	16,3	6,0	93,5
2 N <sub>60</sub> P <sub>40</sub> K <sub>30</sub>	13	3,8	4,0	49,0	15,8	4,9	97,3
	27	1,9	4,1	52,3	1,0	5,8	98,,
	41	1,23	4,9	40,3	15,9	5,9	96,0
	54	0,7	4,8	50,0	16,7	6,9	94,8
3 N <sub>80</sub> P <sub>50</sub> K <sub>40</sub>	15	4,0	4,4	52,7	16,6	5,4	98,6
	30	2,0	4,7	56,7	17,3	6,1	98,1
	45	1,33	5,1	49,4	16,3	6,4	96,4
	60	1,0	4,8	52,3	17,1	7,1	95,7
3-й год жизни 2021							
1 без удобрений	11	3,5	11,0	54,8	20,1	19,3	90,1
	23	1,7	12,3	48,0	19,3	20,3	78,9
	43	1,20	11,7	49,3	17,3	25,7	79,3
	58	0,7	12,7	49,1	18,0	23,5	78,3
2 N <sub>60</sub> P <sub>40</sub> K <sub>30</sub>	15	4,0	12,0	55,1	22,0	24,1	90,1
	27	1,9	13,0	57,0	20,3	26,3	85,9
	43	1,20	12,1	55,0	23,0	28,3	85,3
	57	1,0	13,4	57,3	22,5	29,4	80,0
3 N <sub>80</sub> P <sub>50</sub> K <sub>40</sub>	15	4,0	12,1	55,4	22,2	24,5	90,6
	30	2,0	13,4	57,0	20,5	26,2	86,4
	45	1,33	12,6	55,4	23,2	28,5	85,4
	60	1,0	13,7	57,4	22,7	29,5	80,0

Данные химического состава житняка ширококолосого показывают, что его трава в ранних стадиях очень питательна, содержит 12-13% протеина, и в фазах колошения и цветения его травостой значительно грубеет, количество клетчатки доходит до 33% на абсолютно сухое вещество.

В общем комплексе полноценного кормления животных вопросы минерального питания занимают особое и очень важное место. Сочетания в рационах сельскохозяйственных животных питательных веществ с достаточным количеством минеральных солей при благоприятных условиях содержания и уходе обеспечивают нормальный рост, развитие организма и правильный обмен веществ. Что стимулирует их высокую продуктивности.

Всхожесть также может быть заниженной и семена высеваются не глубоко, в верхний слой почвы, который как правило быстро высыхивается.

Кущение травостоя житняка наступает лишь в начале лета и это при наличии почвенной влаги и выпадения атмосферных осадков [9].

Нами как было отмечено глубина сева семян житняка на его полевую всхожесть изучалась путем заклада полевых опытов в ранневесенний период. 300 семян житняка с учетом хозяйственной годности на глубину от 1 до 5 см в рядки длиной 2,5 м. Хозяйственная годность семян составила 69,2 % (чистота 76,0, всхожесть 91%), масса 1000 семян – 2,8г.

Таблица 3 – Количество всходов (шт) и полевая всхожесть (%) житняка ширококолосого в зависимости от глубины посева семян.

Глубина посева, см	Годы посева							
	2019		2020		2021		Среднее	
	шт	%	шт	%	шт	%	шт	%
1	75,0	25,0	72,6	24,2	85,2	28,4	77,7	25,9
2	99,9	33,3	120,3	40,1	102,6	34,2	207,7	35,9
3	209,1	69,7	206,1	68,7	207,9	69,3	206,7	68,9
4	124,5	41,5	111,0	37,0	129,3	43,1	121,5	40,5
5	107,1	35,7	83,1	27,7	84,6	28,2	81,6	27,2

Полученные данные по полевой всхожести семян житняка в зависимости от глубины посева семян житняка указывают на высокую всхожесть (68,9-40,5%). Наилучший глубиной посева следует считать 3 см, при котором всхожесть по трем годам составила 68,9%. Удовлетворительный результат получен и при посеве на глубину 4 см-40,5. Низкая полевая всхожесть получена при посеве на глубину 1-2 см (25,9-35,9%) что объясняется усыханием верхнего горизонта почвы. Глубокий посев семян житняка на 5 см также имеет низкую полевую всхожесть. (27,2%).

Исследования по определенной поедаемости и переваримости травы житняка ширококолосого на валухах казахской наряды в фазах колошения и цветения, в результате полученной следующей коэффициенты переваримости: протеина – 89,9 жира – 73,4 клетчатки – 66,6 и БЭВ (без азотистого экстрактивного вещества) 84,5 %. В итоге установлено, что житняк ширококолосый имеет высокий коэффициент переваримости и в 100кг при натуральной влажности в период колошения цветения в нем содержалось 33 кормовые единицы и 5,2 на переваримого протеина. В итоге получены следующие коэффициенты переваримости житняка по фазам его развития (табл. 3)

Таблица 4 – Коэффициенты переваримости питательных веществ пастбищной массы житняка ширококолосого по фазам развития.

Фаза развития	% влаги	Коэффициенты переваримости, %					
		Сухого вещества	Органического вещества	Протеина	Жиры	клетчатки	БЭВ
Кушения	76,0	72,11	74,25	92,67	88,76	50,16	76,23
Выход в трубку	74,2	70,53	75,27	84,56	72,19	59,27	79,05
колошение	64,7	68,42	73,36	78,31	67,33	67,66	75,24
Цветение	63,4	66,05	70,83	71,15	56,40	62,70	75,19

Коэффициенты переваримости травы житняка по фазам развития не одинаковы. Самый высокий коэффициент переваримости наблюдается в ранние фазы его развития (табл. 4). Переваримость протеина веществ в более поздней фазе развития значительно уменьшается. Что объясняется увеличением клетчатки и огрубением травостоя [10].

**Заключение.** Наблюдения за ростом и развитием житняка ширококолосого, произрастающего

естественным образом на землях Восточно-Казахстанской области.

1. В среднем за три года годовое количество осадков намного превышало среднесуточные показатели, но распределение выпадения осадков и среднесуточной температуры по месяцам складывалось по-разному. Несмотря на хорошее увлажнение, из-за пониженного температурного режима в 2019 году было отмечено позднее отрастание трав. В фазу кушения-выхода в трубку многолетних трав условия увлажнения и температурный режим были неудовлетворительными, что сказалось на длительности этих процессов. На первом году исследований отрастание началось одновременно на всех вариантах, но в дальнейшем по росту и развитию (выход в трубку-колошение) первыми были варианты с применением аммиачной селитры в дозе 40 кг д.в. и обработки дернины боронами John Deer 2600 и Биг-3А (Технологии 5, 6).

2. Весной 2020 года условия увлажнения были не очень высокими, но благоприятный температурный режим способствовал раннему отрастанию многолетних трав. В последующем травы были обеспечены условиями увлажнения и необходимой температурой, что повлияло на процесс активного и дружного кушения. На втором году исследований первыми начали отрастать растения на вариантах Технологий 6 и 12, где проводилось боронование Биг-3А после внесения азотного и азотно-фосфорного удобрений соответственно.

3. В 2021 году весеннее возобновление травостоя началось раньше предыдущих лет исследований и сопровождалось хорошими условиями увлажнения. Процесс кушения был растянутым из-за недостаточного количества осадков в мае, но выпавшее в июне большое количество осадков компенсировало рост и развитие житняка на некоторых вариантах применения приемов поверхностного улучшения. На третий год исследований было отмечено, что первыми начали возобновление вегетации растения на всех вариантах с внесением аммиачной селитры (Технологии 4, 5, 6), а также растения на варианте с внесением суперфосфата и боронованием Биг-3А (Технология 9).

4. Применение азотного удобрения способствует ускорению наступления фазы кушения в сравнении с контролем на 5-7 дней, но на 3-4 дня удлинняет периоды кушения-колошения. На остальных вариантах больших различий по прохождению фенологических фаз растениями не наблюдалось.

#### Список литературы

1. Байтеленова А.А., Серекпаев Н.А., Стыбаев Г.Ж. Поверхностное улучшение пастбищ в условиях Северного Казахстана путем посева житняка // С. Сейфуллина. – Т.1, ч.1. – 2014. – С.7.
2. Бакуменко И. Возделывание житняка на сено и семена // Агро-Инфо [Электрон. ресурс]. – 2014. – URL: (дата обращения: 15.09.2016).
3. Браун Э.Э., Диденко И.Л., Чекалин С.Г. Влияние водного и температурного режима на высоту житняка // Журнал Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана «Ғылым және білім» № № 4 (9). – 2007. – С.3-6.
4. Диденко И.Л., Чекалин С.Г. Житняк в интенсификации кормового поля западного Казахстана // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. – №32-1. – Том.4. – 2011. – С.40-42.
5. Методика опытных работ на сенокосах и пастбищах. Под ред. Конюшкова Н.С., Работнова Т.А., Цаценкина И.А. – Москва: СЕЛЬХОЗГИЗ, 1961. – 287 с.
6. Можаяев Н.И., Серекпаев Н.А. Кормопроизводство. Учебник. – Астана. – 2009. – 359 с.
7. Серекпаев Н.А., Стыбаев Г.Ж., Колесникова Л.И. Эффективность различных приемов поверхностного улучшения пастбищ в условиях Северного Казахстана // Международный научный журнал «Аграрное образование и наука» Уральского аграрного университета. – №2. – 2015. – 11 с.
8. Тусупбекова Л. Спасти пастбищный потенциал // Казахстанская правда. – № 111 (28237). – 11.06.2016. – С.4.
9. Черненко В.Г. Научные основы и практические приемы управления плодородием почв и продуктивностью культур в Северном Казахстане. – Астана: КАТУ имени С.Сейфуллина, 2009. – С. 24-28.
10. Юрченко В.А.. Пути создания прочной кормовой базы в Казахстане // Казах.Зерно [Электрон. ресурс]. – 2015



**Б.А. Кентбаева<sup>1</sup>, Н.Н. Бессчетнова<sup>2</sup>, Ж.М. Байгазакова<sup>3</sup>, В.П. Бессчетнов<sup>2</sup>, Е.Ж. Кентбаев<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ.

<sup>2</sup>Нижегородтық ауылшарушылық академиясы, Ресей Федерациясы

<sup>3</sup>Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

### ДОЛАНАНЫ ЖЕМІСТЕРІНІҢ ПАРАМЕТРІ БОЙЫНША КЕШЕНДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Долана – жапырақты ұсақ ағаштар немесе биік бұталар, көбінесе көп сабақты, биіктігі 5-7 м. Діңнің қабығы қоңыр немесе сұр, жарықшақты болып келеді. Тәжі сфералық немесе жұмыртқа тәрізді, көбінесе асимметриялы. Бұтақтары түзу немесе ирек тәрізді. Жемісі – алма, диаметрі 0,8-1-2,5 см, 1-5 сүйекті. Жемістердің пішіні әртүрлі: шар тәрізді, сопақша, алмұрт тәрізді. Жемістің түсі түріне байланысты: қызыл, қызғылт сары, сары, шие, қара. Кейбір түрлердің жемістері шырынды және тәтті, ал басқалары қышқыл-тәтті немесе құрғақ еті бар. Долананың әр түрлі гүлдену және жеміс беру уақыттары атап өтілді, ең ерtesі 1-3 жастан бастап *C. almatensis* A. Rojark, кейінірек 11-12 жаста *C. prunifolia* (Poir.) Pers және *C. crus-galli* L. Долана жемістерінің орташа өнімділігі 3,5 – 9 кг. Өнімді жылдары *C. pontica* A. Koch бір ағашы 20 - 30 кг, ал кейде суару жағдайында жеке ағаштар 50 кг-ға дейін жеміс береді. Өнімділік бойлық бағытта артады [1, 2].

Кесте 1 – Жеміс параметрлері бойынша долана түрлерінің өзгергіштігі

№ п/п	Түр атаулары	Орташа мәндер M ± m		Парақ пішінінің коэффициенті	Парақ ауданының коэффициенті	Орташа мәндер M ± m	
		ұзындығы, мм	диаметрі, мм			салмағы, мм	жемістердегі тұқымдар саны, дана
1.	Д. алматылық <i>C. almatensis</i> Rojark.	13.53 ± 0.207	14.68 ± 0.203	0.89	57.48	1.52 ± 0.050	4.20 ± 0.186
2.	Д. алтайлық <i>C. altaica</i> Lge.	11.19 ± 0.084	12.19 ± 0.119	1.12	48.11	0.97 ± 0.023	4.95 ± 0.050
3.	Д. желдеткіш тәрізді <i>C. flabellate</i> C. Koch	14.44 ± 0.100	16.50 ± 0.180	0.96	43.80	2.14 ± 0.044	4.10 ± 0.143
4.	Д. волгалық <i>C. volgensis</i> Rojark.	11.32 ± 0.107	11.10 ± 0.117	1.05	32.33	0.73 ± 0.020	2.05 ± 0.050
5.	Д. алмұрт <i>C. calpodendron</i> Medic.	10.17 ± 0.122	9.45 ± 0.120	1.57	26.10	0.56 ± 0.020	3.75 ± 0.123
6.	Д. даурлық <i>C. dahurica</i> Koehne	11.58 ± 0.145	12.09 ± 0.144	1.07	56.83	1.12 ± 0.034	3.80 ± 0.138
7.	Д. Дуглас <i>C. Douglasii</i> Lindl.	9.89 ± 0.131	10.96 ± 0.103	1.09	41.42	0.70 ± 0.015	4.95 ± 0.050
8.	Д. жасыл ет <i>C. chlorosarca</i> Maxim	9.52 ± 0.112	9.17 ± 0.089	1.01	33.58	0.43 ± 0.007	4.50 ± 0.115
9.	Д. қисық жапырақты <i>C. curvisepala</i> Lindm.	11.48 ± 0.138	11.08 ± 0.130	0.90	25.60	0.82 ± 0.023	1.85 ± 0.082
10.	Д. қан-қызыл <i>C. sanguinea</i> Pall.	17.16 ± 0.136	16.23 ± 0.111	1.18	62.00	2.45 ± 0.034	4.00 ± 0.145
11.	Д. Купфер <i>C. Kupfferi</i> sp. nov.	9.31 ± 0.150	9.54 ± 0.117	1.13	15.27	0.48 ± 0.114	2.05 ± 0.050
12.	Д. Максимович <i>C. Maximowiczii</i> <i>C. K.Schneid.</i>	10.80 ± 0.084	9.48 ± 0.095	1.04	62.55	0.51 ± 0.010	3.80 ± 0.138
13.	Д. оқшауланған <i>C. insularis</i> sp. nov.	10.47 ± 0.074	11.06 ± 0.123	0.84	32.57	0.71 ± 0.020	1.05 ± 0.050
14.	Д. өзен <i>C. rivularis</i> Nutt.	12.05 ± 0.173	12.77 ± 0.143	1.67	46.89	0.94 ± 0.025	4.55 ± 0.135
15.	Д. сонгар <i>C. songarica</i> C. Koch	11.17 ± 0.114	13.27 ± 0.142	1.18	31.26	1.06 ± 0.025	4.05 ± 0.080
16.	Д. Кесе тәрізді <i>C. calicina</i> Peterm	12.32 ± 0.129	11.39 ± 0.152	1.12	28.83	0.85 ± 0.036	2.15 ± 0.082
17.	Д. қара <i>C. nigra</i> W.et.K.	10.18 ± 0.112	11.61 ± 0.115	0.99	49.21	0.75 ± 0.017	4.95 ± 0.050
18.	Д. Шнейдер <i>C. Schneideri</i> nom. nov.	10.03 ± 0.058	9.92 ± 0.066	1.12	61.88	0.62 ± 0.008	4.90 ± 0.069

Бұл жұмыста Есік мемлекеттік дендрологиялық саябағында өсетін түрлі долана түрлерінің жемістерінің сызықтық параметрлері мен салмағы бойынша далалық мәліметтерді статистикалық өңдеу материалдары берілген. Жемістердің сызықтық параметрлері, олардың салмағы егін жинау кезіндегі еңбек өнімділігін айтарлықтай дәрежеде анықтайтын маңызды экономикалық көрсеткіш болып табылады.

Жемістер жаздың екінші жартысында алынбалы немесе тұтынушылық пісіп-жетілген күйде өлшенді. Зерттеу үшін үлгілер 20 данадан алынды. Бұл соманың жеткіліктілігі есептеулермен расталады. Типтік жемістер тәждің қалыпты күн сәулесі жағдайында болатын шеткі бөліктерінен жоғарғы және орта деңгейлерден таңдалды. Жемістің ұзындығы мен диаметрі 1,0 мм, ал салмағы 0,01 г дәлдікпен анықталды. Алынған әрбір өсімдік үшін орташа арифметикалық мәндер цифрлық деректермен математикалық статистика әдістерімен өңделді [3, 4].

Бір тегістелген экофонда өсетін әртүрлі долана түрлерінің жемістерінің параметрлерін салыстырмалы талдау олардың морфологиялық сипаттамаларында айтарлықтай айырмашылықтарды анықтады (1-кесте). Ұрықтың ұзындығы жеткілікті шектерде өзгереді. Орташа мәндер диапазоны 9,31-ден 17,16 мм-ге дейін. Лимиттердің таралуы 8,0-18,70 мм деңгейінде. Бір түрдегі (*C. almaatensis* Pojark.) шектердің шектік ауытқуы 3,90 мм. Барлық зерттелетін түрлер үшін белгі шегіндегі ауытқулардың амплитудасы 7,85 мм. *C. sanguinea* Pall ең ұзын жемістерге ие (17,16 мм.), *C. Kupfferi* sp. басқа түрлерге қатысты ең қысқа (9,31 мм). «қалыпты» критерийі бойынша барлық тексерілген түрлер топтарға бөлінді. Осының негізінде жеміс ұзындығы бойынша «ең жақсы» түрлер анықталды – *C. sanguinea* Pall., *C. flabellate* C. Koch, *C. almaatensis* Pojark. орташа мәндер, олар 13,53-17,16 мм аралығында болады. Орташа топтағы «қалыпты» ең көп – 10 түр, олардың орташа ұзындығы абсолютті орташа мәнге жақын (11,48 мм). Жеміс ұзындығының стандарты Эстониялық *C. curvisepala* Lindm түрі болып табылады. Орташа жеміс ұзындығы 11,48 мм.

Жеміс диаметрінің өзгеру коэффициенттерінің өзгергіштік дәрежесі барлық жағдайларда өте төмен. Белгі ішіндегі өзгеру диапазоны 9,17 деңгейінде.

Лакиннің «қалыпты» критерийі бойынша 16,50 мм. (Сәйкесінше *C. chlorosarca* Maxim. және *C. flabellate* C. Koch). белгінің шекарасы анықталды. Ең үлкен орташа масса ең кішіден 5,7 есе асып түседі. Диаметрі мен ұзындығы бойынша көшбасшылар, *C. almaatensis* Pojark, ең ауыр жемістерге ие (1,54 г.), *C. flabellate* C. Koch. (2.14). Қиыр шығыс түрлері, салыстырсақ, тұқымдық массасы бойынша басқалардан артта қалады. Сондай-ақ, Орталық Азиядан шыққан түрлердің басқалармен салыстырғанда жемістері үлкенірек екенін атап өткен жөн.

Сапалық сипаттамалары бойынша салыстыру – жемістің түсі мен пішіні айтарлықтай айқын гетерогенділігін көрсетеді. Айырмашылықтарды ұрықтың пішінінде байқауға болады. Бұл ұзындығы мен диаметрі туралы деректермен расталады, оған қарсы бір түр үшін жеміс пішінінің коэффициенттері есептелді. Сонымен, ең дөңгеленгені *C. Schneideri* nom. қараша пішін коэффициенті 1,01, ұзындығы 10,03 мм және диаметрі 9,92 мм. *C. volgensis* Pojark. пішін коэффициенті 1,02 (ұзындығы – 11,32 мм, диаметрі – 9,48 мм) бар. *C. Maximowiczii* C.K. Schneid. ең ұзартылған жеміс пішініне ие, оның пішін факторы 1,14 мм (ұзындығы – 10,80 мм, диаметрі – 11,10 мм). Коэффициенті бойынша полюстердегі ең сығылған *C. songarica* C. Koch болып саналады, оның орташа диаметрі орташа ұзындықтан 1,19 есе асып түседі.

Долана жемістерінің түсі кең ауқымда өзгереді: сары, қызғылт сарыдан қоңырға дейін (*C. altaica* Lge., *C. calpodendron* Medic., *C. dahurica* Koehne); қызылдан қан қызылға (*C. insularis* sp. nov., *C. dahurica* Koehne, *C. Maximowiczii* C.K. Schneid., *C. sanguinea* Pall.); карминнен қызыл реңкті маржанға дейін (*C. flabellate* C. Koch, *C. calicina* Peterm, *C. volgensis* Pojark); күлгін-қара, қоңыр-қарадан қараға дейін (*C. songarica* C. Koch, *C. almaatensis* Pojark., *C. Douglasii* Lindl., *C. rivularis* Nutt., *C. chlorosarca* Maxim., *C. Schneideri* nom. nov., *C. nigra* W.et.K.). Жемістің негізгі түсі тұрақты сақталады және түрді анықтаудың сенімді критерийі болып табылады, сондықтан негізгі түстің сақталуы генотиптік жолмен анықталады.

Сызықтық параметрлері бойынша жеміс салмағы, морфологиялық белгілердің гетерогенді өзара тәуелділігі анықталды, әртүрлі комбинацияларда корреляция байқалды. Барлық белгілер үшін орындалған корреляциялық коэффициенттерді есептеу нәтижелері, олардың жалпы мәндері және экстремалды көріністері 2-кестеде көрсетілген. Жеміс параметрлері бойынша корреляция нәтижелерін талдау белгілер арасындағы тығыз тікелей байланысты байқауға мүмкіндік береді: ұрықтың салмағы мен ұзындығы арасында, ұрықтың салмағы мен диаметрі арасындағы байланыс  $0,71 \pm 0,111$  жетеді және

тиісінше  $0,76 \pm 0,095$ . Жемістердің диаметрі мен ұзындығы орташа деңгейде сәйкес келеді.

Жемістердің дисперсиялық талдауы (3-кесте) Фишердің тәжірибелік критерийлері барлық параметрлер бойынша оның кестелік мәнінен (2,5) 143,48 есе жоғары екенін көрсетеді. Өсімдіктердің тұқым қуалаушылық қасиетін көрсете отырып, факторлардың әсер ету күшінің көрсеткіші 81,9 – 96,10% аралығында.

Кесте 2 – Жеміс параметрлері бойынша корреляциялық талдау

Көрсеткіштер		Корреляция коэффициенттері және олардың қателері, $r \pm m_r$			
		ұзындығы	ені	салмағы	жемістердегі тұқымдар саны
Же м і с т е р	ұзындығы		$0.57 \pm 0.152$	$0.71 \pm 0.111$	$0.03 \pm 0.223$
	ені	$0.57 \pm 0.152$		$0.76 \pm 0.095$	$0.17 \pm 0.217$
	салмағы	$0.71 \pm 0.111$	$0.76 \pm 0.095$		$0.29 \pm 0.205$
	жемістердегі тұқымдар саны	$0.03 \pm 0.223$	$0.17 \pm 0.217$	$0.29 \pm 0.205$	

Нәтиже кең мағынада тұқым қуалаушылық коэффициентімен көрсетіледі. Ең аз маңызды айырмашылықтың мәніне сәйкес, жеміс параметрлеріндегі айырмашылықтар 0,11 – жемістер, 0,38 – жемістердегі тұқымдар саны, 0,46 – жеміс ұзындығы, 0,75 – жеміс диаметрінен асатын айырмашылықтарды маңызды деп санауға болады.

Кесте 3 – Дисперсиялық талдау нәтижелері

№ р/р	Көрсеткіштер	Жемістер			
		ұзындығы	диаметрі	салмағы	тұқымдар саны
1.	Фишер сынақтан өту критерийі	358.7	137.7	520.1	95.7
2.	Фишер критерийінің кестесі (0,5)	2.5	2.5	2.5	2.5
3.	Фактордың әсер ету күшінің көрсеткіші	0.944	0.867	0.961	0.819
4.	Фактор әсерінің репрезентативтілігінің қателігі	0.002	0.006	0.002	0.008
5.	Кең мағынада тұқым қуалаушылық коэффициенті	0.94	0.86	0.96	0.81
6.	Ең аз маңызды айырмашылық	0.46	0.75	0.11	0.38

Бір тіктелген экофонда өсетін әртүрлі шығу тегі жемістерінің параметрлері бойынша долананың кешенді салыстырмалы талдауы зерттелетін түрлердің бір түр ішінде де, шығу тегі әртүрлі үлгілер арасында да айтарлықтай айырмашылықтар көрсеткенін атап өтуге мүмкіндік береді. Түрді анықтауда жемістің түсінің, пішінінің өзгергіштік дәрежесін бағалау жеткілікті критерий болып табылады. Жеміс түсі мен пішіні бойынша түрлердің әртүрлілігі долана тұқымының полиморфизмін тағы бір рет атап көрсетеді. Салыстырылған долана түрлерінің гетерогенділігі қоршаған орта факторларының әсері барынша азайтылған бір аумақта өскенде көрінетіндіктен, олардың шарттылығы тұқым қуалаушылық болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Бобореко Е.З. Боярышник. Минск: Наука и техника. – 1974. – 222 с.
2. Linnaeus C. Speciesplantarum. – Holmiae, 1753. – P. 475-477
3. Прохоров И.А., Потапов С.П. Практикум по селекции и семеноводству овощных и плодовых культур. М.: Колос. – 1975. – 304 с.
4. Плохинский Н.А. Биометрия. М.: Изд-во МГУ. – 1970. 367 с.

\*\*\*

The article carries out the experimental information about biometrical parameters of hawthorn by lined size of studding plants brought out authentic and essential differences, which indicates for heterogeneity of investigated materials. By the method of correlation analyses were among fruits mass and its length and width.

\*\*\*

В данной статье представлены экспериментальные данные по биометрическим показателям плодов боярышника. Достоверно установлена неоднородность исследуемых растений и выявлены видовые различия. Корреляционный анализ выявил достоверную зависимость между массой плодов, их длиной и шириной.

## ОЦЕНКА ЛЕСОРАСТИТЕЛЬНЫХ УСЛОВИЙ, УСТОЙЧИВОСТИ И ДЕКОРАТИВНОСТИ ДРЕВЕСНЫХ РАСТЕНИЙ В ПРИАЛЕЙСКОЙ ЗОНЕ КОЛОЧНОЙ СТЕПИ

Проблема опустынивания и сокращения биологического разнообразия видов приобретает планетарный масштаб, и большие площади земель в регионах России деградируют. В Алтайском крае рост средней годовой температуры и тенденция уменьшения количества осадков, может привести к смещению природных зон, расширить зону опустынивания [1]. С изменением климата меняются условия существования растительных сообществ, и сохранность их снижается. Так, созданные в Алтайском крае для защитного лесоразведения насаждения из берёзы повислой занимают 32,9% площади, тополя бальзамического (46,8%), клёна ясенелистного (10,8%), хвойных и прочих пород (9,5%). Березовые и тополевые лесополосы гибнут в зоне сухой и засушливой степи, поэтому необходим пересмотр вводимых в лесные насаждения пород [2].

Алтайскими центрами интродукции разрабатывается и совершенствуется ассортимент пород для природно-климатических зон края [3], созданы небольшие посадки отдельных видов [4,5]. Закладывать устойчивые, продуктивные и долговечные насаждения необходимо при тщательном подборе культур.

Цель исследования – подбор ассортимента древесных и кустарниковых пород в различных лесорастительных условиях открытой степи умеренно-засушливо-степной подзоны Алтайского края.

Задачи исследования: оценить зимостойкость, засухоустойчивость, состояние и декоративность пород в разных по условиям увлажнения условиях и выделить наиболее устойчивые виды. Объекты исследования: 25 видов древесных и кустарниковых пород, посадки 2014-2019 гг. Отдельные виды наблюдались с 2017 г., но в статье представлены данные наблюдений 2020-2021 гг.

Место и условия проведения исследований. Участок расположен в центре Алтайского края (рис. 1) в подзоне умеренно засушливой степи [6] и представляет собой открытое склоновое уголье северо-западной – северной – северо-восточной экспозиции.




Рисунок 1 – Месторасположение участка на территории Алтайского края

Почвы нейтральные (рН 6,1-7,0) с содержанием гумуса на прилегающих пахотных полях 4,1-6,0%, тяжелосуглинистые; в нижней части склона лугово-чернозёмные, в верхней части – чернозёмы обыкновенные. Запас влаги в метровом слое по зяби составляет 150-175 мм весной, осенью во время перехода температуры воздуха через 5°C – 25-50 мм [7]. Основные климатические данные в зоне умеренно-засушливой степи представлены в таблице 1.

Таблица 1 – Климатические показатели места проведения исследований

Показатель	Величина
Средняя температура января / июля, °С	-17,6 / +20,0
Сумма осадков за год / за май-август, мм	265-350 / 160-200
Коэффициент увлажнения за вегетацию, среднее и lim	0,6-0,8 (0,4-1,2)
– в мае-июне / в августе-сентябре, lim	0,75-1,0 / 0,45-0,6
Количество дней со снежным покровом / средняя высота, см	150-160 / 20-30
ГТК, lim	0,8-1,0
Вегетационный / безморозный период, дней	123-127 / 112-127
Сумма активных температур / абс. min T воздуха, °С	2150-2200 / -52,0
Глубина промерзания почвы, см / испаряемость за тёплый период, мм	200-250 / 400-430

Погодные условия представлены в таблице 2 [8].

Таблица 2 – Гидротермические показатели (г. Алейск), 2020-2021 гг.

Месяц	Дневные температуры, °С			Ночные температуры, °С			Осадки, мм
	min	max	средняя	min	max	средняя	
2020 год							
январь	-27,1	+0,5	-10,2	-27,0	-0,5	-10,9	18,9
февраль	-24,8	+5,9	-6,8	-25,5	+4,8	-8,7	13,8
март	-19,4	+10,5	-2,0	-17,6	+5,3	-4,4	7,4
апрель	-3,4	+31,2	+12,8	-2,0	+22,3	+7,2	5,5
май	+2,7	+34,0	+19,7	+1,4	+27,1	+14,0	9,9
июнь	+5,0	+33,4	+20,4	+4,2	+23,2	+14,9	10,8
июль	+10,0	+32,5	+22,7	+10,4	+26,2	+17,6	34,8
август	+7,5	+31,8	+21,4	+9,5	+23,6	+15,6	15,6
сентябрь	-1,3	+30,0	+13,0	0,0	+23,2	+8,9	26,3
октябрь	-6,8	+17,9	+5,0	-5,2	+16,4	+3,0	22,3
ноябрь	-21,0	+16,8	-3,8	-20,3	+13,7	-4,7	13,7
декабрь	-36,2	-2,4	-14,7	-34,8	-5,7	-15,8	14,4
2021 год							
январь	-38,5	-3,5	-18,2	-34,1	-4,8	-18,6	17,8
февраль	-33,0	+5,9	-12,2	-31,8	+1,6	-14,1	23,8
март	+6,3	+31,1	+20,5	+6,2	+24,2	+15,5	25,3
апрель	-10,7	+23,3	+6,4	-9,7	+19,6	+2,6	2,0
май	+1,0	+34,9	+18,3	+0,2	+26,7	+12,3	4,3
июнь	+6,3	+33,2	+19,8	+5,8	+23,5	+14,4	49,5
июль	+8,2	+33,5	+22,4	+9,0	+26,4	+17,3	15,4
август	+6,3	+31,1	+20,5	+6,2	+24,2	+15,5	25,3
сентябрь	-4,7	+31,7	+12,3	-2,9	+21,6	+8,2	11,8
октябрь	-9,1	+19,5	+4,7	-8,5	+9,5	+1,7	24,5
ноябрь	-17,4	+6,7	-4,3	-18,5	+6,4	-5,1	32,1
декабрь	-23,9	+3,6	-7,2	-25,4	+1,1	-8,2	10,1

Материалы и методы. Степень зимних повреждений растений оценена по шкале З.И. Лучник [9], лесорастительные условия – по Л.С. Савельевой [10], состояние и декоративность древесных пород [11], устойчивость к засухе – по шкале С.С. Пятницкого [12]. Степень и глубина зимних повреждений побегов оценивались после распускания почек до начала роста побегов, состояние деревьев – в конце вегетации до листопада, засухоустойчивость – в II половине лета. Растения высаживались в лунки диаметром 30-40 см и глубиной 10-15 см. Специальной подготовки почвы перед посадкой не проводилось.

Результаты исследований. На участке выделено несколько гигротопов: в нижней части склона гигромезофильные (увлажнение 3 балла – слабовлажные) с близким уровнем грунтовых вод, выше – мезофильные (2 – свежие), присутствует недостаток влаги, в верхней части – мезоксерофильные (1 – суховатые). Насаждение находится в I периоде жизни, сомкнутого полога не образуют.

Минимальные зимние температуры в зимний период 2019/20 г. не опускались ниже -27,1°С, а в зиму 2020/21 г. – 38,5°С, при этом повреждения побегов в зимний период 2019/20 г. выше. Побеги у растений дуба летнего в мезоксерофитных условиях после вторичного прироста обмёрзли сильнее в мягкую зиму, а после засушливого лета меньше (табл. 3). Аналогично сильнее повреждены побеги у ореха маньчжурского в мягкую зиму после засушливого лета, что связано с пробуждением почек в конце августа 2020 г. Только побеги клёна приречного в суровую зиму повредились сильнее; остальные породы

в мягкую и суровую зиму зимовали без повреждений.

Сильнее, чем в зимний период, повреждаются растения от летней засухи. В мезоксерофильных условиях обитания наибольшая глубина промачивания почвы после осенне-зимних осадков составляла 70 см в 2017 г. и до 40-60 см в остальные годы, дефицит влаги вызывает остановку роста в середине июня. По всему насаждению у отдельных видов наблюдается падение тургора листьев в полуденные часы с начала июня и до конца вегетации, а при продолжительных засушливых периодах возможна полная потеря листьев и гибель растений.

Таблица 3 – Балльная оценка устойчивости видов растений, 2020-2021 гг.

Название растения	Условия местообитания	Степень зимних повреждений побегов		Засухоустойчивость		Состояние и декоративность	
		I*	II	I	II	I	II
Деревья							
Бархат амурский ( <i>Ph. amurense</i> )	1/2	-	-	1-2	2-4	0	0
Берёза бородавчатая ( <i>B. pendula</i> )	1/2/3	0	-/0/0	2/4/8	13	1/2/4	4-5
Дуб летний ( <i>Q. robur</i> )	1/2/3	1-2	1	15	15	5	5
Ель гималайская ( <i>P. morinda</i> )	3	0	0	15	15	5	5
Ель сибирская ( <i>P. obovata</i> )	3	0	0	15	15	5	5
Клён приречный ( <i>A. Ginnala</i> )	1	0	2	4	8	3	4
Клён остролистный ( <i>A. platanoides</i> )	1/2	0	0	15	15	5	5
Липа американская ( <i>T. americana</i> )	1/2/3	0	0	8/8/13	13	4/4/5	5
Липа маньчжурская ( <i>T. mandshurica</i> )	3	0	0	8-13	13	4	5
Липа сердцевидная ( <i>T. cordata</i> )	1/2/3	0	0	4/4/8	8/13/13	3/4/4	5
Лиственница сибирская ( <i>L. sibirica</i> )	1/2	0	0	13	15	3-4	5
Орех маньчжурский ( <i>J. mandshurica</i> )	1/2/3	2-3	0-2	2/2/4	8/8/13	1	4
Пихта сибирская ( <i>A. sibirica</i> )	3	0	0	8	13	2	4
Сосна обыкновенная ( <i>P. sylvestris</i> )	1/2/3	0	0	15	15	4	5
Сосна кедровая сибирская ( <i>P. sibirica</i> )	2/3	0	0	15	15	5	5
Тополь белый ( <i>P. alba</i> )	3	0	0	15	15	5	5
Тополь берлинский ( <i>P. berolinensis</i> )	3	0	0	15	15	5	5
Черёмуха виргинская ( <i>P. virginiana</i> )	2/3	0	0	8	8	3	4
Ясень зелёный ( <i>F. lanceolata</i> )	1/2	0	0	15	15	4-5	4-5
Кустарники							
Ива козья ( <i>S. caprea</i> )	2	0	0	4	8	2-3	5
Ирга обильноцветущая ( <i>A. florida</i> )	1/2	0	0	8	13	3	5
Лещина обыкновенная ( <i>C. avellana</i> )	1/2	0	0	13	13	3/4	5
Рябинолистник обыкн. ( <i>S. sorbifolia</i> )	2	0	0	13	15	4	5
Сирень венгерская ( <i>S. josikaea</i> )	1/2	0	0	13	13	3/4	5
Смородина золотистая ( <i>R. aureum</i> )	1/2	0	0	15	15	4	5

Примечание :I – 2020 г., II – 2021 г.;

Наиболее засушливым был вегетационный период 2020 г. с годовой суммой осадков 193,4 мм (за май-сентябрь – 97,4 мм), в 2021 г. – 241,9 (106,3). Растения неодинаково реагировали на засуху, даже в пределах одного гигротопа. Сильнее пострадала популяция бархата амурского, берёзы бородавчатой, клёна приречного, липы сердцевидной, ореха маньчжурского в верхней части склона, ивы козьей и пихты сибирской – в средней и нижней. В мезоксерофильных условиях клён остролистный, ясень зелёный, дуб летний, сосна обыкновенная и кустарниковые породы благополучно перенесли засушливые условия. У липы сердцевидной листья опали в начале августа, но растения благополучно перенесли зимний период и в последующем нормально развивались, а бархата амурского и ореха маньчжурского погибли (остались единичные экземпляры). У берёзы бородавчатой листья начали опадать в начале июля и в конце августа – начале сентября часть деревьев погибла (отдельные растения отрасли весной следующего года от корневой шейки и сохранившейся части кроны); аналогично погибла часть растений лиственницы сибирской.

В мезофильных условиях почки у некоторых растений ореха маньчжурского повторно распустились в конце августа – начале сентября, у других остались в состоянии покоя. Часть оставшихся листьев у липы сердцевидной и американской опала в середине октября. В гигромезофильных условиях нижней части склона виды липы, тополя, ели, кедр сибирский и берёза бородавчатая развивались нормально и хорошо росли.

В 2021 г. общее состояние и декоративность древесных и кустарниковых растений выше и в целом повторяет устойчивость к засухе. Она не снижается в засушливый год во всех гигротопах у дуба летнего, клёна остролистного, липы американской, ясеня зелёного, черёмухи виргинской и сосны обыкновенной, как и в нижней части склона у видов ели, тополя, кедра сибирского. В условиях большего увлажнения повышается декоративность таких пород как берёза бородавчатая, липа сердцевидная и орех маньчжурский.

Таким образом, выделены виды, способные произрастать в различных по влагообеспеченности лесорастительных условиях. Лимитирующим фактором роста местных пород и интродуцентов в умеренно-засушливой степи является засухоустойчивость и способность произрастать среди почвенного задернения. Некоторые интродуценты оказались более стойкими, по сравнению с местными породами в представленных погодных условиях.

### Список литературы

1. Харламова Н.Ф. Динамика и структура температурного режима метеостанции «Барнаул» / Н.Ф. Харламова // Климат, мониторинг окружающей среды, гидрометеорологическое прогнозирование и обслуживание: тез. докл. Всерос. науч. конф. – Казань: Универос, 2000. – С. 77-80.
2. Парамонов Е.Г. Современное состояние почвозащитного лесоразведения в Алтайском крае // Степной бюллетень. – Новосибирск: ООО Печатный центр «Копир». № 40. – 2014. – С. 34-39.
3. Лучник З.И. Методические рекомендации по ассортименту декоративных деревьев и кустарников для природных подзон Алтайского края – Новосибирск: СО ВАСХНИЛ, 1981. – 24 с.
4. Куранда Ю.В. Рост сеянцев ореха маньчжурского в Приалейской зоне колючей степи // Новейшие направления развития аграрной науки в работах молодых ученых / Сборник материалов VII международной науч.-практической конф. Под ред. Н.Г. Власенко [и др.] – Новосибирск, 2019. – С. 25-29.
5. Маленко А.А. Ширяева Е.С. К вопросу о выращивании дуба черешчатого в сухой степи (Алтайский край) // Вестник АлтГАУ. – Барнаул: Изд-во Аграрного университета, 2013. – № 8 (106). – С. 54-58.
6. Ландшафтная карта Алтайского края [Карты] / науч. ред. Ю.И. Винокуров; сост. Ю.И. Винокуров, Ю.М. Цимбалей; тех. ред. Л.Ф. Лубенец, С.В. Циликина, Н.Ю. Курепина. Масштаб 1:500 000. – Барнаул: ИВЭП СО РАН, 2016. – 2 л.
7. Агроклиматические ресурсы Алтайского края / Отв. редактор М.И. Черникова. – Л.: Гидрометеорологическое издательство, 1971. – 155 с.
8. [Электронный ресурс] / Статистика погоды в Алейске – Режим доступа: <https://mete09.ru/архив погоды в алейске> (дата обращения 22.08.2022 г.).
9. Лучник З.И. Интродукция деревьев и кустарников в Алтайском крае / Под ред. М.А. Лисавенко. – М.: Колос, 1970. – 656 с.
10. Савельева Л.С. Устойчивость деревьев и кустарников в защитных лесных насаждениях. – М.: Лесная промышленность, 1975. – 168 с.
11. Методические рекомендации по изучению и оценке почвенных условий произрастания интродуцентов в Крыму. Под. Ред. Д.Х. Ефремова. Ялта: Печатный цех Никитского ботанического сада, 1985. – 27 с.
12. Пятницкий С.С. Практикум по лесной селекции. – М.: Сельхозиздат, 1961. – 271 с.

ГТАХР: 68.43.35

**А.Е. Қасенова, А.А. Закиева**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

### КАРТОПТЫҢ САПАСЫНА ҚОРЕКТЕНДІРУДІҢ ӘСЕРІ

Ауыл шаруашылығының алдында тұрған басты міндеттер халықты жеткілікті мөлшерде сапалы азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізат қорымен қамтамасыз ету болып табылады. Азық-түлік ретінде халықтың көп қолданатын дақылдарының бірі картоп дақылы, ол өнеркәсіпте маңызды шикізат қоры да болып есептеледі. Картоп өсімдік шаруашылығы саласының маңызды танаптық дақылдарының бірі. Ол азық-түлікке, техникалық т.б. мақсаттарға пайдаланылады және Қазақстанның дерлік барлық аймақтарында өсіріледі, оның егістік аумағы жыл сайын орта есеппен 160 мың гектардан асады, жалпы түсімі 2389 мың т-ны құрайды.

Картоп-еңбекті көп керек ететін дақыл. Топырақтың құнарлылығын және сапалы терең өңделін қажет ететін дақыл. Қазақстанда картоп дақылын өсіру өте өзекті. Қазіргі уақытта Республика бойынша картоп дақылының егу аймағы шамамен 190 мың гектарды құрайды. Соңғы жылдары картоп дақылында ауру қоздырғыштардың түрлері, оның ішінде саңырауқұлақ ауруларының артуына байланысты, дақылдың өнімділігі орта есеппен гектарына шамамен 13-15 тоннадан аспайтындықтан, халықтың сұранысын толықтай қанағаттандырмайды. Ал, дақылды жақын және алыс шетелдерден тасмалдау экономикалық тұрғыдан тиімсіз. Сол себепті, өндіріске өнімділігі жоғары, жергілікті топырақ-климаттық жағдайына бейімделген, аурулар мен зиянкестерге төзімді сорттар еңгізу аса қажет [1].

Картоп түйнегінде 25%-ға таяу құрғақ зат болады, оның ішінде 14-22% крахмал, 1,4-3% белок, 1%-ға таяу клетчатка, 0,2-0,3% май, 0,8-1% күл болады. Картоп белогы өзінің құндылығы жағынан дәнді дақылдар белогынан анағұрлым жоғары бағаланады, өйткені оның құрамында адам және жануарлар ағзасында синтезделмейтін амин қышқылдары – ванилин, лизин, триптофан, лейцин және басқалары болады.

Картоптың агротехникалық және агро-экономикалық маңызы да зор. Отамалы дақыл ретінде ол көптеген ауыл шаруашылығы дақылдарына жақсы алғы дақыл, мелиорация мен тыңайтқышқа қайтапымы мол. Жоғары агротехника жағдайында бір орынға қайта отырғызуға, тіпті дара дақыл ретінде өсіруге болады. Сонымен қатар, картоп бір өлшем жерде жоғары өнім құрайтын потенциалды мүмкіндігі бар өнімді танаптық дақылдардың бірі.

Эксперименттік зерттеулер өсімдіктердің минералды қоректенуі мен картоптың сорттық ерекшеліктері егіннің өнімділігі мен сапасына айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетеді. Крахмал алу үшін картопты өсімдіктердің минералды қоректенуінің жоғарылау фонында өсіру керек, өйткені сонымен бірге оны аудан бірлігінен жинау едәуір артады. Азық-түлік үшін картоп өсіру кезінде картоп өнімдерінің ең жақсы сапасын қамтамасыз ететін тыңайтқыштардың орташа мөлшерін қолданған жөн [2].

Қазіргі уақытта ауа температурасының жоғарылауымен, вегетациялық кезеңнің ұзаруымен, жауын-шашынның тұрақсыз таралуымен, кенеттен болатын катаклизмдердің жиі көріністерімен сипатталатын климаттың өзгеруі жағдайында картоп өсіру технологияларының маңызы артып келеді, олардың ішінде тек белгілі бір топырақ-климаттық жағдайларда жақсы көрінеді [3].

Метеорологиялық жағдайлар құрғақ заттар мен крахмалдың құрамынан басқа, түйнектердегі қанттың азаюына да әсер етеді (түйнектерде 0,4% - дан аспайтын глюкоза мен фруктоза), түйнектердің (шикі және қайнатылған) целлюлозаның қараңғылануына төзімділігін өзгертеді. Ауамен байланыста қайнатылған түйнектер көбінесе үш валентті темір мен ортодигидрофенол кешенінің пайда болуына байланысты көкшіл-сұр немесе қара түске ие болады, негізінен оның негізгі өкілі – хлороген қышқылы, ол шикі түйнектерде байланысты күйде болады және картопты 80 ° С температурада пісіру кезінде босатылады [4]. Пісіргеннен кейін түйнек целлюлозасының қараю дәрежесі хлороген мен лимон қышқылдарының қатынасына байланысты. Түйнектердегі лимон қышқылының жоғарылауы целлюлозаның қараюын азайтады [5,6].

Картоп өңдеу кәсіпорындарының жұмысының тиімділігі көбінесе өндірілетін өнімдердің сапасына байланысты, бұл өңдеуге түсетін шикізаттың сапасымен анықталады. Картоптың сапасын арттыруда сорттық ерекшеліктер, сондай-ақ минералды қоректендіруді мақсатты реттеу үлкен рөл атқарады. Картоп өсіруге қолданылатын минералды тыңайтқыштардың нормалары мен арақатынасына байланысты түйнектердің биохимиялық көрсеткіштері мен технологиялық қасиеттері өнеркәсіптік өңдеуге арналған шикізат ретінде өзгеруі мүмкін.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Өсімдік шаруашылығы: оқулық / Қ.К.Әрінов, Қ.М.Мұсынов, А.Қ., Апушев ж.б.; ҚР білім және ғылым м-гі. – Алматы: Дәуір, 2011. – 632 б.
2. Качество картофеля и картофелепродуктов / А.В. Коршунов, Г.И. Филиппова, К.А. Пшеченков, И.И. Сидякина, Е.А. Симаков, В.И. Старовойтов. М.: ВНИИКХ. – 2001. – 253 с.
3. Индустрия картофеля (справочник). 2-е изд. доп. / Е.А. Симаков и др.; под ред. В.И. Старовойтова. М.: ВНИИКХ. – 2013. – 272 с
4. Мальцев С.В., Пшеченков К.А. Биохимические показатели клубней и качество картофелепродуктов в зависимости от условий выращивания и технологии хранения // Картофелеводство: материалы науч.-



практ. коорд. совещания «Научное обеспечение и инновации развития картофелеводства». М. – 2008. – Т. 2. – С. 236-242.

5. Власюк П.А., Мицко В.Н. Физиолого-биохимическая природа потемнения мякоти клубней картофеля // Физиология и биохимия культурных растений. Вып. 1. Киев. – 1972. – Т. 4. С.

6. Muller K. Chemische und Physiologische bedingte Ursachen vor Blauflechtigkei Rohbreiverfarbung und kochdunkelung der Kartoffel // Kartoffelbau. 1979. В. 30. N 11. – S. 404.

ГТАХР: 62.13.53

**Г.А. Құмарбекова, Г.О.Камзина, А.О.Досмағанбетова**  
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

## **МЕРИСТЕМА АРҚЫЛЫ ӨСІРІЛГЕН КАРТОП ДАҚЫЛЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІ**

Ауыл шаруашылығының алдында тұрған басты міндеттер халықты жеткілікті мөлшерде сапалы азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізат қорымен қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстанда картоп негізгі тағам өнімдерінің бірі және маңыздылығы жағынан дәнді-дақылдардан кейін екінші орынды алып отыр. Картоптың құрамындағы белок өзінің биологиялық құндылығы жағынан басқа белоктардан анағұрлым жоғары тұрады [1].

Картоп алқа тұқымдасына жатады және егістіктегі негізгі түрі *Solanum tuberosum*. Табиғи тегі бойынша картоп сабағы жыл сайын өліп отыратын көпжылдық шөптесін өсімдік, бірақ жер шарының көптеген елдерінде бір жылдық өсімдік түрінде өсіріледі. Оны вегетативті түрде (түйнек, көзше, бүршіктерімен) және тұқымымен көбейтуге болады.

Картопты тағам кәсіпорындарында, жеңіл және фармацевтикалық өнеркәсіпте шикізат ретінде пайдаланады, сонымен қатар жемдік азық құрамына да қосады. Жыл сайын селекционерлер картоптың жаңа өнімді сорттарын шығаруда. Өйткені картоптың өнімділігі және стресстік факторларға төзімділігі өте төмен. Оның негізгі себебі: өсімдіктердің әртүрлі вирустық, бактериальдық, саңырауқұлақ ауруларына шалдығуы. Сонымен қатар, көптеген аурулар картопты дұрыс сақтамағаннан пайда болады. Картоп ауруының көпшілігі отырғызу құрал саймандары арқылы да тарайды. Көптеген қоздырғыштар топырақта ұзақ уақыт бойы сақталып, жинақталады. Қазіргі кезде картоптың өнімді сорттарының болуына қарамастан, түйнектердің вирустық аурулармен зақымдануының салдарынан олардың өнімділігі жыл сайын 25-40% төмендеуде. Сондықтан өсімдіктердің ауруларға төзімділігін арттыру қажет. Сол себепті осы айтылған мәселелерді шешу мақсатында биотехнологиялық әдістер кеңінен қолданылып жетілдірілуде және бүгінгі күнде өзекті мәселе болып саналады [2].

Картоптың өнімділігін жақсарту үшін ШҚО «Лань» жеке шаруа қожалығында егістік тәжірибелер жүргізілді.

Зерттеу нысаны ретінде картоптың «Нәрлі» сортын алдық. Егістік тәжірибелер жалпы қабылданған әдістемелер бойынша салынды.

Тәжірибелердегі агротехникалық шаралар аймақтық технологияға сәйкес орындалды.

Жұмыстың мақсаты: Микрклональді көбейту әдісі арқылы өнімділігі жоғары картоп тұқымдарын алу.

Зерттеу жұмысымыз егістік тәжірибелер қою арқылы Семей қаласының «Лань» жеке шаруа қожалығында мамыр айының 14-нен бастап тамыздың 20-сына дейін жүргізілді.

Картоптың Нәрлі сортының түйнектері Алматы қаласындағы ҚазККШҒЗИ-нан алынды. Бұл сорт 2000 жылы Алматы облысында аудандастырылған. Орташа пісетін, өнімді сорт. Дәмі және аспаздық сапасы жоғары, өнімді техникамен жинаған күнде де, түйнектің сақталуы жоғары. Вирус ауруларына өте төзімді, түйнегі тотықпа ауруына шалдықпайды, фитофтора, кәдімгі қотыр және рак ауруларына төзімді. Құрғақшылыққа және ыстыққа төзімді. Органикалық және минералды тыңайтқыштарға қайырымды. Өнімі 40-45 т/га.

Бұл сорт будандастыру тәсілімен (138ж Фиделио) алынып, сұрыпталу арқылы жетілдірілген. Картоптың түбі қомақты, сабағы биік, бұтақшалары сиректеу. Жапырақ көлемі орташа, жапырақшалары көлемді, түсі – жасыл-қоңыр, жылтыр. Гүлдеуі орташа және ұзақ. Гүл шоғы қомақты, көпгүлді. Түйнегі

дөңгелек-сопақшадан ұзыншаға дейін, түйнек төбесі шошақ, көздері түсіңкі. Түйнек түсі – ақ, қабығы жылтыр. Түйнек еті ақ, кескенде қараймайды. Көздері аз, тереңдігі орташа, түссіз, жан-жақты орналасқан.

Көптеген егіліп жүрген өсімдіктер, әсіресе вегетативтік жолмен көбейетіндері вирустар және патоген микроорганизмдер әсерінен түрлі ауруларға ұшырайтыны мәлім. Әрине, өсімдіктердің аурулары өнімділікті азайтып, оның сапасын төмендетеді [3].

Ал апикальды меристема әдісімен алынған картоп өсімдіктері тек вирустардан ғана емес, сонымен бірге микоплазма, бактериялар, саңырауқұлақтардан сауықтырылады. Биотехнологияда сауықтырылған өсімдіктерді алу үшін оқшауланған апикальды меристема тәсілі кеңінен пайдаланылады.

Қазіргі кезде картопты вирус, бактерия және саңырауқұлақ ауруларынан тазартудың негізгі жолдары мыналар:

1.Термотерапия – картоп түйнегін жоғары жылулықта қыздыру.

2.Картоптың жоғары меристема бөлігіндегі клеткаларды бөліп алып, жасанды қоректік заттарда вирустың көбеюін тежейтін химиялық заттарды қосып өндіру.

3.Осы екі әдісті қосып орындау, яғни термотерапиядан өткен түйнектің жоғары меристема жасушаларын жасанды ортада өсіру.

Меристема жарықта көгерген өркендерден немесе көгермеген қараңғыда өскен ақ өркендерден де бөлуге болады. Ыңғайлысы көгерген өркендерден бөлу, себебі меристема (ақшыл төмпешік) көк түстің ішінде жақсы көрінеді.

Ұзындығы 0,5-0,7см өркендерді түйнектеп бөліп алып, диацидтың (этанполимеркурхлоридпен N-цетил пиридиний хлоридтың қоспасы) 0,1%-дық ерітіндісіне дезинфекциялайды.

Дезинфекцияланған өркендерді Петри ыдысына салып, кеуіп кетпес үшін аздап, стерильді су қосады. Стерильді пинцетпен сыртқы жапырақтарын аршиды.Меристеманы жіңішке инемен бөліп алып пробиркадағы жасанды ортаға отырғызады. Бұл операцияны стерильді бокста, бинокулярлық микроскоппен 24 рет үлкейту арқылы жасайды.

Меристеманы арнайы камерада (фитотрон) өсіреді. Жылулық +25, градус ылғалдылық 70% шамасында, ал жарық 16 сағат бойы 10-12 мың люкстен кем болмауы керек. Жарық үнемі жанып тұрса, органогенез құбылысын әлсіретеді.

Меристема бөліктерін жасанды ортаға орналастырғаннан кейін, үлкейгені және көгере бастағаны байқалады. Меристеманы бөліп алып, жасанды ортаға орналастырғаннан, 2-4 жапырақшасы бар өсімдік өсу мерзімі 2-ден 6 айға дейін созылуы мүмкін. Органогенез құбылысын тездету үшін, кішкене өркен пайда болысымен, оны Уайт қоректік заттары бар ортаға ауыстырады, бұл ортаның өсімдіктің тамыры және сабағы тез өсуіне септігі бар. Бұл жұмысты арнайы боксте атқарады[4].

Меристеманы өсіру үшін қолданатын қоректік орта, картоп өсімдігіне керекті барлық қоректік заттар ескеріле отырып жасалады.

Бұл қоректік орта құрамына кіретіндер: минералдық тұздар, витаминдер, әсерлі заттар және құрамында қанты бар заттар.

Меристема бөлігі 7-8 жапырақшасы бар өсімдік болғанда, оны пробиркадан алып, Петри ыдысы ішіне салынған сабағын, бір жапырақшадан тұратын бірнеше бөлшектерге бөледі. Бұл жұмысты өткір скальпельмен немесе қайшымен жасайды. Осындай бөлшектерді (черенок) жаңа қоректік ортаға отырғызады, содан 14-16 күн өткенде 6-8 жапырағы бар жаңа өсімдік пайда болады.

Сонда бір өсімдіктің өзінен жарты айда 5-6 өсімдік алуға болады. Бұл өсімдіктердің тамыр жағына, сабағының бір бөлігінен қалдырып қайта отырғызуға да болады.Әртүрлі инфекциядан сақ болу үшін, Петри табақшасын және кесетін құралдарды спиртпен сүртіп, спиртовка жалынында ұстап отыру шарт.

Бұл өсімдіктерді танапқа отырғызбас бұрын,пробиркадағы өсімдіктерді шығарып алып, тамырына жабысқан агарды жылы сумен және марганцовканың қызғылт ерітіндісімен шайып тазартады.Меристема өсімдіктерін танапқа мамырдың 14 күні отырғыздық.Отырғызу схемасы 70×35 см, (10-12 см тереңдікке) жыртылған жүйектерді суарып қою шарт (сурет 1).



Сурет 1 – микротүйнектерді танапқа отырғызу

Өсімдіктерді, жүйектің ылғал жеткен жеріндегі қабырғасына, жиілігін 10 см етіп отырғызады. Мұндай өсімдіктерді, алғашқы 2-жетіде күнде суарып тұру қажет. Содан соң түйнектің ылғалдылығын, топырақтың жоғарғы су сыйымдылығының 80% шамасында ұстап отырады. Меристема өсімдіктерін танапқа отырғызған күннен бастап, өнімін жинағанға дейінгі мерзім 3-3,5 айға созылды. Сол уақыт аралығында танапта зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Картоп ылғал сүйгіш дақылдар қатарына жатады. Себебі, ол әр центнер өнім түзу үшін суды басқа дақылдарға қарағанда молырақ жұмсайды. Жалпы өнімге барлық судың мөлшері ауа-райына, топыраққа және агротехникаға байланысты болады.

Суарудың бір түрі – тамшылатып суару (сурет 2). Бұл тәсілмен суарғанда топыраққа су жіңішке түтіктер арқылы беріледі, су өте үнемді жұмсалады.



Сурет 2 – тамшылатып суару

Бұл тәсілдің артықшылығы су дақылдың тамыры орналасқан тереңдікке тікелей беріледі де, жердің беті құрғақ күйінде қалады. Бірақ бұл әдіспен суарудың кемшілігі – шығыны көп, сондықтан әзір кең көлемде қолданылмайды.

Картоп топырақ ылғалдылығына талғампаз. Бүршіктердің өнуі мен өркендердің пайда болуына қажетті ылғал аналық түйнек есебінен қанағаттандырылады. Өсімдік көгінің пайда болуы мен сабақ-жапырақтар қалыптасуының алғашқы кезеңінде өсімдіктің ылғалға қажетсінуі шамалы, өйткені жапырақтардың буландыру беті үлкен емес және осы кезеңде олар қуаңшылыққа айтарлықтай төзімді. Өсімдік өсе келе ылғалға қажетсінуі арта түседі, барынша қажетсіну жаппай қауыздану-гүлдену кезеңіне сәйкес келеді, бұл кезде олардың, жер бетіндегі массасы жақсы дамыған және тіршілік қызметі жоғары. Бұл кезеңде түйнектер пайда бола бастайды, сондықтан ылғалмен үздіксіз түрде қамтамасыз ету жоғары өнім алудың басты шарттарының бірі бұл кезеңдегі судың жетімсіздігі тургордың төмендеуі мен жапырақтың солып қалуына әкеліп соғады, ал мұның өзі фотосинтезге теріс әсерін тигізеді, өнімнің мөлшері мен сапасы төмендейді. Тамырлардың негізгі массасы тараған алаңда осы топырақтың ылғалдылығын 70-80% дәрежесінде ұстағанда өнімнің қорлануына ең қолайлы жағдайлар жасалады [5].

Өсіп-өну соңында, сабақ пен жапырақтың солып, түйнектің өсуі төмендегенде алғашқы кезеңдерге қарағанда картоптың ылғалға қажетсінуі кемиді. Өсіп-өну кезеңінің соңына қарай қалыптасқан жылы әрі құрғақ ауа-райы түйнектердің түзілуін тездетеді, оларда мықты әрі қалың қабықтың пайда болуына мүмкіндік жасайды, соның нәтижесінде өнімді жинаған кезде түйнектер аз жарақаттанады да қыста жақсы сақталады. (3-сурет) Керісінше, жауын-шашынды ауа райы түйнектердің пісуін кешеуілдетеді, оларда жұқа, әлсіз қабық түзіледі, жинаған кезде олар жеңіл жарақаттанады және нашар сақталады.

Топырақтағы ылғалдың тым артық мөлшері, оның жетімсіздігі сияқты картоп өніміне теріс әсерін тигізеді: түйнектер сылбыр өседі, олардағы крахмал мөлшері азаяды, бактериялық және саңырауқұлақ ауруларымен залалдану артады.

Картоптан жоғары өнім алудың негізгі шарттарының бірі - уақытылы және сапалы күтіп-баптау жүргізу. Картопты тұрақты қоймаларда – жер қоймада, жертөледе, үй асты қоймасында 85-90% ылғалдық шеңберінде сақтаған дұрыс.



Сурет 3 – Меристема арқылы өсірілген картоп өнімі

Меристема арқылы өсірілген картоп дақылдың өнімділігін зерттеуге бағытталған тәжірибе мынандай қорытынды берді:

Зерттеу объектісі, яғни 2001 жылы Алматы облысында аудандастырылған картоптың «Нәрлі» тұқымы тәжірибе барысында өзінің вегетациялық даму кезеңінде ауылшаруашылық зиянкестерімен, ауру, арамшөптерімен зақымданбады. 2 кг картоптан 90 кг өнім алынды.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Абдильдаев В.С. Производство оригинальных семян картофеля на безвирусной основе. – Сборник научных трудов НИИКОБК. п.Кайнар, 2008. – С. 435-438.
2. Миниклубни на основе биотехнологии – главный путь развития безвирусного семеноводства картофеля // Международная научно-практическая конференция «Аманжоловские чтения – 2009», сб.науч.тр. «Роль науки в индустриально-инновационном развитии Казахстана». г.Усть-Каменогорск, 2009. – Часть 3. – С. 169-172.
3. Миниклубни на основе биотехнологии – главный путь развития безвирусного семеноводства картофеля //Международная научно-практическая конференция «Аманжоловские чтения – 2009», сб.науч.тр. «Роль науки в индустриально-инновационном развитии Казахстана». г.Усть-Каменогорск, 2009. – Часть 3. – С 169-172.

ҒТАХР: 68.31.21

**О.Т. Мухаметжанова<sup>1</sup>, Л.Т. Карипбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

<sup>2</sup>Жарқын жалпы орта білім беретін мектебі, Семей қ.

#### ҚИЯР ӨСІРУДЕ ТАМШЫЛАТЫП СУАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бүгінде адам ағзасының экология салаларынан және әр түрлі әлеуметтік жағдайларға байланысты сан алуан ауруларға шалдығып жатқаны белгілі. Дені сау, рухы биік адам ғана өзінің және өзгенің болашағын дұрыс жолға қоя алады. Дүниеге дені сау ұрпақ әкеп, оның ары қарайғы денсаулығының мықты болып қалыптасуына ата-анамен қатар ел-жұртты аландатуда. Дүние жүзі денсаулық сақтау ұйымдарының зерттеуі бойынша біздің еліміз онкологиялық аурулар жағынан алғашқы орындарда екен. Ал Қазақстан бойынша біздің Шығыс Қазақстан облысы бірінші орында. Мұндай аурулардың алдын алу үшін адам дұрыс тамақтанып, ағзаға пайдалы жемістер мен тағамдарды күнделікті тамақтану рационасында тұтынудың маңыздылығын ұмытпау керек.

Қиярдың көптеген ауруларға оның ішінде суық тию, бас ауру, бауыр, өкпе, жүрек, қан тамырлары, демікпе сияқты ауруларға пайдалы қасиеттерін көптеген ғылыми зерттемелерде қарастырылған. Қиярды біз өзіміздің климат жағдайында өсіру үшін тиімді әдісінің бірі- тамшылап суару әдісін қолдандық.

Тамшылатып суару – өсімдіктің тікелей тамырлық зонасына құбыр – түтіктермен, эмиттер көмегімен суды баяу тамшылату арқылы суаруға мүмкіндік беретін тәсіл. Сонымен қатар, тыңайтқыштарды үнемдейтін ерекше суару түрі деп те атайды. Тамшылатып суару әдісі бүгінде Батыс Еуропа елдерінде кеңінен қолданылады. Ақылды технологияларды агросалаға енгізгелі бұл тәсіл шет елдерде арнайы құрылғылардың көмегімен жұмыс атқарылуда. Алайда, бұл жаңа технологиялар тамшылатып суару әдісінің жақын аралықта пайда болғанын білдірмейді. Оның тарихы б.з.б. I ғасырдан бастау алады. Бұл кезеңде тамшылатып суарудың қарапайым түрі қолданылған. Сол заманның ғұламалары өз еңбектерінде егістікті суару үшін жерге сумен толтырылған қыш құмаралардың көмілгендігін жазған. Тарихи деректер бойынша, заманауи тамшылатып суару 1860 жылы Германиядан бастау алған.

Тамшылатып суару кезінде құбырдың бітелуінің алдын-алу үшін арнайы сүзгілер қолданылады. Ережелер бойынша, ауыз су ретінде пайдануға сәйкес тазартылмаған суды ауада шашуға да рұқсат етілмейді екен. Дұрыс жоспарланып, жобаланған және басқарылған суару жүйесі булануды азайтып, су ресурстарының сақталуына септігін тигізеді. Себебі, бұл әдіс арқылы судың өсімдік тамырына жетуі дәлірек жүреді.

Тамшылатып суару әдісінің негізгі артықшылықтары:

- алқапты тегістеуді қажет етпейді;
- топырақ эрозиясы азаяды;
- арамшөптер жиі шықпайды;
- басқа суару түрлеріне қарағанда, еңбек құны аз;
- тыңайтқыштар мен құнарлы заттардың жоғалуын азайтады;
- ең негізгісі, суды үнемдейді.

Тамшылатып суару әдісінің кемшіліктері:

- технологияларды сатып алу үшін, алғашында көп шығын шығады;
- жабдық қадағаланбаса бітелуге әкеледі;
- құбырлар кеміргіштердің кесірінен жиі жарамсыз болып қалады.

Қиярдың «Кураж» сорты тәжірибе жұмысына алынды. Кураж сорты Ресей селекционер ғалымдарының шығарған гибрид түрі. Кураж F1 деп аталады 2002 жылы барлық жерге егуге рұқсат берілген. Кураж сорты Ресейлік «Гавриш» фирмасынан сатып алынды. Бір бұтақтан гүлері шоқ түрінде жинақталады. Тәжірибе 4 нысанда жасалды. Барлық қиярлардың егілу уақыты, суару әдістері мен тыңайтқыштарыды енгізу уақыттары зерттеуге алынды (кесте-1).

Кесте 1 – Тәжірибеге алынған қияр сортын суару және өсіру

Р/с	Алынған сорт	Тәжірибе	Суару әдісі	Салынған тұқым саны
№ 1 тәжірибе	Кураж	бақылау	қолмен	70
№ 2 тәжірибе	Кураж	органикалық тыңайтқыш(көң) қосылған	тамшылатып	70
№ 3 тәжірибе	Кураж	бейорганикалық тыңайтқыш қосылған (миералдар қоспасы)	тамшылатып	70
№ 4 тәжірибе	Кураж	Қиярлармен бірге герань өсімдігі егілген	тамшылатып	70

Кесте 2 – Тәжірибе алынған өністердің мөлшері

Р/с	Шыққан тұқым саны	Маусым	Шілде	Тамыз	Жалпы алынған кг мөлшері
№ 1	44	170	250	270	690кг
№ 2	41	200	280	360	840кг
№ 3	66	220	300	340	860кг
№ 4	34	340	380	420	1140кг

Қиярларды суару таңертең және кешкі мезгілде жүргізілді. № 1 тәжірибе қолмен яғни шелекпен суарылды.

Тәжірибелерде егілген тұқым саны 70 дана. Бірақ шыққан тұқым саны әртүрлі болды. Алынған өнім әр ай сайын есепке алынып отырылды. № 1 тәжірибе жұмысында тұқымдарға күн ыстық күні ылғал жеткіліксіз болды. Тез жер кеуіп кетіп отырды. Ал қалған № 2, 3, 4 тәжірибелерде ылғал жеткілікті болды. Бұдан тамшылап суару әдісі өте тиімді екендігін көруге болады. Су әр қиярдың түбіне барады. Арамшөптер артық шықпайды. Су ысырапсыз қолданылмайды (кесте 2).

Тамшылатып суарудың тағы бір артықшылығы қиярлар ащы болмайды. Себебі, су әр тамырға ғана баратындықтан қиярлар түбінде ылғал жеткілікті мөлшерде болады. Тағам өндірісінде

таптырмайтын сорт әсіресе маринадтауға өте ыңғайлы. Сонымен қатар кураж сорты бір бұтақта топталып өсуімен қатар топырақ талғамайды, мол өнімділігімен ерекшеленеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Стрижев А. Ваш урожайный участок. – М: Знание, 1990. – 252 б.
2. Колходжиев М.Е., Котин Н.И., Соколов А.А. Почвы Семипалатинской области. – А: Выпуск 10, 1968. – 241 б.
3. Қалиев Б. Өсімдік атаулары. – А.: Ана тілі, 1993. – 102 б.


ҒТАХР: 630.228:657.371.1(574.25)

**О. Адалқан, Б.Т. Мамбетов, А.Ж. Қожабекова**  
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БАУМ ТОҒАЙЫ АУМАҒЫНДА ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТЕРДІ ТҮГЕНДЕУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

### Кіріспе

Жасыл желектерді түгендеу және орман патологиялық зерттеу Алматы қаласының "Баум тоғайы" аумағында жүргізілді.



Сурет 1 – ҒАРЫШТЫҚ ТҮСІРІЛІМ

Сурет 1 зерттеу аймағының кварталдарға бөліну схемасы Жұмыстар "Баум тоғайының жасыл желектерін түгендеу және орман патологиялық зерттеу материалдарын жүргізу және ресімдеу тәртібі жөніндегі нұсқаулыққа" сәйкес жүргізілді. Аталған нысанды тексеру кезінде 69 орам бөлініп, келесі анықталды: барлығы 91090 дана жапырақты, қылқан жапырақты және бұталы ағаштар – 60 түрі ескерілді. Жүргізілген түгендеудің нәтижелері төменде келтірілген және кестелік материалдарда сипатталады: екпелердің тұқымдық құрамы, жасы, биіктігі, диаметрі, жағдайы және шаруашылық шаралары бойынша бөлінуі № 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Ағаштарды түрлері бойынша бөлу

№	Жасыл желектердің түрлері мен көрсеткіштері	Саны, дана
1	Жалғыз ағаштар	10440
2	Жалғыз ағаштар	32
3	Куртина (топ ағаштар)	75474
4	Бұталар	283
5	Топ бұталар	4050
6	өскіндер	765
7	Қатарлап отырғызулар	46
<b>Жиынтығы</b>		<b>91090</b>

Екпелердің тұқымдық түрлік құрамы негізінен тектік және түрлік құрамы бойынша көрсетіледі. Бұл ретте учаскедегі ағаштардың жалпы саны көзбен шолып анықталады және таксация журналына енгізіледі. Алқа ағаштардың тұқымдық құрамын анықтау кезіндегі рұқсат етілген ауытқу  $\pm 10\%$  әрбір құрамы бойынша.

Диаметрі өлшеу айырын және басқа әдістерді, соның ішінде көз өлшегішті қолдана отырып, кеуде биіктігінде (1,3 м) өлшенеді. Диаметрі 16 см-ге дейінгі ағаштар үшін қалыңдығы екі сантиметр, ал 16 см-ден асатын ағаштар үшін төрт сантиметр. Рұқсат етілген ауытқу  $\pm 1$  жуандық сатысы. Алқаағаштардың диаметрі бойынша таралуының жалпы көрінісі (кесте 2) келтірілген.

Кесте 2 – Алқаағаштарды диаметрі бойынша бөлу

№	Ағаш түрлері	Қалыңдық сатысы, см																				аста м	жалпы		
		2	4	6	8	10	12	16	20	24	28	32	36	44	48	52	56	60	64	68	72			76	80
1	Қылқанды	1	5	57	35	100	72	31	5	2	9	-	-	2	1	-	-	-	-	-	-	-	2	-	<b>322</b>
2	Жапырақты																								
3	Бұталар																								
<b>жиынтығы</b>																									

№	Алқаағаштардың көрсеткіші	Санитарлық жағдайы					Жиынтығы
		Сау ағаштар КСО-1	Әлсіреген КСО-2	Кеуіп бара жатқан КСО-3	Кураған КСО-4	Апаттық КСО-5	
1	Қылқандылар						
2	жапырақтылар						
3	Бұталар						
<b>жиынтығы</b>							<b>91090</b>

Санитарлық жағдайы барлық ағаштар бойынша олардың декоративті ерекшелігін ескере отырып анықталады. Ағаштардың сапалық сипаттамаларына сәйкес бағалаудың келесі градациясы бөлінеді: "сау", "әлсіреген", "кебу", "құрғақ" және "төтенше". Ағаштарды санитарлық жай-күйі бойынша бөлу олардың барлық сипаттамаларын ескере отырып, барлық ағаштар, бұталар, тірі шарбақтар, көгалдар мен гүлзарлар бойынша айқындалады. Екпелердің жай – күйін анықтау үшін объектінің жай-күйінің коэффициенті (екпелердің өміршеңдігі) КӨЖ 1-5 объектінің өміршеңдігін және оның одан әрі жұмыс істеуге әлеуетті қабілетін ескеретін жасыл екпелердің сапалық жай-күйі қолданылады.

2-кестенің материалдары бойынша 50592 дана сау ағаштар мен бұталарға жататындығын көруге болады, бұл әлсіреу белгілері жоқ екпелер, қалыпты дамуы және зақымдалмауы, яғни тәждің қалыпты дамуы және жоғары сәнділігі, өркендердің қарқынды өсуі, зиянкестер мен аурулар жоқ (қыста және ерте көктемде анықталмайды). Жас ерекшелігі бойынша бұл негізінен жас және орта жастағы екпелер.

Әлсіреген – оларға 26047 дана ағаштар мен бұталар жатады. Бұған шамалы зақымданған немесе тәждің бір жақты тармақталған екпелері, орташа сәнділігі, құрғақ бұтақтардың 10%-на дейін, әлсіз депрессия, яғни зиянкестер мен аурулардың 25%-ына зақымдалған жапырақ пышағы мен инелер аз (қыста анықталмайды). Бұл негізінен екпелер. Кептіру – оларға 7363 дана кіреді. ағаштар, яғни бұтақтардың өлу процесі (50%-дан астам), зиянкестер мен ауруларға зақым келтіру өте дамыған. Бұл, әдетте, піскен және ескірген екпелер.

Кесте 3 – Алқа ағаштардың түрлерін орамдар бойынша бөлу

Екпелердің түрі	Токсан бойынша Саны																			
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
бірлі-жарым перделер	107	103	145	93	123	37	35	69	82	80	144	95	55	47	68	54	16	45	165	101
бұталар	180	73	442	65	144	111	176	394	65	70	9	32	11	-	162	-	4	443	31	165
<b>Барлығы</b>	<b>2353</b>	<b>1978</b>	<b>1492</b>	<b>3214</b>	<b>2971</b>	<b>2547</b>	<b>1109</b>	<b>541</b>	<b>2361</b>	<b>1730</b>	<b>2437</b>	<b>3053</b>	<b>1290</b>	<b>1628</b>	<b>2411</b>	<b>2847</b>	<b>284</b>	<b>1990</b>	<b>608</b>	<b>1233</b>

Екпелер түрі	Токсан бойынша Саны																			
	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
бірлі-жарым перделер	89	19	24	46	105	53	7	21	1	3	45	11	13	216	424	165	145	189	28	295
бұталар	1322	116	3229	723	1338	408	981	761	843	768	334	1040	500	840	2283	683	970	1068	356	1085
<b>Барлығы</b>	<b>1471</b>	<b>155</b>	<b>3294</b>	<b>814</b>	<b>1483</b>	<b>461</b>	<b>988</b>	<b>782</b>	<b>881</b>	<b>790</b>	<b>388</b>	<b>1051</b>	<b>592</b>	<b>1143</b>	<b>3486</b>	<b>927</b>	<b>1216</b>	<b>1362</b>	<b>441</b>	<b>1483</b>


Екпелердің түрі	Токсан бойынша Саны																			
	41	42	43	44	45	46	47	48	49	50	51	52	53	54	55	56	57	58	59	60
бірлі-жарым	307	216	307	211	189	162	87	291	199	154	80	157	1038	116	155	315	881	77	81	98
перделер	1886	5978	3004	1365	1068	547	512	1089	810	300	255	122	-	173	70	254	-	73	77	488
бұталар	86	148	62	14	105	-	-	-	-	-	-	54	63	1	-	-	14	-	-	4
Барлығы	2279	6342	3373	1590	1362	709	599	1380	1009	454	335	373	1101	290	225	569	895	150	158	590

Құрғақ 4363 және төтенше 2725 дана – бірінші кезекте кесуге жататын толығымен өлі ағаш немесе бұта.


Кесте 4 – Баум тоғайының бұта түрлерінің атауы

Баум тоғайының бұталы түрлерінің атауы және олардың саны			
№	Русское	Казахское	Латинское
1.	Айва японская	Жапондық айва	<i>Chaenomeles japonica</i>
2.	Бересклет европейский	Еуропалық қабыржық	<i>Euonymus europaeus</i>
3.	Бирючина обыкновенная	Кәдімгі лигуструм	<i>Ligustrum vulgare</i>
4.	Бузина Вейгела японская	Жапондық вейгела	<i>Weigela japonica</i>
5.	Калина обыкновенная	Кәдімгі бұрген	<i>Viburnum opulus</i>
6.	Свидина белая	Ақ свίδα	<i>Swida alba</i>
7.	Сирень обыкновенная	Кәдімгі жұпаргүл	<i>Syringa vulgaris</i>
8.	Смородина черная	Қара қарақат	<i>Ribes nigrum</i>
9.	Шиповник собачий (дикая роза)	Жабайы итмұрын	<i>Rosa cinnamomea</i>

Барлық тексерілген екпелердің ішінен ағаштар мен бұталардың бір бөлігіне санитарлық кесу тағайындалды. Мұнда авариялық жағдай туғызатын ауру, кеуіп қалған, құрғақ және зақымданған бұтақтар алынып тасталады, бұл ретте ағаштар мен екпелер үшін жай-күйі бойынша "әлсіреген және қысым көрген" санаттарға сәйкес тағайындалады (сурет 1-6).




Сурет 2 – Баум тоғайы – 66 квартал бойынша жасыл желектердің өсу көрсеткіштері



Сурет 3 – 66 квартал бойынша жасыл желектердің тіршілік жағдайлары






Тамақ өнімдерінің құрамындағы ас тұзының мөлшерін барынша азайту дұрыс және салауатты тамақтану принциптеріне сай келеді. Мамандардың мәліметтері бойынша қазақстандықтар тәулігіне 10-12 грамм тұзды пайдаланады. Бұл – адам өміріне өте қауіпті. Себебі, тұзды шамадан тыс пайдалану қан қысымын жоғарылатады. Соның салдарынан адамдар инфаркт және инсультқа шалдығуы мүмкін.

Жоғарыда айтылған мәліметтерді ескере келе тұздың рецептура бойынша мөлшерін барынша азайтып, 100 кг фаршқа 1100 г теңіз тұзы қосылды.

Дайын шұжық бұйымдарында келесі көрсеткіштер анықталды: органолептикалық (сыртқы түрі, кесіндідегі түрі, дәмі мен иісі, түсі) – сипаттау әдісімен; физикалық-химиялық (ылғал, ақуыз, май, күл және ас тұзының массалық үлесі) – стандартты әдістемелер бойынша; қауіпсіздік (өнімнің осы санатына КО ТР 021/2011 талаптарымен белгіленген) – жалпы қабылданған әдістемелер бойынша.

Гидратацияланған киноа ұнтағы қоспасы қосылған пісірілген «Сұлтан» шұжығының органолептикалық көрсеткіштері кафедрада өткізілген дегустациялық комиссияның отырысында 5-баллдық шкала бойынша бағалау әдісімен анықталды. Дегустация нәтижелері комиссияның хаттамасымен бекітілді.

Зерттеулер көрсеткендей, пісірілген шұжықтың құрамына киноа қоспасын енгізу оның консистенциясын, сыртқы түрін, дәмі мен иісін жақсартуға оң әсерін тигізеді.

Диеталық бағыттағы «Сұлтан» пісірілген шұжығының физика-химиялық көрсеткіштерінің нәтижелері (массалық үлес, %) – Ылғал – 71,3, ақуыз – 16,2, май – 9,7, күл – 2,8 анықталды. Ас тұзының массалық үлесі – 1,4 %, нитриттің массалық үлесі – 0,0037 %.

Шұжық өнімдеріне арналған «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 021/2011 Кеден Одағының Техникалық Регламенті реттейтін қауіпсіздік көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың рұқсат етілген деңгейлерін анықтау нәтижелері көрсеткендей шұжық өнімі құрамында қорғасын, мышьяк, кадмий, сынап сияқты улы элементтер және бензапирен, пестицидтер мен антибиотиктер табылған жоқ. Радионуклидтерден анықталған Цезий-137 элементінің мөлшері рұқсат етілген деңгейден (200 Бк/кг) көп төмен, яғни 4,9 Бк/кг болды.

Жүргізілген зерттеулер гидратацияланған киноа қоспасы бар диеталық пісірілген шұжықтарды өндірудің тиімділігін көрсетті. Шұжықтың осы түрін өндіру қосымша күрделі салымдарды қажет етпейді және дайындалған технологияны ет өнеркәсібі кәсіпорындарында енгізуге болады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Verbeke, W., Pérez-Cueto, F.J. A., de Barcellos, M.D., Krystallis, A., & Grunert, K.G. (2010). European citizen and consumer attitudes and preferences regarding beef and pork. *Meat Science*, 84, 284-292.
2. The European Parliament and the Council of the European Union (1997). Regulation (EC) No 258/97 of the European Parliament and of the Council of 27 January 1997 concerning novel foods and novel food ingredients. *Official Journal of the European Communities*, 43, 1-7.
3. Ellinger, S., Ellinger, J., & Stehle, P. (2006). Tomatoes, tomato products and lycopene in the prevention and treatment of prostate cancer: Do we have the evidence from intervention studies? *Current Opinion in Clinical Nutrition and Metabolic Care*, 9(6), 722-727.

ҒТАХР: 65.01.11

**Б.К. Асенова, Қ.М. Қабаева**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, kabaevakarlygash99@mail.ru

### **ТАМАҚ ЖӘНЕ ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі тұтынушылардың сұранысы артуына байланысты жыл сайын қарқынды сарынмен артып келе жатқан бәсекеге қабілетті және өте қарқынды серпінді салаға айналуға. Қазіргі уақытта тұтынушылар тарапынан азық – түлікті тұтыну барысында өнімнің ыңғайлығына, жарамдылық мерзіміне, төмен калориялығы мен дәрумендердің бай болуына, тағамдық құндылығының жоғары болуына ерекше назар аударады. Осы тұтынушылардың өзіндік сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында азық – түлік өнімдерін өңдеу барған сайын күрделенуде, сондай – ақ өңдеу тәсілдері де күннен күнге дейін көбеюде. Бұл тұрғыда тамақ өнімдерін өңдеу әдістеріне өзгерістер енгізу және жаңашыл заманауи инновациялық технологиялар енгізу жолға қойылуда.

Тамақ және қайта өңдеу өнімдерін өңдеудің дәстүрлі әдістеріне өзгерістер енгізу немесе ауыстыру мақсатында тамақ өнімдерін өңдеудің бірқатар жаңа технологиялары зерттелді және әзірленді, бұл жоғары сапалы және тұтынушылардың қалауына байланысты бағытталған өнімдер шығарылуына негіз болады. Бұл өнім процесінің тиімділігін, өнімділігін, сапасын, қауіпсіздігін және өнімдердің тұрақтылығын үлкен көмегін тигізуде. Тұрақты әрі сарқылмайтын тамақ және қайта өңдеу өнімдеріне деген сқраныс ғаламшар халқының өсуімен одан әрі өзекті мәселеге айнала бастады.


Инновациялық технологиялар – бұл тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібін дамыудағы тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында цифрлық енгізу арқылы дамыту түрі. Бұл цифрлық революцияның бірегей құралы, оны уақтылы және дұрыс пайдалану арқылы отандық кәсіпорындар жаңа цифрлық экономикада көшбасшылық позицияларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ұйымдастырылған цифрлық инновациялық технологиялар ғылыми негізделген әдіснамалық негізге ие болуы керек. Тамақ өнеркәсібінің технологиялық процестеріне инновацияларды енгізу өндіріс процесін ұйымдастыруда жасанды роботтар мен жасанды интеллектті қолданудан тұрады. Жасанды роботтар – барлық дерлік технологиялық операцияларды жүргізу үшін және жасанды интеллект – азық – түлік өнімдерінің сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін қолданады [1].

Қазіргі уақытта тамақ өнеркәсібінде инновациялық технологияларды дамыту бірінші кезекте технологиялық дамудың жаңа деңгейіне көшумен қамтамасыз етіледі: жасанды интеллект, робототехника, виртуалды және толыққанды технологиялар, кванттық технологиялар жедел даму үстінде.

Қазақстан 2021 жылдың қорытындысы бойынша тамақ өнімдерін өндірудегі инновациялық технологиялар деңгейі бойынша 113 орынның ішінен 63 – орынды иеленді, осылайша 2019 жылмен салыстырғанда өз позициясын 16 тармаққа жақсартты. Бұл Corteva Agriscience қолдауымен The Economist Intelligence Unit сарапшылары дайындаған Жаһандық азық-түлік саласындағы инновациялық технологиялар индексінен алынған. The Economist Intelligence Unit деректеріне сәйкес, Қазақстан 2021 жылғы рейтингтегі позициясын жақсарту тұрғысынан аса маңызды оң серпіні бар ел болып саналады. ҚР – ның Премьер Министірінің ресми сайтында: «АӨК секторындағы қаржылық қызметтердің, нарықтағы

ұсыныстың, микронутриенттердің қолжетімділігін, протеиндердің сапасын, азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін, азық-түлік өнімдеріне арналған инновациялық технологиялардың төмен импорттық тарифтердің, өндіріс пен дистрибуция кезіндегі ысыраптардың төмендігін атап көрсетеді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы инфрақұрылымы, АӨК секторындағы ғылыми зерттеулер сияқты көрсеткіштер бойынша да жақсару байқалды», – деп көрсетілген [2].

Қазіргі уақытта инновациялық технологиялар тамақ өнеркәсібінде елеулі орынға ие болып отыр. Солардың бірі, цифрландыру – төртінші тамақ өнеркәсібіндегі революцияға бүгінде цифрландыру ұғымына жатқызуға болатын көптеген технологиялар болып саналады. Цифрлық технологиялар тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібінің барлық негізгі салаларына, соның ішінде стратегияға, операцияларға және технологияларға әсерін тигізеді.



Сурет 1 – Тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібіндегі цифрлық технологиялардың жалпы қарастырылуы (2021 жылғы мәлімет бойынша)

Заман талабына сәйкес инновациялық технологиялар озық және жоғары жабдықтар мен құралдарды жасауға орасан зор мүмкіндік береді. Тамақ және қайта өңдеу өндірісінде тиімді бірқатар процестерді орынду барысында заманауи әрі жаңашыл технологиялардың маңызы өте зор. Соңғы бесжылдық көлемінде тамақ өндірісі саласында цифрлық инновациялық технологиялардың маңызы өте зор. «Feedspot» ресми сайтының 2022 жылғы мақалаларының бірінде негізгі цифрлық технологияларды қолданудың бірнеше бағыттары көрсетілген. Яғни, бірінше бағыт ауылшаруашылық шикізаттарын (жемістер, көкөністер және т.б) роботтандыру. Бұл шикізатта қайтадан өңдеуге және сапалы іріктеудің дәл әдістерін алуға мүмкіндік береді. Екінші бағдардың бір түрі өндірістік процестердің сапалы орындалуын бақылау үшін деректерді автоматты түрде жинау және үнемі талдау. Үшінші бағыт жасанды қолдану интеллектті қолдану, өндірістік процестерді автоматтандыру мен оңтайландыруды, жабдықтардың жұмысын бақылауды, ақауларды жоюды іске асырады. Төртінші бағыт «smart» яғни «ақылды» орау және таңбалау, тұтынушылар сатып алатын өнім туралы толыққанды ақпаратпен қамтамасыз ете алады. Яғни, шикізаттың шығарылған мерзімі, қайта өңдеу шарттары және т.б ақпараттармен арнайы қосымшасы бар мобильді құрылғылар көмегімен толыққанды көруге мүмкіндік ала алады [3].

Тамақ өнеркәсібі қазіргі таңда үлкен қарқынмен даму үстінде. Бұл қазіргі таңдағы тамақ және қайта өңдеу өндірістеріндегі жаңашыл цифрлық инновациялық технологиялардың қалыптасуына жол ашады. Инновациялық дамыту технологиялық дамудың жаңа кезеңіне өтуге мүмкіндік береді. Тамақ өндірісіне енгізілген бірқатар жаңа технологиялардың сапалы әрі тұтынушылардың қалауына байланысты қолжетімді бағытталуы қндірілетін өнім ассортименттерінің ұлғаюына және өнімнің тұрақты түрде сұранысқа ие болуына үлкен мүмкіндік береді [4].

#### Әдебиеттер тізімі

1. A. Janet Tomiyama, N. Stephanie Kawecki, D. L. Rosenfeld, J.A. Jay, D. Rajagopal, A. C. Rowat, Trends in Food Science & Technology, 104 (2020)
2. Қазақстан Республикасы Премьер Министрлігінің ресми сайты <https://www.primeminister.kz/kz>
3. «Feedspot» – ресми сайты [https://blog.feedspot.com/food\\_technology\\_magazines/](https://blog.feedspot.com/food_technology_magazines/)
4. P. Lillford, A.-M. Hermansson, Trends in Food Science and Technology 111, 800 – 811, doi: 10.1016/j.tifs.2020.04.009

**М.П. Байысбаева, А.К. Изембаева, З.Н. Молдақұлова,  
Д.Б. Жұманазар, А.Е. Ермағанбет, Б.Қ. Тыным, Б.Т. Жамшит**  
Алматы технологиялық университеті, zliha\_92\_kz@mail.ru

## **ДИЕТАЛЫҚ ХЛЕБЦЫ НАН ӨНДІРІМДЕРІНІҢ ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ЖОҒРЫЛАТУ ЖОЛДАРЫ**

Толық және теңестірілген тамақтану Қазақстан үшін халықтың ұлт денсаулығын анықтайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Осы факторлардың маңыздылығы Қазақстан Республикасының халқының денсаулығын жақсартуға арналған мемлекеттік стандарттардан айқын көрінеді.

ҚР халықтың дұрыс тамақтануы мемлекеттік саясатын іске асырудың бірден бір тәсілдері ретінде, қайта өңдеу салаларында тиімділігі жоғары технологияларды әзірлеу, жаңа отандық шикізат көздерін іздестіру және эссенциальды микро-нутриенттермен байыту болып табылады [1].

Құндылығы жоғары нан және ұннан жасалған өнімдерді алу рецептілермен технологияларды енгізу тамақ өнеркәсібінің болашағы үшін үлкен бағыт. Ассортименттердің артуы қосымша шикізат енгізумен байланысты, оның бір нұсқасы зығыр ұны болып табылады.

Зығырдың дәстүрлі сорттарының тұқымдарынан алынған зығыр майының триацилглицеролдарында альфа-линолен қышқылының мөлшері жоғары. Осыған байланысты зығыр тұқымдарының дәстүрлі сорттарының қолданыс аясы кең.

Зығыр ұны бағалы ингредиенттер көзі болып табылады. Осыған байланысты тағамдық-биологиялық құндылығын арттыру мақсатында, дайын өнімнің ассортиментін кеңейту, өнімдерді диеталық тұрғыдан басқада түрлерін алу мақсатында мүмкіндік береді. Сондықтан да экологиялық таза диеталық қытырлақ нан өндірісін қамтамасыз етеді [2,3].

Зерттеу жұмысының мақсаты – зығыр ұнын қолданып диеталық хлебцы нан өнімдерінің жаңа түрлерін алу.

Бұл зерттеу жұмысында тағамдық талшық қосылған дайын өнімнің тағамдық және биологиялық құндылығын анақтау.

Зерттеу нысаны ретінде таңдалған зығыр ұнының химиялық құрамын талдау барысында сұрыпты бидай ұнында тапшы келетін тағамдық талшықтар мен ақуыздардың, витаминдер мен минералды заттардың анағұрлым жоғары екенін, зығыр адам ағзасына пайдалы полиқаньқпаған май қышқылдарының болуымен ерекшелінеді.

Осы мақсаттағы зерттеу жүргізу жұмыстары осы диеталық хлебцы нан өнімдерінің сапасын жақсарту мақсатында, құндылығын жоғарылату мәселелеріне бағытталған.

Дайын өнімнің сапасын жақсарту мақсатында қара бидай ұнымен зығыр ұнын пайдалана отырып, зығыр ұнына тұндырылған су қосып, сапа көрсеткіштері жақсы болатын нұсқа таңдалып, дайын өнімнің химиялық құрамы анықталды. Бақылау нұсқа мен салыстырмалы түрде зерттеулер жүргізілді. Дайын өнімнің құндылығы төмендегі 1-кесте бойынша анықталды.

Кесте бойынша дайын диеталық қытырлақ нанының химиялық көрсеткіштері, дәрумендер мен минералды элементтердің мөлшерлері анықталды. Зығыр ұны мен зығыр дәнінің суы қосылып дайындалған өнімде витаминдердің мөлшері, минералды элементтер мөлшері бақылау нұсқасына қарағанда біршама артқаны белгілі болды. Бақылау нұсқасымен салыстырғанда ақуыз 7,5%-ға өсті. Өнім құрамындағы майдың үлесі 8,6%-ға артты. Майдың 8,6%-ға артуы зығырдың майлы дақыл екендігімен түсіндіріледі. Бақылау нұсқасымен салыстырғанда тағамдық талшық мөлшері 26,74%-ға артты.

Зерттеу жұмыстарын мақсатқа сай жүргізе отырып, диеталық хлебцы нанының биологиялық және тағамдық құндылығы жоғары, стандарттық талаптарға сай өнім алынатындығы негізделіп хлебцы алудың оңтайлы нұсқасы дайындалатын рецептурасы мен технологиясы алынды.

Талдай келе диеталық хлебцы нанын дайындау барысында жүргізілген барлық процестердің негізінде ұнның рецептураға қосылатын тиімді мөлшері белгіленіп, сапасы стандарт талаптарға сай тағамдық талшықтары, витаминдер мен минерал заттарының құрамында көп болуынан адам ағзасының қорғаныс қабілетін тудыратын ұнды өнім алынатындығы белгілі болды.

Кесте 1 – Дайын өнімнің химиялық құрамы

Сапа көрсеткіштердің атауы	Бақылау	Сынақ өнім
<b>Физикалық-химиялық көрсеткіштері:</b>		
– ылғалдылықтың массалық үлесі %	0,18	0,14
– ақуыздың массалық үлесі %	11,29	12,11
– майдың массалық үлесі %	3,86	4,22
– клетчатканың массалық үлесі%	11,81	14,94
<b>Дәрумендер:</b>		
В <sub>1</sub>	0,15	0,22
В <sub>2</sub>	0,11	0,16
В <sub>6</sub>	0,11	0,13
В <sub>3</sub>	1,1	1,26
В <sub>5</sub>	0,27	0,22
<b>Минералды элементтер мг/100 г:</b>		
– темір	1,88	1,93
– магний	23,26	32,27
– кальций	29,59	39,36
– калий	133,39	134,87

### Әдебиеттер тізімі

1. Бижанова З.К., Алгазинова А.А., Садвакасова М.А., Алтайұлы С. Разработка технологии производства хлебобулочных изделий из композиции различных видов зерновых культур // «Сейфуллинские чтения – 12», 2016. – С. 22-26.
2. Джабоева А.С // Создание технологий хлебобулочных, мучных кондитерских и кулинарных изделий повышенной пищевой ценности с использованием нетрадиционного растительного сырья. – Москва, 2009. – 354 с ил.РГБ ОД
3. Байысбаева М.П. Наубайхана өндірісінде қолданылатын шикізаттар мен материалдар. – Алматы: «Алейрон», 2009. – 93 б.

IRSTI: 65.63.01

**S. Verbytskyi, O. Kuts, O. Kozachenko, N. Patsera**

Institute of Food Resources of the National Academy of Agrarian Sciences of Ukraine  
Ukraine, Kyiv, tk140@hotmail.com

### **DAIRY PRODUCTS IN BIODEGRADABLE PACKAGING: TECHNICAL FEATURES AND SHELF LIFE CAPACITY**

The food industry around the world is experiencing a significant increase in the share of products issued in consumer packaging, with the retail market demanding further increases in the supply of light and small packages. Accordingly, an avalanche-like load on the environment becomes a fact, since the vast majority of packaging materials (polymer films, polymer containers for liquid products, glass containers, etc.) do not actually undergo biodegradation under normal environmental conditions [1]. The designations of packages used in world practice, the disposal of which is carried out by composting and biodegradation, are shown in Figure 1. It should be noted that the conditions for biodegradation are not introduced normatively and are not unambiguous. In practice, the evidence for biodegradation is CO<sub>2</sub> emissions due to biological conversion processes. The definition of biodegradation through the emission of carbon dioxide clearly distinguishes it from the decomposition process initiated by special additives, leading only to the fragmentation of a conventional polymer [2]. Bioplastics produced on the basis of renewable natural resources can contain up to 100% natural components, but are not biodegradable [3].





**Compostable**

a)



**Biodegradable**

b)

Figure 1 International pictograms: a) for compostable plastics; b) for biodegradable plastics

To date, biodegradable materials have been developed. It is proposed [4, 5] to distinguish three groups of biodegradable materials:

- plant polymers used alone or mixed with biodegradable synthetic polymers (Fig. 1);
- microbial polymers obtained by fermentation of agricultural raw materials used as a substrate. Among these polymers, polyhydroxyalkanoates or PHAs are also distinguished [6], the most famous representative of which is PHBV (polyhydroxybutyrate covaleriate);
- monomers or oligomers polymerized by conventional chemical processes and obtained by fermentation of agricultural raw materials used as a substrate. Among the materials in this category, the best known is the polylactide (PLA) [7].

Bio-based materials must protect the dairy product from environmental influences and ensure the preservation of quality during transportation and storage. Mechanical and barrier properties to oxygen, carbon dioxide, water, light and odors are critical aspects (Figure 2). In addition, when choosing packaging materials for dairy products, consideration should be given to safety (migration, microbial growth), sustainability (heat and chemical resistance), technological requirements (suitability for sealing and forming), convenience, as well as marketing requirements (communication, printing options) [7].




Figure 2 – Factors against which biodegradable films used for packaging dairy products should have barrier properties [7, 8]

An interesting solution was found, thanks to which it is possible to reduce the negative feature of the most common starch bioplastics – their inadequate strength. It is proposed to put a milk container made of starch-based bioplastic into a rigid box made of ordinary cardboard. A safe bioplastic is in contact with milk, and the outer cardboard structure provides rigidity [9]. However, starch-based bioplastics do not have sufficient mechanical strength and effective barrier properties. In this respect, polylactide-based bioplastics are much more acceptable, in terms of meeting the requirements. During biodegradation, these polymers are hydrolyzed without any assistance from hydrolytic enzymes in the presence of moisture. In addition to moisture (water activity), parameters such as pH, available nutrients, oxygen availability, storage conditions, especially temperature, are important for the effective implementation of the biodegradation process. Other types of bioplastics are also applicable in practice, for example, starch-polycaprolactone, polyhydroxyalkanoates, including polyhydroxybutyrate, etc [7].

It seems more practical to determine the storage suitability of food products using the factorial

experiment method, taking into account such indicators as: organoleptic (appearance, texture, color, taste, smell, etc.), physicochemical (mass fraction of moisture, effective viscosity, solubility index, peroxide value, etc.), nutritional (vitamin content, etc.), which, taking into account their significance, constitute a complex product quality factor, taken into account along with other main factors (Figure 3) [10].




Figure 3 – Factors taken into account in the calculation scheme for determining the shelf live capacity of dairy products in biodegradable packaging

To establish a mathematical relationship between the shelf life of certain dairy products and factors affecting the specified period, we applied the full factorial two-level experiment (FFE 2n), justified in [11], including  $N = 2^n$  experiments. In different experiments, within the framework of the experiment, all possible combinations of levels of n factors affecting the response were implemented. The response function is the value Y with the values  $y_1, y_2, y_3, \dots$ , which determines the number of days when the factors taken into account do not go beyond the numerical ranges within which the product can be considered fit for consumption.

Since the process found that the product has a set of 4 factors that meet the conditions for their acceptability, one of the preconditions for the application of regression analysis is the distribution of the modeled value according to the normal law, for example, with a probability of 95%. Then the predicted shelf life of the food product is determined from the regression equation – an incomplete polynomial of the fourth degree.

$$\begin{aligned}
 y = & b_0 + b_1X_1 + b_2X_2 + b_3X_3 + b_4X_4 + b_{12}X_1X_2 + b_{13}X_1X_3 + b_{14}X_1X_4 + \\
 & + b_{23}X_2X_3 + b_{24}X_2X_4 + b_{34}X_3X_4 + b_{123}X_1X_2X_3 + b_{124}X_1X_2X_4 + \\
 & + b_{134}X_1X_3X_4 + b_{234}X_2X_3X_4 + b_{1234}X_1X_2X_3X_4
 \end{aligned}
 \tag{1}$$

To make it possible to determine the shelf life of a food product using the obtained regression equation when the factors acquired real values, the coded factors were transformed according to formula (1) according to [10, 11]. Replacing the variables  $x_1, x_2, x_3, x_4$  in the found regression equation, taking into account the data of the experiment matrix, we obtained an interpolation formula that allows, for specific values of the initial storage conditions of the food product to be stored, to predict the duration of its storage without violating the normative indicators of food safety and quality.

Based on the methodology described above, we solved the problem of predicting the shelf life of a food product in a biodegradable package, having previously substantiated the nomenclature of factors  $X_1 \dots X_4$ , the most significant in terms of finding the parameters that determine the quality of these products and the technological suitability of the package after a specific shelf life. In this case, it is advisable to use the following factors when performing the shelf life capacity calculation:

- $X_1$  is a complex factor of dairy product quality;
- $X_2$  is the factor of the barrier properties of the packaging material;
- $X_3$  is the mechanical strength factor of the packaging material;
- $X_4$  is the biodegradation resistance factor of the packaging material.

Having determined the values of these variables in the course of practical studies, it is possible to obtain interpolation formulas that can be used to reliably predict the duration of storage of dairy products in ecological biodegradable packaging.

The above material confirms the opinion containing in [12] that packaging materials and techniques for dairy products and liquid milk kept evolving with the advancements in materials engineering and technologies along with the user aspirations and behavior. Biodegradable packaging answers the ecological viewpoint while the durability of low waste materials has a correlation with product shelf life which needs to be addressed.

## References

1. Engels, D. Plastics, created by nature: from dream to reality / D. Engels, D. Marta, S. Lor, P. Zimmermann // *Upakovka*. – 2012. – № 6. – P. 14,15.
2. Narayan, R. Misleading claims and misuse. Proliferate in the Nascent / R. Narayan // *Bioplastics Magazine*. – 1/2010. – Vol. 5. – P. 38-41.
3. Verbytskyi, S. Biopackaging for dairy products (real and practical) / S. Verbytskyi, K. Kopylova, O. Kozachenko, O. Verbova, T. Kos // *Upakovka*. – 2019. – № 6. – P. 30-33.
4. Vilpoux O., Starch-based plastics / O. Vilpoux, L. Averous // In: *Technology, use and potentialities of Latin American starchy tubers*, 2004. – P. 521-553.
5. Guilbert, S. Potential of the protein based biomaterials for the food industry / S. Guilbert // *The Food Biopack Conference, Copenhagen (Denmark), 27-29 Aug 2000, KVL*.
6. Averous, L. Etude de système polymers multiphasés: approche des relations matériaux-procédés-propriétés / L. Averous // *Dans: Habilitation à diriger des recherches, Université de Reims Champagne-Ardenne*, 46. – 2002.
7. Kopylova, K. Principal basics of advanced biopackaging of dairy products / S. Verbytskyi, K. Kopylova, O. Kozachenko, O. Verbova, *Food Resources*. – 2019. – № 13. – P. 69-86.
8. Santiago Santiago, M. Elaboración y caracterización de películas biodegradables obtenidas con almidón nanoestructurado / M. Santiago Santiago. Xalapa de Enríquez, Veracruz, México: Universidad Veracruzana, 2015 – 119 p.
9. Consonni, E. Milk in cardboard packaging: is it possible? / E. Consonni // *Paper Industry World*, 2016. – 12 October.
10. Bocharova-Leskina, A. Ecological packaging of food products in terms of their storage availability / A. Bocharova-Leskina, S. Verbytskyi, K. Kopylova, O. Kozachenko, N. Patsera // *Ecological readings: Proceedings of the XII National scientific and practical conference with international participation (Omsk, OSAU, June 4-5, 2021) – 2021*. – P. 96-102
11. Bocharova-Leskina A. Theoretic approaches to substantiate shelf life capacity of butter and spreads / A. Bocharova-Leskina, S. Verbytskyi // *Journal of Engineering Science*. – 2019. – № 3 (26). – P. 223-229.
12. Rejeesh, C.R. Packaging of milk and dairy products: Approaches to sustainable packaging / C.R. Rejeesh, T. Anto T. // *Materials Today: Proceedings*. – 2022.

FTAXP: 65.01.01

**Е.К. Жиенбаева, Б.А. Идырышев, С.К. Касымов**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, B\_1991@mail.ru

## **ФУНКЦИОНАЛДЫ ӨНІМДЕРДІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

Еуропадағы функционалдық тамақтану туралы ғылым саласындағы тұжырымдамаларға ғылыми негізделген көзқарасты құру Еуропадағы Functional food Science (FUFOSE) және ILSI Europe-ке тиесілі. Осы ұйымдардың келісілген іс-әрекеттері ағзаның мақсатты функцияларына оң әсер ететін қоректік заттар мен тамақ компоненттерінің көп салалы дәлелді Еуропалық ғылыми базасын құруға әкелді (Consensus Document on Scientific Concepts of Functional Foods in Europe). Еуропалық Комиссияның (ЕС) ережелерінде функционалды тамақ өнімдері "белгілі бір қоректік сипаттамаларды қосу немесе атап өту үшін қоректік заттар немесе ингредиенттер қосылған тағам" ретінде анықталған. ЕС 1925/2006 регламентінде тамақ өнімдерін өндіру кезінде дәрумендерді, минералды және басқа заттарды пайдалану тәртібі айқындалады.

2007 жылы Еуропалық Одақ елдерінде мәлімделген сауықтыру қасиеттері бар тамақ өнімдерін таңбалауды регламенттейтін заңнама енгізілді [ЕС № 1924/2006 регламенті]. Осы мәлімдемеге сәйкес өтініштердің екі түрі бар (1-сурет).



1-сурет – Еуропада қабылданған өнімдердің сауықтыру қасиеттері туралы өтініштер

Қазіргі уақытта Ресейдің функционалды тамақ өнімдері мен ингредиенттер нарығы жалпы құқықтық құжаттармен реттеледі. Функционалды тамақ өнімдерінің сәйкестік декларациясын тіркеу ерікті рәсім болып табылады және ұлттық стандарттарға сәйкес жүргізіледі. Ресей Федерациясының аумағында функционалды тамақ өнімдерін өндіруге арналған техникалық нормалар жүйесін құрайтын бірқатар ұлттық стандарттар (МЕМСТ Р) (1-кесте) және олардың сапасына қойылатын талаптар жағдайында № 036 техникалық комитет (Функционалды тамақ өнімдері) әзірленді.

Кесте 1 – Функционалды тамақ өнімдеріне арналған ұлттық стандарттар және техникалық стандарттау шеңберінде әзірленген талдау әдістері

	Нөмір	Атауы
1.	МЕМСТ Р 52349-2005	Тамақ өнімдері. Функционалды тамақ өнімдер. Терминдер мен анықтамалар
2.	МЕМСТ Р 53861-2010	Диеталық (емдік және профилактикалық) тамақ өнімдері. Құрғақ композитті ақуыз қоспалары. Жалпы техникалық шарттар
3.	МЕМСТ Р 54014-2010	Функционалды тамақ өнімдері. Еритін және ерімейтін тағамдық талшықтарды ферментативті гравиметриялық әдіспен анықтау
4.	МЕМСТ Р 54060-2010	функционалды тамақ өнімдері. Идентификация. Жалпы ережелер
5.	МЕМСТ Р 54059-2010	Функционалды тамақ өнімдері. Тағамдық ингредиенттер функционалды. Жіктеу және жалпы талаптар
6.	МЕМСТ Р 54058-2010	Мамандандырылған және функционалды тамақ өнімдері. Каротиноидтарды анықтау әдісі
7.	МЕМСТ Р 54637-2011	Функционалды тамақ өнімдері. D3 дәрумені анықтау әдісі
8.	МЕМСТ Р 54635-2011	Функционалды тамақ өнімдері. А дәрумені анықтау әдісі
9.	МЕМСТ Р 54634-2014	Функционалды тамақ өнімдері. Е дәрумені анықтау әдісі
10.	МЕМСТ Р 56139-2014	Функционалды тамақ өнімдері. Пробиотикалық микроорганизмдерді анықтау және есептеу әдісі
11.	МЕМСТ Р 56201-2014	Функционалды тамақ өнімдері. Бифидогендік қасиеттерді анықтау әдісі
12.	МЕМСТ Р 56145-2014	Функционалды тамақ өнімдері. Микробиологиялық талдау әдістері
13.	МЕМСТ Р 55793-2013	Функционалды тамақ өнімдері. Тағамға биологиялық белсенді қоспалар. Қадағалауға қойылатын талаптар
14.	МЕМСТ Р 56543-2016	Функционалды сусындар, жалпы техникалық шарттар

МЕМСТ Р 52349-2005 сәйкес «Функционалды тамақ өнімі» термині барлық жас топтарында жүйелі түрде қолдануға арналған, алиментарлы-тәуелді аурулардың пайда болу қаупін төмендететін, коректік заттардың жетіспеушілігін болдырмайтын немесе толтыратын, құрамындағы функционалды тағамдық ингредиенттердің арқасында денсаулықты сақтайтын және жақсартатын арнайы тамақ өнімдерін білдіреді. Мұндай өнімдердің әсері ғылыми негізделген және расталған болуы керек. МЕМСТ Р 52349-2005-те «Функционалды ингредиент» термині де көрсетілген – бір немесе бірнеше физиологиялық функцияларға, адам ағзасындағы зат алмасу процестеріне ғылыми негізделген және расталған әсер ете алатын, құрамында осы ингредиент бар өнімді жүйелі түрде тұтынған кезде өнімнің бір бөлігіне есептегенде, тәуліктік физиологиялық қажеттіліктің кемінде 15% мөлшерінде функционалды тамақ өнімінің құрамына кіретін, тірі микроорганизмдер, жануарлар, өсімдіктер, микробиологиялық, минералды немесе табиғиға ұқсас заттар жиынтығы [1].

Ресей Федерациясының қолданыстағы нормативтік-құқықтық базасына сәйкес, өнімге енгізілген функционалды ингредиенттер үшін күнделікті қажеттілік деңгейі белгіленуі керек [2]. Заттанбада 100 г немесе өнімнің бір порциясындағы функционалды ингредиенттің құрамы, функционалды

ингредиенттегі тәуліктік норманың қанағаттану дәрежесі, сондай-ақ расталған тиімділікке сәйкес ингредиенттерді жіктеу коды көрсетілуі тиіс [3].

Функционалды қасиеттері бар өнімдерді байыту екі жолмен жүруі мүмкін: шикізаттың функционалды қасиеттерін өмір бойы қалыптастыру және қосымша компоненттерді енгізу арқылы өнімді байыту (фортификация). Бірінші жағдайда биологиялық белсенді заттар селенмен байытылған жұмыртқалар сияқты жасушалық қалыптасу кезеңінде бастапқы шикізатқа енгізіледі. Селен құс жеміне қосылады және жұмыртқаға трансплацентарлы түрде беріледі [4]. Өмірлік функционалды қасиеттердің қалыптасуының тағы бір мысалы-байытылған дақылдарды алу үшін топыраққа микроэлементтерге бай ерітінділермен тыңайтқыш. Бұған кобальт, йод және селен микроэлементтерінің тұздарының сулы ерітінділерімен өңделген топырақтарда ақжелкен мен топинамбура өсіру тәжірибесі мысал бола алады [5].

Функционалды өнімнің айрықша белгілеріне функционалды ингредиенттің болуынан басқа алиментарлы-тәуелді аурулардың пайда болу қаупіне ықпал ететін заттардың аздығы жатады (2-кесте). Мысалы, төмен мөлшерде калориялы / төмен калориялы /калориясыз өнім; төмен мөлшерде май / майсыз; төмен мөлшерде қант / қант жоқ / қант қосылмаған / тек табиғи қант бар; төмен / өте төмен мөлшерде ас тұзы / ас тұзы жоқ және т.б. [2].

Кесте-2 Функционалды қасиеттері туралы ақпарат мәлімделген тағамдық заттардың құрамы

Тағамдық құндылық көрсеткіші немесе ингредиент	Тамақ өнімдерінің айрықша белгілері туралы "Ақпарат"	"Ақпаратты" пайдалану кезінде сақталатын шарттар
Энергетикалық құндылығы (калориялығы)	Төмен калориялы	Энергия мәні ұқсас тамақ өнімдерімен салыстырғанда кем дегенде 30%-ға төмендеді
	Төмен калориялы	40 ккал (170 кДж)/100 г өнімнен артық емес
	Калориясыз	4 ккал (17 кДж) / 100 см3 артық емес өнім
Ақуыз	Ақуыз көзі	Тамақ өнімінің энергетикалық құндылығының кемінде 12% - ы ақуыздың 100 г/см3 мөлшері ақуызға тәуліктік қажеттіліктің кемінде 5%-ын құраған жағдайда ақуызбен қамтамасыз етіледі.
	Ақуыз мөлшері жоғары.	Тамақ өнімінің энергетикалық құндылығының кемінде 20% - ы ақуызбен қамтамасыз етіледі
Май	Майы аз	100 г өнімге 3 г артық емес май.
	Майсыз	100 г / см3 өнімге 0,5 г артық емес май
Холестерин	Холестериннің төмен мөлшері.	100 г үшін 0,02 г немесе 100 см3 үшін 0,01 г артық емес, тамақ өнімдерінде 100 г өнімге 1,5 г қаныққан май қышқылдарының мөлшері туралы шарт бір мезгілде сақталған кезде.
	Холестерин жоқ.	100 г-ға 0.005 г-дан немесе 100 мл-ге 0,005 г-дан артық емес, тамақ өнімдерінде 100 г өнімге 1.5 г қаныққан май қышқылдарының болуы туралы шарт бір мезгілде сақталған кезде
Қаныққан май қышқылдары	Қаныққан майдың мөлшері аз.	Өнімдегі қаныққан май қышқылдары мен транс май қышқылдарының мөлшері 100 г үшін 1,5 г аспайды, ал қаныққан май қышқылдары мен транс май қышқылдарының мөлшері 10% калориядан аспауы керек.
	Құрамында қаныққан май қышқылдары жоқ.	Құрамында қаныққан май қышқылдары жоқ. Өнімдегі қаныққан май қышқылдары мен транс май қышқылдарының қосындысы 100 г өнімге 0.1 г қаныққан майдан аспайды
Омега-3 май қышқылдары.	Омега-3 май қышқылдарының көзі.	Омега-3 май қышқылдарының мөлшері 100 Г үшін кемінде 0,2 г құрайды, ал өсімдіктер мен жануарлардың майлары мен майлары үшін, сондай — ақ жалпы майдың массалық үлесі кемінде 98% болатын май өнімдері үшін омега-3 май қышқылдарының мөлшері 100 г өнімге кемінде 1,2 г құрайды.
	Омега-3 май қышқылдарының жоғары мөлшері.	Омега-3 май қышқылдарының мөлшері 100 г өнімге кемінде 0.2 г құрайды

Қант (моно – және дисахаридтердің қосындысы).	Құрамында қант жоқ.	100 г өнімге 0,5 г қанттан артық емес.
	Қант мөлшері төмен.	100 г өнімге 5 г қанттан артық емес.
	Қант қосылмаған.	Өнімде тәттілендіру қасиеттеріне байланысты қолданылатын моно - немесе дисахаридтер немесе басқа да тамақ өнімдері жоқ.
	Құрамында тек табиғи / табиғи қант бар.	Тамақ өнімдерінің құрамында оған тән табиғи қанттар ғана бар
Тағамдық талшық.	Тағамдық талшық көзі	100 г өнімге кемінде 3 г талшық немесе 100 ккал үшін кемінде 1,5 г талшық.
	Диеталық талшықтың жоғары мөлшері	100 г өнімге кемінде 6 г талшық немесе 100 ккал үшін кемінде 3 г талшық.
Витаминдер мен минералдар	(Дәрумен/дер атауы) және/немесе (минерал/дар атауы) көзі.	100 г өнімге немесе мөлшері 100 г кем болса, бір порцияға витаминдер мен минералдық заттарға тәуліктік қажеттіліктің кемінде 15% - ы.
	(Дәрумен/дер атауы) және/немесе (минерал/дар атауы) жоғары мөлшері.	100 г өнімге немесе мөлшері 100 г кем болса, бір порцияға витаминдер мен минералдық заттарға тәуліктік қажеттіліктің кемінде 30% - ы
Натрий (ас тұзы, натрий хлориді)	Натрий/ас тұзы аз	100 г өнімге 0,12 г натрийден артық емес немесе тұз үшін баламалы мән
	Натрий / ас тұзы өте төмен	100 г өнімге 0,4 г натрийден артық емес немесе тұз үшін баламалы мән
	Құрамында натрий немесе ас тұзы жоқ.	100 г өнімге 0,05 г натрийден артық емес немесе тұз үшін баламалы мән

Функционалды өнімдерді өндіру үшін шикізат ретінде етті пайдалану өте перспективті бағыт. Ет шикізатында толыққанды жануар ақуызы, биоактивті пептидтер, минералдар (мырыш, темір, селен), дәрумендер, май қышқылдары сияқты кең спектрлі биологиялық белсенді заттардың болуы оның функционалды қасиеттерін анықтайды.

Ет негізіндегі функционалды өнімдерді әзірлеу кезінде ғылыми негіздеме, негізгі шикізат пен функционалды ингредиенттерді таңдау өте маңызды. Алайда, ет өнімдерін өндіру технологиясымен байланысты қауіп факторларын да ескеру қажет: тұздың көп мөлшері, ысталуды қолдану, технологиялық қоспалар және т. б.

Функционалды қасиеттер беруге болатын ет өнімдерінің перспективалы түрлері – пісірілген шұжық өнімдері, паштеттер, консервілер, шабылған жартылай фабрикаттар және жануарлар ақуызына негізделген құрғақ сусындар [6]. Функционалды ет өнімдеріне арналған ең перспективалы ингредиенттер-диеталық талшықтар, полиқаньқпаған май қышқылдары, дәрумендер мен минералдар.

Ет шикізатын терең өңдеу технологияларын қолдану функционалды ет ингредиенттерін (амин қышқылдары, тінге тән пептидтер) алуға мүмкіндік береді.

Функционалды ет өнімдерінің асортименті әлі де аз және негізінен төмен калориялы тағамдармен ұсынылған (жануарлардың майларының мөлшері аз және диеталық талшықтарды қосқанда). Калориясы төмен қайнатылған шұжық өнімдері әзірленді, онда жануар майы еритін (инулин) және ерімейтін (бидай талшықтары) балласты заттармен ішінара алмастырылды, оларды қолдану ішек пен ас қорытуға жағымды әсер етеді.

Өкінішке орай, функционалды өнім ұғымы ешқандай техникалық регламентте бекітілмеген және осыған байланысты азық-түліктің осы санатын нормативтік-заңнамалық реттеуді жүзеге асыру қиын.

Шетелдік практикада тамақ өнімін функционалды ретінде тіркеу үшін осы тамақ өнімінің тиімділігін растау қажет. Кейбір елдерде тиімділікті растау клиникалық зерттеулер немесе аналитикалық әдістер арқылы жүзеге асырылады. МЕМСТ Р 52349-2005 сәйкес, "Функционалды тамақ өнімінің тиімділігі" – тамақтанумен байланысты аурулардың даму қауіпін азайтуды және (немесе) толықтыруды, сондай-ақ қоректік заттардың жетіспеушілігін болдырмауды, денсаулықты сақтауды және жақсартуды қамтамасыз ететін функционалды тамақ өнімінің сипаттамаларының немесе қасиеттерінің жиынтығы [1]. Бұл ретте ол Ресей Федерациясының нормативтік құқықтық актілерінде, ұлттық және халықаралық стандарттарда, қағидалар жинақтарында және (немесе) зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулердің қағидалары мен әдістерінде, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларында белгіленген тәртіппен эксперименттік зерттеулер шеңберінде ғылыми негізделуге және расталуға тиіс.

Функционалды тамақ өнімдері нарықта бұрыннан бар, бірақ соған қарамастан, өнімнің осы түрін көптеген елдерде тіркеу процесі ешқашан стандартталмаған. Ресей мен АҚШ сияқты елдерде

нормативтік-құқықтық реттеу бұл өнімдерді тіркеудің жеке схемасын білдірмейді, ал олардың өндірісі мен айналымы қарапайым тағамдармен қатар реттеледі.

Алайда, функционалды тамақ халықтың барлық топтары үшін диетаның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы азық-түлікті жүйелі пайдалану арқасында алименттік-тәуелді аурулардың туындауының алдын алуға болады. Өнімнің тиімділігі ондағы функционалды ингредиенттердің құрамына байланысты, олардың мөлшері дененің орташа тәуелсіздігінің кемінде 15% деңгейіне жетуі керек.

Функционалды тамақ өнімдерін тіркеу рәсімі стандартты тексеру рәсімдерінен басқа зерттелетін өнімдегі функционалды ингредиенттің құрамын анықтаудың талдамалық әдістерін және осы ингредиенттің адам денсаулығына функционалды бағыттылығы тұрғысынан талдауды қамтуы тиіс.

### Әдебиеттер тізімі

1. ГОСТ Р 52349-2005 «Продукты пищевые. Продукты пищевые функциональные. Термины и определения».
2. ГОСТ Р 55577-2013 «Продукты пищевые специализированные и функциональные. Информация об отличительных признаках и эффективности».
3. ГОСТ Р 54059-2010 «Продукты пищевые функциональные. Ингредиенты пищевые функциональные. Классификация и общие требования».
4. Bennett, D.C. Selenium enrichment of table eggs / D.C. Bennett, K.M. Cheng // Poultry Science. – 2010. – V. 89 (10). – P. 2166-2172.
5. Нестеренко, О.В. Особенности накопления йода топинамбуром / О.В. Нестеренко, Л.Н. Меняйло // Региональные производители: их место на рынке товаров и услуг. – Красноярск, 2005. – С. 117-119.
6. Асланова, М.А. Функциональные мясные продукты: проблемы и перспективы / М.А. Асланова, О.К. Деревицкая, А.С. Дыдыкин // Мясная индустрия. – 2018. – № 3. – С. 38–42.

ГТАХР: 65.59.31

**С.К. Касымов, Б.А. Идырышев, А.А. Даутов**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, samat-kasymov@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШҰЖЫҚ ӨНДІРІСІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ АЛДЫН-АЛУ ЖОЛДАРЫ

Ұлттық экономиканың дамуының қазіргі кезеңінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен елдің азық-түлік тәуелсіздігін сақтау өзекті мәселеге айналып отыр. Осы мәселелерді шешу тек азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкін болатындай АӨК-нің даму деңгейіне қол жеткізу қажет.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігінің жүйесіне үнемі оның жалпы тұрақтылығын төмендететін әр түрлі факторлар әсер етеді.

Азық-түлік қауіпсіздігінің қауіп-қатерлері дегеніміз – өмірдің ең басты ресурстары болып табылатын тамақ өнімдерінің төмендеуі, болмауы немесе бұзылуы, сондай-ақ оның сапасының яғни оның энергетикалық қасиеттерінің нашарлауын білдіреді.

Аграрлық нарықтың қазіргі жай-күйін бағалай келе Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігіне ішкі және сыртқы қауіптердің әсер ететінін анықтауға болады [1].

Осыған сәйкес, әлеуетті мүмкіндіктер мен ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдаудың артуына қарамастан, елдің азық-түлік тәуелсіздігі күрделі және әлеуметтік қысымдағы сипаттағы мәселе болуы мүмкін.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қазіргі орын алған экономикалық дағдарыс кезінде одан әрі шиеленісе түсуі мүмкін. Сондықтан да алда шешуін күтіп тұрған ең күрделі мәселе – бұл агроөнеркәсіп кешенінің бүгінгі даму деңгейін төмендетпей, одан әрі тұрақты даму үдерісін қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан қолдауды күшейту [2].

Кесте 1 – Шұжық өімінің қауіпсіздігіне әсер ететін факторлар

Қауіп-қатерледі тудырушы факторлар	Мүмкін болатын салдары
<b>Ішкі факторлар</b>	
Ел халқының көпшілік бөлігінің өмір сүру минимумынан төмен деңгейде өмір сүруі;	Адам әлеуетінің дамуын тежейді, елде әлеуметтік қысым тудырады;
Тағам өнімдеріне сұранысқа халықтың төлем қабілетінің жоғары болмауы; Жеке құрамы бойынша (ақуыз, майлар, көмірсулар, дәремендер) тағам өнімдерінің баланстылығының сақталмауы; Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі және сапасының жеткілікті дәрежеде бақыланбауы; Отандық өндірістің жеткілікті жәрежеде дамымауы, оның төмен техникалық және технологиялық жабдықталуы; Табиғи және өнеркәсіп ресурстарының тиімсіз қолданылуы;	Азық-түлік нарығының толуына алып келеді және өндірістің дамуын тежейді; Адам әлеуетінің дамуын тежейді.
Экономиканың аграрлық секторында бағалық пропорциялардың бұзылуы;	Ұлттың немесе халықтың жекелеген топтарының денсаулығына қауіп тудырады; Сыртқы нарыққа тәуелділікті арттырады, тәуелсіздікті жоғалту қауіп туады;
Азық-түлік нарығы конъюктурасының мүмкін өзгерістерінің мониторингісі мен оларды болжау жүйесінің жеткіліксіз дамуы; Заңнамалық, құқықтық және нормативтік базаның жетілмеуі;	Ұлттық нарықтың импорттық тауарлармен толуына және ішкі нарықтан отандық тауарлардың шығып қалуына алып келеді; Азық-түлік тауарларының бағасының өсу қарқынының жоғарылауы, салаларалық баға диспаритеті орын алуы және ауыл шаруашылығында кеңейтілген ұдайы өндіріс қарқынының төмендеуі; Сұраныс пен ұсыныс балансының сәйкессіздігі, шаруалардың шығынғымұшфрауы, нарықта бағаның өсуі; Азық-түлік тауарларын өндіру мен тұтыну құрылымының бұзылуын күшейтеді;
<b>Сыртқы факторлар</b>	
Әлемдік нарық конъюктурасының қолайсыз өзгеруі;	Шикізат пен азық-түліктің елден шамадан тыс сыртқа шығарылуын тудырады және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қауіпін тудырады;
Ипортталатын азық-түлік тауар-ларының сапасының нашарлауы, гендікмодификацияланған өнім көлемінің артуы	Экологиялық қысымды күшейтеді және ел халқының денсаулығына қауіп туғызады

Азық-түліктің негізгі стратегиялық түрлері бойынша оның ұсыныс көлеміне, қоры мен бағаға жиі (ай сайын) маркетингтік талдау жүргізу және азық-түлік тауарларының экспорты мен импорты бойынша шаралар әзірлеу ұсынылады. Қажет болған жағдайда азық-түлік импортын үлеструді қолдану қажет.

Шеттен әкелінетін тауарлардың орнын басу мен отандық өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыру бағдарламаларын қолдану қажет, әсіресе жеміс-жидек өнімдері мен өсімдік майы өндірісіне қатысты [3].

Экспортер елдердің субсидияларын қолдану арқылы тауарды импорттау кезінде өтеу баждарын өндіру қажет және түскен қаражатты отандық өндірістің дамуына жұмсау керек. Бірінші кезекте, аталмыш шара құс еті мен жұмсақ сортты майларды импорттауда қолдауға болады.

Импорттық операцияларды жүргізетін субъектілер өздерінің қызметіне еш жауапкершілікпен қарамайды, сондықтан нарық төмен сортты жалған, кей жағдайларда денсаулыққа зиянды тауарлармен толығып отыр.

Азық-түліктің сапалылығын сақтау үшін отандық тағам өнімдері мен азық-түлік шикізаттарын өндірушілер мен өзге де жеткізушілердің орындауы міндетті болатын мемлекеттік қауіпсіздік стандарттары түрінде қазақстан нарығына сапасыз импорттардың әкелінуіне тосқауылдар қою қажет.

Базарларда бақылау жүргізу үшін санитарлы-экологиялық пункттер мен әрбір кеден пункттерінде импорттық азық-түлікті тескеру үшін экспресс-лабораториялар ұйымдастыру арқылы азық-түліктің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жүйесін құру қажет. Сатушыға тек бақылау зерттеуінен және тауардың әрбір партиясына сәйкес сертификаттар алғаннан кейін ғана импорттық өнімді сатуға құқық беріледі.

Осылайша, импорттың орнын басу және нарық сыйымдылығының отандық өнімдерге толуының өсуіне жағдай туады және отандық тауар өндірушілер дамуға қосымша серпін алады.

Ауыл шаруашылық өнімінің экспортын ынталандыру мақсатында экспорттық субсидияларды қолдану қажет. Экспорттық субсидияларды оған әлемдік бағаның құбылу жиілігі мен деңгейіне және транспорттық қызметтің құнына байланысты кезең-кезеңмен белгілену тиіс. Олар тауарды жөнелткеннен кейін және барлық кедендік нысандарды (экспортта қолданылады, бірінші кезекті бидай және бидай өнімдеріне) орындағаннан кейін төленеді. Бұл өткізу нарығын кеңейтуге мүмкіндік береді және қазақстандық бидайдың бәсекеге қабілеттілігін көтереді.



### Әдебиеттер тізімі

1. Ребезов М.Б., Зенина О.В., Максимюк Н.Н., Соловьева А.А. Использование животных в производстве мясопродуктов // Вестник Новгородского государственного университета, 2014. – № 76. – С. 51-53.
2. Современные проблемы пищевой безопасности. Учебное пособие С.Т. Дюсембаев, А.С. Ануарбекова. – ГУ имени Шакарима г. Семей, 2013. – С. 43-44.
3. Белик Е.М., Ребезов М.Б., Чупракова А.М., Максимюк Н.Н. О безопасности пищевых продуктов. Молодой ученый, 2015. – № 3 (83). – С. 94-97.

ҒТАХР: 65.43.03

### **З. Маметов, А. Урынбаева, А. Султанбек, А.К. Кекибаева**

Алматинский технологический университет

zulyarmametov7@gmail.com, urynbayeva.assel@gmail.com, sultanbekovaassylzat@mail.ru,  
anara\_06061983@mail.ru

### **АШЫТҚЫСЫЗ ДАЙЫНДАЛҒАН ЖЕМІС-ЖИДЕКТІ КВАСТЫҢ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Квас қайнату – шырынды немесе дәнді ашытуға негізделген сусындарды алудың ежелгі әдісі. Бұрын бұл тек қана үйдік жағдайларда өндірілетін сусын болса, қазір тағам өнеркәсібінің үлкен бір саласы болып табылады.

Тағам өнеркәсібін дамытудың ең маңызды бағыты жаңа тағам өнімдерін дайындау болып табылады, оларды пайдалану адам ағзасына реттеуші және қалыпқа келтіретін әсерінің арқасында денсаулықты сақтауға және жақсартуға мүмкіндік береді. Осы өнімдердің бірі квас –алкогольсіз және сүт қышқылды ашыту нәтижесінде алынатын этил спиртінің көлемі 1,0%-дан аспайтын алкогольсіз сусын (МемСТ 31494-2012).

Квасты халықтың барлық дерлік санаттары тұтынады. Қолжетімді тағам өнімі болғандықтан, ол сусын ретінде ғана емес, сонымен қатар салқын сорпалар жасау үшін де қолданылады. Квастың керемет дәмі бар қасиеттері, құрамындағы қышқылдардың арқасында шөлді басады; төмен энергетикалық құндылығымен, В<sub>1</sub>, В<sub>2</sub>, В<sub>6</sub>, В<sub>12</sub>, РР, Н, Е дәрумендерінің жоғары құрамымен, сонымен қатар бос аминқышқылдарының, канттардың, микроэлементтер мен ферменттердің болуымен сипатталады. Атап айтқанда квастың минералды құрамы бай және алуан түрлі. Квастағы минералдардың құрамында: кальций – 80 мг / 100 см<sup>3</sup>; фосфор – 340 мг; темір – 13 мг; мыс – 1,8 мг; магний – 8 мг; молибден – 15 мг; мырыш – 13,5 мг; кобальт – 11 мг/100 см<sup>3</sup> [1].

Квас өндірудің стандартты технологиясымен қатар, бүгінгі күні астық шикізатының және қосалқы ингредиенттердің дәстүрлі емес түрлеріне негізделген квас өндіру әдістері бар және әзірленуде. Қосымша компоненттер ретінде жеміс-жидек шикізатын пайдалануға болады, олардың енгізілуі квасқа жаңа органолептикалық және физика-химиялық сипаттамаларды ғана емес, сонымен қатар белгілі бір функционалдық қасиеттерді де береді [2].

Зерттеудің мақсаты: Зертханалық жағдайда дайындалған ашытқысыз жеміс-жидекті квасының стандартқа сәйкестігін анықтау. Сонымен қатар, таңқурай мен құлпынай квасынан артықшылығын, ерекшелігін, дәмінің балғындығын зерттеу болып табылады. Ғылыми зерттеулер Алматы Технологиялық Университетінің “Шарап жасау және ашыту өндірістер технологиясы” оқу зертханасында жүргізілді.

Квастың екі үлгісі үшін жеміс-жидекті шикізат (таңқурай Polana сорты, Капри сорты құлпынай) қолданылды.

Квас алу үшін жидектер жуылды, алдын ала дайындалған қант шәрбатымен (ҚЗ 60-65 %) араластырылды. Алынған қоспа, қайнатуға жіберілді. Қайнап болған соң 30°C температураға дейін салқындатылып, алдын ала дайындалған, жуылмаған 20 дана жүзім (қара Кишмиш сорты) салынған ыдыстарға құйылып, ашыту процесіне (28°C температурада) 48 сағатқа қойылды.

Дайын өнім екі сатылы, фильтр қағазынан сізгілеуден өтіп, бөгде қоспалардан тазартылып ішуге жарамды болды.


Дайын квасқа физика-химиялық (кесте-1), органолептикалық (кесте-2), сенсорлық (сурет-1) талдаулар сияқты бірнеше анықтаушы талдаулар жүргізілді.

Кесте 1 – Квас үлгілерінің физика-химиялық сапа көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	Құлпынай квасы	Таңқурай квасы
1	Спирт, %	0,4	0,47
2	Қышқылдылық, г/дм <sup>3</sup>	5,3	2,4
3	Шөгінді, г	0,15	0,2
4	Қанттылық, г/дм <sup>3</sup>	13,3	18

Институтқа 1970 жылы түскен біздің курсқа М.А. Кинеевтің «Ауыл шаруашылығы малдарын азықтандыру» пәнінен 3-ші курста лекция оқыды. Бұл кезде біз талай пәнді оқып, қаншама оқытушылардың дәрісін тыңдап, жоғары оқу орнының атмосферасына бейімделіп қалған кезіміз болатын, яғни біз үшін таңғаларлықтай ештеме қалмағандай көрінетін. Алайда, Марат Айдарұлы бізді бір көргеннен, бірінші лекциядан-ақ баурап алды.

Ол қандай ерекшеліктерімен көзге түсті? Алдымен ол кісінің жүріс-тұрысы, яғни жинақылығы, операция жасайтын хирургтай аппақ халаттағы мұнтаздай киім киісі, тазалық тұрпатты көзге ұрып тұратын бейнесі, тіпті жиі алмастыратын неше түрлі стильдегі костюм, көйлек-галстуктеріне дейін тартымдылығымен ерекшеленіп тұрды. Ал лекторлық шеберлігінде мін жоқ деуге боларлықтай, жоспардағы сұрақтарды миыңа құйып, түсінікті қылып жоғары деңгейде жеткізе білетін. Ол кездегі оқуымыз тек орыс тілінде болғандықтан, Марат Айдарұлының орысшаға жетіктігі, лекция оқу барысындағы шешендігі, яғни өз ойлары мен тұжырымдарын акцентсіз құлаққа құйғандай жеткізетіндігімен, көптеген оқытушыларымыздан озық тұратын.

М.А. Кинеевтің басшы ретінде ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, мақсат пен міндеттерді орындау жолында талапшыл басшы болғанын сол кезеңде «Мал азықтандыру» кафедрасының институттағы социалистік жарыстың қорытындысы бойынша бірінші және екінші орындар алып, марапатқа ие болуынан да анық байқауға болады. Кафедрада оқу процесі мен мал азықтандыру бойынша ғылыми зерттеулердің методикасын жетілдіруге баса назар аударылды. Марат Айдарұлының «Ауыл шаруашылығы малдарын нормаларға сәйкес азықтандырудың теориялық негіздері» атты бағытта

жүргізген зерттеулері 1976 жылы Харьков зооветеринарлық институтында өткен Бүкілодақтық жиналыста жоғары бағаланды, сонымен қатар «КСРО жоғары мектебінің хабаршысы» (Мәскеу) журналының бірнеше нөмірінде жарияланды.

Кафедраны басқарған жылдары ол республиканың негізінен солтүстік-шығыс, шығыс және солтүстік өңірлеріне білікті мамандар дайындау барысында олардың мал азықтандыруға қатысты сапалы білім алу үшін тек оқулықтар мен оқу құралдары және әдістемелік нұсқаулар ғана жеткіліксіз екенін ескеріп, білімдерін жетілдіріп қана қоймай, сонымен бірге ғылыми үйірмеге көптеген студенттер тартып, олардың ғылыми жұмыстарға, зерттеулерге машықтанып, нәтижелерін жариялап, студенттік жұмыстардың Бүкілодақтық және республикалық конкурстарында жүлдегер атанып, кейін өз өмірлерін ғылым саласына арнауына ықпал етті. Олардың арасынан шыққан Мұсаев З.К., Бексеитов Т.К., Тамаровский м.В., Жамансарин Т.М. секілді үздіктер ғылым докторы, профессорлар атанса, ғылым кандидаттары (Абдуллаев Қ.Ш., Абжанов С.К., Грассман Л.А., Казыбаков В.А., Сейтпан К.М., Ступак Л.И.) бір шоғыр. Бұдан бөлек ол кісіден білім алған көптеген білікті мамандар ауыл шаруашылығы өндірісінде жемісті еңбек етіп, еліміздің экономикасын дамытуға зор үлес қосқанын да айтпай кетуге болмас. Бұл орайда Марат Айдарұлының кафедра меңгерушісі болып тұрғанда сол кезде күрестен әлемдік, Одақ деңгейіндегі жарыстарда топ жарып, Семей зоотехникалық-маләрігерлік институтының атын шығарып жүрген талантты спортшы студент Жақсылық Үшкөмпіровке бүйрегі бұрып, оны кафедрадағы үйірменің ғылыми жұмыстарына тартып, өзінің жетекшілігімен дипломдық жұмысын жақсы қорғап шығуына жағдай жасап, қол үшін созған еңбегін айту орынды деп есептейміз. Ал Жақсылық ұстазының үмітін абыроймен ақтап, 1980 жылы Мәскеу олимпиадасының чемпионы атанғаны, бір жылдан соң әлем біріншілігінде алтын медальға ие болғаны белгілі. Кейін Ж.Үшкөмпіров спортпен қана шектеліп қалмай өзі білім алған зоотехния саласына оралып, ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысып, мыңғыраған мал өсіріп, оның өнімдерін еселеп арттырудағы зор табыстары, орасан жетістіктері үшін Қазақстанның Еңбек Ері атанғанын жұртшылық жақсы біледі.

М.А. Кинеевтің Семей зоотехникалық-маләрігерлік институтында жемісті еңбек еткенінің тағы бір мысалы, ол кісі дайындаған республиканың солтүстік-шығысында өсірілетін сүтті бағыттағы сиырларына арналған 23 көрсеткіштер бойынша типтік рациондар мен азықтандыру жүйесі Қазақстан ауыл шаруашылығы министрлігінің Коллегиясы мақұлдап, 1978 жылы Методикалық ұсыныстар, ал 1980 жылы жеке кітап болып басылуы дер едік. Сонымен қатар осы жылдары Марат Айдарұлы Семей, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары шаруашылықтары үшін Ертіс өзенінің су жайылатын алқаптарындағы өсірілетін көк шөптер мен эспарцеттен сенаж дайындау технологиясын жасау жолдарын көрсетіп берді. Жалпы, ғалымның бұл еңбегінің кейін Семей облысының Жаңасемей, Шар аудандарындағы шөптен мал азығын дайындайтын арнаулы совхоздар құрылғанда пайдалы болғандығын айтқан жөн. Сонымен қатар осында басталған зерттеулері кейін Солтүстік Қазақстанда қызмет атқарғанда да жалғасын тауып, докторлық диссертация (1994) қорғауына негіз болғанды.

Семейде қызмет істеген жылдары М.А. Кинеев қоғамдық жұмыстармен де белсене айналысып, облыстық ғылыми-техникалық қоғамның секция төрағасы, облыстық «Білім» қоғамының лекторы болып, жыл сайын ондаған шаруашылықтарды аралап лекция оқып тұрған екен. Әр түрлі тақырыптарға жазған мақалалары облыстық «Иртыш», «Семей таңы» газеттерінде жарияланатын.

Марат Айдарұлының студенттер арасында беделі жоғары болғандығының тағы бір себебі, ол кісі сол кезде тек қана зооветинститутта ғана емес бүкіл қала жастарына танымал студенттердің «Армандастар» атты атакты вокалды-инструменталды ансамблдің сүйемелдеуімен ара-тұра мейрам кездерінде институт сахнасына шығып, қазақ, орыс тілдерінде тамылжыта ән шырқайтын. Студенттердің ұстазымызға деген құрметі, сондағы олардың ыстық ылтипаты, ду қолшапалақтаудан байқалып тұратын.

Біз оқыған 1970-1975 жж. студенттердің көпшілігі мемлекеттік емтихан тапсыратын, ал диплом қорғайтындар аздау болатын. Ол кісі біздің курстың А. Дарибаев, Л.Питайчук деген студенттерінің дипломдық жұмыстарына жетекшілік жасады. Олар жұмыстарын «өте жақсы» бағаға қорғағандарын білем. Ал есімде қалғаны жатақханада бізбен тұрып жатқан Амангельді Дарибаевтың дипломды қорғаған соң оларды Марат Айдарұлы үйіне шақырып, дастархан жайып, қонақ қылғанын аса ризашылықпен жырдай қылып айтып отырғаны есімде қалыпты. Міне бұл мысал да ұстазымыздың қазақтың қанына сіңген қонақжайлығы, дархан кеңпейілдігін сақтай білген, «ұлық болсаң, кішік бол» деген адамгершілік тұрғысынан келгендегі қасиетін бойына сіңіргендігін айғақтаса керек.

Сөз соңында, Қазақстанның ауыл шаруашылығы білімі мен ғылымына елеулі еңбек сіңірген

ғалым Марат Айдарұлы Кинеевтің әлі де тұғырдан түспей «Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС ғылыми зерттеулермен айналысып, жемісті еңбек етіп жатқанына ол кісіден білім алған мыңдаған шәкірттерінің бірі ретінде қуаныштымыз. Біз, М.А. Кинеевтей сегіз қырлы бір сырлы адамның алдын көріп, сөзін тыңдап, үлгі-өнеге, тағлым алғанымызға мақтанамыз.

ҒТАХР: 68.39.01

### **Ө.С. Сұлтанов**

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

## **ПРОФЕССОР У. ӘБДІЛМАНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРАРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМЫ**

Республиканың аграрлық экономика саласына айтарлықтай үлес қосқан ғалымның бірі профессор У. Әбділманов (1933-2005) еді. 1955 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының «зоотехния» факультетін үздік бітірген Уалхан Әбділманұлы, кейін осындағы «Экономика» кафедрасының аспирантурасында оқып, э.ғ.д., профессор М.В. Чебышевтің жетекшілігімен «Қазақстандағы сүтті ірі қара мал шаруашылығындағы еңбекті тиімді ұйымдастырудың кейбір тәсілдері» атты тақырыпта ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты атағын қорғап (1960), содан кейінгі бүкіл саналы ғұмырын жоғары білім саласы мен ғылымға арнаған адам.

У. Әбділманов Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтының ректоры (1966-1982) қызметінде оқу орнының дамып өркендеуіне үлкен еңбек сіңірген іскер басшы, жоғары білім беру саласының көрнекті ұйымдастырушысы ретінде тарихта қалған тұлға.

Ал біздің мақаланың негізгі мақсаты – профессор У.Әбділмановтың ғалым ретінде қалай қалыптасқанын, қандай ғылыми еңбектер жазғанын және оның ауыл шаруашылығы өндірісіне, экономикасына қосқан үлесін саралау.

У. Әбділманов барлығы 100 таяу ғылыми еңбектер жариялаған, соның ішінде орны ерекше екі монография «Эффективность сельскохозяйственного производства» (1975), «Ауыл кәсіпкерлігі» (2 томдық, 1993) және «Ауыл шаруашылығын ұйымдастыру» (1995), «Фермерское дело» (1997) сияқты оқулықтарын атауға болады. 6 экономика ғылымдарының кандидатын даярлады.

Жалпы ғалымның жазып қалдырған еңбектерін екі кезеңге бөліп қараған дұрыс. Оның алғашқысы Кеңес заманындағы, яғни жоспарлы экономика тұсындағы 1992 жылға дейінгі жұмыстары, ал екіншісі Қазақстан егемен ел атанып, нарықтық экономика құруға кіріскен кезден басталады. Кейбіреулердің тарихымыздағы 1917 жылдан 1992 жылға дейінгі созылған социализм кезеңін жоспарлы экономикаға негізделген әкімшіл-әміршілдік жүйе, тоқырау заманы деп атап жүрген жылдарда профессор У. Әбділманов 62 ғылыми еңбек жариялапты. Осы мақалаларды саралап отырсақ, олардың сол кездегі замана талабына сай, ғылым мен өндіріс талаптарын ескере отырып жүргізілген зерттеулердің нәтижесінен туындаған құнды ғылыми еңбектер екендігіне көз жеткіземіз. Соның ішінде әлі де көкейкестілігін жоғалтпаған таңдаулы еңбегінің бірі орыс тілінде шыққан «Эффективность сельскохозяйственного производства» (1975) атты монографиясы. Алматыдағы «Қайнар» баспасынан жарық көрген бұл еңбек Семей облысындағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының материалдары негізінде жазылғанымен, республикадағы кез келген облыста басшылыққа алып, өндіріске енгізуге болатын зерттеулер жемісі. Бұл еңбектегі жер жағдайы ерекшеліктерін жан жақты ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірісін аудандастырудың методикалық негіздерін талдап шешу әдісі ғылыми тұрғыдан елеулі жаңалық болып табылады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өндірістік қызметін зерттеу негізінде ғалымның ұсынысы бойынша Семей облысында – 14, Павлодар облысында 10 микроаймақ белгіленді.

Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарында мұндай аудандастыру шарасы болашақтағы жоспарларды негіздеп, совхоздар мен колхоздарды материалдық-техникалық жағынан жабдықтауды жетілдіру, күрделі қаржыны тиімді пайдалана білу, басқадай экономикалық мәселелерді шешуге де үлкен септігін тигізгендігін атап өткен жөн. Осы монографияны сол заманғы, тіпті бүгінгі күн талабы тұрғысынан қарасақ та докторлық диссертацияға сай деңгейі жоғары еңбек, зерттеулер нәтижесі деп

санаймыз. Алайда осы монографияны Уалхан Әбділманұлының қалайша қорғауға ұсынбағаны бізге түсініксіздеу. Әлде, жауапкершілігі үлкен ректорлық қызмет, күнделікті таусылмайтын жұмыстар легінен қолы босамады ма? Дегенмен, бұл еңбегін Мәскеудегі Одақтық Жоғары Аттестациялық Комиссия орынды бағалап профессор атағын берген еді (1981).

Қазақстандағы мал шаруашылығының даму барысы көп жағдайда ауа-райына тәуелді, жемшөп базасының мөлшеріне байланысты болып келеді. Осы өткір мәселені шешу үшін У. Әбділманов бастаған ғалымдар бірнеше жыл ғылыми жұмыстармен айналысып, зерттеулер жүргізіп, республикамызда мал шаруашылығының жемшөп базасын дамытып, оны өнеркәсіптік негізге көшіру, жемшөп өндіретін мамандандырылған шаруашылықтар құру мәселесін теория жағынан негіздеп, тәжірибелік тұрғыдан іске асыру жөнінде нақты ұсыныстар енгізді. Оның бұл бастамасы кезінде республика және облыстық партия – совет органдары тарапынан қолдау тапты. Сөйтіп У.Әбділмановтің тікелей қатысуымен Семей облысында жемшөп өндіруге мамандандырылған «Луговой» (Шар ауданы), «60 лет Октября» (Жанасемей ауданы) совхоздары құрылды. Бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мамандануын жетілдіріп, тиімділікпен жұмыс істеуге үлкен үлес қосатын құнды еңбектің нәтижесі болатын.

1968 жылы «Семей облысында ауыл шаруашылығын жүргізудің жүйесі» атты Алматыдан шыққан кітаптың негізгі үш тарауының жазылуына үлкен үлес қосқан да доцент У. Әбділманов. Бұл оның бірнеше жылғы тынымсыз, терең ізденістерінен туындаған маңызды еңбек еді.

1980-ші жылдардың аяғында республикадағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарда жалгерлікті (аренда) тәжірибеге енгізу науқандық іс-шараға айналды. Алайда, жаңа әдісті, жұмысты жаңаша ұйымдастыру түрін өндіріске енгізу оңай болмады. Міне, осы үрдіс барысында, яғни теорияны тәжірибеге енгізуде Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрлігі тәжірибелі, білікті, жаңашыл да батыл, талай сынақтан өткен ғалым У.Әбділмановқа үлкен сенім артты. Бұл жауапкершілікті ол абыроймен атқарып, республиканың бірнеше облыстарында лекция оқып, семинарлар өткізіп, бұл үлгінің кеңінен таралып, практика жүзінде іске асуына барынша үлес қосты. Республикалық басылымдарда мақалалар жариялады. «Арендный подряд в сельском хозяйстве» деген еңбегі (АЗМИ, 1989) баспадан шықты. Ғалымың көптеген мақалалары Мәскеуден шығатын «Животноводство», «Коневодство и конный спорт», «Экономика сельского хозяйства» сияқты беделді ғылыми журналдарда және республикалық «Сельское хозяйство Казахстана», «Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана», «Агропромышленный комплекс Казахстана» деген ғылыми-практикалық журналдарда жарияланған.

1993 жылы профессор У. Әбділманов «Ауыл кәсіпкерлігі» (агробизнес) атты кітап (2 бөлім) жазды. Осы еңбегінің алғы сөзінде: «Нарықтық қатынасқа көшуге байланысты ауыл адамдары қандай кәсіппен шұғылданса да, олардың өз өндірісінің нәтижесіне жауапкершілігі күшейіп келеді. Осыған байланысты әр кәсіпкер өзінің қолында бар мүмкіншіліктерін ұтымды пайдалану арқылы табысты молайту жолдарын іздеуде. Бұл ізгі ниетке жету үшін тек мақсат қою, немесе әдеттегі қара күш пен пысықтық аз. Ендігі жерде ауыл кәсіпкерлігінің қай мәселесі болса да экономикалық тұрғыдан болжап отыруды, есептеуді және бағалауды керек етеді. Яғни, әркімге экономикалық білім өте қажет», – деп жазыпты.

Бұл кітапта (20,0 б.т.) нарық жағдайында кәсіпорынды қалай құруды, адам күшін, жерді, дүние-мүлікті ұтымды пайдалану жолдарын, оларды жоспарлауды, шығындар мөлшерін, табыстың көздерін, өнімнің өзіндік құнын, өндірістің тиімді болу мәселелері жан-жақты талданып көрсетілген. Бұл кітап сол кездегі республикамызда ауыл кәсіпкерлігіне арналған алғаш кітап болатын. Сондықтан аталған еңбек осы жағымен пайдалы болып көптеген шаруашылық басшылары мен мамандарының дер кезінде қажетіне жарады.

Одан бөлек жоғары оқу студенттеріне арналған «Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы өндірісті ұйымдастыру» атты кітап жазды. Бұл еңбекті ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі жоғары оқу орындарындағы зоотехния және мал дәрігерлігі мамандықтары студенттеріне арналған оқулық ретінде ұсынды.

Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының «Ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру мен басқару» кафедрасының меңгерушісі қызметінде де профессор У. Әбділманов өндіріп жұмыс істеп, «Предпринимательство в скотоводстве» (1992, 2,3 б.т.), «Сиыр шаруашылығындағы кәсіпкерлік» (1992, 1,0 б.т.), «Предпринимательство в овцеводстве. Методические указания» (1992, 1,0 б.т.), «Предпринимательство в свиноводстве. Методические указания» (1992, 1,2 б.т.), «Қой шаруашылығындағы кәсіпкерлік» (1992, 1,8 б.т.), «Ауыл кәсіпкерлігі» (2 бөлімді кітап, 1993, 20,2 б.т.),

«Жылқы шаруашылығындағы кәсіпкерлік» (1994, 1,0 б.т.) сияқты барлығы 28,5 баспа табақ немесе 456 бет болатын кәсіпкерлікке байланысты еңбектер, әдістемелік нұсқаулар бар.

Ол ветеринария ғылымының маңыздылығын ескере келе және бұл саланың кәсіпкерлік негіздерін батыл енгізе отырып дамыту қажеттілігіне баса назар аударып, мал дәрігерлеріне арналған «Организационно-правовые основы частно-предпринимательской ветеринарной деятельности» атты еңбек те жазады (1999).

Республикамыздағы ауыл шаруашылығы саласында нарықтық қатынастар берік орнығып, ауылдағы кәсіпкерліктің дамуына үлкен үлес қосып, агробизнесің өркендеу бастауында болған, айшықты із қалдырған, экономика ғылымының білгірі У.Әбділмановтай тұлғаның еңбегі өте зор әрі бүгінгі студенттер, мамандар мен экономист ғалымдарға да үлгі-өнеге екендігіне күмән жоқ.

2009 жылы У. Әбділмановтың 75 жылдық мерейтойына орай Шәкәрім университетінде ғылыми конференция өткізіліп, аграрлық факультеттің бір аудиториясына оның есімі берілді. Сонымен бірге келешекте ол кісінің өмірі мен мақалаларының биобиблиографиялық көрсеткіштері туралы жинақ шығарылса, ғалымның атымен студенттерге бір стипендия тағайындалса деген тілегіміз бар. Өйткені профессор Уалхан Әбділмановтың бүкіл өмірі мен қызметі мұндай құрметке әбден лайық.

ҒТАХР: 68.39.01

### **Ө.С. Сұлтанов<sup>1</sup>, Ж.З. Қорабаев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.

<sup>2</sup>Семей қаласының Шәкірім атындағы университеті

### **Ғ.Н. ҚЫДЫРНИЯЗОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

Негізінен Қазақстанның солтүстік және шығыс өңірлеріне зоотехниктер мен мал дәрігерлерін дайындаған зооветинститутта кезінде небір білімі мен біліктілігі жоғары ұстаздар қызмет атқарды. Сондай айтулы тұлғалардың бірі Ғ.Н. Қыдыр尼亚зов болатын.

1970 жылы біз оқуға түскенде зоотехникалық факультеттің деканы да осы кісі еді. Сонымен бірге Ғадылша Ниязұлы «Қой шаруашылығы» кафедрасының меңгерушісі қызметін қоса атқаратын. Біздің топтың кураторы доцент А.И. Перевезенцев осы кафедрада доцент болып істейтін. Сондықтан бірінші курстан бастап біз деканды тек институт пен факультет дейгейіндегі іс-шараларда ғана емес, түрлі жиындарда да жиі көріп, кездесіп жүрдік.

Студенттер арасында және ұжымда ол кісінің беделі өте жоғары болды. Өмірде бір көргеннен түр-тұлғасы, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті, сөз саптасымен ерекшеленіп тұратын адамдар болады ғой. Ғадылша Ниязұлы да сондай азаматтың бірі еді. Ол орта бойлы, дене бітімі құрыштан құйғандай, «Сократ» тектес жаратылған басы дене пішіміне сай, толқынданған бұйра шашты, қыр мұрынды, көз жанары шоқтай, сапта келе жатқан сарбаздай, қаздыып тік жүретін адам еді. Қағылездігі, әсіресе сәлемдескенде басы иіліп, ілтипатын аумаған жапондық стильде білдіруі жағынан басқалардан ерекшеленіп тұратын. Қашан көрсек те, қылау түспеген қара костюм-шалбар, жағасы крахмалданған ақ көйлек, қара галстукпен жүретін. Нағыз интеллигент адам осындай болар деп ойлайтынбыз.

Әсіресе, ол кісінің көл-көсір білімі, адамның тілін табу, сөзге шешендігі таңырқататын. Ғадылша Ниязұлының орыс тіліне жүйріктігіне, мінсіз жазбасына да тәнті болатынбыз. Қой шаруашылығы пәнінен лекция оқып, емтиханды да бізден өзі алған еді. Тағы бір жағдай, ол заманда институтта сабақтар тек орыс тілінде жүргізілетін. Қазіргідей ана тілімізде оқыту, қазақ тобы деген жоқ еді. Студенттердің басым көпшілігі, ауылдан келген, қазақ мектебінің түлектері болса, ал ұстаздарымыздың көпшілігі басқа ұлт өкілдері болып келетін. Мәселен, ол басқарған зоотехникалық факультетте сол кезде кафедра меңгерушілері болып, «Ботаника және агрономия» – В.А. Архипов, «Механикаландыру және электрификациялау» – П.Г. Шульмейстер, «Органикалық емес және аналитикалық химия» – А.Л. Мазурова, «Органикалық және биологиялық химия» – А.З.Морозов, «Ұсақ мал шаруашылығы» – Е.М.Красилов, «Генетика және мал өсіру» – В.Ф.Зубриянов, «Ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикасы және ұйымдастыру» – В.И.Середин және т.б. қызмет атқарды. Міне, осындай «мүйізі қарағайдай» доценттер мен профессорлармен (арасында Ұлы Отан соғысына қатысқан, Мәскеу,

Ленинградтың жоғары оқу орындарының аспирантурасын бітіргендер де бар) тіл тауып жұмыс істеуде, оқу-әдістемелік, ғылым және тәрбие мәселелерін ұйымдастыруда Ғ.Н. Қыдырғиязов үлкен білгірлік, шеберлік танытты. Оның жарқын дәлелі, ол кісінің сегіз жылдай, яғни 1968-1974 жылдар аралығында факультет деканы болып жемісті қызмет атқаруы. Сол кездегі зоотехникалық факультет жылына 150 студент қабылдайтын, сонда бес курста, сырттай оқитын студенттерді қоса есептегенде мыңға тарта адам білім алатын. Осыған қарап факультеттегі жауапкершілік жүгі оған жеңіл болмағанын бағамдай беріңіз.

Ғадылша Ниязұлы, өз қолымен жазған өмірбаянында, ұлты қазақ, 1918 жылдың 16 ақпанында Орал облысының (бүгінгі Батыс Қазақстан облысы) Чапаев ауданында (бүгінгі Ақжайық ауданы) туғанын жазыпты. Анасы 1929 жылы, ал әкесі 1932 жылы қайтыс болып, ата-анасынан ерте айырылып, жетім қалғанын да атап өтіпті. Олардың негізінен мал шаруашылығымен айналысқанын, орташа шаруалар қатарында болып, ұйымдастырудың алғашқы жылдары колхозға кіргендерін жазыпты.

Жетімдік тауқыметіне қарамай, Ғадылша білім алуға ұмтылып, 1931 жылы он үш жасында Орынбор астық кеңшарының «Совхозуч» аталатын метебіне оқуға түсіп, 1934 жылы слесарь-монтер, тракторист-комбайнер мамандығын алып шығады да, сол шаруашылықта трактор айдап, комбайнға отырып, астық ору науқанына қатысады. Бұған қанағаттанбаған талапты жас сол жылы күзде Орал қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түседі. 1938 жылы оны зоотехник мамандығы бойынша бітіріп, жолдамамен Жымпиты аудандық мал даярлау бірлестігіне жіберіліп, мал тұқымын асылдандыру зоотехнигі қызметін атқарады.

1939 жылы ол Алматыға келіп, зоотехникалық-малдәрігерлік институтының студенті атанады. Ондағы зоотехникалық факультетте бес жыл оқып, 1944 жылы жоғары білімді зоотехник дипломына ие болады. Ғадылша Ниязұлының түгелдей білім және ғылым саласына арналған өмірі осы кезден бастау алады.

Институтты жақсы бітірген ол бірден КСРО Ғылым академиясының Алматыдағы Қазақ филиалының аспирантурасына түседі. Бұл ғылыми мекеме 1946 жылы өз алдына дербес академия ретінде құрылып, оның тұңғыш президенті болып Қаныш Сәтбаев сайланғаны белгілі. Міне, осындай ғылыми орталықта және сонымен қатар ел астанасы Мәскеуде зерттеулерін жүргізген Ғ.Н. Қыдырғиязов 1949 жылы аспирантураны аяқтап, академияға қарасты экспериментальді биология институтына бірден аға ғылыми қызметкер болып қабылданады. Талантты жас жігіт 1950 жылы Мәскеуде «Изменения волосных фолликулов кролика путем воздействия индия» атты тақырып бойынша биология ғылымдарының кандидаты атағын сәтті қорғап шығады. Бір қызығы, ол жұмысын Кеңестер Одағына аты шыққан Мәскеудің I медициналық институтында қорғайды. Бұл жағдай, сол заманда, 32 жасқа да толмаған қазақ баласының ел астанасында және ондағы шетінен ығай мен сығайдан құралған оқу орнының Ғылыми кеңесінде зерттеу жұмысын талқыға салып, абыроймен қорғап шығуы, жас жігіттің осал емес, асыл болғанын, дайындығының мықты, жұмыс нәтижесінің маңыздылығын, құндылығын айғақтаса керек.

Жас ғалым 1950-1955 жылдар аралығында Бүкілодақтық Ауыл Шаруашылығы Ғылымы Академиясының Қазақ филиалында алдымен «мал шаруашылығы секциясының» ғылыми хатшысы, онан соң осы мекеме Президиумының ғылыми хатшысы, кейін «мал шаруашылығы секциясының» басшысы болып қызмет атқарады. Сол кездегі республикамыздағы бүкіл ауыл шаруашылығы ғылымы бойынша зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып, жас та болса бас болып, жүргізіп отыруы оның ғылыми қабілетінің жоғары екенін көрсетеді. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, 1950-1953 жж. аралығында ол Алматы қаласындағы бір аудандық атқару комитетінің депутаты болып сайланады.

1955 жылы Ғ.Н. Қыдырғиязов Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына ауысып, алдымен қой шаруашылығы кафедрасының доценті, ал 1958 жылы осы кафедраның меңгерушісі болып тағайындалады. Сонымен бірге 4 жылдай зоотехникалық факультеттің деканы қызметін қоса атқарады. Осы кез оның жоғары білім саласындағы жемісті жылдарының бірі болды. 1962 және 1965 жылдары ол КСРО ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен қой шаруашылығына арналған оқу бағдарламасын жазуға қатысады (Оны жазуға А.И. Николаев, А.А. Капацкая, Г.Ф. Мухин, Ф.А. Грехов секілді одаққа танымал ғалымдар қатысқан еді). Мұндай таңдау кез келген ғалымға түспейтін. 1964 жылы оның редакторлығымен жоғары оқу орны студенттеріне арналған «Қой шаруашылығы практикумы» «Қайнар» баспасынан жарық көрді (бірлескен авторлар Л.И. Цой, М.К. Кройтер, Н.К. Сенник және т.б.). Осы жылы өзінің әріптестері К. Иманғалиев, В. Абдуллин және Т.Есенғалиевтармен қазақ тілінде «Қойшының қойын кітапшасы» (9,1 баспа табақ) атты еңбек жариялайды. Ол да республикалық «Қайнар» баспасынан

10600 данамен шығарылады.

Ғ.Н. Қыдыр尼亚зов – оқу-әдістемелік жұмысты, ғылыми зерттеулермен ұтымды ұштастыра білген ғалым. Сол кезде Қазақстанның қой шаруашылығында ғылыми және практикалық тұрғыдан өте маңызды науқан жүріп жатқан еді. Ол республикамыздың барлық өңірлерінде дерлік бұрыннан өсіріліп келе жатқан етті-майлы бағыттағы құйрықты, қылшық жүнді қойларды биязы жүнді қойлармен будандастыру арқылы сапалы меринос жүнін беретін әр түрлі биязы жүнді қой тұқымдарын шығару болатын. Өйткені ол заманда өнеркәсіп тарапынан биязы жүнге деген сұраныс өте үлкен еді және бұл өнімді сатып алу бағасы да айтарлықтай жоғары болатын. Сондықтан Одақтық үкіметтің талабымен және бақылауымен бұл жұмыс біздің республикамызда кең ауқымда жүргізіліп жатты. Соның нәтижесінде 1960 жылға дейін қазақ ғалымдары жаңа «қазақтың биязы жүнді» және «қазақтың арқар мериносы» тұқымдарын шығарды. Белгілі ғалым ретінде бұл іс-шараларға Ғ.Н. Қыдыр尼亚зов та белсене атсалысты. Оның жетекшілігімен кафедра ғалымдары Қазақтың қой шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институтының мамандарымен бірлесе отырып, Қазақстанның оңтүстік өңіріне, атап айтқанда, Шымкент, Жамбыл және Қызылорда облыстары жағдайына бейімделген биязы қой тұқымын шығарумен айналысты. Ғалымдар мен мамандардың ерен еңбегі нәтижесінде 1946-1966 жылдары жергілікті қылшық жүнді құйрықты қойларды кавказ, алтай, ставрополь, грозный және кеңес мериносы қой тұқымдарымен күрделі будандастыру жолымен «оңтүстік қазақ мериносы» аталған жаңа қой тұқымы шығарылып, ол КСРО Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен бекітілді.

Осы жұмысқа Ғадылша Ниязұлының ерекше үлес қосқанын ол жазған еңбектерден анық байқауға болады. Оларды түпнұсқадан бергенді жөн көрдім. Мысалы, «О путях породобразования в овцеводстве Казахстана» (1961), «Резервы повышения продуктивности овцеводства» (1963) атты мақалалары республикалық ғылыми басылымдарда, ал «Нужны более эффективные методы совершенствования стада» (1964), «Сосредоточить внимание на повышении продуктивности товарного овцеводства» (1964), «Южноказахские мериносы – новая порода» деген еңбектері Мәскеуден шығатын ғылыми-практикалық «Овцеводство» журналында жарияланды.

Ғ.Н. Қыдыр尼亚зовтың саналы ғұмырының үлкен бір бөлігі Семеймен байланысты. 1966 жылы Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтын жоғары білікті кадрлармен нығайту мақсатына орай оны жолдамамен қызметке ауыстырады. Ғадылша Ниязұлы Семейге келісімен жаңадан қой шаруашылығы кафедрасын ұйымдастырып, 1981 жылға дейін оның меңгерушісі болады (Сонымен қатар факультет деканы болғанын жоғарыда айттық).

Ғ.Н. Қыдыр尼亚зовтың қызметінің Семейдегі кезеңі де ізденістер мен шығармашылық табыстарға толы болды. Қаншама уақытын оқу мен қоғамдық шаруалар алғанымен, Ғадылша Ниязұлы ғылыми-зерттеу жұмыстарын да назарынан тыс қалдырмады. Оның үстіне ол кезде Семей облысы қой саны бойынша Қазақстанда бірінші, ал КСРО-да үшінші орын алатын. Сондықтан институттың қой шаруашылығы кафедрасына да артылар жүк аз емес еді. Соның бірі республикада қой шаруашылығының жаңа бағыты – ұяң жүн беретін қой тұқымын шығару міндеті тұрған болатын. Ол кезде халықтың кілем және кілем өнімдеріне сұранысы үлкен болғанмен, оны тоқитын жүн көршілес Орталық Азия республикаларындағы сараджа және тәжік ақ түсті ұяң жүнді қой тұқымдарынан ғана алынатын. Қазақстанда болса негізінен биязы және қылшық жүнді қой тұқымдары өсірілді. Осы жағдайға байланысты Алматыдағы кілем тоқитын үлкен фабрика шеттен келетін шикізатқа, жүнге тәуелді болды. Мұндай зәрулікті қанағаттандыратын ең тиімді жол – өзімізде арнайы қой тұқымдарын көптеп өсіру болатын.

Сондықтан Қазақстанның Ауыл шаруашылығы министрлігі республика ғалымдары алдына кілем тоқылатын ақ және ақшыл түсті ұяң жүн беретін жаңа қой тұқымын шығару міндетін қойды. Осы жұмысты республикамыздың үш аймағында – Ақтөбе, Қарағанды және Семей облыстарында жүргізу көзделді. Семей жеріндегі бұл жұмысқа басшылық жасау Ғ.Н.Қыдыр尼亚зовқа тапсырылды. Бұл өте орынды таңдау болатын, өйткені бұл кезде ол республикаға белгілі тәжірибелі селекционер ғалым ретінде танылған-ды.

Жоспар бойынша жергілікті қылшық жүнді қойларды ақ түсті ұяң жүнді тәжік тұқымының қойларымен будандастыру көзделді. Ол үшін Тәжікстаннан Жарма ауданындағы «Бірінші май» кеңшарына асыл тұқымды қошқарлар әкелініп, 1967 жылдан селекциялық-асылдандыру жұмыстары басталды. Алынған будандарды сұрыптап, іріктеп әрі қарай таза тұқым алу әдісімен «өз ішінде» өсірілді. Ғадылша Ниязұлы бұл жұмысқа кафедраның белді оқытушылары А.Карнаков, Б.Нұрғалиевтерді тартты.



Осы бағыттағы селекциялық-асылдандыру жұмыстары отыз жылға таяу жүргізіліп, 1994 жылы жоғарыда айтқан үш облыста жаңадан шығарылған қой топтары «Қазақтың ұяң жүнді құйрықты қой тұқымы» деп бекітілгенде, семейлік ғалымдар мен мамандар шығарған қойлар тобы ресми «Байыс» тұқымшiлiк типi деген атқа ие болды немесе «Байыс қойы» деген атаумен тарихқа ендi.

Ал ерекше еңбегі сiнген ғалымдар мен мамандар жаңа қой тұқымы авторлары атанды. Олардың қатарында атақты В. Бальмонт, М. Ермаков және ол бастаған iстi жалғастырған семейлiктер Н. Майтқанов, Б. Нұрғалиев, З. Тоқаев, С. Каметов, М. Жандiлдинов, А. Мұсылманқұлов, М. Бақабаевтармен қатар бұл кезде марқұм болған Ғ.Н.Қыдырниязов та қазақтың ұяң жүнді құйрықты қой тұқымының жетекшi авторы болып бекiтiлдi.

Ғадылша Ниязұлы өз кафедрасындағы оқытушылардың ғылыми атақ-дәрежеге ие болып, қызмет сатысымен жоғарылауына да жағдай жасап отырды. Солардың арасынан республикаға танымал болған С. Рахымбаев, А. Бортықбаев, Б. Даулетбаев, Б. Нұрғалиев секiлдi ғалымдарды атап өткенiмiз орынды.

1981 жылы зейнеткерлiкке шыққан ол, Қазақтың қой шаруашылығы технологиялық ғылыми-зерттеу институтының Семей филиалы басшысының кеңесшiсi болды.

Сөз соңында, 12 жылдай факультет деканы, 22 жылдай кафедра меңгерушiсi болып, Алматы мен Семей институттарында мыңдаған шәкiрттер тәрбиелеп, көптеген құнды еңбектер жазып қалдырған, «оңтүстiк қазақ мериносы» мен «қазақтың ұяң жүнді құйрықты қой тұқымын» шығаруға үлкен еңбек сiңiрген адамның бүгiнгi өмiрде қалдырған iзi өшiп, атқарған iсi ұмытылып бара жатқанын айтқымыз келедi.

Сондықтан, кезiнде өзi қызмет атқарған бұрынғы зооветинституттың iзбасары санатындағы бүгiнгi Шәкәрiм университетiнiң аграрлық факультетi келешекте Ғ.Н.Қыдырниязовқа арнап ғылыми конференция ұйымдастырса, таңдамалы еңбектерi мен ол туралы естелiктердi жинақ түрiнде шығарса, бiр аудиторияға есiмi берiлсе деген тiлек бiлдiреміз.

МРНТИ: 06.54.31

**Т.С. Муханғалиева, Г.Т. Самиева**  
Университет имени Шакарима города Семей

## **МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ ЦИФРОВИЗАЦИИ**

Идеей цифровой трансформации охвачен весь мир. В современном мире цифровые технологии играют все более важную роль в развитии экономики стран. Цифровые технологии дали ряд преимуществ-упрощение доступа населения и бизнеса к государственным услугам, ускорение обмена информацией, появление новых возможностей для ведения бизнеса, создание новых цифровых продуктов и т.д.

*Цифровизация является глобальной тенденцией, которой следуют все страны, нацеленные на развитие конкурентоспособной экономики и улучшение качества жизни населения. И ни в коем случае нельзя откладывать, это отбросит нас назад. Теперь концепция VUCA становится все более популярной в бизнесе, особенно в сфере технологий и на потребительских рынках. Мир стал глобальным, все меняется очень быстро. Еще несколько лет назад никто не думал, что такие проекты, как Facebook, могут стать гигантами с огромной капитализацией. Но быстрее всего сейчас идут изменения на финансовых рынках. Усилия, применяемые на активацию цифровизации приводят к созданию нового общества, общества с активно развивающимся человеческим капиталом – знания и навыки будущего, которые воспитываются с самых юных лет, повышаются эффективность и скорость работы бизнеса за счёт автоматизации и других новых технологий, а диалог граждан со своими государствами становится простым и открытым. Уже сейчас мы видим изменения в нашей повседневной жизни, как происходит цифровая революция.*

*Почему все переходят на цифровизацию? Нынешние условия в век информационно-технологического развития диктуют нам свои жесткие требования и правила в мире, который сейчас имеет название как VUCAмир. VUCA – это аббревиатура английских слов volatility (нестабильность), uncertainty (неопределенность), complexity (сложность) и ambiguity (неоднозначность).*

*Мир VUCA – это мир, в котором реализовать задачи прогнозирования. По сути, это мир,*

*который сошел с ума. Это мир, в котором все быстро развивается. Итак, SPOD-мир сменился VUCA-миром. SPOD-мир представляет собой устойчивый, предсказуемый, простой и определенный мир: steady (устойчивый), predictable (предсказуемый), ordinary (простой), definite (определенный). Это мир, существовавший до VUCA-мира. Сегодня «умные технологии» стремительно внедряются во все сферы человеческой жизни, становясь ее неотъемлемой частью [1].*

В настоящее время идеей цифровой трансформации охвачен весь мир и во многих странах цифровизация является стратегическим приоритетом развития.

На сегодняшний день более 15 стран мира реализуют национальные программы цифровизации: Дания, Норвегия, Великобритания, Канада, Германия, Саудовская Аравия, Индия, Россия, Китай, Южная Корея, Малайзия, Сингапур, Австралия, Новая Зеландия и Казахстан. Одними из передовых стран по цифровизации являются Китай, Сингапур, Южная Корея.

Китай в своей программе «Интернет плюс» интегрирует цифровые индустрии с традиционными. Сингапур формирует «Умную экономику», Канада создает ИКТ-хаб в Торонто, драйвером которой становится ИКТ. А Южная Корея в программе «Креативная экономика» ориентируется на развитие человеческого капитала, предпринимательство и распространение достижений ИКТ, а Дания фокусируется на цифровизации госсектора.

Наиболее ярким примером подхода цифровой приватизации является Сингапур. Так, в 2014 году государство инициировало разработку концепции Smart Nation и пригласило бизнес и экспертное сообщество к сотрудничеству для ее уточнения и реализации.

Так, одна из ключевых инициатив, определенных изначально, развитие национальной сенсорной сети для построения «умного города». Под каждую из задач государство организывает тендер для выбора подрядчика на разработку технического решения. Участие в тендере открыто для всех участников, отвечающих требованиям брифинга: таким образом, государство обеспечивает фокус не только на крупный бизнес, но и на привлечение малого и среднего бизнеса. Примечательно, что более половины контрактов были подписаны с малым и средним бизнесом.

Государство может обеспечить «цифровой скачок» в стране за счет ускоренного развития конкретных технологий. В таких случаях государство принимает на себя роль инвестора, определяющего ключевые, наиболее перспективные направления финансирования, исходя из оценки долгосрочного возврата на инвестиции, конкурентной позиции, трендов, а также вкладывается в фундаментальные условия успеха, такие как образование и переквалификация кадров.

В Южной Корее при активной позиции государства опорные компании начинают самостоятельно осуществлять инвестиции в прорывные цифровые технологии. Так, один из крупнейших телеком-операторов страны – SKT – обозначил намерения инвестировать в технологии искусственного интеллекта и «интернета вещей» более 4 млрд долларов. Оператор отмечает необходимость партнерств в развитии новых технологий, а также планирует привлечение местных стартапов для разработки точечных решений.

Рейтинг Digital Evolution Index 2017 отражает прогресс в развитии цифровой экономики разных стран, а также уровень интеграции глобальной сети в жизнь миллиардов людей [2].

По результатам их исследования Сингапур, Великобритания, Новая Зеландия, ОАЭ, Эстония, Гонконг, Япония и Израиль стали «цифровой элитой»: эти страны характеризуются высоким уровнем и быстрыми темпами цифрового развития. Благодаря такой скорости внедрения инноваций в эти прогрессивные рынки могут служить примером успешного технологического прогресса и ориентирами для будущего роста.

Норвегия, Швеция, Швейцария, Дания, Финляндия, Сингапур, Южная Корея, Великобритания, Гонконг, США входят в ТОП-10 стран с наиболее развитой цифровой экономикой.

*«Цифровую реформу также проводит Казахстан. Государственная программа «Цифровой Казахстан» – это важная комплексная программа, нацеленная на повышение уровня жизни каждого жителя страны с помощью цифровых технологий. Основные цели, которые преследует Программа являются ускорение темпов развития экономики Республики Казахстан и улучшение качества жизни населения, а также создание условий для перехода экономики на принципиально новую траекторию – цифровую экономику будущего» [3].*

Фундаментом для цифровой трансформации экономики Казахстана, стала госпрограмма «Информационный Казахстан-2020», утвержденная в 2013 году. Она способствовала развитию перехода

к информационному обществу, совершенствованию государственного управления, созданию институтов «открытого и мобильного правительства», росту доступности информационной инфраструктуры не только для корпоративных структур, но и для граждан страны. По результатам трех лет реализации Госпрограммы, уже было достигнуто исполнение ее на 40%. Однако стремительное развитие информационных технологий в глобальных масштабах диктует свои правила и Казахстан делает следующий шаг – разрабатывает новую госпрограмму «Цифровой Казахстан».

*«Digital Kazakhstan – это программа, призванная ускорить темпы развития казахстанской экономики и повысить качество жизни наших граждан. В программе описываются направления проектов: Разработка, внедрение и развитие цифровых технологий в ключевых отраслях экономики страны. Расширение инфокоммуникационной инфраструктуры, которая предоставит казахстанцам повсеместный широкополосный доступ к интернету и мобильную связь 4G (в будущем 5G). Улучшение качества и увеличение количества госуслуг, предоставляемых онлайн. Это позволит снизить бюрократию и коррупцию, а также сделать госорганы более эффективными и открытыми.*

*Создание новых возможностей и благоприятных условий для предпринимателей посредством активного содействия в развитии электронной коммерции. Повышение общей цифровой грамотности населения, которая будет способствовать развитию отечественного IT-сектора, а также повысит качество образования и здравоохранения в Казахстане» [3].*

*Международный опыт «На сегодняшний момент ни один сектор экономики не может приблизиться к таким темпам, как у Интернет-экономики, потому что Интернет-экономика растет с темпами до 25 % в год в развивающихся странах. Всего за два последних года были созданы 90 % всех глобальных данных. Уже 35 млрд устройств подключены к интернету и осуществляют обмен данными – эта цифра в пять раз превышает общую численность населения мира».*

По предварительным подсчетам прямой эффект от цифровизации экономики к 2025 году позволит создать добавочную стоимость на 1,7-2,2 трлн. тенге, таким образом обеспечив возврат от инвестиций в 4,8 – 6,4 раза к 2025 году к общим объемам инвестиций с учетом частных инвестиций.

Цифровизация имеет влияние на все сектора и приведет к изменению структуры экономики Казахстана в целом путем диверсификации и раскрытия потенциала не сырьевых отраслей, стимулирования стартап-активности и открытия «новых отраслей». При этом степень влияния цифровых технологий в разных отраслях неоднородна – наибольший потенциал создания стоимости предполагается в рамках традиционных отраслей экономики Казахстана, в том числе сырьевого сектора, но также открываются принципиально новые возможности создания стоимости в электронной торговле, IT-секторе и финансовой индустрии[4].

Повсеместное внедрение цифровых технологий придаст импульс развитию традиционных базовых отраслей путем обеспечения роста производительности, повышения их конкурентоспособности, в том числе на международном рынке. Таким образом, в результате цифровизации будет обеспечен рост отечественного экспорта на внешние рынки как в сырьевых отраслях, так и агропромышленном комплексе, что, в свою очередь, приведет к росту капитализации крупнейших производственных компаний. Также для роста производительности Программа предусматривает реализацию комплекса мер по технологическому перевооружению базовых отраслей промышленности, где будут применяться элементы Индустрии 4.0.

Казахстан, реализуя комплексный подход к цифровизации, тем не менее остановился на таких базовых элементах, как цифровизация горнодобывающей отрасли и АПК, дальнейшее развитие цифровых госуслуг и ИКТ-инфраструктуры. В сфере особого внимания развитие человеческого капитала и создание инновационной экосистемы.

То есть речь идет о пяти основных направлениях Госпрограммы «Цифровой Казахстан», и результат будет зависеть от совместных усилий государства и бизнеса, а также вовлеченности каждого гражданина нашей страны.

Таким образом, зарубежный опыт управления развитием цифровой экономики интересен, как в теоретическом, так и в практическом плане. Основные направления в сфере регулирования взаимодействия, появляющиеся вместе со становлением и дальнейшим развитием цифровой экономики, лежат как в новой системе цифрового управления, так и в сфере законодательства, что требует детального анализа полученных результатов для возможной трансляции положительного опыта в другие страны.

### Список литературы

1. Digital Economy act of 2017[электронный ресурс] <https://www.gov.uk/government/collections/digital-economy-bill-2016>.
2. Батырбаева, А. К. Глобальные тренды цифровизации и международный опыт // Молодой ученый. – 2019. – № 15(253). – С. 16-17. – URL: <https://moluch.ru/archive/253/58065/> (дата обращения: 20.09.2022).
3. Государственная программа "Цифровой Казахстан" Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 года № 827 (дата обращения: 11.09.2022).
4. Устинович Е.С. Цифровая экономика и новая социальная доктрина // Социальная политика и социальное партнерство. – 2017. – № 7. – С. 33-41.

МРНТИ: 06.35.31

**А.Е. Скакова, А.Ж. Зейнуллина**  
Университет имени Шакарима города Семей

### СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРОЦЕССА ВЫДАЧИ ЗАЙМОВ ПРИ ПОМОЩИ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Цифровизация – это процесс преобразования информации в цифровую форму, приводящий к снижению потерь и появлению новых цифровых возможностей. Ее можно рассматривать как тренд успешного мирового развития. При этом концепцией формирования цифрового банкинга является: клиентоориентированность, персонализация предложения, мобильность, простота для потребителя. Ввиду этого цифровизация уменьшает расходы банков на всех уровнях, а с использованием технологий обработки больших данных разрешает всячески точно создавать изображение клиента и оценивать его потребности. В цифровом пространстве банковские операции проводятся значительно быстрее, чем при обращении клиента в офис банка. Оценка необходимости и составление портрета клиента приведут к формированию персонализированного предложения, которое уже учитывает все пожелания и «особенности» потребителя.

Коммерческие банки при предоставлении финансовых услуг употребляют новые технологии формирования и внедрения IT-технологий в свои проекты. Самые важные и известные из них следующие:

- Большие данные (англ. Big Data) – определение структурированных и неструктурированных данных огромных размеров и значительного многообразия, качественно обрабатываемых горизонтально масштабируемыми программными инструментами.

- Облачные вычисления (англ. cloud computing) – модель обеспечения комфортного сетевого подхода по требованию к некоторому общему фонду конфигурируемых вычислительных ресурсов, которые могут быть оперативно предоставлены и освобождены с минимальными эксплуатационными затратами или обращениями к провайдеру.

- Сеть вещей.
- Повсеместное погружение в социальные сети.
- Блокчейн.
- Электронные платежные системы.

С учетом COVID-19 и его последствий банковская система сегодня осуществляет шаги по цифровой трансформации, формирует мобильный и интернет-банкинг. Таким образом, банки уменьшают расходы на содержание сети отделений дополнительных офисов, поскольку клиенты обслуживаются самостоятельно в цифровом пространстве.

На текущий момент банковский бизнес занимает поставленные места по разработке удаленных сервисов на рынке после IT-компаний и высокотехнологичных разработок. Например, для получения займа нынче не нужно ехать в офис, а если и поехали, то не требуется подписание огромного количества документов, если есть под рукой мобильный телефон. Сотрудник банка поможет вам скачать приложение, войти в него и подписать электронно-цифровой подписью всю документацию. Подобный процесс выдачи займ называется дистанционным и онлайн-процессом выдачи потребительского займа.

Как пояснили в Агентстве Республики Казахстан по регулированию и формированию финансового рынка (АРРФР), изменения внесены в 5 кодексов и 35 законов, которые регламентируют страховой сектор, рынок ценных бумаг и банковскую деятельность. Все эти поправки были подписаны главой государства 12 июля 2022 года в виде Закона РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам регулирования и развития страхового рынка и рынка ценных бумаг, в банковской деятельности».

Главная цель готовящихся изменений – комплексное развитие нашего финансового рынка. При этом, как поясняют в агентстве, отдельными нормами определяются новые подходы в регулировании, защите прав потребителей, а также инфраструктурном развитии. подразумевается введение новых продуктов, последующая цифровизация финансовых услуг, повышение качества защиты прав потребителей и инвесторов, а также приведение функционирующего законодательства в соответствие с наилучшими международными практиками.

В целом закон, подписанный президентом, охватывает три блока законодательных инициатив. Первый из них направлен на дальнейшее комплексное развитие страхового сектора. Второй – дальнейшее усовершенствование работы казахстанского фондового рынка. Третий – продвижение банковской деятельности.

Не обошли стороной изменения и банковский сектор. Например, как отметили в АРРФР, для упрощения процесса согласования управляющих сотрудников банков и банковских холдингов нынче будет предусмотрена выдача комплексного предварительного согласия регулятора. В случае перехода управляющего сотрудника на подобную обязанность в другую организацию ему не потребуется приобретение повторного согласия. Вместе с тем будут повышены квалификационные требования к управляющим работникам, в том числе увеличение общего стажа работы кандидатов, включая стаж работы на управляющей должности.

Также постановление учитывает новый механизм конвертации крупных микрофинансовых организаций в банки без сдачи лицензии. «На рынке микрофинансирования уже присутствуют крупные участники, масштабы которых сопоставимы со средними банками. следовательно имеется объективная потребность создания условий для дальнейшего масштабирования бизнеса, крупных микрофинансовых организаций путем их конвертации в банки», – пояснили в АРРФР.

Для этого должны быть исполнены все условия к получению банковской лицензии, включая минимальный уставной капитал в масштабе 10 млрд тенге. При этом микрофинансовая организация сможет продолжать свою деятельность по кредитованию бизнеса до момента получения банковской лицензии.

В агентстве также уточнили, что в рамках действующей редакции закона о микрофинансовой деятельности предусмотрены другие условия выдачи физическому лицу микрозайма на сумму до 50 МРП и на срок до 45 дней. Например, ограничено предельное значение вознаграждения по микрозайму и размер неустойки.

Для сокращения долговой нагрузки заемщиков микрофинансовых организаций закон учитывает ограничение долговой нагрузки заемщиков путем сжатия масштаба переплаты по микрозайму в два раза – со 100% до 50% от суммы микрозайма.

